





*Дiлдә Матайқызы  
Тасмағамбеткелiнi*

*Айналайындарым  
менiң...*



Алматы  
2014

**ӘОЖ 821.512.122**  
**КБЖ 84 (5Қаз)**  
**М 29**

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет министрлігі  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша жарық көрді

**Матайқызы Д.Т.**

**М 29** Айналайындарым менің... / Матайқызы Ділде Тасмағамбет-  
келіні.– Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, Mereke baspasy,  
2014.– 288 б.

**ISBN 978-601-7370-52-7**

Өмірден көргені мен түйгені көп мейірбан ана Ділде Матайқызының «Айналайындарым менің» кітабы жас ұрпақтың тәрбиесіне арналған. Автор өзінің өмірбаяндық деректерін ұлттық салт-санамызбен, дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра отырып кейінгі толқын – жас ұрпақтың санасына гиратты әңгімелерді құяды.

«Таң торғайы шырылдағанда ұлы төсегімнен көтеріліп, жарық дүниенің нұрына жүзімді шәйіп: «Иә, жаратқан ием, әр пендеңе ынсап, қанағат бере гөр. Бауырын бүтін, басын аман ете гөр. Ел мен ерімізді жақсылыққа жолықтыр. Ақ сөйлеген адалдың «бұ дүниеде жиганы бұйырғай, о дүниеде иманы бұйырғай», – деп тілек ететінім бар» деген әдемі де әсерлі, оқырманын бірден баурап алатын жолдарымен басталатын кітап жеңіл оқылады. Оқырманын ойландырады, ойландыра отырып, Отан сүйгіштікке, туған халқы мен ана тілін шексіз сүйеге, қайратты да қайсар, өжет те ержүрек әрі ақылды һәм парасатты болып өсуге тәрбиелейді.

Кітап он бойындағы аңыз әңгімелерімен, ойлы әпсаналарымен де құнды.

**ӘОЖ 821.512.122**  
**КБЖ 84 (5Қаз)**

Барлық құқықтары қорғалған. «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС-ының жазбаша рұқсатынсыз бұл басылымның кез келген бөлігін ешқандай мақсатта да, қандай да бір үлгі-нұсқада да, фотокошірме және магнитті таспаға жазу түрін қосқанда, яғни электронды, болмаса, механикалық тасымалдағыш ыңғайында да көшіріп басуға болмайды.

© Матайқызы Д., 2002,2011  
© «Өлке» ЖШС, 2002,2011  
© көркем безендіру «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2014  
Mereke baspasy  
©«Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2014  
Mereke baspasy

**ISBN 978-601-7370-52-7**



«Қоғам азарда достық жоғалады, ұрпақ азарда махаббат жоғалады» – депті Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарымыз. Пейіште нұры шалқығыр кейінгілердің кешер күніне уәйім жеген-дағы. Қазірде аузымен құс тістеген ғалымдарымыз, – әлем экономикалық, экологиялық һәм адамгершілік күйзелісті бастан кешуде. Соңғы екеуін түзеу үшін алдымен экономиканы алға оздыруымыз керек, – деп сөз жарыстырады.

Әркімнің пікірі өзінде ғой, кейде келісіп, бәзбір сәтте осы оймен келіспейтінім бар. Меніңше, мәселені адамгершіліктен бастау қажет. Өз міндетіне адалдық, желісі үзілмеген тәлім-тәрбие, бауырмалдық бар жерде ғана қоғам түзеледі. Экономика да, экология да қаз басады. Адамгершілік мәселесі – түптің түбінде ұлттық идеологиямызға айналуы ләзім. Әйтпесе, экономикасы дәуірлеген кейбір елдердің жастарының нашақорлыққа, алуан түрлі қылмысқа, айтуға адамның аузы бармас биәдеп қылықтарға жиі бой алдыратынын қай-қайсымыз да естіп-біліп жүрген жоқпыз ба? Қисық біткен талды жастайынан түземесе, буыны қатқан соң оның көлеңкесі де қисық боп түседі...

Е, шырақтарым, адамгершілік – «айналайын» деген сөзден басталады. О баста алған мамандығым әскери дәрігер болған соң, қазірде жасым жетпістен асып, ернімді тұшытып немере, шөбере сүйіп, бір қауым елдің ақылышы анасына айналған шағымда кешкен ғұмыр, сүрген дәуренде көрген қы-

зығым мен шыжығымды, алған тәрбиемді, түйген тәжірибемді, ата-бабадан қалған өсиет-мұраны, қоғамдық-саяси, тарихи һәм өмірлік көзқарастарды өзімнің отбасым, ошақ қасыммен сабақтастыра отырып, жас ұрпаққа аманаттасам деймін. Әлгінде айтқандай, әркімнің ниеті өзінде ғой. Көкірек көзі барлар тәлім алып үмітіне – сенім жалған, мақсатына – қанат байлап жатса арман не? Бір ғұмырда жаманның кесапатынан жақсының шарапатын көп көрген Ананың айтар сыры мен шертер жыры аз дейсің бе? Осы еңбегімді өздеріңмен сырласу кітабы деп қабылдарсыңдар – АЙНАЛАЙ-ЫНДАР!

Бұл жалғанда бала дегенде адал күші мен омырау сүтін сарыққан ата-анадан артық кім бар дейсің? Әлқиссаны өз әке-шешемнен бастайын. Әкем жарықтықты араласқан ел-жұрт көрер жарығы таусылғанға дейін Мәтеке деп құрметтеумен өтті. Сол Мәтекең — Матай Қоқанұлы 1886 жылы бұрынғы Ақмешіттің Құланды елді мекенінде дүниеге келген. Руы алты ата Әлімнің Тілеуқабағы. Жаз жайлауы, қыс қыстауы Арал теңізінің жағасы мен Ырғыз, Борсық құмының арасы-тын. Туған ауылында мұсылманша сауатын ашып, Бұхарадағы жоғары діни оқуын жеті жыл оқып тауысқан, Құранды тұңғыш қазақшаға аударған аса сауатты адам еді.

*Сұрасаң руымды Тілеуқабақ,*

*Ән салсам керіледі қас пен қабақ,* — деп ыңғай төкпе әуенмен күбірлеп отыратын әкем ұзын бойлы, қапсағай қара торы, мінезі шалт, жылдам жан-ды. Болыс атанып жорға мінген шақта, құғынға түсіп тар қапаста жатқан сәтте де осы бір сара ақыл, қиып түсер туралығы серік болды ғой деп ойлаймын.

Анам Қалбүбі Бақтыбайқызы 1890 жылы Құландыда туыпты. Дәулетті шаңырақтың қағу да, қағажу да көрмей ерке-тотай өскен қызы. Мұсылманша әріп танымаса да, ғұмыры жайнамаздан маңдайын ажыратпай кетті. Орта

бойлы, аққұба, үсті-басына, тұтынған мүлкіне, ыдыс-аяғына қылау жұқтырмайтын сыпа, кінәздеу кісі-тін.

Ата жағынан қуаласақ біз атақты Көтібардың тікелей ұрпағымыз. Көтекеңнен әйгілі Есет батыр мен Дәрі тарайды. Жақсылармен қанаттас қонған, мықтылармен табақтас болған, астына арқыратып ат мінген, үстіне жарқыратып сауыт киген Есекеңнің екі теңіздің арасын ереуілдеткен, тепсінген жауға теңдік бермеген ерлігін барша қазақ бағалайды. Пейіште нұры шалқығырдың өз заманында Петерборға патша қабылдауына барғанда түскен фотосуретін көргенім бар. Бұл әлгі отаршыл елдің әскерімен жауласа-жауласа бір-біріне алдыртпаған соң, татулыққа қазақтың бір топ игі жақсысын алдарқатып шақыратын тұс қой. Үстеріне малынтып зерлі шапан киген өңкей ығай мен сығайдың ортасында малдасын құрып, үй орнындай болып Есекең отыр. Мойнында сәбидің алақанындай алтын медаль.

Осындай көргенді жердің түлегі әкем жастай атқа мініп, үш мәрте болыс сайланып, бақандай тоғыз жыл ел тізгінін ұстағанымен, байлыққа бой алдырмапты. Ағайын-туыс Мөтекеңнің қонторғай тірлігіне қомсынып, алдына үйірімен айдап мал салса:

— Мал байлығы — бір жұттық. Алла разы болсын. Осы ниеттеріңді ғана алдым, — деп

аспан астын шаңға бөктіріп кісінетіп, мөңіретіп айдап келгендерін кері қайтарып отырыпты. Жан байлығын ерте бастан көздеген-ау.

Бала кезімізде ауылда қариялар әуезе ғып айтып отыратын:

— Матайдың 22-23 жастағы солқылдап тұрған жігіт кезі. Атағы да, адамгершілігі де, тіпті құралайды көзге атар мергендігі де алыс-жақынға кеңінен тараған тұс. 1915-16 жылдары сарала шекпен киген орыс әскері ауыл үстін аласапыран ғып қаптады дейсің. Өрістегі жылқыңды сұраусыз табын-табынымен алдарына салып қуалап кетіп жатты. Теңізге тақау шұрайлы жерлерді бауырына басып иемдене кетті. Жылтыраққа әуес сауысқандай елдің тұщы дүниесіне қолдары жүгіргіштеп барады. Тәйт дейтін дәрмен жоқ. Қара қазақ шарасыз дағдарған шақта әкем Орынборға хат жолдап, мәселені төтесінен қойыпты.

— Күнделікті керегін адам секілді сұрасын, береміз. Әйтпесе зорлық-зомбылықпен тартып алудың аяғы жақсылыққа соқтырмайды. Ел-жұрт ашынып отыр. Қақтығыс туып жатса, кінәні бізден іздемеңіздер, — деп. Сол сол-ақ екен, Орынбор шекара комиссиясының бастығынан атты казактарға бұл бейбастақтықты дереу тоқтатыңдар деген пәрмен жетті дейді. Содан соң абай-қоқайларын азайтып, аяқтарын тарта басса керек.

Бұл дүрбелең басылып, ел мамыражай қалыпқа ене бастағанда енді қауіп іргелес жатқан түркімендерден төнсе керек. Түбі бір түркі жұртымыз дегенмен ауылы аралас, қойы қоралас жатқан қазақ пен түркімен арасы жүздеген жылға созылған кіржің, қақтығыс, барымта, қарымтасыз тұрмаған. Оның ішкі, сыртқы себептері бар шығар, қай заманда да керісетін де тебісетін де дәулеттілер ғой. Алдындағы оншақты жандығына кішт-кішттеп әрең ие болып отырған кедей-кепшіктің атасы бөлек, шақырған ұраны басқа бөтенде не шаруасы бар.

Сонымен, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер тұсы — ерте көктемнің шағы болса керек. Байы-кедейі бірдей қыстай жинаулы жатқан теңін шешіп, кемпіршуақ күн көзіне қағып-сілкіп жайып, тебен ине, шуда жіпті қолдарына алып, құлаштай созып келінкепшік киіз үйдің туырлығын, түндігін жамайтын ба еді.

Әр үйден бір-бір кемпір шығып, қарулы жігіттерге күзем жүнді сабатып, түтіп, қошқар мүйіз ою салып, текемет басатын. Еркек кіндік асау үйретіп, аулаққа шауып, жез самауырын буға пісіп, бұрқ-сарқ қайнап, ошақтан сүрдің иісі шығып, қазанда соғымның соңы — жеңді білектей қазы мен түйенің өркеш майы тулап қайнап, әрі-бері өткеннің танауын қытықтап,

ой-хой, несін айтасың бір жанға жайлы мамы-ражай дәурен бастау алатын. Осындай, бейжай, жайлауға қамданып жатқан Борсық құмын жайлаған Байдалы байдың ауылына бес қаруы бойында түркіменнің қалың қолы сау ете түсіпті.

Көзді ашып-жұмғанша қамсыз отырған ауыл азаматтары соққыға жығылып, әйелдер дауыс салып азан-қазан болып, қылтиып көк шөп құсап өсіп келе жатқан бала-шаға жүк-аяққа, кебежеге тығылып, ұзын аяқты мал құғынға түсіп, лезде аласапыран болысады. Жаудың қарасын алыстан байқаған біреу андағайлап шауып әкеме жеткен. Байдалы бізге туыс-тын.

— Ойбай, Матайжан, түркімен бет қаратар емес, бәленшекеңнің сойылдан басы жарылды, түгеншекең шоқпардан мертікті, қыл құйрықтыны қыр асырып кетті. Өзің бір айласын таппасаң, өзге дәтке қуат қалмады, — деп ат бауырынан сыпырылып түспей ме? Өзі ел билеген болыс, өзі мерген болса, қарауындағы халқын қалай талауға салсын?! Аздаған жігіт-желеңмен атқа қонып, әлгілердің алдын орап жол тосып жатып, әкем жарықтық талай жауды жайратса керек. Әупірімнің күшімен пенде болған ауылдасын, қолды болған мал-мүлкін ажыратып алып қалыпты.

«Мал ашуы — жан ашуы» — дейдi қазақ, сонда Байдалы байғұс қуанғаннан есi шығып: «О, Құдай, бүгiн алсаң да арманым жоқ, кегiм қайтты. Матайжан, екi дүниенiң қызығын көр», — деп жүресiнен отыра қалған екен дейдi.

**А**ЙНАЛАЙЫН, ұлдарым, жiгiттiң неше жұрты бар екенiн бiлесiңдер ме? Бiлсеңдер артық етпес, бiлмесеңдер Бөкен би мен атақты Асаудың мына бiр уәжiне зер салыңдар.

Шалқайма төрiнде қонақ гып отырып Асау Бөкен биден: Би аға, жiгiттiң неше жұрты бар? — деп сұрайды. Бөкен: — Өзiң қанша жұрты бар деп бiлесiң? — деп өзiне сауал тастайды.

Асау: — Өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты бар деп айтады, өз жұрты күншiл, нағашы жұрты сыншыл, қайын жұрты мiншiл келедi деп айтады, — дейдi.

Бөкен: — Асаужан-ай, әлi де аз бiледi екенсiң гой, жiгiттi күндемейтiн, сынамайтын, мiнемейтiн бiр жұрты бар, ол Алаштың азаматы гой, — дептi.

Ауыздыға сөз бермесiн деп жүрген Асау сонда: — Бiлмейтiнiмiз көп екен-ау, — деп айнала отырған жұртқа қарапты. Сонда әкесiнiң тiзесiнде әңгiме тыңдап отырған Тұрлан:

— Осындай дананы өгiзге мiнгiзiп қойған Есен-

темірлер (ру) ел емес екен ғой, – деп ұшып тұрып, әкесінің мініп жүрген сәйгүлігін белдеуге байлапты.

Ел ұстаймын деген ұлдарым, әрқайсысың ағайынның емес, алты Алаштың азаматы болыңдаршы...

Жарықтық ата-бабаның жаманы бар ма? Қалбүбі анамыз да қосағына сай болса керек. Құдайым, бардың дәулетін, жоқтың пейілін бермегей. Мәселенің үлкені сол пейілде жатыр ғой, шырақтарым.

«Мертвые уже не мертвые, если живые благоговейно воскрешают их» — депті Андре Моруа. Сол айтқандай, тірлігінде жасаған жақсылығың да, жамандығың да өзіңмен бірге жер астына түсіп кетпейтін көрінеді. Ол ұрпақтан-ұрпаққа, ауыздан-ауызға тарап, екінші ғұмырыңды жалғастырып жатады. Менің де айтып отырғаным, алып-қоспасы жоқ ел жадында қалып, жылдар өте келе кері жаңғырған әңгімелер. Тәлім-тәрбиеге татыса, құйма құлақ табылса неге айтпасқа?

Иә, анам Қалбүбінің бойжетіп бұлғақтап отырған қыз дәурені болса керек. Жарықтық қыз-дәурен де көктемгі аптап бір ұрса солып қалатын қырда қаулаған көктемгі қызғалдақ сынды ғой. Мәтекеңнің әке-шешесі айттырып, ен тағып, еншілеп қойған кезі дейді. Енді қайын-жұрт жағалап, қалыңдық ойнауға келем деп

дәмелі жүргенде әкем болыстық сайлауға екінші мәрте түсіпті. О кезеңдегі болыстық сайлау да қазіргі депутат сайлағаннан кем соқпаса керек. Аты жүйрік қайырып, тілі жүйрік айырып, ағайын-туыс, жақтас жинап, бары малын шашып, жоғы артын ашып қым-қуыт шақ деседі. Жастай атқа мініп, елдің екі шылбыр, бір тізгінін ұстаған Мәтекеңді ел-жұрт қолдап, екінші мәрте болыс көтереді. Қыз мұраты кетуді ойлап он қалқып, тоқсан балқып отырған қалыңдық болса, болашақ қосағының болыс атанғанын неге жек көрсін. Қашаңда жолы жіңішке қыз байғұс сырттай сыр алдырмағанмен, іштей мүжіліп бітеді ғой.

Сүйіншілеп қос ат мініп шаппағанмен, болашақ қайнылары, ағалары болыс сайланған соң қарап тұра ма, жөпелдемеде Қалбүбиге жетіп: «Сүйінші», «Сүйінші бер, жеңеше!»-нің астына алмай ма?

Жарасымды әзіл-оспақ айтып, орталарынан шығармаса керек.

Сонда анамыз алтынмен апталған, күміспен күптелген, көрерге көз керек түрме белбеуін шешіп:

– Қалағаныңды ал, көркем жігіт. Қол үздігім болсын, — деп ұстата салған.

Кейін ел басына нәубет боп төнген ашаршылық жылдары әлгі түрме белбеуді астыққа айырбастап, бір үйлі жанды аман сақтап қалдық, — деп отыратын қайныларының бірі.

Кей-кейде жыршылардың аузынан «Боз атым шабуға бар, желуге жоқ, көңілім алуға бар, беруге жоқ», — деген өлең естісем, есіме қай-қайдағы оралады. Қай-қайдағы дегенім өткен дәурен ғой, өткен дәуреннің көп естелігі ардақтап бағып-қаққан ата-анаңа байланысты болып жатады.

1909-10 жылдары Мәтекеңнің де үстінен су төгілмес боз жорғасы болыпты. Қаптатып дәулет жимаған Мәтекең сол бір боз жорғасын мыңға балап, үстіне шыбын қондырмаса керек. Әрі болыстың тақымына жаққан боз жорғаға кім көрінген көз аларта ала ма? Бір күні тұрмыс құрып, оңаша түтін түтетіп кеткен Үміт деген қарындасы ағасының үйіне бір-екілі жаман жиендерін ертіп, төркіндеп келмей ме? (Үміттің ұрпағы қазірде Ақтөбе облысында тұрады). Ол заманда қазіргінің келіндеріндей екі күннің бірінде өзі шыққан әке-шешесінің шаңырағына шауып бара беру қайда? Іргелері жақын болса жылына бір мәрте, онда да ата-енесінің рұқсат, батасымен барып көрісіп, аунап-қунап, мауқын басып қайтады. «Ойбай, қызымыз келе жатыр, төсектің тазасын төсеңдер, сақтаған сыбағасын асыңдар, қабағына татау түспесін, көзі түскен дүниесі болса қолын қақпаңдар», — десіп бүкіл ауыл мәре-сәре болысады. Жеңгелері болса: «Көз жақсымның бойы таралып, кәдімгі келіншек болыпты, күй-

еубала мырза қол көрiнедi, барқыттан киген көйлегiн қарашы, көк былғарыдан тiктiрген шоқайма кебiсiн көрдiң бе, алтынның буынан емес, нуынан соқтырған бiлезiгiнiң өзi бiр қаралық» – десiп, ой, несiн айтасың, қыздың төркiндеп келуi мен керi аттануы бiр ауыл-аймақты зерiктiрмес алты ай жазға қырғын әңгiме. Бiреу шын тiлектес көңiлмен айтады, екiншiлерi қызғаныштың қызыл өртi iшiне түсiп шыдатпай айтады, әйтеуiр әңгiмеден кенде қылмас.

Сол Үмiт қарындасы әбден аунап-қунап, көңiлiн бiр демдеген соң керi шаңырағына қайтпаққа жиналған. Қазақтың тағы бiр дәстүрi – қымбатты қонағынан аттанар алдында бұйымтайын сұраған, қалаған нәрсесiн берген. Сонда Үмiт айтты дейдi:

– Өзге бұйымтайым жоқ, қиса сұрайтыным ағамның боз жорғасы, – дептi. Жастық па, әлде алдынан өрiп шыққан келген жерiнiң жас-кәрiсiне мақтанайын дедi ме, қайдам. Алыс-жақынға әйгiлi боз жорғаны ырғалта бастырып түсiп жатса, мақтанса мақтанғандай гой.

– Пай-пай, болыс қарындасын айта қалғандай қадiрлейтiн көрiнедi. Дау мен жауға ғана мiнетiн боз жорғасын бәсiре ғып тартышты. Жануарымның көзi шоқтай жайнап, бауырынан жарап тұрысын айтсаңшы. Бұған мiн-

ген де арманда, мінбеген де арманда, — деп ауыздарының суы құрымай ма? Оны мініп келген кешегі келіннің мерейі тіпті үстем бола түспей ме? Үміт осыны ойлаған шығар. Ешкімнің қолынан қақпайтын сахи Мәтекең:

— Сұрамасты сұраған екен, қыз да болса қара көбейткен жарығым еді. Алсын. Алдынан жарылқасын. Ел ішінен маған да бір белі мықты бесті табылар, — депті.

Қарындастың қадірі, ағаның ілтпатына не жеткен?

Кейін сары қарын бәйбіше болған шағында Үміт: «Алла, дүние-ай, алды-артымды ойламай, жалғыз ағамның сырт көзге айбар ғып мінетін жалғыз атын аударып алғаным қай сасқаным? Сол қылығымды ойласам әлі күнге бетім күйеді», — деп айтып отыратын.

«Адамның басы Алланың добы» — деседі, ал домалататын заман мен өмір сүрген ортасы. Кешегі ақ қашып, қызыл құған кезде қазақтың қай ауылының үстінен қызыл құйын, ақ боран соғып өтпеді? Бай мен би — жау, оқыған көзі ашық, елге иман үлестіріп жүрген молда, ишан — жау, сонда кім дос еді, бұл маңдайының соры бес елі қазаққа? Түрменің есігін теуіп шыққан, бөлшебек атанған ұры-қары, өңшең бұзақы ма теңдік әперетін?! Байды құртып, кедейдің таз кепешін кигізем деп басталған күрестің мақсатының өзі теріс болатын.

«Нельзя сделать слабого сильнее, ослабляя сильного, нельзя помочь бедным, уничтожив богатых, нельзя постоянно помогать людям, делая за них то, что они могут и должны сделать сами» — деген Абраам Линкольнның сөзі бар. Осы ұлағатқа құлақ қойғанда заман әлдеқалай аунар еді. Аяқ астынан басталған бүліншіліктен әкеге бала жау, ағайынға ағайын дұшпан боп шыға келді. Аға — ақ, іні — қызыл болып, бос мойын саясаттың жетегіне еріп, бір көрпенің астынан өргендердің өзі жағаласып кетпеді ме. Иісі қазақтың сүт бетіндегі қаймағы сыпырылып түгел кетіп, қаспағы қалған соң не оңсын! Өлім тұрмақ өкпеге қимайтын кейбір боздақтың сүйегі көмусіз қалып, кәлләсына құзғын қонбады ма?

«Қазақтың жауы — қазақ» деп тегін айтпаған. Оны құлағымызбен есіттік те, көзімізбен де көрдік, шырақтарым. Өзге халықтарға қарағанда жел сөзге құмарлауымыз ба, әлде күншілдігіміз басымдау ма, қайдам, сол бір нәубет жылдары айдарлы азаматтарды айдаладан келіп ешкім ұстап әкеткен жоқ. Бәрін алатайдай бүлдіріп жүрген екі үйді еріктірмайтін, үш үйді зеріктірмайтін өз ішімізден шыққан сұрқылтайлар. «Әр заманның бір-бір сұрқылтайы болады», — десетін бұрынғылар. Ер басына күн туған заманда олар әр ауылдан шыққан жоқ па? Әкем Құранды қазақшаға

тұңғыш аударған деп жоғарыда айттым, одан өзге де діни кітаптары, қалыңдығы кереқарыс қисса, дастандары, аңыз әңгімелері, ғылыми-пәлсапалық жинақтары көп-ті. Қолы сәл босаған сәтте кітап аударып, жазып-сызып, бұ дүниенің ұсақ-түйек шаруасынан аулақтап, күйкі-күйбеңге бой алдырмай, оңашалықты қалаған. Өз қаражатына мешіт салдырып, шәкірт жинап дәріс оқытқан. «Сол мешіттің орнын іздеп барып көрдім, үлкен оба болып қалыпты», — деп жалғыз ағам Рахманқұл айтып отыратын.

Сонымен елге ырыс болмай, ұрыс боп, кесапат боп жеткен 1917 жыл да таяп келді ғой. Соның алдында ғана әкем Орынбордағы қазақтың алашордашыл зиялылары бас қосқан жиынға қатысып оралды. Оқыған-тоқығаны мол, орысша ағып тұрған Мәтекең қатысқан жиын не деп аталады, қандай шаруа сөз болды, ол жағынан ел-жұртына жұмған аузын ашпапты. Тек жеңгелері:

— Біздің Шырақтың киім киісі бөлек қой. Иығына не ілсе де құйып қойғандай жараса кетеді. Орынбордан оралғандағы түр-тұлғасы мен қызылшырайлы жүзін айт-тағы. Үлкен мақсатты жетектеп келгендей жайнап-ақ жүрді ғой, — десіпті.

Алдағы арман-мақсатыңды баудай қырыққан аласапыран артынша басталыпты.

Сол заманда ауылымызда әкеммен туыстас Шаха деген болыпты. Ішінен су айналмайтын қызғаншақтық, жатып атар қулық, көреалмаушылық сол Шахадан да ұзап кетпесе керек. Әкем сол Шаханың көрсетуімен екі мәрте ұсталып, түрме дәмін татып жер айдалды.

**А**ЙНАЛАЙЫҢ, Малайсары би былайша толғайды.

*Жаман болса – жақын жау,*

*Шабан болса – атың жау.*

*Шайпау болса – қатын жау,*

*Кетеген болса – түйең жау.*

*Тебеген болса – биең жау,*

*Күнде келсе – күйеу жау.*

*Жымысқы болса – жиен жау,*

*Тіл алмаса – ұлың жау...*

*Көңіл көзімен өзің зерделерсің...*

1931 жылдың ақ сүйек атанған аштығына кештеліппіз. «Көшкен жұттан құтылады» деген бар, бір жапырақ нанға зар болып тарыққан ел ойдан-қырға жөңкіді десеңші! Талай шаңырақ ортасына түсіп, үйелменімен ісіп-кеуіп қырылғанда, беттерін жасыратын жілік майы үзілмеген адамның табылмағаны шындық. Ба-

лапан басына, тұрымтай тұсына кеткен жылдары біреуді біреу танып болды ма? Аштықтың құрсауына түскендерден мына бір екі оқиға жадымда қалыпты.

Сүйек-саяқ пен қатып қалған мал терісіне дейін асып, сорпа-су қылған ауыл адамдары енді аулар тышқан да таба алмай тарығып отырғанда, қаңғып жүрген бұралқы ит тап бола кетіпті. Жасы-кәрісі аралас жалаңаяқ, жалаңбас тұра қуған. Жаны қысылып қашқан ит жеткізе қоя ма? Аштықтан көзі қарайтқан топ та қалар емес. Қара үзіп кеткен иттің соңынан ергендер ақыры кері ауылдарына жете алмай, әр сайдың түбінде шашылып қалыпты десетін.

Күйеуі өліп, талқансыз қалған әйел ұлы мен қызын жетелеп, қыстың көзі қырауда жолға шыққан. Барар бағыттары алыста жатқан жекжат-жұрағат. Олардың да қандай күйде отырғанынан бейхабар. Әйтеуір, өлмеші үміттің жетегіне ерген пақырлар да. Аяқты басқан сайын ақсақ ойылған сіре қар адымыңды аштыра ма? Түн ортасы ауа әлгі үш мұңдықты аш қасқырлар қуалайды. Сонда әйел қандай шешімге келді десеңізші? Екі баласын көтеріп жүрер дәрмен жоқ. Енді кідірсе үшеуі де опат болғалы тұр. Қайткен күнде де үшеуінің бірі қасқырдың жемтігіне қалып, екеуі таң атқанша қара үзіп кеткені жөн. Ана

өзін ұрпағы үшін құрбандыққа шалар еді. Әттең, мына екі балапанының өздіктерінен жөн табар жайы жоқ. Ұлын тастар еді аш қасқырдың аузына, ошақ оты өшіп, шаңырағы құлайды. Жастай сүйіп қосылған жарының «қайткен күнде де осы жалғызды сақта!» – деген ақырғы аманаты тағы бар. Таңдау кімге түсті деп ойлайсыз, бес жасар қызға! Ертеңінен үміт күтіп, екі көзі жәудіреген періште бұлдіршінге! Көзінің ағы мен қарасындай екі қарғасының бірін жыртқышқа байлап берген ананың, ашынған ананың шарасыздықтан туған көзсіз ерлігіне бас имейтін жан табылар ма екен, бұ жалғанда. Қызын шырқыратып қасқыр жеп жатқанда жан дәрменмен қашып, таң ата, барар жерінің де бір қарасын көрген екен. Селдіреп қалған қазағымның бүгінгі ұрпағы әлгіндей жұт пен жаудан аман-есен қалып, еңсесін тіктеген бір-бір жалғыздың нәсілі емес пе? Айналдым, аналардан! Үлкен жүрек, асыл сезім, ұлы махаббат иелерінен!

Сол аранын ашқан ашаршылық әкем жазықсыз жалалы болып, айдалып кеткенде біздің шаңыраққа да ауыз салады. Мен болсам бар-жоғы екі-үш жастамын. Көрші-қолаңның бірі қарақалпақ, екіншісі өзбек ауып, өлместің күнін сағалап кеткен. Әжем болса (анамды әже деп кеткенбіз) жалғыз үй қалған. Оның үстіне ауа көшкен жүргінші көп, ұры-қарының да

бет қаратпай құтырып тұрған шағы. Талғажау етуге сындырым наны қалмаған соң қара суды қорек қып, мені арқасына салып, «Шалқар қайдасың?» – деп тәуекелге басады. Құланды қайда, теміржолдың бойында жатқан Шалқар қайда? Салт аттының өзіне сыдыртып отырғанда ара қондырып жеткізсе сол. Шалқарда Мәтекеңнің туған ағасы Өтебайдың үйі бар. Кешегі етек-жеңі кең дәуренде енші бөліспей сүттей ұйыған жандар екен. Өтекеңнің бәйбішесі Күнбүбіні «үлкен әже» деп атап өстім. Жарықтық, анау-мынау қиындыққа мойымайтын жігерлі, шарпып тұрған қайраты бар адам еді. Әжемнің арқасында жатып өзегім талып, тамақ сұрап қыңқылдап жылайтын болсам керек.

– Шыда, жарығым, қазір әкеңе барамыз. Үлкен әжеңе жетеміз, көкең сені алдына алып ойнатады. Ақ борықтай нан береді. Қаймаққа былғап жейсің. Жаңа туған сиырдың уызын тойғанша ішесің. Сәл шыда, – деп мені жұбатып алып, «Әлди, әлди, ақ бөпем» деп бесік жырын бастап кететін көрінеді. Әжем айтқан әлгі әңгімеге алданам ба, әлде аштықтан талықсып кетем бе, әйтеуір Шалқардың төбесі көрінгенде былқ-сылқ етіп, арқасына тұрмаппын. Әжем де жан ұшырып базарға келіп кіреді. Бар үміті бойына тыққан, жалпақ қылып таза алтыннан соққан қос алтын білезі-

гі. Білезік болғанда да қандай еді, бармағынан бал тамған шебердің бар өнерін салып құйып соққан, көз қарықтырған қызыл алтыны еді десетін. Сол ел көзінен таса ұстаған қымбат қазынасын тары сатып отырған татарға көрсетіп, саудаласа кетеді. Әлгі қушыкеш білезікті тісіне басып қарайды, тілімен жалап қарайды. Әйтеуір тарыққан әйелдің түрін көріп, құнын әбден кемітеді. Базар тарқап барады.

— Әй, татар, мұсылман баласы емес пе ең? Иманыңды жеме. Баяғы дәуренім болса, алтын білезіктен садаға кеткір-ау, маңымнан жүре алатын ба ең? Жазықсыз сәбиімнің көз жасына қалма. Шөптің басына өскен дән емес пе, тарқолдық жасама, — деп шырылдайды ғой байғұс әжем.

— Шөп басына деуін... Қыр кезіп түйе баққанша, жер тырнасаңдар нетті. Кетпен ұстауға қолдарың келіспейді, белдерің бүгілмейді...

Түске дейін өзгені, түстен кейін өзін-өзі алдайтын саудагер емес пе, алсаң осы, алмасаң жолың анау деп жез қоңыраудай шүлдірлеп, әжемнің етегіне қос уыс тары салыпты. Тарыны дереу ыстық суға бөктіріп, аузыма салып есімді жыйдыртыпты. Мына мен, шырақтарым, жарық дүниенің нұры үшін әжемнің қос алтын білезігіне, тіпті әлгі татар саудагердің екі тостаған тарысына қарыздармын. «Арпа,

бидай — ас екен, алтын, күміс — тас екен» деп азап шеккен соң айтқан да бұ қазақ.

Мәтекеңнің екі мәрте кінәсіз шатылып, істі болғанын айттым. Алғашқы ұсталғанда қолына қару беріп, Петерборға (Санкт-Петербург) жөнелткен сынды. «Кронштаттағы көтерілісті басуға қатыстық. Адам қаны суша ақты. Кісіге туралап оқ атпақ тұрмақ, тұщы етіне ащы таяқ та тигізбедім. Кімдер мерт кетпеді дейсің. Обалы қайда, обалы», — деп отыратын бәзбір сәтте. Соның бәрін тәптіштеп сұрап қағазға түрте бермеппіз ғой. Мың жасайтын секілді, жанымызда қарайып отырғанға өлместей көріппіз. Өзі куә болған, бастан кешкен тарих толқынындағы қаншама оқиғалар ескерусіз, құрдымға кетті десеңізші! Ақталып елге аман-есен жетіп жығылғанмен, баяғы Шаха да дін аман жер басып жүрген-ді. Араға жылдар салып, «молдалығын қоймайды, діни уағыз жүргізеді, Құран кітабын парақтайды», — деп үстінен құлаштап арызды қайта жазады. Иман үйірген молданы әзірейілдей көріп тұрған заман. Тағы да тиісті статьясын алып, жер ауып кете барады. Тағдырдың тар қыспағына түсіп, көз жасымызды үнсіз жұтып біз қалдық. Әкемді бұ жолы Челябинскіге әкеліп тергейді. Айтуына қарағанда тұңғыш ұсталғанда Кронштатта да дәл осы жағдай болған сынды. Магнитогорскідегі темір қорытатын алып заводқа

жұмысқа жегеді. Әрине, еріксіз. Күндіз айналасына жалын шашып жатқан балқытпамен арпалысу, кеште түрменің сылдыр суы ғой. Қара жұмыстан жанын аямапты. Тіпті күндік жоспарын әлденеше пайызға өсіре орындап, «стахановшы» атағын жеңіп алған. Сол маңдай терді саулатып жүріп шеккен бейнеттің арқасы-дағы, басына аз-кем жеңілдік алады. Сөйтіп жүріп елдегі біздердің хабарымызға құлақ төсейді ғой. Келім-кетім біреулерден: «Ауылды аштық жайлады. Қалбүбілердің күнкөрістері нашар, бір жіпті бір жіпке әрең жалғап отыр. Жаппай жұмыссыздық. Екі қолға бір күрек табылса да еңбеккүні ауыз жарырлық емес», – деген хабар естиді. Мұнан соң тыншу болама, бастық жағалап жүріп аз күнге мұрсат алып, туған топырағына аттанады. Бұл 1933 жыл. Мен есімді енді біліп қалған төрт жастамын. Әкемді тірі көргендегі жүрегіміз жарыла қуанғанымызды айтпа. Көрші-көлем жиылып не хабар айтар екен деп, Мәтекеңнің аузын бағады. Ертеңнен жақсылық тосып қалған жәдігер көңіл ғой, бәрінікі. Бірақ әкемнің жүрісі суыт. Үй-ішімізбен түгелдей дүрк көтерді де, бір түнде жолға шықтық. Жол азабы, көр азабы деген, шеккен бейнет, көрген азапқа риза болып Магнитагорскіге де келіп жеттік-ау. Қызылорданың жылы, жанға жайлы табиғатынан соң Сібірдің қақаған қысына

көндіге қою оңайға соқпады. Өгіздің өзін өкір-тетін сары аязда баспана табу, отын қамдау, жұмыс іздеу машақаты ше?! Бұл жерге керегі баяғының саптама етігі мен қасқыр ішігі екен. Оны кім бере қойсын. Жел өтінде жұқа киіммен жалаңаш тұрғандай күй кешесің. Аз-кем еркіндік алды дегенмен, түрменің аты түрме, әкемді анда-санда бір көреміз. Мен сол қалада үш жыл балалар бақшасына бардым. Үш жыл орыс мектебінде оқып, жақсы деген бағамен аяқтап шықтым. Әкемнің мерзімді жылы бітер емес. Әжем рұқсатты күндері артынан тамақ апарып тұрады. Кезекті бір барғанында: «Ділдәжанның қарны ашып жүрген шығар. Мына бір нанды апарып берші», — деп қолына әжептәуір нан ұстатыпты. Сосын ешкімге естіртпей сыбырлап: — «Ішінде хат бар. Қызыма айт, үтір, нүктесіне дейін қалдырмай көшірсін. Конверттің сыртына «Москва, Кремль. Калинин» деп жазсын. Сосын «пятеркаға» (Москваға қатынайтын жүрдек поезды осылай атаушы еді) өз қолыңмен апарып салып жібер», — дейді. Әжем үйге келісімен нанды еппен бөліп көрсек ішінен төрт бүктелген хат шықты. Орысша сауатты жалғыз мен ғой. Оқушы дәптеріне мұқият көшіріп шықтым. Конверттің сыртын әкем айтқандай етіп толтырдым. Поезд қалаға таң алдында келеді. Құтпан айғырдай азынап кеп тоқтай-

тынына құлағымыз әбден үйреніскен. Әжем күтіп тұрып хатты өткізіп оралды. Араға бір жұма салып әкемді бастықтары шақырып:

— Әй, Коканов Москву писал? — дескен.

— Писал.

— Ты свободен, сволочь! — депті. — Бар, босатылдың. Тарт, үйіңе!

— Қалай алдыңдар, солай апарып салыңдар. Қақаған қаңтарда қалай барамын. Қалтамда көк тиын жоқ, — депті.

Машинамен алып келіп, тұп-тура есіктің көзіне түсірді. Аққала соғып топ баламен қар үстінде ойнап жүргенмін. Құлдыраң қағып келіп құшағына қойдым да кеттім. Қайран әке!..

**А**ЙНАЛАЙЫН, мына бір өсиетті әңгімені жадыға тұт.

Кәрі Каспийдің жағасында туып, заманында Орынбордың Неплюев атындағы Кадет корпусын үздік тәмамдап, осы өңірді қырық жыл билеген Мақаш Бекмұхамедов (1830-1906 ж.ж.) деген таңдайы жарылған шешен, маңдайы жарқыраған көсем өткен. Елге жасаған жақсылығы ешқашан жер астына кетпеген. Оның шешендік сөздері кейінгі ұрпақтың аузында. Басына халық болып зәулім кесене көтерді. Сол Мақаш әкімнің әлі баспа

бетін көрмеген, кезінде атам Тасекең айтқан бір ұлағатты хикаясын баян етейін. Ауылдың тоғыз тентегі тал түсте бір байдың қызын алып қашиады. Байдың жанұясын түгелдей киіз үйдің керегесіне таңып кетсе, байекең семіздіктен шыдамай, үлпершек майы аузына тығылып, өліп кетіпті. Айқай көтеріледі, дау басталады. Құн төлеуге келіспей, арызданып елге Орал казачествосының әскері шығады. Қырып-жойып, әлгі тоғыз тентекті ұстап, кісендеп Мақаштың он екі қанат ақшаңқан киіз үйінің жанындағы жеркепеге әкеліп қамайды. Өзі билеген елден зорлықпен қыз алып қашу, кісі өлімі болып жатқан соң әншейінде қара қылды қақ жаратын Мақашқа не жорық, таңертеңмен Оралға айдатамын, сазайларын тартсын деп бетіне жан қаратпапты. Казачество әскерін бөлек үйге түсіріп қонақ еткізеді. Әлгі қамаудағы тоғыздың аузының дуасы, сақалының киесі бар деген ақсақалдары, еті тірі пысығы Мақашқа келсе киіз үйдің алдында писірі, күзетшісі бар:

– Әкім тірі жанды қабылдамайды, – деп ішке өткізбей қояды. Түн ортасы ауа әлгілердің көзін ала беріп Жанкісі деген қария Мақаштың үйіне кіреді. Кірсе ондық шам жағулы, Мақаш екі қолын артына ұстап, әдетінше әрлі-берлі адымдап жүрсе керек. Жанкісіге жақтырмай жалт қарап:

– Тоғыз итіңнің жырын жырлагалы келдің бе? Итжсеккенге айдалады ертең, – деген.

– Жоқ, Мақашжан, ол тоғыз ит өзімен өз-

дерi кетсе бiр жөн зой. Менi жатқызбаған басқа қайғы, – дейдi қара сөзден алдына жан салмаған Жанкiсi.

– Ол қандай қайғы?

– Тоғыз иттiң белiнде он-оннан бала кетiп барады. Ол болашақ тоқсан қазақ емес пе? Жарық дүние жүзiн көрмеген олардың не жазығы бар? Орыс-қазақты сөзiңе түгелдей бас шұлғытқанда соны ойламағаның не, Мақашжан?

Сөзден ұтылған Мақаш тұрған жерiнде сылқ етiп отыра кеткен екен дейдi. Әлгi тоғыз тентектi сол түнде қолма-қол босаттырыпты.

Бiр қазақтың соңында қаншама қаракөздерiмiз жәудiреп тұр. Адам тағдырына абай болыңдаршы...

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Қашанда елін дауға, жерін жауға бермеген батырлардың рухына тағзым!

Солардың бірі — тағдыры бөлек Құлбарақ батыр.

Тірлігіндегі ерлігін тәптіштеп қайтейін. Тегін адамға телегей жұрт табына ма?!

Құлбарақ шау тартып, кәрілік дендеп еніп, ат арқасынан гөрі жұмсақ көрпеге жамбасы үйір боп, үйінде жатса керек.

Күзге салым тентек Сүйінқара батыр түрікпеннің әйгілі Аллақұл ханына қарайтын шетқақпай ауылдарды шауып, жылқы барымталап, мол олжамен оралған. Ашуға мінген Аллақұл ізінше үш мың әскерін аттандырып, қайткенде де Сүйінқараның ел-жұртын талқандап, өзінің басын кесіп әкелуді тапсырады.

Хан бұйрығы қатал және екі болмас.

Қара жерді қайыстырған үш мың қол айналасына дауыл көтеріп құтырынып, кез келген қазақ ауылын қырып-жойып, Сүйінқараның қонысын іздейді. Сөйтіп қағынып келе жатқанда Құлбарақтың қонысына кезігіп, қарт батырды Сүйінқара деп ойлап, басын шауып әкетеді.

Елге олжалы оралған әскербасы Аллақұлға біткен істі мәлім еткен.

— Кәне, көрсет, Сүйінқара иттің кәлләсін, — деген айызы қанған хан.

Дорбадан домалап бас түседі.

— Бұл Сүйінқараның кәлләсі емес және тегін кәллә да емес, атақты Құлбарақтікі болма-сын! — деп Аллақұл ақырғанда, жерде жатқан қан-қан бас езу тартып күлген деседі.

— Кешір, хан ием, айыптымын, — деп әскербасы сол арада өзін-өзі қанжармен жарып өлтірген.

Хан бастап, халық қоштап, басты арулап көмеді.

Үстіне зәулім тас үйеді.

Батырдың ұлы денесіне топырақ туған жерде бұйырды.

Бас пен дене бөлініп екеуі екі республика жерінде жатыр. Әлі күнге дейін бір адамның екі зиратына да ел түнеп, қасиет тұтысады.

Адал ерлікті жауың да бағалаған ғой.

1940 жылы басына бостандық алған әкем үй-ішімен ақылдасып, елге қайтпаққа бекінді.

— Жат жерде біраз сандалдық. Жамандығын көргеніміз жоқ. Дәм-тұздарына рахмет. Кіріптар болсақ бұлардың кінәсі емес. Енді есіміз барда елімізді табайық, — деп бәтуа байласты. Бірақ туған топыраққа емес, Өзбекстанның Сухандария облысы, Термез қаласына бет түзедік. Шамасы әкем әзірге Құланды, не Шалқар қайдасың, — деп жетіп барудан бой тартты-ау деймін. Әжем жылайды:

— Орыстан безіп, енді өзбектің ортасына сіңетін болдық. Емін-еркін сөйлесіп, шер тарқататын өз қазағың болса жоқ. Жат жерден басқа бұйырмай-ақ қойды. Рахманқұлжан болса осы жерден соғысқа алынды, — деп уайымды сапырмай ма?!

— Әй, кемпірім, өзбек дінін бұзбаған, іргесі сетінемей отырған ел. Өзіміз ғой, өзекке теппес. Шайқатылып жорға мініп болыс та болдық, күрек ұстап от та күредік. Не көрмеген бұл бас. Көндігерміз, қызметке тұрып, ел қатарына ілінерміз. Әрі соғыстан да қашық, — деп жатып төсек-орнымызды буыншақ-түйіншек ғып, поезға да аяқ іліктірдік. Баламын ғой, поездың составы өңкей қызыл вагоннан тұратын сияқты көрінеді. Орталарында әлпештейтін жалғыз мен. Бірен-саран сөз болмаса қазақша қақпаймын. Ал, орысша ағып тұрмын. Тәрбиеленген ортаның әсері. Сонымен поезд ішінде ырғатылып, тербетіліп Термез қаласына да жеттік-ау!

Термез ықшам келген, тап-таза, бау-баққа бөккен жер жаннаты екен. Арқа-басымыз кеңіп, өз ағамыздың құшағына енгендей бір жасап қалдық. Көп кешікпей әкем мұнай өндіретін жерге моторист болып жұмысқа тұрды. Жасы келіп тұрса да соғысқа алынбады, броньмен қалды.

## **А**ЙНАЛАЙЫН, табиғатты аяла!

Адам өмір сүргені үшін ең алдымен табиғатқа қарыздар.

Табиғат деген – қоршаған орта. Күн – шуағы мен нұрын, қара жер – ырысын, суы мен ауасын бұлдан сатса қайтер ек?

Табиғат-ананың мейірімі ұшан-теңіз. Ал, біз айтып тауысқысыз осы байлықты қалай пайдаланып, қайтіп қорғап жүрміз? Мәселенің үлкені осында!

Экологиялық апат таяп қалды деседі ғалымдар. Әлемнің көптеген елінде орман-тоғай сиреп, су тартылып, жер сілкініп, жердің құнарлы қабаты эрозияға ұшырап, жануар мен құстар кеміп барады. Яғни, өркениетпен ере келген техникалық жаңалық табиғи болмыстың басына қара бұлт үйірді.

Аллекем, он сегіз мың ғаламды жаратқан. Соның бір мүшесі – адам. Басына – сана, жүрегіне – сезім, көкірегіне – мақсат, көңіліне – арман берген. Және қоршаған ортаға иелік етуді тапсырған. Бұз, қират, өрте, шашып-төк, ысырап ет дегенен. Ал, біздің ұрда-жық әрекетімізді, ысырапшылдығымызды, өзге тұрмақ Аллекемнің өзі қош көріп отырмаған шығар.

«Адамға табын, жер енді» деп саясаттың ыңғайына сай жырлаған даңқты ақын Олжас Сүлейменовтың өзі, бәлкім, бұ күнде күпірлігіне іштей қиналатын болар. Өйткені, Табиғат-Ана. Анасын кім табындырып, бағындырғандай?!

Ұзақ жылдар бойы мектеп бағдарламасында «Табиғаттану» деген пән жүрді. Оны танып бітемін дегенше, құрып та бітуі ғажап емес қой. «Табиғаттану және оны қорғау» деп атасақ, оқушының саби санасына ерте бастан-ақ қоршаған ортаның қадір-қасиетін сіңіре берер ек.

Мерзімді баспасөз бетінде ұшқыш табақшалармен келген жатжерліктермен сұхбат жарияланыпты. Онда олар: – Жер беті хрусталь ыдыс тәрізді ғажайып құрылым. Ал, пенде біткен сүзеген өгіз сынды. Бүлдірмегені жоқ. Олардың ақыл-ойына зұлымдық деген зиянды түйсік кіріп кеткен. Тоқтату мүмкін емес. Біз де сақтанамыз. Бұл планетаның тағдыры өте аянышты, – депті. Бұл пікірді жатжерліктер айтты ма, өзге біреу ойдан шығарды ма, білмеймін, бірақ бүйрекке шанишудай қадалатын шындық сөз.

Атақты Циалковскийдің өзі: «Адам баласы жер бетіндегі табиғи байлықты түгескен соң, өзге планетадан қоныс іздеуі ғажап емес», – деп босқа уайым шекпесе керек.

Әйтпесе, шешемнің қызыл орамалды қыз дәурені жағасында өткен Арал теңізі қайда кетті? Мал жоғалса бір жөн, айдың-күннің аманында жер бетінен теңіз жоғалды деген не сұмдық?! Ғасырлар бойы жағасындағы қалың елді асыраған Сырдария мен Әмударияның бүгінгі тағдырына кім жауапкер? Каспийдің итбалығы не себепті қырылып жатыр? Шетелдің бірінде киттер үйір-үй-

iрiмен келiп өзiн жағаға лақтырып қаза тапқан. Әлде бұл адам қолымен табиғатқа жасалған қиянатқа деген қарсылық па?

– Қазақ даласында үйiр-үйiрiмен жайылып жүретiн құлан мен тарпаңның тұқымы соңғы елу жылда мүлдем құрып кеттi. Ал, осы өлкедегi соңғы жолбарыс Балқаш теңiзiнiң жағасында, ну қамыстың iшiнде өлтiрiлген, – деген хабарды естiгенде жүрегiм дiр ете қалды. Келесi кезек қай бейкүнәнiкi?..

«Сынып түссе бiр бұта, қабырғама қараймын», – деп жырлаған Жүмекен Нәжiмеденов қандай көреген едi!

Жас ұрпағым, бiр терек кессең орнына екi тал қада. Бұл сенiң табиғат – Анаңның алдындағы перзенттiк парызың. Сол талдың басына қонған бозторғай шырылын – ұлы өмiрдiң жасампаз әнi деп бiл...

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Арал...

Алыстан жал толқындары жарыса шауып, жағаны кеміріп жататын кешегі қайран теңіз қайда кетті?! Айдың-Күннің аманында жер жұтты ма, көкке ұшты ма? Әлде аспанға космос кемесін лақтырған сайын өлшеусіз жалын құсатын «Байқоңыр» айлағы кептіріп жіберді ме? Аз ақылыма сыяр емес.

Теңіз қойнауында шөп сұрамайтын, қора тілемейтін отыз төрт түрлі «балық» деген ұлы байлығымыз бар-ды. Дөңмаңдай, айнакөз, сыла, қаяз, сазан... Тізе берсем некролог секілді боп шығар. Бәрі жым-жылас. Өлі теңіздің өзі үшке, төртке бөлініп кесіліп қалған.

Заманында айналасын мекендеген күллі ел-жұрттың ырыздық ырысы, ортақ қазаны еді бұ теңіз.

Лениннің өзі тарыққанда жеделхат жолдап, аштық қысқан Поволжье халқына көмек беруді өтінген. Вагон-вагон аттанған бағасыз қазынаның бел кеспесі, бал татыған сорпасы талайлардың шырағын қайта жаққан. Айта берсең мұндай мырза мысалдар таусыла ма?

Баяғы балықшылардың қара қайығын ертеп мініп, ауын тереңге бойлата салып, толқын қуалап балықтың өрісін аңдап бара жатқан қымбат көрінісі көзден бұл-бұл ұшты.

— Әлемнің қасқабас ғалымдары бас қосып ақыл жарыстырып жатыр, енді Арал құтқарылады, — десті.

— Орта Азия республикалары бірігіп қамқорлығына алды, бұйырса теңіздің бағы ашылады, — десті.

Қайдан...

Теңіз табанынан көтерілген миллиондаған тонна тұз ауаға әлі тарап жатыр.

Жан-жағын мекендеген елдің денсаулығы жыл санап төмендеп, алуан дерт бел бермей барады.

Дәме көп-ау, дәрмен жоқ...

Бұрынғы көк теңіздің ортасында бұ күнде құмға шөккен нар түйелер сынды кеме қаңқалары жатыр. Әрқайсысының бүйірлеріндегі көмескі жазуға көз тігіңізші.

«Қазақстан», «Өзбекстан», «Россия», «Грузия», «Латвия» боп тізбектеліп кете береді. Кешегі теңіз көкжалдары енді не істейміз деп өзара ақыл қосып жатқандай...

Не десеңіз де Кеңес үкіметі мұраға қалдырған ұлы қылмыстың бірі — осы Арал!

\* \* \*

Иен далада жондары жылт-жылт етіп жүзіп бара жатқан немесе теңіз толқынындай тулап ағып бара жатқан мыңдаған киік үйірін көрген шығарсыз. Қарасаң көзің тоймайтын ғажайып құбылыс!

Тостағандай мөлдiреген жанары қандай!  
Тiрiмде алдымды кестiрмеспiн деген сертi  
қандай!

Қауiп-қатер төнгенде аспанға шапшып  
орғитыны қандай!

Бұл деген – сұлулық пен еркiндiктiң сим-  
волы!

Орғиды дегеннен шығады, жалпы киiк атау-  
лы сирек жаратылыс. Өйткенi, оның тұяқта-  
рының ортасында өзiне тән тесiк болады да,  
содан сүйектерiне ауа тарайды. Жiлiктерiнде  
май жоқтығы содан. Шауып келе жатқанда  
тұяғының арасына тас қыстырылып қалса,  
тұра қалып делдиген танауымен бiр осқыры-  
нып, әлгi ауа жолын ашып жiбередi. Таңдан-  
бай көр!

Даламыздың сол еркесi жылдан-жылға  
азайып келедi. Кеңес дәуiрiнде Торғай дала-  
сында бiр жұманың iшiнде жүз-мыңдап қы-  
рылды. Тiптi көмiп, өртеп үлгере алмаған.  
Зерттеген ғалымдарымыз себебiн ашып айтпа-  
ды немесе айтқызбады. Тұяғы шiрiген дейдi.  
Бәрiнiң бiрдей ме? Жаман шөп жеген дейдi.  
Далада ескен желдей жүйткiп жүрiп, небiр  
асыл шөптi терiп отығатын жануар қалайша  
аңғармай қалды? Сол жылы бiзде жаман шөп-  
тен басқа шөп өспеп пе едi? Жалпы осы жа-  
ман шөптiң бар екенi рас болса, аты қандай?..

Менiңше, бұл өз қолымыздан жасалған

қырғын. Күнде ұшырып, күнара құлатып жататын космодромның кесiрi ме, қайдам...

Мүйiзiн саудалаймыз дескен имансыздар да оған барады. Базбiр қысы қатты жылдары азық таба алмай да ажал құшады.

Ал, кей шетел киiктi арнайы қорықта өсiрiп, етiн дәрiлiк дәм есебiнде сатады.

Бiзде ше?

Сиредi сұлулық!

Азайды еркiндiк!

Қадiрiне жетсек, ұлттық байлығымыздың бiрi емес пе?

\* \* \*

Табиғат адамдардан қашып барады. Орман оталды, жер құнары кемiдi, теңiз сарқылды, аң-құс сиредi...

Каспий байлығының бiрi итбалыққа (тюлень) да нәубет төндi. Себебi анықталмаған түсiнiксiз дерттен мың сан итбалық ажал құшты.

Итбалық қыста мұз үстiнде төлдейдi. Ертеректе колхозшылар атшанамен қос-қос боп кетiп, теңiзден итбалық аулайтын. Оның өзi сезiмi барды сергелдеңге салар азапты жұмыс. Аулаушылар қолына бiр-бiр шоқпар алып, жандарына таяғанда не су астына түсiп кете алмай, не қашып құтыла алмай бейшаралар сәбидей шырқырап, жылайтын көрiнедi. Төбе

құйқаң шымырламай көрсін. Ал, аяйын десең жоспар орындалуы керек. Май керек, тері керек. Екі көзді тарс жұмып сілтейсің шоқпарды...

Адамдардың жауыздығынан зәрезап болған олар жылжи қашып, ақыры теңіз ортасына қарай қоныс аударып кеткен...

Алтайдан келген бір танысым айтатын:

— Зәуімен бір тау етегіне демалуға бардық. Кәусардай таза ауада еркін тыныстап, от жағып, тамақ асып, ән де әуеледі, күлкіміз де күшейді. Әлден уақытта салдыр-гүлдір таудан тас домаласын. Кішігірім үй орнындай екі-үш тас бізге беттеп келеді. Ойбайлап қашып әрең құтылдық. Бақсақ, бізді қуып жатқан қоңыр аю екен. Еңкеңдеп ол да қашып барады. Шамасы, табиғаттың тұнығын лайлағанмыз ұнамаса керек, — деп.

Табиғат-ананың мейірімді құшағында тым еркінсіп кеттік-ау...

Ағам Рахманқұлдың майдан даласынан жолдаған кәдімгі үш бұрышты хатын алып тұрдық.

— Брянск орманында фашистермен бетпе-бет ұрысқа қатыстым. Жарақат алдым. Бұғанамнан айырылдым. Өзге жеті мүшем сау, жақында госпитальдан шығарады. Қайтадан соғысқа салады, — деген үшбуын қайта-қайта оқимыз. Өрт ішінде мақтаны Құдай сақтайды деген, ақыры жалғыз аға жаудан аман-есен

қайтты. Қол-аяғы бүтін. Бір бұғана бастан са-  
дақа-дағы. Қуанышымызда шек жоқ, мал де-  
генде емшегін тартып отырған жалғыз ешкіні  
сойып, көрші-көлемді шақырып той жасадық.

Мәтекең көңілін бірлеген соң бас бағып  
жай жата ма?! Елге хат жазып, кемдік көріп  
отырған ағайындарды айналасына түгел жиып  
алды. Ұзақ жыл жүз көріспей қалған ту-  
ма-туыспен судай сапырылысып, өз алдымызға  
оңаша ауыл болып шыға келдік. Өзіне қараған  
елдің ақылшысы да, бас иесі де баяғы Мәте-  
кең.

— Мәтекең келе жатыр, — десе болды,  
кәрі-жасы бірдей қоғадай жапырылып төрден  
орын ұсынатын. Қазақты айтпағанда, өзбек-  
тердің өзі жолын кеспей, мүтгәйім тұратын.  
Бес уақыт намазын бұзбаған, діни оқуы мол  
әкемнің жанына әрдайым үйіріліп: — Молда  
баба, — десіп құрметтесіп қалатын. Құран  
аштыртады, ем алады, әйтеуір алды босамай-  
ды. Қай-қайсысы да құрқол келмейді. Оң қо-  
лын кеудесіне қойып, төбелеріне дөңгелек нан  
қойып, әкеліп беріп жатады. Жалпы, соғыс  
жылдары өзбек халқы өзгелердей тарығып, аш  
болған жоқ. Жеміс-жидегі мол, табиғаты мей-  
ірімді, өздері жер шұқуға ерінбейтін еңбекқор  
ел ғой. Жер емшегін тартқылап жүріп-ақ,  
бас-басына пұл жинайтын. Арып-ашып кел-  
генде аузымызға ақ дәмін тосты. Мың мәрте  
рахмет!

Осы жерде алдын ала оза әңгімелеп, адамгершілік хақында сыр ашсам деймін. Мәтекең сол өзбек жерін 1957 жылға дейін қоныс етті. Кейіннен ес жиып, етек жапқан соң Шалқарға қайтадан қоныс аударды. Он екі қызыл вагон жалдап, өзін пана тұтып, ойдан-қырдан келген Тілеуқабактың бірін де тастамай, өзімен бірге туған жерге ала көшті. Елге жетіп орныққан соң сол өңірде тұрақтап қалған бір ағайынды шақыртып алдырды.

— Әй, бәленше, — дейді аман-саулықтан соң. — 1933 жылы жер ауып босқанымызда киіз үйім, дүние-мүлкімен сықырлауығы байлаулы сенде қалды. Өрісте жүрген екі қара нарыма да иелік етіпсің. Яғни, менің тырнақтап жинаған қара орманымның қызығын өзің көрдің. Осыным рас па?

— Дұрыс айтасыз, Мәтеке.

— Алғаныңды ретін тауыш кері қайтар. Әйтпесе мойныңа борыш қылам.

— Айналайын, Мәтеке-ай, айтқаныңа құлдық. Боталап тұрған інгенім бар, алты қанат киіз үйім бар, соны ал. Басқа берерім кем. Тек мойныма борыш ете көрме, — деп әлгі ағайын аяғына жығыла кетіпті.

— Ризамын, — деген Мәтекең.

Әне, бұрынғының бір-бірінің қадіріне жеткен адамы деген сол. Мұның түп-төркінінде ақ сүт емген адалдық жатқан жоқ па? Әйтпе-

се 1933 жыл мен 1957 жылдың арасын өлшеп қараңыз. Уәдеден бүгін берген ертең тайып жатқандарды көргенде сол бір қасиетті қарияларды аңсайсың.

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Әйгілі классик жазушымыз Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясының соңында өзі бай, өзі мырза атанған Тәңірберген өз ауылына өзі жау қолын түсіріп, ақырында бар даусынан айырылады. Титықтап оң-солын танудан қалады.

Бұл емеуріннің астарында үлкен сыр, кешегі еліміз кешіп өткен тарихи шындық жатыр. Сол дауыс қайтадан естілмей қойды. Өйткені, соңы кәмпескеге ұласты. Бай, молда, кулак атанып қарғыс таңбасы басылғандар алдындағы адал малынан, дүние-мүлкінен айырылып, талауға түсіп, абыройы ит құйрығына байланып жер аударылды. Ресей өлкесін айтпағанда күндіз тығылып, түнде қашып Қытай, Иран, Ауғанстан, Түркия асып қара үзіп кеткендер қаншама?! Иә, алысқа адым оздырғандардың бәрі де дәулеттілер еді. Күні кешеге дейін байдың алуан түрлі құбыжық бейнесін сомдап, жиіркенішті кейіпте көрсетіп келдік. Шынымен де қазақ байы соншама жаман ба еді?

Ертеде қазақ ішінде тіленші болмаған. Ең кедей, жарлы дегеннің өзінің қоңторғай тірлігі — қараша үйі, сауын сиыры, аяқ лауы және он-он бес уақ жандығы бар-тын. Шықылықтап отырғанмен үстінен жонып жесе де өлмес-ті.

Шетелде «Ақылды болсаң неге бай емесің» – деген мәтел бар. Ал, біз үнемі пышағы майдың үстінде деп дәулеттінің жер-жебіріне жеттік.

Кім бай болғысы келмейді,  
Құдайы қаламайды.  
Кім батыр болғысы келмейді,  
Жүрегі дауаламайды.

Біле-білсек бұрынғы қазақ даласында ел-жұртты тентіретпей тұтас қалпында ұстап тұрған осы байлар еді. Кедей-жалшы малын бақса, сауса – сауыны, сойса – соғымы, көшсе – көлігі, қонса – өрісі бірге болды. Яғни, қолына құрық ұстатты. Аштықтан, азып-тозудан сақтады. Кәмпеске басталып, байлар аша тұяқтысынан айырылып, кедей-кепшікке бөліп беріп еді, арты ашаршылыққа ұласпады ма? Қораларына бейсауыт маңырап, мөңіреп, кісінеп кірген тегін малды қан-қасап қылған. Құл құтырып пролетар болған заман еді ол.

Голощекин әмірімен ауыл қазағын бір орталыққа көшіріп киіз үйді қалашық ғып қаз-қатар тіктіріп, оған көше атын берген шақты көгентүп көнелер ұмыта қоймаған шығар. 1931-32 «ақсүйек» жылдары сол қараша үйлердің басым бөлігінің түндігі ашылмай қалған. Өңгесі су-суан іздеп, басы ауған жаққа қаңғып кеткен. Қынадай кырылған 2,5 миллион қазақтың өмірі мен өкініші, обалы мен са-

уабы, мұңы мен наласы, көз жасы кімнің мойнында?! Құныкер кім? Оңай сауалдың қиын жауабы осы!..

Егемендік алған алғашқы жылдары бір жазушы республикалық баспасөзде: «Қабырғам сынбаса да сөгіледі» деген жанайқай мақаласын жариялаған. Атасының кәмпескеге ілініп тәркіленгенін айта келіп: «Төрт түліктің еті жасығын, дүние-мүлкін сұрамаймын, кештім. Тек жеті мың жылқысын баспа-бас қайырып беріндер. Өсімі де қажет емес. Балтық бойы елдері заманында зорлықпен тартылып алынған зауыт, фабриктерді бұрынғы қожайындардың тұқым-тұяғына кері бере бастады. Бұл дүниеде бір әділдіктің бар екендігінің жарқын көрінісі. Маған керегі байлық емес, бірақ заңды мұрагер ретінде атамның ақ адал малын талап ету міндетім деп білемін», — деп көпшіліктің көкейінде көптен бері бұлкідеп жатқан ойға қозғау салды.

Мықтап ойлануға татитын пікір.

«Малым жанымның садақасы» деп қара сирақ, қызыл табан боп шетел асқандардың ұрпағы жыл санап туған топырағына оралып жатыр. Бұл да болса Елбасымыздың кемеңгер саясатының, алды кең адамгершілігінің арқасы.

Ал, тәркіленген мал-мүлік кері қайтарыла ма, жоқ па, оның иман-таразысы мен емес.

Бiрақ, бай мен би, болыс, құлақ пен молда атанып кәмпескеге iлiнiп, жиған сабақты инесiне дейiн туған елiне тастап, өздерi жарты жүрек боп шет жұртта көз жұмған сол жәдiгерлердi саяси жағынан ақтап, бүгiнгi ұрпағының алдында басы Үкiметiмiз боп бiр кешiрiм сұрап қойса, несi бар, егемендiгiмiздi, адам құқығының мәртебесiн бiр көтерiп тастайтын шара.

Айтпақшы, Нагасаки мен Хиросима құрбандарына қойылған ескерткiште: «Тыныш ұйықтаңыздар. Қателiк қайталанбайды» деген жазу бар...

**А**ЙНАЛАЙЫН, дүниеқоңыздық деген дерт.

– Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып аяғын көп шалдырған, – деп данышпан Абай уайым айтқан. Дүние-мүлiк жинау бар да, дүниеқоңыздық бар. Екеуiнiң аражiгiн айыра бiлген абзал. Қазiргiдей барын базарлап жатқан заманда дәулеттi тұруға кiмнiң қарсылығы бар. Өмiр сүруге қажеттi жиһаз, мiнер жеңiл көлiк, киiм-кешек бұл күнделiктi тұрмыстың талабы. Ырыс-несiбеңдi керегiңе жұмсамай, ұры түскен үйдей боп отыру ерлi-зайыптыға сын.

Ал, ашкөздiк жасап, алатын жерде асап қа-

уып қос-қостан, бес-бестен жинап, жұрт көзінен тыққыштап, айналаңа, ағайын-тумаға қара бақыр қайырың болмай жатса – мұның аты дүниеқоңыздық.

Алдымен сол дүниесі түскірді не үшін жинап жатқаныңды біл. Әкем жарықтық айтып отырушы еді: – Жігіттің жинаған дүниесі өз құнынан асып бара жатқанын біліп отырамын. Алдымен мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, сәлемі мен сөзі өзгере бастайды. Асқына келе ақылын жоғалтып алады. Күндердің күнінде дәулетінен айырыла қалса, жоғалтқан ақылын кері таба алмай, есалаң болып кетеді. Ең қауіптісі осы, – деп. Жастықпен мән бермеппіз. Енді ойлап отырсам неткен көрегендік еді!

Қасқыр айтады дейді: – Құрсын, бір қойға тоюын тоям ғой, қырып кетті деген атағын айтсаңшы, – деп.

Азаматқа бір ғұмырда қанағатты тірлік те аздық етпес.

Дүниеқоңыз деген жаманатын айтсаңшы!

– Байлық деген немене, сараңдық па деп қалам,

Жайған қолға тоқтамай, жұмған қолға тоқтаған. (Ж. Нәжімеденов)

Иә, дүниеқоңыздықтың түп төркінінде өзіңе дегенде ынсапсыздық пен өзгеге дегенде көлеңкесіне ит жатпайтын сараңдық тұрған жоқ па? Ішпей-жемей жинағанын жалғыз бөл-

мелі пәтеріне сықастырып, асыл сүйекті жиһазын күнде мәпелеп сүртіп, әйелі екеуі табалдырықтың көзінде жатқан жанкештіні де көре қалдық. Дүние-мүлік адам үшін керек пе, әлде адам дүние-мүлік үшін қажет пе? Өзің жинаған дәулеттің басыбайлы құлына айналудан өткен қорлық жоқ шығар.

Бай болсаң да бәсең бол. Жиған-түйгеніңнің бір бөлігін мешітке бер, мұсылмандық жолға арна, жетім-жесірге жәрдемдес. Алаяқтың қолына бергенше, арлы адамның жолына бер. Сонда қаріптің сауабын, Алланың ризашылығын аласың, қалғанының қайырын көресің. Тауық екеш тауық та бір жұмыртқасын садақаға шығармай ма?

**АЙНАЛАЙЫН**, қазан мен шаңырақты халқымыз қасиетті деп санаған. Ежелден жаз жайлауы мен қыс қыстауының арасында мал тісіне еріп, өріс таңдап көшіп-қонып жүретіндіктен, ата-бабамыз қара қазанды ырыстың алды, қара шаңырақты бірліктің басы деп қастер тұтқан.

Қазан – адал асың пісетін дәмнің кеніші. Ал, дәмнен ұлы нәрсе жоқ. «Дәмім ұрсын» – деген қарғыстан бетер сөз бар. Жалаугер ақын Махамбет: «Қара қазан, сары баланың қамы үшін» – деп тегіннен-тегін жырламаған. Қазанды иесіз тастау-

ға, қақпақсыз ашық ұстауға болмайды. Ит жа-  
лап, сұғанақ қолын жүгіртуі мүмкін. Онда қасиеті  
қашады деп есептеген. Ертеде шешелеріміз кешкі  
асын пісіріп алған соң ошақтың аузын бітеп, қа-  
занды көмкеріп жауып барып, жататын. Ішіне  
дәм саларда арагідік түбін малдың құйрық майы-  
мен сылап, баптап алатын. Ал, қазанға пісірген  
сүттің түбі күйіп кетсе жаман ырымға балап,  
дереу көрші-көлемді шақырып Құран оқытып, әлгі  
сүтті тостағандарға құйып, тарата бастайтын.

Ақылды отқа қарайды, ақымақ қазанға қарай-  
ды. Астында лаулаған оты болмаса, қара қазан  
қайтіп қайнасын? Қай қазақтың да қазаны оттан  
түспегей.

Қазақта «шаңыраққа қара» деген тіркес бар.  
Бұл асып, тасып сөйлеген, өрескел қылық көрсет-  
кен жөнсізге кімнің үйінде отырғаныңды біл деген  
ескерту.

Шаңырақ – зат есебінде киіз үйге тән мүлік.  
Уықтың басын біріктіріп тұратын шаңырақ. Бей-  
нелеп айтқанда, шаңырақ – әкең, уық – шешең,  
кереге – балаларың. Бірінсіз-бірі кәдеге аспайды.  
Өзара толықтырып тұрады.

Баяғыда жаз жайлауға көшкенде түйеге киіз  
үйдің ағашын теңдеп, туырлық, жүкаяқтарды  
реттеп салып, ең үстіне шаңырақты байлап, сол  
түйені жетектеп көші бастайтын болған. Шаңы-  
рақ жүктелген түйе көші соңында жүрмейді. Мұ-  
ның да өз алдына символдық мәні бар.

– Қара шаңырағым аман болсын, – деп тiлек етiп отыратын қариялар. Бұл жерде шаңырақ – тұтас жанұяның баламасы.

Ертеде Құлшық батыр сексенге келiп қартайған шағында аталас iнiсi көшiп келiп, жанына үй тiгiптi. Ерте көктемнiң кезi болса керек. Iнiсi ауылда жоқ, жорықтан орала қоймаған. Жiгiт-желең жылқы қайырып, тай ұстап, құлын байлап, желi тартып әлек. Он екi қанат үйдiң аса тоғанды ауыр шаңырағын көтеретiн еркек кiндiк қапелiмде қолдарына түспеген келiн-кепшiк, киiз үйдiң көлеңкесiнде төсегiн қалың салып, емiн-еркiн жатқан қарт батырға қолқа салыпты.

Құлшекең келiп шаңырақты бақанға iлiп, «Әп!» – деп әуелетiп көтередi. Бiрақ уық шанишығанша шайқалтпай ұстап тұру оңай ма? Етжеңдi қарт батыр қатты бiр шiренiп қалғанында ышқыр бауы үзiлiп кетiп, ақ дамбалы аяғының басына түсiптi. Келiндер ұялып, бетiн басып «ибайлап» терiс айналады. Сонда жарықтық:

– Әй, келiн-кепшiк! Сырт жағымды айналып уықты шаниши берiңдер. Iнiмнiң шаңырағын құлата алмаймын, – деген екен.

Қазақта бiр көтерген шаңырақты қайта түсiру жаман ырым саналады.

Шаңырақтарың еңселi болғай, жарығым!

**А**ЙНАЛАЙЫН, қазақ жеті санын қасиетті деп есептеген. Жеті қат көк, жеті ғалам, жеті ғашық, жеті мүше, жеті жұт, жеті амал, жеті қазына деп, ата-бабамыз қоршаған ортаны, табиғат жаратылысын, пендеге қатысты құбылыс-тарды жік-жікке бөліп әрқайсысына ат беріп, ен тағып кеткен.

1. Жеті қат көкке жататындар: Ай, Меркурий, Шолпан, Күн, Қызыл жұлдыз (Марс), Юпитер, Сатурн.

2. Жеті ғалам: Күншығыс, күнбатыс, түстік, терістік, аспан – жоғары ғалам, жер – орта ғалам, жер асты – төменгі ғалам.

3. Жеті ғашық: Ләйлі-Мәжнүн, Жүсіп-Злиха, Фархат-Шырын, Сейіт-Мәлік-Жамал, Таһир-Зухра, Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Бозжігіт-Ануаз.

4. Жеті мүше: Бас, екі қол, екі аяқ, кеуде, іш.

5. Жеті жұт: Зілзала, соғыс, өрт, сел, қуаңшылық, індет, ақ қар-көк мұз.

6. Жеті амал: Күннің тоқырауы, қарашаның қайтуы, үркердің батуы, мұздың қатуы, киіктің матауы, тоқсанның кіруі, айдың тоғамы.

7. Жеті қазына – жүйрік ат, қаққыш тазы, алғыр қыран, тұзу мылтық, қарақазан, алмас кездік, шаңырақ. Бабадан қалған бағзы сырды ұмытпа көрмеңдер...

Тағы бір мысал. Шалқарға келіп қоныстанған соң біздің үй екі бөлмелі қоржын тамға

кірген ғой. Соғыстың басылғанына бар-жоғы оншақты жыл өткен кез, ел қайдан еркін тойына қойсын. Ауыл арасында жетім-жесір, ғаріп-ғасір жоқ емес. Бір күні шиеттей бала-шағасын ертіп Нұрман деген алыс ағайынымыз босып жетіпті. Келе: «Ал, Мәтеке, қаңғып қалдық. Қалтада пұл жоқ, басымызда үй жоқ. Ел аралап, су жағалап өлер болдық. Өзімсің ғой, өзегіме теппессің. Босағанда жатайын, көкетай», — деген. Әкем сөзге келмей пана ғып отырған екі бөлменің бірін дереу босаттырып беріпті. Он бес жан бір шаңырақтың астынан өріпті. Үй тар, әрі өндірішегі үзіліп келгендер тамаққа тоя ма, әжем (анам) заты әйел ғой, анық ұрыс шығармағанмен наразы болып, күңкілдеп басылыпты.

Араға он бес күн салып әкем іргелес жатқан Қарақұмға кетіп, ақ шаңқандай керемет бір киіз үй сатып әкелген. Сол үйге Нұрманды бала-шағасымен бөлек шығарып, бір сиырды берген еншім деп қазығына байлапты. Артынша әлгі ағамыз халық қатарына қосылып, теңеліп кеткен екен.

Аллаға жағам десең азанды бол,  
Ағайынға жағам десең қазанды бол, — десе-  
сетін бұрынғылар.

Ал, қайырымдылықтың шоқтығы биік тұрау.

**А**ЙНАЛАЙЫН, көңіл, пейіл, ниет деген ұғымның астарын бойлап көрдің бе? Мәселен, көңілі – кең, пейілі – тар, ниеті – бұзық... Бір ұлағатты мысал айтайын, өздерің оймен қорытарсыңдар.

Көп балалы бір үй өртеніп жатыпты. Әлгі өрттің үстінен ұшқан қарақұс: – «Ертеңгі күні балалары аман қалса, маған маза бермес. Ұямды бұзып, тұқымымды құртар, одан да тамтығы қалмай жанып кетсін», – деп тұмсығына қысқан бір тал шөпті әлгі өрттің үстіне тастайды.

Қарақұстың соңынан айыр құйрық қарлығаш ұшып келе жатады. Лаулап жанған үйді көріп: – «Алла, айналайындар-ай, менің балапандарым секілді сары үрпек балалары шырылдап қалған екен. Балапандарым қанаттанып ұшқанша үйін жықпай, көшпей отыратын мейірімді жандар еді. Отты сөндірейін», – деп аузындағы бір тамшы суды тамызады.

Қарақұстың тастаған бір тал шөбінен ол үй одан әрі өртеніп түскен жоқ, қарлығаш тамызған бір тамшы судан әрине өше қалған жоқ. Әңгіме көңілде, пейілде, ниетте зой...

Термезге қайтып оралайын.

1944 жылы сол қалада сегізінші сыныпты бітіріп шықтым. Соғыстың зардабын бір кісідей тарттық. Қарақағаз аспаннан қара қарғадай жауып, ел-жұрт қан құсып отырса да,

көңілдеріне демеу, жаудың өз ұясына қарай күн сайын шегінуі еді. Қаланың қақ ортасындағы биік бағанға орнатылған дәу қалпақ радионың түбінен кісі қарасы үзілмейді. Күніне бірнеше мәрте берілетін «Совинформбюроның» хабарына тағатсыздана құлақ түреміз.

— Фашист басқыншылары ана қаланы тастап шықты. Жеңімпаз Кеңес әскері мына елді-мекенді азат етті, — деп саңқылдаған Левитанның ғажайып дауысы, әлі күнге құлағымда күмбір қағады.

Әке-шешеміз ертеңді-кеш жұмыста. Өзім он беске толып қылтиып қыз болып өсіп қалған шағым. Әскери комиссардың, «жасы он төртке толған, озат оқитын қыз балалар әскери училищеге оқуға жіберілсін», — деген жарлығы жарияланды. Біздің сыныптан бұл жарлыққа жасанып төрт қыз суырылып шықтық. Олар Сахарова деген үйелмелі-сүйелмелі егіз орыс қызы, ұлты тәжік-ау деймін, ұмыттым, Юлдашева және мен. Төртеуімзді тізіп апарып медициналық тексеруден өткізді де, денсаулықтары жарамды деп тапты. Сонымен әке-шешеммен, сыныптас құрбы-құрдаспен қош айтысып, қазіргі Душанбе, сол кездегі Сталинабат қаласына сапар шектік. Бейтаныс қала, жадау тірлік, жатақхананың өмірін бастан кештік. Тамақ карточкамен беріледі. Оқу да оңайға түспеді. Соғыс көріп келген өз мамандығы-

ның небір жетік білгірлері дәріс оқыды. Бар ойымыз медицинаның қыр-сырын меңгеріп, тезірек Отанға қызмет ету. Мектепте үздік оқыған соң мұнда да барлық сынақтан мүдірмей өтіп жүрдім. Ертеңді-кеш қолымыздан қандауыр, аузымыздан тұмылдырық түспейді. Бірте-бірте қалаға да, өз ортамызға да бауыр баса бастадық.

Біздің балалық шағымызды жарты жүрек қылған соғыс та аяқталды-ау. 1948 жылы оқу орнын жақсы тәмамдап шықтым. Құдай қаласа енді елге қайтармыз, бейбіт заман орнады ғой деп отырғанда Түркістан әскери округіне бөлді. Ондағылар тым алысқа жібермеді, жағдайымды түсінді ме, Термез қаласындағы әскери госпитальға қызметке бөлді. Әскери хирургтермен қоян-қолтық жұмыстас болған екі жылым үлкен өмір мектебіне айналды. Қаншама тағдырлармен жолықтым, қаншама тәлім-тәрбие алдым. Мен саналы ғұмырымның көп бөлігін осы медицинаға арнаған адаммын. Сол бір қыз дәурендегі жүрегі жұмсақ, жаны ізгі, адам өміріне арашашы болған ақ халатты абзал ұстаздарымды әр кез ризашылықпен еске алып, басымды июмен келемін. Олардың ерінбей-жалықпай баулығаны менің кейінгі өмірімнің сәтті қалыптасуына, өз ортамнан ұялмай орын алуыма қаншалықты игі әсер етті десеңізші!

Иә, қарақтарым, алыстағы Термез қаласы тарыққанда әке-шешеме қандай қамқор болса, қырық шырақты менің де бағымның ашылуына сондай шапағатын тигізді.

Алғашқы бағым — өмірлік кәсібіме айналған мамандық алуым болса...

Екіншісі — әрі ең бастысы осы қалада сүйген жарым, ғұмырлық қосағым Нұрғалиды жолықтырдым.

Нұрғали Тасмағамбетұлы — қазіргі Атырау облысы Исатай ауданында (бұрынғы Гурьев облысы, Новобогат ауданы) 1926 жылы туған. Руы-Жаппас, оның Қаракөз бөлімі. Он сыныптық білімі бар, ілкілердің бірі болып Отан соғысына аттанған екен. Ай, дүние-ай, адамның жақсысы қай ұлтта да бар ғой. Майор Скрепник деген азаматтың Нұрағаңа және екеуімізге қол ұстасқалы тұрғанда бізге жасаған жақсылығын алдымен айтпай кетсем жарықтықтарымның аруағы кешпес.

Сталинград қоршауда қалып, көсем атындағы қаланы қайткен күнде де жауға бермейміз деп жанталасқан шақ болса керек. Бақайшағына дейін қаруланған дұшпанға қарсы әскерімізді қойдай айдап тоғытып жатқан тұс. Полкты айтасыз, бәзбір дивизияның өзі құрдымға құлағандай санаулы мерзімде тып-типылы шығатын. «За Сталину» деген ұран небір боздақтарды ажал оғына айдап салмады

ма? Иә, Отан үшін от кешкен ол шақтарға иман-таرازы боп қайтеміз, біздікі тек көргенімізді, естігенімізді тірілту ғой.

Сонымен, ефрейтор шеніндегі Нұрғали да ол кездің тілімен айтсақ, передовойға, яки Сталинград майданына таң ата аттанғалы тұрғанда майор Скрепник өзіне шақырып алып, «Кел, бауырым, қоштасалық», — дейді. Қоштасып болып аз-кем отырады да:

— Тасмағамбетов, ауылда кімің бар? — деген.

— Әке-шешем.

— Сосын?

— Екі ағам соғыста қаза тапты.

— Сен жалғыз қалдың ба?

— Жалғызбын.

— Ендеше соғысқа түспейсің. Мына қанды қырғында ғұмырың қиылып кетсе, тұқымдарың құрығалы тұр екен. Көре тұра өз қолыммен отқа айдауға дәтім бармайды. Әңгіме осымен бітті. Менің қасымда писарь болып қаласың.

Міне, туғаныңның өзі жасар-жасамасы екіталай жақсылық емес пе? Бір топырақтан өріп, бір құдықтан су ішкен баяғы Шахалардың қылығын естеріңе алыңдаршы.

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Пайғамбар жасынан асып, ел ортасында ақылшы Ана боп отырған шағымда тек қана адалына жығылып, ақ сөйлеу парыз деп білемін. Жақсы-жаманды көрдік, ащы-тұщыны таттық. Тауда жүріп таста өстік, ағайыннан басқа өстік. Сонда өмірдің безбенін, көңілдің сезгенін таразылап отырып, әлі күнге бір Ананың жұмыр басты пенде баласының қолынан келе бермес ерлігіне таңқалып, тәнті боламын.

Ол – сонау қырғыздың Алай тауында, өткен ғасырда әйелдер арасынан шыққан Құрманжан датқа-тын.

Билеген ел-жұрты құлдық ұрып, құрметтеп, жарты падыша (патша) деп есептейді екен. Атақ-даңқымен өзбек арасына да кеңінен мәлім еді.

Сол Құрманжан датқаның Мерпайыз деген ұлы Ресей империясының отаршыл саясатына қарсы шығып, көтеріліс басқарған. Анасы – датқа, өзі – көтеріліс басшысы. Тағдыр бойы. Зеңбірегін сүйретіп жүрген қарулы әскер қоя ма, көтерілісті күйрете жеңіп, Мерпайызды тұтқынға алады. Кесірлі ерге кешірім бар ма, асылсын деген үкім шыққан. Қаумалаған халықтың ортасына дар ағашы тігіліп, қол-аяғын кісен қиған Мерпайыз жеткізіледі. Елдің қалың ортасында әлекедей жаланған

қолын ертіп ат үстінде Құрманжан датқа да түр екен. Тіпті бітім-болмысы бұрынғыдан да дегдар, сәулетті көрінді деседі. Іші өртенсе де сырты сау, әрине.

Ұлы: — Ана, — деген жалтаң қағып.

Датқа: — Ақыр аяғына дейін ерлігіңнен танба, ұлым! — деген жігерлі үнмен.

Дар арқаны жоғары тартыла бастағанда қалың қырғыз дүрлігісіп, «өзекті жанға қайда да бір өлім, Мерпайыздың артында қалмай-ақ қояйық» десіп, аттанға айқай қосқанда датқа «Тоқтаңдар!» — деп бір-ақ кескен. Бәрі жым болған.

Ұлының жаны шығарда Құрманжан датқа иманын айтып, теріс айналып атқа қамшы басқан.

Кейін себебін сұрағанда, «Мерпайыз түптеп келгенде жалғыз менің ғана қайғым. Сендер көпсіңдер. Бәріңді бірдей босқа қырғызып алсам, ел-жұртқа не бетімді айтамын?» — депті.

Аналық жүрегіммен айтсам, есебі жоқ ерлік қой...

Соғыс біткен соң бұларды Түркістан әскери округіне аударып, Термезге 1946 жылы келген беттері екен. Шығыстан, Жапониядан қауіп-қатер төнген соң әскерлерді қайтармай, тұтас қалпында 1950 жылға дейін ұстаған. Термез шекараға жақын орналасқан қала болған

соң, аяқ бассаң рұқсат қағаз қажет. Оны ол кезде пропуск №0 деп атайды.

Жексенбі күндері саябаққа қатар құрбылармен бірігіп биге барамыз. Он тоғыз, жиырмадағы талшыбықтай бұралып тұрған шағымыз. Шіркін, жастық десеңші, көкіректе мың арман атой салады... Сондай би үстінде Нұрғалимен таныстым. Горнизонда бар-жоғы бес қазақ жігіті бар екен. Екеуі атыраулық, қалғандары Алматы, Қостанай, Павлодардың тумалары.

— Ой, қарындасымыз екенсің. Аман-есенсің бе? Әскери киім өзіңе құйып қойғандай жарасады екен, — деп бәрі үйірсектей кетті.

Қан тартады ғой. Мен де бір туғандарымды көргендей бауыр бастым. Сөйтіп жүріп, қымызды кім ішпейді деген, әрқайсысы сөз салды.

Нұрағаң болса, ұзын бойлы, жіптіктей, үлкен қара көздері мейірімге толы, әдепті жымыып ғана қоятын сұлу жігіт. Бұйырмыс-дағы, екеуміздің өмірге көзқарасымыз да, таным-түсінігіміз де бірден үйлесе кетті. Арман арқалап оңаша айтылған сырлар, алғашқы махаббат, тәтті сезімдер, бәрі-бәрі қазірде көрген түстей болса да бұ ғазиз бастан өткен. Ғұмырлық бірге боламыз, мен — сендік, сен — мендік деген серт байласылды. Өзге төрт азамат тек қана тілектес көңілдің, аппақ пейіл

үдесінен табылып жатты. Қашанда, «сен аман бол, бақытыңды тап», — деген іңкәр көңілден, айналайын!

Ал, менің көкірегімде күн сайын асқынып бара жатқан бір түйткіл бар. Ол әке-шешемнің менің сыртымнан атастырып қойғаны. Қазағы аз жер, менің қызмет орным, ортам өңшең өзге ұлттың өкілдері. Шамасы, осы қызымның бағы байланып қалмаса екен, жасы жетті, әлде орыс-орманның етегінен ұстап кете ме деп іштей жүдеп жүреді-дағы. Бұрынғылар бесік құда десіп, балаларын сәби күнінде атастырып, құйрық-бауыр жесіп, шақырысып мәре-сәре болып жататын. 1946 жылы туған сіңілім Тасбике болса енді ғана қаз-қаз басып жүр. (Қазірде Ақтөбе облысында тұрады. Мамандығы дәрігер-тін, кейіннен зейнеткерлікке шықты. Үрім-бұтағы өскен, бақытты жанұя).

Сондықтан Мәтекең мен әжемнің көз алдындағы қуанышы да, үміт артары да, тіпті болашағы қандай болып кетеді деген уайымы да жалғыз өзім. Сырттай атастыруларында осындай мән жатса керек. Орган қолдай ол азаматты да танитынмын. Етене сөйлескенім де, ашығын айтайын, ұнатқаным да жоқ. Өз тағдырым өз қолымда, менде шаруаларың болмасын, деп кесіп тастауға әке-шешемді аяймын. Ертеңгі күні Нұрғалимен қол ұстасып, көз көрмеген қиян шетке кеткенде ауыл-аймаққа

бата бұзған атанып, қаралай шөгiп қалады-ау деп уайымдаймын. Қыздың жолы жiңiшке деген осы, шырақтарым!

**А**ЙНАЛАЙЫН, қыз баланың тәрбиесi қашанда аса мәндi.

Қыз – бүгiн әке-шешесiнiң қонағы болса, ертең бiр шаңырақтың ошағының сәнi. Болашақ ұрпақтың өз қатарынан озары да, азары да қыз бен қыз тәрбиесiне байланысты. Ертеде «қызға қырық үйден тыю» деп отырған. Мұның астарында қыз абыройы – ата-анасының абыройы деген мән жатыр.

Қызың көргендi де ибалы, сөзi – сынық, iсi – түзiк, киiмдi бойына жарастырып киiп, жымыып қана күлiп, сызылып жаймен жүрiп айтқаныңды екi етпесе – ажарың.

Ал, айтқаныңды алмай бедiрейiп, кiсi көрсе кекiрейiп, топ iшiнде қарқылдап, ұятты жерде саңқылдап, етегiн кесiп, омырауын ашып, көрiнгенге көзiн тесiп, күндiз кетiп, түнде келiп жатса–азабың.

Сөз қадiрi кеткен жерде ақын болу оңай,

Қыз қадiрi кеткен елде қатын болу оңай.

Қыз алдымен өз қадiрiн өзi ойлауы парыз.

Ерте кезде құда түсiп, құйрық-бауыр жесiп, баталасып ұзатылған қыздың тойы мен қуанышына бiр қауым ел ортақ болатын. Ұясынан

ұшқан құсы ұясына абыройлы қонса артындағы ата-анасына мерей. Қыз да алма сынды. Қызарса қызығынан айырылып қалатын. Сондықтан да, ата-бабамыз қыз қылтиып керегенің төрт көзіне жетсе бітті, бөрікпен бір ұрып, атастырып басын байлаулы ғып қоятын. Ал, оң босағада отырып қыз белгісін жоғалтып барса – арты үлкен дау, шатақ. Тіпті ондай абыройсыз қызды атқа теріс мінгізіп, төркініне әкеліп тастаған оқигалар да кезіккен. Бүкіл ауыл ұяттан бетімен жер басқан. Сүйекке сын деген осы!

Қыз Жібек пен Баян сұлудың қазіргі сіңділері не күйде?

Қымызды кім ішпейді, қызға кім қырындамайды? Қырындады екен деп кез келген ортада қылымси қалу қыздың соры.

Жер-жерде жезөкішелік өршіп барады. Себебін сұрасаң, жұмыссыздыққа саяды. Бұл – қате ұғым. Абыройын сатып тамақ асырағанша, көшеге шығып қара су сат – сол зейнет. Бұл дерт асқына берсе, ұлттың болашағына төнген қатер. Ұлтымыздың келешегі – бүгінгі қыз-келіншектердің қолында тұр. Қай ұрпақ қағанақты жарып шықпай, қара жерді тесіп шықты дейсің.

Жақсы ұл – жақсы махаббатан туады.

Махаббатын әр көшеде үлестіріп жүргендердің етегінен ел тізгінін ұстар бала туар ма?

Күріш азса күрмек болады, әйел азса жүрдек болады.

Сенің ұятың – иісі қазағыңның намысы.

Жас кезімізде қыз-жігіттер жиналып, әртүрлі ұлттық ойындар ойнаушы ек. Екі жақ боп Ай астында айтысушы ек. Одан өзге көңілімізде алаң болмайтын.

Кәне, сол жырға құлақ түрші.

Жігіт: – Сары ат міндім, сазды кештім,  
Сары ат салқындасын деп.  
Сәулем саған сәлем жаздым,  
Бір қуанып қалсын деп.

Қыз: – Алма аларсың, алданарсың,  
Алма піскен шағында.  
Сағынарсың, сарғаярсың,  
Еске түскен шағында.

Жігіт: – Әдетіңше күнде лезде,  
Сары самауыр қоярсың.  
Мен есіңе түскен кезде,  
Шайыңды ішпей тоярсың.

Қыз: – Келіп тұрып кете салам,  
Шығып қарсы алмасаң.  
Жай орынға отырмаймын,  
Мамық көрпе салмасаң...

Қыздарым, сезімді де шашпай, төкпей үнемдеп ұстау керек!..

**А**ЙНАЛАЙЫН, тән сұлулығы мен жан сұлулығын айыра білесің бе? Атақты ақынымыз Мұхтар Шаханов:

Мағынасыз жылтырақты сақтамайды ел еске,  
Жалын болып жылу болмау,  
Әйел болып сұлу болмау,  
Табиғатты алдаумен тең емес пе?  
Гүлзар әйел қауымына сұлулықсыз бақ қайда,  
Шын сұлулық тереңдікте жатпай ма? – деп  
жырлайды.

Әйел – ең алдымен ана. Бұл оның адамзат  
һәм табиғат алдындағы ең ұлы парызы. Құдіретке  
тең осы әйел заты ең алдымен тән сұлулығымен  
бағалы ма, әлде жан сұлулығымен қадірлі ме деген  
сауал туады. Алғашқы кезек – жаны сұлудікі. Әйтпесе,  
ақын айтқандай, жалғыз ғана тән сұлулығы – мағына-  
сыз жылтыраққа айналар еді.

Кеңес идеологиясымен сусындаған біздер «Тәні  
саудың – жаны сау», – деп тақ-тұқ түсінікті  
ұзақ жылдар бойы ұрандай жаттап өстік. Ал,  
Құран-Кәрімде: «Иә, Алла, тәні саудың жанын да  
сау ете гөр», – деп тілек етеді. Демек, тәні сау-  
дың яғни, қол-аяғы балғадай, екі беті алмадайдың  
бәрінің бірдей жаны сау емес екен.

Тән сұлулығы – сыртқы көз арбар көрініс.

Жан сұлулығы – бұл әйелдің ішкі дүниесі, сезім  
шынайылығы, мінез байлығы, пейіл кеңдігі, ар ал-  
дында адалдығы.

Тән сұлулығы – теңіз бетіндегі көпіршігі мол толқын.

Жан сұлулығы – бұл тереңдегі ағын.

Екеуі екі басқа дүние.

Осы екі қасиет бір адамның басында ұштасса, зұмыр бойы айналасын нұрға бөлеп өтер еді.

Жаратқан Ием де таразы зой. Көп әйелге бәрін аямай беріп, екіншісінен кем қолдық жасаған...

Кейбір әдемі қыздар:

– Көк етікті кезікпей, көн етіктіге бармай жүрміз, апа, – дейді. Мен айтамын:

– Көн етікті болса да тиіп ашыы, шырағым, көк етікті кейін кигізе жатасыңдар зой, – деп.

Сырт сұлулығын малданып сыбай-салтаң еркекшора боп жүріп қалған да жақсы емес. Баяғының кемпірлері түнде киіз үйге тайлақ, тана сүйкене қалса да далаға оқтауын ала шауып: «Қыз баққаннан қарға баққан оңай, ойбай» – деп отыратын.

Кей-кейде қызды – жеңге бұзып, жеңгені – теңге бұзып жататын жайыттарды да естіп қаламын.

Кей ертегі былайша басталатын: «Бір байдың қызы болыпты. Өзі сұлу екен, бірақ ақылы аздау. Көрші кедейдің де жан дегенде жалғыз қызы бар екен. Көз тоқтатар көркі болмағанмен, ақылды боп өсіпті...».

Маған осы ертегі әлі жалғасып келе жатқандай көрінеді.

Қыздарым, сіңлілерім, жаның да, тәнің де сұлу болғай. Ұят – біреу, бет – екеу. Бөле-жара жеткізе көріңдерші...

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Сұлулар байқауы өтіп жатады. Құба-құп. «Дүниені сұлулық құтқарады» деседі. Атам қазақ: «Қай нәрсеге көп ынтазар болсаң, соның түбі тақсіретін бір тартпай қоймайсың» деген... Заманына сай өтіп жатқан алуан шараларға Аналық ақ пейіліммен тілектестік ыңғайда, нәруана көңілде қоштап отыратыным бар.

Кейде ойдан-қырдан таңдалған сұлуларымыз осы деп кесер бастарын қылқитып, өңшең малынған киімдердің парады көз алдында өтіп бара жатады. Қыз сұлу ма, үстіне кигені сұлу ма, айыра алмай дал боласың.

Ал, кейде өңшең жалаңаш арулар қаздай тізіліп, жаныңа таяйды. Бота тірсектеніп, мықынын ырғап, мысыңды құртады. Жалаңаштықты қашанғы жаңалық көреміз, осы?!

Аяқ-қолдың түзулігі, екі беттің жылтырағаны да сұлулық болып па? Байқау шартына ұлттық салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу үрдісіміз, ағайын-тума, жекжат атаулары, ата-ене күтімі, бала тәрбиесі, тамақ жасау шеберлігі сынды тәрбиелік мәні бар қадау-қадау сұрақтар неге енбейді?

Осының бәрінен мүдірмей өткен қызды сұлу десең де жарасар, ару десең де жарасар.

Көз арбаған сырты бітеу жылтыраққа алдана берме, қарағым.

Сонымен жақын жеңгеме сыр аштым: «Сүйген жігітім бар, үйленуге бекініп, тәуекел деп отырмыз. Қайда жүрсем де тілектес боларсың», — деп. Қыз баланың өз босағасын қиып кете қоюы оңай ма. Әйелдің мұңын да, сырын да әйел түсінеді ғой. «Аттанып кеткен соң болған істі айтып, тігісін жатқызармын, Шырайлым. Уайым жеме. Тек бағың ашылғай», — деп маңдайымнан сүйді.

Нұрғали екеуміз жөпелдемеде Скрепникке жетейік.

— Көкетай, осылай да осылай, ақ адал махаббатымыз бар. Бірақ қазақы дәстүр жолымен атастырып қойды деген кедергіміз және бар. Елге қайтайық деп едік, уақытынан бұрын дембельге жібере гөр, — дейміз баяғы.

Скрепник екеумізге алма-кезек қарап, үнсіз күлімсіреп, бас шайқады.

Жат жерде жүргенде әкендей болған, айналайын-ай, тап сол жерде Түркістан әскери округіне хат жазып, Нұрағанды әскери міндеттен екі ай бұрын босаттырып берді.

Горнизондағы төрт қазақ жігіт шампанды аспанға атып, ақ жол тілеп поезға мінгізіп салды. Жолай Ташкентке келіп тоқтағанда үйге жеделхат соқтым. «Өкпелей көрмеңдер, осындай азаматпен бас қосып, мынадай жерге кетіп бара жатырмын», — деген мазмұнда...

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Поштамен осы күні хат келмейді. Келсе де некен-саяқ. Телефонның құлағын көтере сап, «Әлеу» дегенде жер қияндағы қажетсінген адамың «Ассалау...» деп шұрқырап жатса, ақ қағазға айтар сәлеміңді асықпай түсіріп, оны төрт бүктеп конвертке салып, сосын пошта жәшігіне тастап, қашан жауабы келер екен деп елеңдеп, тоспайсың. «Әлеу» десең бәрі бітіп жатыр. Хаттың обалы телефонға! Бұл ғылыми-техникалық жаңалыққа қарсылық емес, назым.

Баяғыда адамдар арнайы үйретілген көгершіндердің мойнына хат байлап жіберетін болған.

Кейінгі ғасырларда шіліңгір шілдеге, өгіз өкірткен аязға қарамай жер қияннан қос ат жеккен көшірлі пошта жәшігі шаптырылған.

Отан соғысы жылдары майдан даласынан оқ-дәрінің иісін арқалап келетін, «алтыннан ардақты, күмістен салмақты...» деп басталатын үш бұрыш үшбу хаттарды қандай ғана зор сағынышпен тосатын ек. Ауылдың шал-кемпірлері жиналып, кешқұрым мейірлері қанбағандай, тағы бір жаңа сөз, жаңалық табылып қалардай қайта-қайта оқытатын. Жадырап та жабырқап, бірде толып, бірде солып отыратын сол аяулы бейнелер әлі күнге көз алдымда, көкірек түкпірімде.

Әне, үшбу хаттың құдірет күші!

«Досың саған хат жолдап, сен оған жауап жазбасаң ұсынған қолын қағып жібергеніңмен бірдей», – деген А.Чехов.

Толстой, Достоевский бастаған орыстың үлкен жазушыларының том-том боп шыққан жазысқан хаттарын оқығанда, ерекше сүйіспеншілікке бөленесің. Со заманның тарихы, тағылымы, адамаралық қарым-қатынас ахуалы, ғашықтық сезімі, шығармашылық табыстары, пенделік көңіл-күйлері айна-қатесіз көрініс табады. Алдыңнан олар өмір сүрген дәуірдің лебі ескендей.

Қазақта ол игі дәстүр әлі күнге қаз басып кете алмай жатыр. М.Әуезов пен С.Мұқановтың жазысқан хаттары алуан сырды ішіне бүккен қалпы жұртшылыққа жетер емес. Бәлкім, өткен уақытпен бірге қадірі арта түссін дейтін шығар...

Жалпы, хат жазысу кісіліктің келбеті.

*АЙНАЛАЙЫН, қыз жасауы деген бар.*

*Ұзатылғалы отырған қызға ата-анасы ұялмайтындай етіп жасау беруді ойлайды. Бұл қызға берілер еншінің бір түрі. Келін боп түскен соң қапелімде жаңа ортаға үйренісіп кеткенге дейін кіріптар болып қалмауын ойлап, біраз дүниенің басын құрайды.*

Ертеде дәулетті байлар қызын ұзатқанда кілем жапқан нар бастатып, дүние-мүлікті, асыл жиһазды көш-керуен зып жасау аттандыратын болған.

Бұл байлығын көрсетудің, мақтангершіліктің, бәсекелестіктің белгісі.

Қыздың негізі жасауы күйеубала екеуіне жібек матадан әдемілеп тігілген көрпе, жастық, шәй құралын салатын сандық, шымылдық, кілем, алаша т.б. ұсақ-түйектен құралған.

Қазірде заманымыздың салтына орай жасау ретінде қызға алуан жиһаз, теледидар, бейнемагнитофон, тіпті дәулеттілер машина да беріп жатады. Бұл әркімнің өз еркі.

Десе де, сол дүниені жастардың өзі құрып алғаны оңды. Сонда қадірін біліп, бірін екі етіп ұстайды.

Осыдан біраз жыл бұрын белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықовтың естелігін оқығаным бар. Сонда Әзекең қызын ұзатып, жасауына «Дүние жүзі әдебиеті кітапханасының» 200 томын жасау ретінде ұсынғанын жазады. Бірақ құдағи әлгі асыл қазынаны менсінбей аяғымен теуіп, адамның намысына тиер сөз айтыпты. Осыны оқып қынжылғанмын.

Дүниежүзінің ақыл-ой ақығынан өткен жасау, сый-сияпат бар ма? Жиһаз, мүлік, киім-кешек әрі кетсе он жылда тозар, өңін берер. Ал, кітап ше? Бұл біле білгенге ұрпақтан-ұрпаққа мұра емес пе?

Болашақта балаларымыз дүниеқұмар, ашкөз

атанбай өнерге, білімге, мәдениетке сусындап өссін десек, кітапты басты жасау етуді дәстүрге айналдырсақ құба-құп.

Грузиндер Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанын әр қызының жасауына қосады екен.

Ал, ұлы Абайдың өлеңдерін тобықтының қыздары тұрмысқа шыққанда бойтұмар етіп тағынып кеткенін неге ұмытамыз?...

Пошта мен жолаушы таситын жай поезддың жүрісі өне ме, Қандағаштан ауысып мініп, Гурьевтің қарасын жеті күн дегенде көрдік. Күн ызғырық, жер қар. Қала сиқы да шамалы. Нұрғали вокзалға мені қалдырып:

— Күте тұр. Нағашым осында тұратын. Іздеп келейін. Кешікпеспін, — деп таңертеңгі сағат 10-да кеткен. Вокзал деген аты ғана, іші қақаған суық, буфет деген атымен жоқ. Жол тосқан жолаушы да кезікпейді. Бары жалғыз кезекші келіншек. Түс болды күткен Нұрғалиым жоқ. Қыстың күні күн еңкейсе-ақ батпай ма? Айнала қарауыта бастады. Бойымды үрей меңдеді. Жанымды жалғыздық торлады. Бір бұрышта бүрісіп отырғанымда әлгі ысқаяқ келіншек жетіп келіп:

— Давай, вокзалды босат. Жабамын. Енді екі-үш күнсіз поезд жоқ, — деп дігірді салсын. Айдалада қалатын болдым. Жағдайымды айтып ем:

— Орысша шүддiрлеуiн қара, — деп ернiн бiр қайқайтып алды. — Әлгi адамыңды көргенмiн. Көзi жылтылдап тұр екен. Одан ендi дәмеппей-ақ қой, алдап кеттi. Бiлемiз ғой... Алданғандардың басы да соңы да сен емес. Давай, босат бөлменi. Ере шапқан өзiңнен көр, өл де қал.

Жастық қой: «Алдаса алдаған шығар, Термезiмнен садаға кеткiр Гурьевке менi сор айдап келген-дағы. Бау-баққа бөккен жер жаннатын қиғанда тапқаным осы қар мен балшық болса... Мейлi, басқа түскенiн көрермiн, мамандығым бар, дәрiгер боп орналасармын. Көштен қалсам да аштан өлмеспiн», — деп өз-өзiмдi жұбатамын. Көз жасымды да сығып алдым. Нұрағаң жанына бiр жiгiт пен бiр қызды ертiп, вокзалға екпiндеп кiрiп келгенде, көзiм жарқ еттi. Адресiн анық бiлмеген соң нағашысының үйiн ұзақ iздептi. Одан қайынсiңлiмдi қазақша киiм тауып малындырып киiндiрiптi, жаяулап-жалпылап жеткен беттерi екен.

— Азамат жiгiт қой, келер, алдамас демедiм бе, — деп әлгi кезекшi әйел ендi басқаша сұңқылдап қоя бердi. — Келiншектi соққан екенсiң, қайным. Құсың құтты болсын. Бақытты болыңдар...

Жалғас қайным орысша бiледi екен, ашылып әңгiме айтып, тоқал тамдарды қоймай қуалап, Ленинград көшесiндегi нағашы үйiне жеттiк.

— Өшкенім жанды, өлгенім тірілді, — десіп жылап-сықтап қарсы алысты. Алақандай ғана терезелері бар кішкене үй екен. Төрге қоға тоқып төсепті. Жетпеген жеріне кендір мөшекті сөгіп жайыпты. Наурыз айы туса да күн суық. Сиыр жылының қысы айта қалардай қатты болған. Гурьев пен Новобогаттың арасы бары-жоғы алпыс бес шақырым. Қар екі-үш метрлік биіктікте жауып, жолды түгелдей бітеген. Көбесі сөгілмей жатқан қалың қарды танкпен бұзып отырғанда, машина колоннасы 10-11 сағатта әрең жететін көрінеді. Көлік тосып нағашымыздың үйінде бақандай алты күн жаттық. Нұрғали Термезден аттанарда үйіне жеделхат салған, екі көздері төрт болып олар күтуде.

Новобогатқа бара жатқанда елсіз даланы, кісі бойы қол созым қарды, жадау өңді, жартымсыз тіршілікті көріп зәрем ұшты. Бірақ шегінер жер қайда...

*АЙНАЛАЙЫН, келін түсіру әр шаңырақ үшін үлкен мәртебе.*

*«Жақсы үйге түскен келін – келін, жаман үйге түскен келін – келсап» дейді бұрынғылар.*

*Жақсы үй деген не?*

*Есіктен имене аттаған ұлыңның ақ жұмырт-*

қадай қосағын бауырыңа тартып, өзімсініп сөйлеп, білгенін асырып, білмегенін жасырып, үй ұстауды, тамақ пісіруді, кір жууды, қонақ күтуді, бала тәрбиелеуді рет-ретімен санасына сіңіріп аналық махаббатыңа бөлесең – өз балаңнан кем емес. Сырласыңа, қиналғанда мұңдасыңа айналады. Бұл – келін.

Ғұмыр бойы сені ойлап өтеді.

Ал, босаға аттаған күннен бастап ысқырынып, құйған – шәйі, істеген – ісін, киген – киімін, жүріс-тұрысын жаратпай, қабағыңмен жасқап, «Албастының апасы құсамай, тұршы былай» – деп жұрт көзінше ұялтып, балаңа айдап салып, көршілерге жамандап жатсаң – бұл келсап.

– Обалы өз мойныңда.

– Келін деген – шаңырағыңның көркі.

– Ол болашақ – Ана

– Ана деген – дүниенің жағасын ағартып тұрған жоқ па...

Ата-енем, ауыл-аймақ алдымыздан өріп шықты. Жұмыссыз отырған жанұяда қайбір шеке шылықтар дәулет болсын. Жоқ-жітіктеу екен. Атам жарықтық: – Жалғызым аман келді. Біреу емес, екеу боп оралды. Құдай көктен тілегенімді жерден берді. Енді аштан өлмеспіз. Осы күнге жеттім, арманым жоқ, – деп жалғыз сиырын пышаққа іліктіріп той жасады.

**А**ЙНАЛАЙЫН, қазақтың ғасырлардан бері буыны үзілмей келе жатқан дәстүрлерінің бірі – той. Жалпы атауы той дегенмен мұның да жыл мезгіліне, қалыптасып қалған әдет-ғұрыпқа, ырымға байланысты түр-түрі көптеп саналады.

Иісі мұсылман баласының асыға күтетін көктем мерекесі, жыл басы болып есептелетін Наурыз тойы. Кәрі құдаң қыс қаһарынан құтылып, күн мен түн теңесіп, арқаңнан шуақ өтіп, жер көктеп, жан-жануар жадырап, еркіндеп мәре-сәре күй кешеді.

– Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! – десіп ауыл-аймақ таза киімін киіп, құшақтасып көрісіп, қуанышқа бөленеді. Сол күні кейбір өкпе-реніш, көздің алалығы, көңілдің құлалығы тарап өткенге салауат айтысады. Ұлыстың ұлы күні бір-бірін кешірісу бұл мұсылмандық парыздың үлкені саналады.

Кәрі әжелер бастап, қыз-келін қостап, наурыз көже пісіреді. Наурыз көже жеті түрлі дәмнен дайындалады. Жеті саны қазақ ұғымында қасиетті боп есептеледі. Қара қазанға алдымен бидай, сосын сүт қатылып, ұсақ туралған ет, май, құрт секілді таңсық дәмнің түр-түрі салынады. Ауылдың кәрі-жасы осы наурыз көжеден ауыз тиіп, «құдай осы күнге де аман-есен жеткізді. Басымыз аман, бауырымыз бүтін болсын» – деп шүкірлік ай-

тып, тiлек тiлейдi. Қариялар бұлаққа май шашып, өсiмдiкке ақ бүркiп ырым етедi. Жастар тал егiп, көшет отырғызып, маңайды сыпырып-сиырып көгалдандырады. Бұл деген рухани жаңару мейрамы.

Ерулiк беру – халқымыздың сыйластығының, көңiл кеңдiгiнiң куәсi. Ауылға немесе қалаға есiктес көршi көшiп келсе, бұрын отырықшы болып қалған шаңырақ ас-суын қамдап, өзге көршi-қолаңды шақырып, қонақасы бередi. Үлкендер әңгiме-сұхбат құрысып, жете танысып, келiн-кепшiк ыдыс-аяқ араластырып, бала-шаға ойнап-күлiп жатырқамай, жатсынбай етене боп кетедi. Өз кезегiнде жаңадан қоныстанған әулет те қарыздар қалмайды. Ерулiк бiткен соң сый-сияпат көрсеткен көршiлердi жинап, ақ дастархан жайып, ақ пейiл мен адал асын тосып, қарулық бередi. «Ерулiкке – қарулық» деген мәтел осыдан қалған.

Келесi бiр қуаныштың айнасындай дәстүрiмiз бұл – сүйiншi сұрау. Көптен күткен адамы не жақсы хабары келсе немесе келiн босанып ұлды, қызды болса, баласы оқуға түссе, аты бәйге алса, т.б. жағдайларда алғаш естiген адам үй иесiнен, ағайын-жекжатынан сүйiншi сұрайды.

Сүйiншi сұрап, қуаныш арқалап келiп тұрған адамның қолынан қағуға болмайды.

– Қалағаныңды ал, айналайын, сенiкi, – деп ата-әжелерiмiз сүйiншiлеп келген жанның асты-үстiне түсiп жататын. Берген жомарт емес – алған жомарт. Сүйiншi алудың да жөнi бар. Бiр жапы-

рақ хат келді деп сүйіншілеп ат сұрап тұрсаң әбестік. Әр нәрсенің теңін, ретін білген абзал. Сонда екі жақ та разы болысып тарасады.

Көрімдік те салт-дәстүрімізге сай ізеттіліктің бірі. Мәселен, келін түсірсе, балалы болса, бесікке салса, көлік алса, жаңа үйге кірсе, тіпті ерте кезде тәуір матадан киім тігіп кесе де көрімдік беретін болған. Бұл сыйлас адамдардың арасында болатын етене жақындықтың, қуанышқа ортақтасудың, көңіл пәктігінің белгісі ретінде қабылданған. Жалпы көрімдік заттай беріле ме, ақша ұсыныла ма, ізгі ниеттің үлкен-кішісі жоқ, ризашылықпен рахмет айтып қабылдаған жөн. Шашу шашу – бұл тойдың беташары іспеттес. Салтымызға сай келін түссе, құда, не құрметті мейман келсе, бәйгеден озса, шашу шашылады. Шашуды әдетте ақ жаулықты әжселер немесе сыйлы бәйбіше шашатын болған.

– Шашу тердік, мен көп алдым, сен аз алдың, – десіп балалар тәттіге мәз болып, үлкендер ырым үшін алысатын.

Бастаңғы – ежелден келе жатқан ұнамды, өзіндік құпиялығы бар бас қосу. Жайлауға шығып малын босатып, аққа кенеліп қалған ауылдың ер-азаматтары жиын, тойға немесе базар шығып жолаушылай қалса, ата-енесінің, күйеуінің көзінше еркіндей алмай жүрген сарқарын бәйбішеден бастан, жас келінге дейін өзара келісіп, бір үйге дастархан жайып, жылы-жұмсақты әзірлеп, жез

самаурынды әлсін-әлсін демдеп, ішегінің қырындысына дейін сыр ақтарып, жастарға ән салдырып, күй тарттырып, ойын-сауық ұйымдастырып, бір жасап қалатын болған.

Асар – бұл да қазақтың қайырымдылығының бір көрінісі. Жастар шаңырақ құрса, ағайын-тума қоныс аударып көшіп келсе, немесе жаңадан көрші қосылса асар жасаған. Асардың негізгі мақсаты – бір-біріне қарасып үй салып беру. Қариялар ақыл айтып, жөн сілтеп, жастар жағы білекті түрініп тастап қамба салып, балшық езіп, кірпіш құйған. Жас келіндер қазан төңіректен ет асып, шәй қойып, дастархан жабдығын қамдаған. Кірпіш кеуіп үйдің қабырғасын қалап, төбесін жапқанда да осы әрекет қайталанады. Біреу ағашын әкеліп, екіншісі пешін салып, үшіншісі ақтап, сырлап жаңа үйді сыңғырлатып иесіне табыс етеді. Бауырмалдықтың мұнан асқан үлгісі бар ма?

Садақа – бұл құдайы мал атау, жаманатты аластау ырымы. Қайтыс болған адамға садақа береді. Немесе оқыс оқиғадан аман қалса, қиындыққа кезіксе, ұнамсыз түс көрсе, «ақсарбас» атап садақа малын шалып, ел-жұртқа таратқан.

Сәбидің дүниеге келуі ата-анасы, тума-туысы үшін ең елеулі күн.

Шілдеhana тойы осы қуанышқа арналады. Құда-жекжат, көрші-көлем, дос-жаран бас қосып, нәрестеге «құтты болсын» айтысады. Көрімдік беріседі. Осы шілдеhana үстінде бесікке салады.

Бесікке салу жолын ауылдың көп балалы, сыйлы кейуанасына ұсынады. Бұл – үлкен құрмет. Кейуана сәбиді бесікке бөлердің алдында бір табақ кәмпит, печенье, құрт, тағы басқа тәтті-дәмділерді шүмек салатын тесікшеден (түбек) шілдеханаға жиналғандарға уыстап, тыштырма үлестіреді. Алақанына тиесілі сыбағасы түскен әр адамнан:

– Тышты ма? – деп сұрайды. Әр қайсысы «тышты», «үлкен ғып тышты» деп жауап береді. Бұл да бір өзінше қызық. Ауылдың кішкене балалары тәттіге тойып, тыштырма жедік десіп, мәз-мейрам болысады. Сәбидің ата-анасы жерден көтеріп алған, кіндік шешеге хал-қадарынша сый-сияпат көрсетеді.

Сәби тәй-тәй басқанда тұсаукесер тойы өтеді. Халқымыз тұсауды үш түрлі нәрсемен кескен.

Шөппен – шөптей көп бол деген ырым.

Тоқ ішекпен – ырысты, дәулетті болсын деген тілек.

Ала жіппен – ала жіпті аттамайтын адал болсын деген ұғым.

Пішпек немесе сүндет той. Бұл тақ жаста, бала бес немесе жеті жасқа келгенде жасалатын мұсылмандық рәсім. Баланың шүметегінің басындағы кішкене өлі етті кесіп алып тастайды. Кейінгі жылдары баланы сүндеттеу медициналық тұрғыдан денсаулыққа зиянсыз, керісінше, таза-лыққа пайдалы екендігі дәлелденді.

Алғашқы атқа мінгенде ата-анасы ер жетті деп қуанып, тоқымқағар тойын жасайтын болған.

Мектеп табалдырығынан тұңғыш аттаған баланың қуанышы да өз алдына бiр тәбе.

Жас жұбайлардың бас қосу тойы өздерi үшiн де, өзгелер үшiн де айтулы мереке.

Шыт той – некеге тұрғанына бiр жыл өткенде жасалады.

Ағаш той – бес жылда.

Раушан той – он жылда.

Әйнек той – он бес жылда.

Фарфор той – жиырма жылда.

Күмiс той – ширек гасырда.

Инжу той – отыз жылда.

Лагыл той – қырық жылда.

Алтын той – жарты гасырда.

Гауһар той – алтыс жылда.

Адамның көңiлiн марқайтатын, жанын жадырататын, ағайын-туманы, алыс-жақынды табыстыра түсетiн тойларыңыз көп болғай!..

Атам жарықтық өңiрiн жапқан аппақ күмiстей сақалы бар, үстi-басын таза ұстайтын, кiшкене бойлы, келбеттi, сөзге ұста, бекзат жан екен. Артық сөйлеу, асып-тасу ол кiсiге жат-ты.

Енем болса, нәтi жуас, бұза-жарып билiкке араласпайтын, үй-iшiнiң ынтымағын ойлаған кәдiмгi бәйбiше-тiн.

– Келiнiме жұмыс жасатпаймын. Демдетiп, шәй құйдырып iшемiн, – деп енем менi қасынан шығарғысы жоқ. Бар тәттiсiн аузы-

на тосып, бар жылтырағын үстіне жапсырып, әлпештеп өсірген біреудің жалғызымын ғой. Өзім қазақша тіл білмеймін. Ауылда орысша еркін сөйлейтіндер некен-саяқ. Қоржын үй, қыруар жан. Келімді-кетімді қонақ. Өз-өзімнен қыстығып, оңашада жылап алам. Жылап жүріп «Орысша-қазақша сөздікті» қолға алып, күні-түні жаттаймын. Нұрағаң кешікпей аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне есепші болып қызметке тұрды. Мен де өз мамандығым бойынша ауылдық ауруханаға жұмысқа кірістім. Нұрағаңның өзімен бірге туған Ізғали деген ағасы, атамның Дәулен есімді інісі соғыста қаза тапқан. Қос арыстың соңында қос жесірі қалды. Соғыс басылғалы да бес жылдың жүзі ауды. «Өлгеннің артынан өлмек жоқ». Әлгі екі абысыным өздері теңдес біреулермен көңіл жарастырып жүр екен деген қаңқу естіліп қалып жататын. Дәрігер емеспін бе, кезекті бір медициналық тексеруде екеуінің де аяғы ауыр екенін білдім. Болған жайтты жаймен енеме жеткіздім. Атам данышпан адам ғой, артынша көп кешіктірмей екі келінін алдына шақырып алды.

— Жас қалдыңдар, шырақтарым. Қарақағаз келген соң да бес жыл ерлеріңнің шаңырақтарын жықпай, түтінін түтетіп отырдыңдар. Мен ризамын. Ендігі жерде ойлаған адамдарың болса, алдарыңнан жарылқасын, батамды беріп, өз қолыммен ұзатамын, — деді.

Көп ұзатпай ешкі сойып, көрші-көлемді шақырып, енші беріп, үй ғып шығарды. Изғали ағамыздың бес-алты жасар ер баласын бауырымызға басып қалдық. Тұяқ қой, кімге жау-таңқөз етіп қоясың.

**А**ЙНАЛАЙЫН, жыл сайын тастанды балалардың саны өсіп барады. Соның көбі – өзіміздің қаракөздер. Таста тамыр жоқ. Ал адамның нәр беретін тамыры да, сән беретін жапырағы да – бала. Бауырыңнан өрбіген ұрпақ – Жаратқан Иемнің ұлы сыйы. Өз қанынан жаратылған нәрестеден безінген ана – тамырсыз таспен пара-пар.

Сәби – періште. Жарық дүниені көргені үшін жазығы жоқ. Күнәнің үлкені өздерінің аз күндік қызығына бола ұрпағын ғұмыр бойы азапқа байлап бергендер.

Кешегі Ұлы Отан соғысынан кейін екі әйелдің бірі жесір қалды. Елге аман оралған азаматтардың дені дiмкес, мүгедек. Қолда бар шал-шауқанның күні озған. Сол жесірлердің көбі қайтадан түтін түтетті, кейбірі жолдан тапқан көрдемшелерін әспеттеп, «әлди бөнем, әлди-ай» деп отырды. Бұрын әкесіз туған баланы көрдемше деп атайтын. Ол үшін жесірлерге ешкім кінә артпады. Жар қызығына қанбай қалған, қайраты бет шарпыған жас келіншектің, өмірге ұрпақ әкелуі тіршіліктің жалғасы сынды қабылданды... Адам-

ның биологиялық қажеттілігін де ескерген абзал. Көрдемшелер майдан даласында қалған боздақтардың фамилиясын иемденіп, көбі шаңырағын ұстап қалды. Балшықтан бала жасай алмай отырғанда тұяқ емес пе?

– Атың кім, кімнің баласысың? – дегенде ұялып, шешесінің арқасына тығылатын бірер бала менің де көз алдымда өсті. Ақын Дүйсенбек Қанатбаевтың осы көрдемше баланың тағдыры мен намысына арнаған жан толқытар жыры бар.

... Өртеніп сонда өзегі,  
Жылады дейсің өлгенше.  
Не деген зәрлі сөз еді,  
Әкесіз туған көрдемше.

Ақсақалдың сауалына жауап таба алмаған баланың аянышты халі бұл.

Жеңіл жүрістің, ішімдіктің, нашақорлықтың буынан туған тастанды сәбилердің көкек-әке, көбелек-шешелеріне еш ақтау жоқ. Бұлар Алланың да, адамзаттың да, ар-ұяттың да алдында қылмыскерлер. Ғұмырының ең тәтті бөлшегін жетімдер үйінде, терезеге телміріп, жол қараумен өткізген олардың сағынышы мен мұңы, көз жасы мен наласы кімнің мойнында? Қалған тамыры қалай қалыптасады? Әке жылуын, шеше мейірін көрмеген пенденің жан-дүниесі қатайып, дөрекілікке, тоңмойындыққа, бұзақылыққа бір табан жақын тұратынын бүгін керегі жоқ.

Тастанды баланың көбеюінің тағы бір се-

бeбi тұрмыстың қиындығы, жұмыстың жоқтығы деп жатады. Бәрі өздерінің опасыз қылықтарын ақтау үшін айтылған жалған сөз. Мен ашаршылық нәубетін, соғыс зұлматын бастан кешкен адаммын. Бір жапырақ нанға, бір ұрттам шалапқа зарыққандардың кескін-келбеті әлі күнге көз алдымда. Онымен қазіргі кезеңді салыстырып қажеті жоқ. Бозторғай жұмыртқасын әнмен шайқап жатыр ғой.

Ал, ұлттық тәлім-тәрбие әлсіреп, ұяттың қызылы қашып, адамгершілігіміз төмендеп кетті десе, оған құлақ қоюға болар. Ғасырлар бойы ешбір нәубетке белін бермеген халқымыз келешекте осы жерден сүрініп кетуі ғажап емес. Ал, жұт жеті ағайынды...

Діни көзқараспен қарасақ, о дүниеге барғандар бұрын көзі өткен ата-бабасымен, үрім-бұтағымен табысады деседі. Ал, тастандылар о дүниеде де әке-шешесін танымай, таба алмай, шырқырап іздеумен өтетін көрінеді. Демек олар үшін екі дүниенің екеуі де азап.

Көкек-әкелер мен көбелек-шешелер, ботасынан айырылған аруананың сай-сүйегіңді сырқыратып, төбе құйқаңды шымырлатып боздағанын есіттіңдер ме? Бір сәт құлақ түріңдерші. Сол зар өз жан-дүниеңнен де естілмей ме?

Ұяттың даусындай боп...

Ұят – адаммен бірге туады, бірақ кейбір мүскіндерден бұрын өледі. Өкінішті-ақ...

*АЙНАЛАЙЫН, жас сәбидің күтімі мен тәрбиесі аса жауапты. Жапондық психолог-дәрігерге алты айлық нәрестесін көтеріп келген ана:*

*– Баламызға алғашқы тәрбиені неден бастасақ екен? Ақыл-кеңесіңізді беріңізші, – дейді. Сонда психолог-дәрігерден:*

*– Тура алты ай кешігіңсіз, – деген жауап алған!*

*Тар құрсақты кеңітіп, тас емшекті жібітіп, жарық дүниеге келген сәби тым әлсіз тіршілік иесі. Әр үш сағат сайын омырау сүтімен тойдырып тамақтандырып, қырқынан шыққаниша күн сайын қайнаған суға шомылдыру керек. Шомылдырғанда бір күн сабынды, келесіде тұзды, сосын итошағанды (череда) пайдаланған дұрыс. Тұз бала етінің тез ширауына, ал итошаған ыстықта пысынап, бөртпе шығып кетуден сақтайды.*

*Шомылдырып болған соң қол-аяғын созып, қайнатылған өсімдік майымен денесін майласа құба-құп. Қырқынан шыққаниша күніне бір мәрте қыста 5-10, ал жазда 15-20 минуттан далаға таза ауаға шығарған абзал.*

*Сәби – аса сезімтал. Ауық-ауық қыңқылдап жылады екен деп қолға ала берсеңіз, әбден үйреніп, түспеуге айналады. Қыруар ісіңе қолбайлау болады.*

*Алты айдан бастап ана сүті сәбиге аздық етеді. Қосымша тамақ, витаминді жеміс-шырынын берсе, тез өсіп-жетілуіне септігі тиеді. Осы уақыт ішінде жас босанған ана омырауын жылы*

ұстап, сүтін қатырмай аса сақ жүруі керек. Үй-іші болған соң шыныаяқ сылдырламай тұра ма? Қатты ренжісе омырау сүтінің тартылып кетуі ықтимал.

Сәби – періште зой. Тіл-көз тигіш болады. Өйткені нәрестенің қорғаныш қабаты тым әлсіз. Бұрындары ырым зып шашына, киіміне қызыл матаның қиындысын байлап қоятын. Кей адамның көз сұғы өтетіні, қара энергиясы барлығы зылым дәлелдеген шындық. Ал, әлгі адам таңырқаса не назар тіктесе, алғашқы зиянды әсер қызыл матаның бойына беріледі де, әрі қарай залалсызданады екен.

Ай сайын ана мен бала дәрігерлік тексеруден өтіп тұрса, денсаулықтың кепілі деп біліңіз. Адам бауырынан өрбіген ұрпағын айналып-толғанбай, жақсы көрмей тұра алмайды. Бірақ бәрі де ретімен, мөлшерімен болғаны дұрыс. Еркелетіп алып, есейгенде жөнге сала алмай есі шығып жүргендер аз емес. Қатты ұстаймын деп тасбауыр зып өсіріп, жер соғып қалғандар жоқ па?! Тоқал ешкі өзін лақпын деп ойлайды деген, жасы отыз бен қырыққа келгенше шөп басын сындырмай, әке-шешесіне масыл боп жүргендер қай тәрбиенің жемісі? Біреудің артында тұяқ қалады, біреудің артында ұят қалады.

«Баланы жастан,

Қатынды бастан», – деп қақсап кеткен қарияларымыздың ұлағаты әлгі жапондық психолог-дәрі-

гердің кеңесімен үндес жатыр емес пе?! Баланың жан-дүниесі сиясорғыш сынды. Жақсыны да, жаманды да қаз-қалпында өз бойына көшіре салуы оңай. Тәрбие де, тәлім де, тәртіп те туылған күнінен басталса, иишалла, ұрпағымыз келісті болар...

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Баяғы бағзы дәуірде «Балалар үйі» деген жалмауыз атаулы жетімхана бар ма еді? Атымен көрмейтінсіз. Қапияда жансыз, жалғыз қалған балақанды тума-туыс, көрші-көлем қау-маласып, ортаға алып, бірі – қабағына, келе-сісі – тамағына қарап, сылап-сипап қанаттанды-рып жіберетін. Батагөй шалдардың емеурінінің өзі неге тұратын? Қалтасынан бірер тәтті мен сықпа күрт үзілмейтін әжелердің мейірінің өзі неге тұратын? Мұның бәрі үзілмеген үрдістің, кісі алдын кеспеген инабаттың, алды-артын кең пішкен парасат-пайымның арқасы екен. Жетімдік біздің жұртқа Кеңес үкіметімен ере келген. Қазақ даласының үстінен беймезгіл жүріп өткен ақ боран, қызыл құйын талай-ды отбасы, ошақ қасынан ажыратқан. Тек ба-ла-шаға ғана емес, тұтас ел жетім еді. Бірін-бірі ұстап беріп, аяусыз сатқан тасбауыр заманда бауыры бүтін пенде табылатын ба еді?!

Жетімдерді көше-көшені қуалап жүріп жинап, бір шаңырақтың астында, бір көр-пенің ішінде баққан кезді де көре калдық. Зәуімен айта кетейін, «Адам баласы жарық дүние есігін ашқанда бәрі бірдей боп өмір-ге келеді. Жасөспірім шағында дұрыс тәрбие берсең бәрі бірдей боп өседі», – деп үйретіп бақты Кеңес педагогикасы. Іштей ойлаушы

ем: «Апырай, өмір болған соң жақсы, жаман деген болушы еді, аталарымыз аузынан тастамайтын «тек» деген қайда қалады? Инкубатордан шыққан балапан емес қой. Олардың да өзінің бас-басына ерекшеліктері жоқ па? Қазекең мал екеш малды да іріктеп, сұрыптап сүтті, сүтсіз, асау, жуас деп жатпай ма?

*Айғыр салсаң үндісінен,*

*Қошқар салсаң жүндісінен,* — деп отырмаушы ма еді?

Сонда пенде жарықтықтың өзара еш айырмасы жоқ па, бұл қай қисын», — деп іштей арпалысып бағушы ем. Бақсам, адамның тегін зерттеуге тыйым салып, осы саланың ғалымдарын қатаң жазалаған Сталиннің әрекеті екен. Бәрі жаңа тұрпатты, Кеңес азаматын қалыптастыру жолындағы жанталастан шығыпты. Қисық іс қырық жылда да мәлім болмай ма? Қарағым, әр адам біле-білсек жеке-жеке тұлға ғой. Әрқайсысының қабілетіне, мінезіне, көзқарасына, таным-түсінігіне қарай тәрбие берсең ұтасың. Табиғаттың өзі бұлбұлға — үнді, қыранға — ерлікті, құзғынға — жемсауды берген...

«Бар жақсымыз — балаларға» — деген ұлағатты құлағымызға қорғасын ғып құяйық. Осы бір азапты да, абыройлы істің басында жүрген, жүрегінен жылу, жүзінен нұр төгілген «Бөбек» қорының төрайымы Сара сіңлім

Алпысқызына деген аналық алғысым шексіз. Бала тапқандікі емес — баққандікі. Егемен еліміздің әр облысынан бөбектерге арнап бүгінгі заманға сай тәрбие ордасын салдырып, мың сан жетімге ардақты анаға айналған жанның екі дүниеде де алды — жарық, сапары — оң. Адамнан мейірім қашса, жер бетінен жақсылық көшеді. Топан су қаптамай-ақ қойсын, ақырзаман деген сол. Басыңнан бағың таймағай, жарығым!

Адамзат өмірдің соқпақты сапарында, жасырары не, көсем де, шешен де болғысы бар. Бұл оның туа бітті арман-мақсаты. Мұнда аздаған ішкі эгоизмнің де қосындысы жоқ емес. Бәрі құптарлық.

Бірақ уақыт деген ұлы құдіреттің алдындағы адамның ұлы жеңісі — ұрпағы ғой. Қалғанының бәрі баянсыз. Баянсыздың бәрі — тұрлаусыз.

Ал, тек пен тәрбие егіз. Қара жерге қаншама су құйсаң да, гүл өспейді. Ал, қара жерге қандай асыл тұқым сіңірсең де, нәр бермесең пайда жоқ. Әне, тек пен тәрбие де бір-бірімен ұштаспаса, сол сынды жетім.

Жақында жапондар бір қызық тәжірибе жасапты. Ізденгіштігімен әлемді тәнті еткен халық қой. Қаздың бір жұмыртқасын өзіне бастырмай, арнайы жетілдіретін аппаратқа салған. Балапан боп шыққанға дейінгі жиырма бір күннің ішінде тәжірибе иесі ер адам

күнде жұмыртқаны қолына алып, өзінше қысқа-қысқа әңгіме айтады. Мәпелеп, кері орнына салады. Уақыты жетіп қауызды жарып, сары үрпек балапан шықты. Мына кереметті қарай көріңіз, әлгі балапан сол ер адамның даусын естісе бітті, шиқылдап қоя береді. Қолынан жем жейді, алақанында қалғиды. Тіпті топ адамның ішінен соның дауысын жазбай танып, шыр-пыр болып ұмтылатынын қайтерсің? Туған әкесін көргендей боп...

Осыны көріп отырып кеуде тұсым мұздап қоя берді. Құстың бір жапырақ балапаны жұмыртқада жатып-ақ, сырттай аялағанды біліп тұр. Ал, біз ше? Құрсақтағы сәбиге қағанақты жарып шыққанға дейін мән береміз бе екен? Бұрынғы өткен үлкендеріміз нәрестенің ана құрсағындағы тоғыз айын да бір жасқа есептейтін болған. Тегін дейсің бе?

Медицина маманы ретінде айтсам, шарананың өзі өз дәрежесінде қабылдауы, сыртқы дүниемен байланысы бар тіршілік иесі. Мәселен, ата-анасы ұрысса, құрсақтағы баланың қорқыныш сезімі оянып, 5-6 сағат қимылдамай қалатыны дәлелденген шындық. Демек, анасы іштегі болашақ ұрпағымен үнемі ойша болса да сөйлесуі қажет.

— Қарағым, аман-есенбісің?

— Сәл шыда, жарық дүниені көрер мезгілің жақын.

– Атыңды кім кояр екенбіз? Ертең-ақ азамат боп өсерсің, – деп сырттай сылап-сипаса қандай ғанибет.

**А**ЙНАЛАЙЫН, келiндерiм, жатырыңа жан бiткеннен-ақ қуану керек. Алланың ұлы сыйы– бұл дүниеге ұрпақ әкелу.

Көзтаныс келiншектiң мұң шаққаны бар:

– Құдай-ай, қай ниетiмнен таптым, кейiнгi балама келгенде омыраудағы сүтiм қайтып кетiп, итқорлықты көрiп жүрмiн. Өзi де зарлауық, көкбала неме. Қу шандырды қызыл иегiмен жұлмалап-ақ, зықымды шығарды.

– Иә, шырағым, ниетiңнен таптың, – дедiм. – Осы нәрестең бойыңа бiткеннен түсiк тастаймын деп бармаған дәрiгерiң, көрiнбеген балгерiң қалған жоқ. Емiренбеген соң сүт түгелi су шықпас. Онымен қоймай бұл баланың жүйкесiне де зақым келтiргенсiң. Сен, күнiңнен бұрын өлтiремiн деп, ол жазған қайтсем тiрi қаламын деген арпалыс оған оңай тидi дейсiң бе? Тумай жатып анасынан мұндай қатыгездiк көрген соң ол қалай бауырмал боп өсер? Құдайдан жалаңаяқ қашқан бiреу боп шықса, кiнә өзiңде.

– Ендi қайттiм? – дедi сасып.

– Жүрек жылуыңды аяма. Айналып-толған. Жаным де, жарығым де. Сырттан келгенде үйге сауулы iнгендей боздап кiр. Сонда сүт шықпағанын көрейiн...

Қажылықта жүргенімде дәулетті араб жанұясына қонаққа бардық. Жері боз топырақты, құнарсыз, өзен-көлсіз болса да, мұнайының игілігін көріп, мейманасы тасыған ел. Адамдардың жүзіндегі бейқамдықтың өзі ертеңгі күніне сенімділік пен алаңсыздықты анық танытып тұрады. Әлгі жанұя бізді бәйек боп қарсы алды. Үйдің отағасы сәлдесін салақұлаш ғып ұшып-қонып жүрсе, бәйбішесі бөксесін қозғар емес. Тіпті төсегінен басын әрең көтерді. Біздің халықтың дәстүріне кереғар көрініс қой. «Бұ жазғанның мұнысы несі, өздері шақырып алып, жаратпай отырғаннан сау ма? Әлде бұл арабымыз да біздің Нұрағаң сыңды әйеліне ескертпей, беймезгілде қонақты сау еткізіп әкеле салатын ақкөңілдің бірі болды-ау», — деп іштей ой түйемін.

Бақсам, әйелі екіқабат, нәресте күтіп отыр екен. Араб халқының ұғымында ананың бойына бала бітті ме, ерекше күтімге алынуы қажет көрінеді. Үй шаруасы, уайым, артық-ауыз сөз оларға кедергі келтіруі тиіс емес. Мұның бәрі іштегі сәбиге зиянды деп есептеледі. Сондықтан да болашақ ана бойын баптап, күтініп, алуан түрлі витаминді тағаммен қоректеніп, нәрленіп, сейіл-серуенмен жүреді.

Одан туған баланың денсаулығы қалай мықты болмасын, жүйкесі неге берік болмасын, ерік-жігері қалайша құрыштай болма-

сын? Өйткенi, ол пайғамбардың үмбетi – арабтың ұрпағын жалғастырушы.

Ерiксiз бас иесiң.

Ал, шешелерiмiз қара су мен қара нанды нәпақа көрiп, тезек терiп жүргенде толғатып, көшiп келе жатқанда кiндiгi кесiлiп, жарық дүниеге шыққан талай ұл мен қыз ортамызда жүрген жоқ па? Қай қазақ қатынының аузына витамин тосып отырыпты. Аста-төк қазiргi кезеңде де осы көрiнiс көмескiлене қоймаған шығар.

Өзi қаны аз (анемия), баласы туа бiтгi шынжау, аурушаң, өсе келе жiгерсiз, жасық немесе мiнезi шырт етпе, тызылдақ, болмаса жөнсiз арық, жобасыз семiз жастарды көрсем есiме қажылық сапарым оралады. Аналар азбаса екен, балалар панасыз болмаса екен деп жаһанға жар салғың келедi!

Бұл бiр отбасының емес, күллi мемлекетiмiз болып алаңдарлық, дабыл қағарлық проблема деп бiлем. Егемен елдiң ертеңi – жастарымыздың нұр-сипатында тұр ғой.

Олардың жүзi айна сынды!

Қазiрде алпыстан асып, пайғамбар жасына келген сол Ерғалиға сiңiрген еңбегiмдi ел әлi күнге аңыз ғып айтады. Жетiм көрсең жебей жүр деседi. Бағып-қағу да оңайға соқпады. Әлде бетiнен қақпай, еркiндеу ғып өсiрдiк пе...

— Мен неге жер бетінде жалғыз қалдым? — деп қадалып отырып алады.

— Мен кінәлімін бе балам? — деймін шарасыздықтан.

— Әкем жаудан қайтпады, шешем байдан қайтпады.

Бүйткен тірліктің атасына нәлет, — деп жата кеп тулайды. Ақыры еңбегім ақталды.

Екі абысыныммен де аралас-құралас болып қатысып тұрдық.

«Жерде жетім жыласа, көкте періште жылайды», — деген, осы тұста тағы да ілгері озыңқырап бірер жайтты баяндап өтейін. Ауруханада істеп жүрген кезім. Сырқат баққан дәрігердің, бала тәрбиелеген мұғалімнің қашанда жүрегі жұмсақ қой. Төсекте байланып жатқан жанның қас-қабағына қарап, жылы сөз, жарқын жүз танытып, шипа дарыса екен деген тілектің үстінде жүресің. Алуан-алуан тағдырмен бетпе-бет келесің. Ауырып тұрдым, аунап тұрдым деп аяғына мініп, кетерде айтқан «Алла разы болсын» деген бірауыз лебізінің өзі неге тұрады?

Сауыққан соң ауруханадан шығарайық десек, бір бозбала жылайды.

— Барар жер, басар тауым жоқ жалғызбын. Далада қаңғыш қалам ба, осы жерден кетпейін, — деп. Сұрастырсақ әке-шешесі дүние салған жетім екен. Бізге бауыр басып қал-

са керек. Көзіме жас толып кетті. Түскі шайға келгесін атама әлгі баланың хикаясын айтып бердім.

— Ие, айналайын-ай, ол әлгі бізге алыс ағайындығы бар Бақтиярдың артындағы жалғыз тұяғы екен ғой. Шырылдап қалған десеңші. Қой, келін, болмас, алып кел үйге. Ол үшін қазанға бөлек тамақ салмассың. Біз не ішсек, ол соны ішер. Киім-кешектен де қағажу көрмес. Құдай қаласа, жылжи-жылжи ел қатарына қосылып кетер, — деп атам кесімді сөзін айтты.

— Дилдә, шайдың қызылы сарқылған жоқ, мына бір әңгіме құлағыңда қалсын, — деп атам кері тіктеліп отырды. — Сені қойшы, шотыңды соғып, есеп-қисабыңмен бола бер, сөзімді келініме айтамын. Әңгіме тыңдағандағы зейіні бөлек, — деп жарықтық көкейіндегі қаттаулы қазынасын Нұрғалидан гөрі ылғи да маған арнап айтатын. Бақсам, соның бәрі аманат екен ғой...

— Тыңдап ал. Баяғыда осы елді жайлаған Естай деген бай өткен, өзі сахи, өзі батыршалыс, алымды адам еді деседі бұрынғылар. Жылқышылары аулақта мал бағып жүрсе, жандарына өзбектің бір керуені келіп түстенеңді. От жағып, қазан бағып отыратын, басы сірке-сірке, ерні жағалай жалақ бір жетім қолбаласы бар екен. Әр өзбек ебін тауып бір

салып өтіп, әлгі пақырдың тұщы етін таяқтан айырмапты. Жетімді аяған жылқышылар керуен тартқан өзбектермен тілдесіп, әлгі баланы он тайға сатып алған. Сатуын сатып алса да, байекеңнен қаймығып, жылқышылар болған оқиганы тігісін жатқызып әрең деп жеткізеді.

— Алдыма әкеліңдер, ендеше, — деген Естай. Үкінің баласындай ұрпиіп отырған балаға назар тіктеген бай:

— Жақсы болса ұлым болар, жаман болса құлым болар. Жақсы болса төрімде ұстармын, жаман болса есігімде ұстармын, жүре берсін. Адам баласының бір-біріне жаттығы жоқ. Аты Сатылған болсын, — депті. Сол Сатылғаннан тараған тұқым қазірде үлкен әулетке айналды. «Естай баласымыз», — десіп кеу-кеулескенде төрдегі төсекті босатпайды. Әне, қапысы болса, қасқыр жеп кететін он тайдың өтеуіне келген жетімнің тарихы.

Осыны айтып атам көзін жүгіртіп, жүзіме сынай қарады. Кешкісін жұмыстан шыққанда менімен бірге табалдырығымызды аттаған Нәби телқоңыр болып, біздің шаңырақта өсті. Өзі де тіл алғыш та адал, лыпып тұрған айналайын еді. Үйдің шаруасына да араласты, келе-келе ауруханаға жұмысқа да кіргіздім.

— Апа, киномеханиктік оқу бар екен. Құжат қабылдап жатыр деседі. Барсам қайтеді, — деді бірде. Талабынан қақпадық. Тіпті аурухана

қызметкерлері жүгіріп жүріп бір сомнан ақша жинап, қалтасына салып берді. Біздің сыбағамыз өз алдына. Кейіннен мамандығын алып, үйленіп, өз алдына отау боп шықты. Шақырысып, өз баламыздан бетер араластық. Әттең, ғұмыры қысқа болды, жарықтығымның. Ердін жасы елуден енді оза бергенде қылтамақ деген пәле шырмады... Әлі күнге көре қалсам келіншегі Мәрия алдымнан «мамалап» шығарды. Шүкір, үбірлі-шүбірлі.

Әріде өткен өмір тарихымызды қозғап, бүтінді бөлгендей болмайын. Жалпы Жұбан Сапанов есімді азаматтың да біздің әулетке жаттығы жоқ-тын. Соның Серік есімді ұлы да кішкентайынан құлдыраң қағып, біздің үйде өсті. Мектеп бітірген соң Нұрғалидың өзі Орал педагогикалық институтына алып барды. Оқуға түсірді. Қазірде үйлі-баранды, білдей мектеп директоры. Жарқындарым-ай, қай-қайсысының да жаттығы жоқ қой. Қашанда пейілді кеңге салыңдар. Ырыздық, несібе маңайыңа сонда үйіріледі. Атамның сөзімен айтсам:

– Қарақұс бауырына басып жейді, Сауысқан айдалаға қашып жейді, Ақсұңқар жан-жағына шашып жейді.

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Сарышұнақ бидайды ініне тасиды. Ақшаның дуасы ұрған бизнесмен елінің байлығын үзіп-жұлып, шетелге тасиды. Айырбасқа әкелетіні айуан ішпейтін арақ, шайтан шайнамас сағыз, көпіртіп бір жусаң өңі қашып, үлбіреп қалатын шыт-шыбыр...

Енді олар зеңгір көктің еркесі – сұңқарларға да ауыз сала бастапты. Обал-сауапты иман-таразы ететін шақ жеткен жоқ па? Байлықтың балалық ауруына қашанғы шырмала беруге болады?

Таздан жарғақ бас туады,  
Кедейден мал бақпас туады.  
Соқырдан көрмес туады,  
Сараңнан бермес туады.

Міне, сұңқарды саудаға салып жүргендер осылар!

Кеңдігін даласының жаһандығымен, биіктігін қыранының қанатымен өлшеген ел едік. Қазақ жерін мекен еткен, ұя басып балапан өргізген құс атауларын атап өтейін. Құлақтарыңызда қалсын. Аққу, қаз, үйрек, қасқалдақ, шағала, бағлан, дуадақ, тырна, ләйлек, торғай, шымшық, шіл, ұлар, кекілік, бөдене, қарлығаш, бұлбұл, қырғауыл, ұзақ, тоты, бүркіт, қаршыға, ителгі, үкі, тазқара, жапалақ, тұрымтай, қырғи, лашын... Санап тауысарсың ба?

«Сұңқар – қанаты ұзын, құйрығы сүйір,

ұшқыр, қыран құс», — деп анықтама береді өз кітабында белгілі жазушы, мәдениеттану саласында ерекше еңбек сіңіріп жүрген Жәрдем Кейкін.

Сұңқарға шетелдік мұсылман жұртының бай-патшасы құмар, баптап құсқа, өзен жағалатып балыққа салады деседі. Ал, солардың айтағына еріп жерге жем тастап, көгершін байлап, тор жайғандар сұңқарымыздың тұқымын құртуға таяпты. Бірер қыран құстың өзі-ақ ғұмырлық байлықты жинап беретін көрінеді. Асыл тектіні көрінгенге қор еткенше неге шұрайлы жерімізден аң, құс аулайтын қорық ашпасқа? Бүркіт пен сұңқарды, ителгі мен қаршығаны өз бапкерлеріміз шетелдіктерге жалға беріп, неге пайда таппасқа, — деп ойлайсың. Дүниежүзінде ешбір қазба байлығы жоқ, тек туризммен ғана нәпақасын айырып отырған елдер қаншама?! Ал, біз... Қанатымен ұшып, құйрығымен қонатын құс қой деп...

Ақ сұңқар құстың төресі ғой.

\* \* \*

Жұмекен жарықтық аса ойлы, сыршыл ақын ғой.

Жалған тірліктің қыр-сырын ойша түйіп отырып, «Тамыр» атты монологына жиі-жиі көз жүгіртемін. Таңдай қақтыратын жалт-жұлт оқиға жоқ. Бары, көктем сайын жапы-

рақ-жейделерін ауыстырып тұратын зәулім бәйтерек пен оның жер тістеп жатқан тамырлары хақындағы хикая.

Тамыр алдымен:

*Сен көктейсің,*

*Тұрған шақта мен аман,*

*бұтақтарым, жапырақтарым, мұңайма!* — деп бастайды әңгімесін бір пейілденгенде.

*Көтерілген сайын сендер биікке,*

*Жерге кіріп барамын мен тереңдеп.*

Бейнеткер сорлының көңілінде қылаудай алаң жоқ. Сол бұйығы тірлігіне дән риза.

*Жиган сөлім топырақ сорып жатып ап,*

*Соны, соны сен әкеттің жапырақ!*

Құлағынан басқа құны жоқ немерелерге шамдана бастаса несі айып?

*Қалдым ақыр қан, бояудан жұтап бар,*

*есесіне, сен өстің ши-бұтақтар,* — деп тамыр деген қалың ел бас көтере түседі.

*Менің нәрім – желге ұшатын қаңбақ па,*

*Желдей тарап ап кеттіңдер жан-жаққа.*

Мұның аты — тонау! Ұйымдасқан қылмыс, — деп жар салғың келеді.

*Жо-жоқ, бұлдап жатқаным жоқ оны аса,*

*Өз бұтағым тонасыншы – тонаса!*

Мейіріміңнен айналайын тамыр-ел-ай, жер бетіне өріп шығып, тарамыс қолдарыңды аямай салып, бір маусымдық немерелерді жұлып-жұлып тастасаң да кім қой дер...

Жұрттың жекешелендіру купондарын алдап алып, зауыт-фабрикті, өндіріс орынын су тегінге иеленген, несиені сорып тауысқан, қойны-конышыңа періште боп кіріп, пері боп шығатын, ең соңында, мұхит асып туған елін жамандайтын кейбір «Жаңа қазақтардың» осы жапырақтардан несі артық?

Бәтуасыз жапырақтардың бір-бірін қолпаштап қол соққаны емес, жеті қат жер астында жатып, тамыр, сенің күрсінгенің шырт ұйқыманнан оятып жібереді.

Келін болып босағаны аттаған соң үш айдың ішінде қазақ тілінде тіпті мақалдап-мәтелдеп, дәмдеп сөйлейтін дәрежеге жеттім. Ата-енемнің қуанышын айтпаңыз.

— Құдай берейін десе оңай екен-ау. Келінімнің тілі шықты. Тіл деген қазақтың жаны емес пе, ары мен бары емес пе?! Той жасаймын, — деп атам шала бүлінді де қалды. Мұндайды кім көрген, тағы бір сиыр сойылып, келіннің тілі шыққан тойы өтті. Атамның құрдасы әрі көршісі Садық Маштақов: — Тасекең нұр жауған адам ғой. Ұлы қан майданнан аман оралды. Орысшаға бауыр басып келген келіні көзді ашып-жұмғанша біз білмейтін қазақшаның майын тамызып сайрап тұр, — деп біраз үлгі-ұлағатты әңгіменің бұрау басын шалды.

— Әй, Нұрғали, біз білмей жүрсек, сен сақау әйел алыпсың ғой. Тілі — өзіңе, қыз-

меті — елге жарассын, — десіп Нұрағаңның құрбылары қағытады. О да бір жарастықты дәурен екен.

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Тiлдi тек қарым-қатынас құралы ғана десек қатты қателесемiз. Тiл сөз жеткiсiз құдiретке ие.

Францияның королi Карл бесiншi:

«Ағылшын тiлi дипломатияның, немiс тiлi соғыстың, итальян тiлi сүюдiң, ал француз тiлi достықтың тiлi», – деп баға берген.

Ұлы ғалым М.В.Ломоносов болса: «Орыс тiлi осы тiлдердiң қасиетiн түгелдей бойына сiңiрген», – деп жазған.

Ал, қазақ тiлi ше? Бұл – арман мен мұңның, қайғы мен қуаныштың, сүю мен күюдiң, iңкәрлiк пен құштарлықтың, сағыныштың бар қуатын өзiне дарытқан нұрлы тiл ғой...

Академик Радловтың өзi: «Қазақ тiлiнiң түркi мәдениетiне тигiзген әсерi француз тiлiнiң Еуропаға тигiзген әсерiмен бiрдей», – деп ана тiлiмiздi әспеттеген жоқ па едi? Ендеше қазақ тiлiнiң аса байлығына, икемдiлiгiне, орамын тауып, қисынын келтiрiп пайдалансаң түп-тура бал таматынына ешкiмнiң күмәнi болмас. Қазақ тiлiмен сурет салуға, тас қашауға, ағаш, текемет оюға болады. Бәрiнiң бастау негiзi халықтың қазына қайнарында, ақыл-парасатында жатыр.

Жақының тұрмақ жат мойындаған осындай жорға тiлдi қалайша өгейсiтуге болады?!

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақ қазақпен ана тілінде сөйлессін» деген емеурінінің астарында қандай үлкен ой, кемеңгерлік жатқанын неге пайымдамаймыз?

Айналайындар-ай, әкенің қаны, ананың омырау сүтімен келген тілін тек өгейсіте көрмеңдерші.

\* \* \*

Мәйегінен бал тамызған тіліміз жыл санап қасаңданып барады. Ауызекі, сөздің ішкі мағына-мәніне жетпей, ерін ұшымен сөйлеу бел алды. Ұлт болып ғасырлар бойы қалыптастырған ғажайып қазынаны бұлай талан-таражға салу күнә. Қолданыстан қалған сөз — өлі сөз. Осы қалпымен тоқтау көрмей кете берсе, ертеңгі ұрпаққа мыналар баяғы бабаларыңның қолданған сөздері деп, «Түсіндірме сөздік» қалдыратын шығармыз.

Басты айып өзімізде және жайдақ атқа мініп шапқандай боп жүретін қазақ журналистерінде деп білейік. Үлкен бір газетіміздің алғашқы бетінде екі азаматтың суреті басылыпты. Астында «Бәленшекеңнің мынадай ардақты ақсақалымызға омырау белгісін тапсырып жатқан сәті» — деген жазу тұр. Ал, керек болса! Шыбыным-ау, төсбелгі емес пе, төс, төс! Өзі ақсақал болса, ол белгіні омы-

рауына таға ма, әлде төсіне таға ма? Омырау негізінен әйел затына тән атау. Рас, еркекте де емшек бар. Бірақ емшек тұсым сыздап тұр деген ер-азаматты қайдан көрдік?.. — «Жүз аналық қойдан...» деп жазады кей басылым. Ана деген атаудан малдың садағасы кетсін. Саулық қой десе жұрт түсінбей қалады деп ойлай ма?

Кейінгі жылдары қойын дәптеріме түртіп алған мына бір ойларымды да жиектей кетейін. Әйгілі әннің екі тармағын кез келген жерде:

Көрінген сонадайдан Гурьевім,  
Көрмедім Гурьевтей жер биігін... деп шырқайды.

Қызықты қараңыз, Каспий бойы ойпаты теңіз деңгейінен 28 метр төменде жатыр. Теңіздің етегін басып тұрған Гурьевте (қазіргі Атырау) көрген жанды таңғалдыратындай жер биігі жоқ. Демек, ән ауыздан-ауызға көше келе бір әріпке жаңылыс кеткен. Сол әріпті орнына қойып қайтадан оқып көрелік.

Көрінген сонадайдан Гурьевім,  
Көрмедім Гурьевтен жер биігін...  
Меніңше, үйлесімін, саз-нақышын енді тапқан сыңды.

«Сөзбұйдаға салып», — деп қалады базбіреулер.

Өзі сөз болса, оған бұйда жараса ма? Ал, бағзы ата-бабаларымыз созбұйда деген. Үстіне

жүк теңдеп атпен жетекке алғанда түйе бұйданы соза тартпаса, қапелімде ырғалып-жырғалып қозғала қоймайтын. Бұл содан қалған, қос сөзден жалғанған тіркес.

Немесе «Жаманнан жарты аяқ ас қалады» деген мәтел бар. Сонда қай ортада отырсаң да жаман атанбаймын деп алдыңа келген дәмді сыпыра соғу, көмекейден асыру мақсат па? Ертеде ондай адамды обыр, мешкей, қомағай деп кінәлайтын. Ал дастарханға ретімен қол жүгіртіп, «кісі асына — сабыр» деп шекіп жеп отыратын қанағатшыл жанды бекзат, дегдар деп әспеттеп жататын. Ендеше әлгі мәтелдің дұрысы меніңше, «Жаманнан да жарты аяқ ас қалады» болса керек.

«Таз ашуын тырнадан алады» — деген мақал бар. Мен ойлаймын, таз — адам, ол — жерде, ал тырна — құс, ол — көкте екеуінің ортасында қандай байланыс бар? — деп. Дұрысы «таз ашуын тырнаудан алады» шығар, бәлкім? Шіліңгір шілдеде таздың басы қышымай ма? Қышыған басты айызың қанғанша қасымайсың ба? Ендеше, солай.

Тарихшы бір ғалым «Беліме буынғаным кемер белдік, дүние-ай, сол арадан неге келдік», «Барар жерің балқан тау, ол да біздің барған тау» деген халыққа аян екі сапты алады да, зерттейді. Оның ойынша, «Кемер белдік» деген атау қазақ яки түркі халқы Ресей-

дiң Кемерово, ал, «Балқан тау» деген атау да сол сонау Балқан маңында көшiп-қонып жүргенiмiзде пайда болыпты. Ел жадында сақталыпты. Сынын бұзбай бүгiнге жетiптi...

Шырағым, сөзбен ойнамау керек, ойлау керек! Сiз қаласаңыз мен қазақтың сайын даласынан талай Кемер деген жердi де, Балқан тауды да тауып бере аламын.

Абай атамыз қара сөзiнде «Атың шықпаса жер өрте» деген мақалға қатты наразылығын бiлдiрген.

Демек, тiлдегi оғаштықтарымыз әлi де жалғасын тауып келедi. Ғалымдарымыздың патша көңiлi бiлер, бiздiкi уәзiр тiлек...

Нұрғалидың өзiне тетелес Әлимаш есiмдi қарындасы бар. Ақ сөйлеу парыз, ағалары соғысқа аттанғанда үй-iшiн асыраған, күнделiктi тiрлiктiң барлық тауқыметiне төзiп баққан сол қайынсiңлiм. Ол кезгi ел суретi қай тұсқа қарасаң да жыртық иiн, жүдеу жүзедi ғой. Бiз ауылға оралған соң мойыны босап, арқасы кеңiп сала бердi. Нұрғали:

— Айналайын, сенiң еңбегiң өлшеусiз. Тiрi жүрсем бетiңнен қақпаспын. Қатарыңнан қалма, оқы. Ендi соңыңа алаңдама, — деп ризашылығын берген.

1951 жылы Алматыдағы қыз-келiншектер педагогикалық институтының тарих факультетiне түсiп, үздiк тәмамдады. Елге оралған

соң Қуаныш Ғылымов есімді азаматпен бас қосып, отау көтерді. Қазірде екеуі де зейнеткер, екі ұл, бес қыз өсіріп, еткен еңбек, төккен тердің қызығын көріп отыр.

*АЙНАЛАЙЫН, жер бетінде қазақтай қонақжай халық аз. Өткен ғасырда поляк саяхатшысы әрі зиялысы А.Янушкевичтің «Дүние-жүзін қазақ жайласа, жер шарын тегін айналып шығар едім» деп риза көңілмен берген бағасы – баға.*

Атам да, ерім Нұрағаң да аса қонақжай адамдар еді. Алғаш келін боп түскен жылдары «Сендер жоқта жаман үйімізге кісі кіріп шығатын ба еді?! Кемпір-шалдың дастарханға қояр несі бар дейсің дегендей көктей өтетін. Қонақ таңдап қонады, өз ырысымен келеді. Қазірде сол таңдаулы үйдің бірі болып отырсыңдар. Осы қалыптарыңнан жазбаңдар» — деп келген қонақ риза болып аттанған сайын бір жасап қалатын.

Соғыстан кейін ел еңсесін елу бес-алпысыншы жылдары көтерді ғой. Өзіміз асып-тасып жатпасақ та, би болмағанмен, би түсетін үй болдық. Құйма құлақ шежіре, әңгімесін тыңдаймыз деп, ел алыс-жақыннан атама келеді, қаржы бөлімінің меңгерушісі болған соң Нұрағаңа облыстан, ауданнан іссапарға

шыққан азаматтар келеді. Қай-қайсысының да біздің шаңырақтан дәм татпай кететіні жоқ. Самаурынның бірін сарқып, екіншісін демдеп жатамыз. Жақсы әйел келген қонағын не болса сонымен тойғызады, жаман әйел иесіне жалғыз атын сойғызады. Кебеже түбінде сақталған сүр, жылы-жұмсақ, тәтті атаулы қонағымызға ғана бұйыратын. Келген жанның таза көрпеге отырып, емін-еркін дәм алып, асықпай әңгіме айтып пейілденіп аттанғанын көрсек, бір парызыңнан құтылғандай қуаныш қалар ек.

**А**ЙНАЛАЙЫН, алтын асықтай келіндерім, қонақ келсе шырайлы қарсы алыңдар. Ол алдымен еріңе, сосын өзіңе сын. Қонақ сені алдымен асқаныңа емес, сасқаныңа қарап бағалайды.

Қонақжайлық – ұлтымыздың сүтімен еніп, сүйегіне сіңген ұлы дәстүрінің бірі. Осы дәстүрдің алтын желісі өз қолдарыңда, үзіп алмаңдар.

Бөкен би айтты деген сөз бар:

– Кей келін үйіне бара қалсаң, «мына шал тағы келе жатыр ма» – деп торсаң қағады, бұл ырысыңның кеткені, кей балалар қонаққа мал союға ерінеді, бұл – аузыңның кепкені, – деп.

Кей жас келіншектердің «өзіміз құрып отырғанда, құдай-ай, қайдан ғана қаңғып келе қалды» –

деп ыдыс-аяғын тарсылдатып, жазықсыз сәбиін жылатып, мінез шығаратыны бар.

Жоқ деген жерге қашанда жоқ үйір болады...

**АЙНАЛАЙЫН**, қонақтың да арнайы қонақ, құдайы қонақ, қыдырма қонақ, қылғыма қонақ деген төрт түрі болады.

Арнайы қонағың – алыстан ат терлетіп келген жақын туыс, нағашы, жиен, құда, жекжат, сыйласқан дос-жолдастарың.

Бұл – нағыз сыйлы қонағың.

Құдайы қонағың – өзің танымайтын, білмейтін алыс шалғайдан жолаушылап жүріп, ат басын тірей қалғандар. Бұл – нағыз сауап қонағың.

Қыдырма қонағың – ерігіп, үй-үйді, ауыл-ауылды кезіп, сөз аңдып, өсек теріп, қымыз ішіп, ет жеп жүрген сандалма.

Бұл – нағыз далбаса қонағың.

Қылғыма қонағың – кімнің түтіні түзу ұшса, соның үйін торып, ас піскенде пайда болатын, қарны тойған соң басы ауған жаққа лаға беретін көлденең көк атты.

Бұл – нағыз сұғанақ қонағың.

Келіндерім, қазақ үшін бәрібір қонақтың аты – қонақ!..

Астанадан өнер ордасынан келген мәртебелі меймандар «елде ескілікті әңгіме мен

шежіреге, өлең-жырға жетік көгентүп көне бар ма?» — деп сұраса, алдымен атама бастап әкелетін. Алыстан ат арытып мейман келгеніне төбеміз көкке жетіп, би болмасақ та, би түсетін үй болдық деп тыраштанып, шала бүлінер едік. Дереву қой сойылып, есік алдындағы жерошаққа баданадай-баданадай бауырсақты пісіріп, көрші-көлемдегі ақсақал-көксақалды жинап, кең дастарханның үстінде келелі әңгіме басталар еді. Шәй құйып, астың тұзын қарап үкідей ұшып жүргенде тізе бүгіп, әңгімеге құлақ қояр мұрша бар ма?

Ұлы композитор Нұрғиса Тілендиевтің шаңырағымызға келіп, қона-жатқаны есімде. Нұрағаңның жанып тұрған жап-жас кезі. Атамның алыстан толғап айтқан лебізіне құлақ төсей отыра домбырасын дембіл-дембіл күйлеп, сиқырлы сазды саусағынан төгеді. Кейде балан үйрегі әр пернеге бір қадалып, бал сорған арадай бүлкіл қағады. Иманғалидың жаңа-жаңа еңбектеп жүрген шағы. Жорғалап тізесіне жақындаған баланы алдына алып, аузына түкіріп, еңбегінен құшырлана бір иіскеп, «Әкем Тілендінің күйі «Аққу» еді», — деп бұрын-соңды естімеген ғажайып әуенге басады. Көзі шақпақ тастай жалт-жұлт етіп, екі иыққа кезек тербелгенде, үй толы қонақтар да сол ырғақтың құдіретіне балқығандай күй кешкен.

Тағдыр деген қызық қой, кейіннен құлыным Нұрғиса ағасымен туған бауырдай сыйласты.

Нұрағаңның сырқаты меңдеп ауруханада жатқанында Досхан балам (Жолжақсынов) екеуі Елбасы Нұрсұлтан ағаларына қиылып өтініш айтып, «Халық қаһарманы» атануына мұрындық болыпты. «Отырар сазындай» фольклорлық-этнографиялық оркестрді өзі бас болып ұйымдастырған, ғасырлардың шаңында қалған көне аспаптарды тірілткен, ғұмыр бойы туған елін керемет шығармаларымен әлдилеген Тілендиев қандай биік атаққа да татитын тұлға ғой. Көзі тірісінде көрер құрметін көріп кеткенінің өзі неге тұрады?

— Жаным, Имашым, — деп жатып көз жұмды, — дейді жарықтық. Кейіннен Иманғалидың шақыруымен Дариға жеңгесі Атырауға арнайы келіп, Нұрағаңның көзінің қарашығындай қадірлеген үш домбырасының бірін облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырып қайтты. «Махамбеттің толғауы» сынды теңдессіз туындыны өмірге әкелген домбыраның күй мен батырлықтың туын тіккен топырақта көзайым боп тұруы заңдылық та шығар.

Қамысқалада туып-өскен арқалы ақынымыз Хамаң, Хамит Ерғалиев те атаммен талай дәмдес, сұхбаттас болған-ды.

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Күй деген құдірет бар. Оның екі ішек, он екі перне, бір тиек, қозықарын құрсағынан төгілген сазды әуен жаныңды үгіп, жүрегінді жылытпай ма?

– Пейіштен үн келгендей қоңыр салқын, – дескен ақындар. Бұдан асқан теңеу таппай қиналасыз.

Қазағымның көп тарихы, шежіресі күймен жазылды. Ұрпақтан-ұрпаққа аманат, жәдігер есебінде табысталды. Небір дәулескер күйшілеріміздің атын ел тарихына алтын әріптермен әспеттеп жазып жатсақ, аруақтарына, ұлы өнеріне ғазиз басымызды игеніміз. Бір ғана Кетбұқа шертті дейтін «Ақсақ құлан – Жошы хан» күйінің өзі неге тұрады? Осы күйді тыңдағанда кең дала, дүркірей қашқан құландар, атойлаған қуғыншы, жалғыздық, ажалдың суық сазы, шарасыз ел, ащы зар құлағыңды теуіп, көкірегіңе шер болып құйылады. Көз алдында өткен дәуірдің небір зұлмат көріністері елес бергендей. Өз-өзіңнен алабұртып толқисың, томаға тартасың...

Қазақ табиғатынан аңғарымпаз халық қой. Қоршаған орта, жан-жануар, мезгіл болмысы да назарынан бір сәт тыс қалған емес. Осылардың қай-қайсысымен де біте қайнасып, психологиялық байланыста болған. Өз сезімін, көзқарасын, ішкі ұмтылыс, түйсігін арнап отырған.

Жалғыз-ақ «Наридірген» күйін алыңызшы. Нар түйе қасиетті жануар. Ботасы өліп шерменде болып жатқан түйе өріске шықпай, шөп жұлмай, су ішпей қатпардай қатып, ботақанын азалайды. Бұл қайғы-қасірет ұзаққа созылса нар өледі. Шөккен жерінде тырп етпей, бар дүниеден безініп жатқан нарды орнынан көтерудің екі жолы бар екен. Әй, қайран бабалардың көрегендігі-ай! Бірі үш-төрт әйел бірігіп нарды айналып дауыс салып:

— Жардың басын қыдыртып,  
Талдың басын сыдыртып,  
Емшектерім тырсиып,  
Ой, дүние-ай,  
Емізбедім ботамды! —

деп жоқтау айту. Жай әуенмен басталған жоқтау бірте-бірте шарықтау шегіне жетіп, қалың зарға айналған шақта нар оқыс сілкініп, орнынан тұрып кетеді де, өрісіне беттейді. Жанарынан тамған жас құс пытырадай шашылып, сай-сүйегінді сырқыратып, жоқтауға үн қосып, боздап бара жатады. Қара-күңгірт өлім елесін өміршең нұрлы дүние жеңді! Нар тірі қалды.

Ал, «Наридірген ше?». Ботасы өліп, желіні тастай қатқан нарды күйші осы күйімен идірген. Қайғылы жануардың көңіл-күйіне ену, алпыс екі тамырын босату неткен құдірет, неткен ұлы өнер!

Бар өнерiн бармақтың басына, тiлдiң ұшына қондырған халықты осыдан кейiн қалай құрмет тұтпассың.

Әдебиеттiң «Ақша бұлтындай» (өз өлеңi) Әбу Сәрсенбаев ағамыз аса сабырлы, иi жұмсақ жан екен. Шәй құйып отырып естiген бiр әңгiмемдi әлi ұмытпаймын. Атамның баяу айтқан әңгiмесiн Әбекең алдына қойған дәптерге үздiксiз түсiредi.

– Патшалардың ризығы, тәжi менен тақта болар. Ғалымдардың ризығы, қаламы мен хатта болар. Ақындардың ризығы, тiлi менен жақта болар.

Сұлулардың ризығы... – деген соң атам Әбекеңе жаймен күбiрлейдi. Ақынның ақша жүзiне қызғылт шырай енiп жымыып, бас изейдi. Қаламы жорғалай жүгiредi.

Сараңдардың ризығы,

Дорба менен қапта болар. – Мұны айтқан Қадiрбай ақын. Ал, Қадiрбай Жәңгiр ханмен үзеңгiлес, сырлас жүрген орда ақыны, – деп атам бiр тыныс алады. – Сол Қадiрбай елде өткен үлкен тойда Исатай, Махамбетпен бiр үйге түсiптi. Қымызға қызып кеукеулескен жұрттың ортасында отырған Исатай ақыңды қажап: – Қадеке, шын ақын деп таныын, осы Жәңгiрдi бiзге бiр жамандаңызшы деп қолқалаған.

– Обай-ау, Исатайжан-ау, ханды қайтiп жамандаймын, жылда бiр жылқы соғым алам.

— Биылғы соғымыңыз менен, — дейді батыр.

— Келесі жылғы соғымыңызды мен-ақ көтердім, — деген Махамбет.

Көденең келіп тұрған қос жылқыға арбалып қалған Қадірбай: — Екі жылғы соғым да әзір ғой, — деп пысықтайды.

— Екеуінің де қазысы табан шығар ту бие, — дейді сөзін жұтпайтын батыр мен ақын.

— Құдайым, жауыз ханға жолықтырма, Жолықтырма дегенім болып тұр ма, — деп Қадірбай бастай бергенде ақбоз үйдің сықырлауығын серпіп ашып, ішке Жәңгір хан кіріп келіпті. Ат сүрінген жерде ақыл табатын Қадірбай жалт қарап:

Жәңгіржанның деніне саулық бергей,  
Ханымыз мұнан өзге толып тұр ма? — деген екен.

Әбу ағамыз жазуын қоя салып аса ризашылықпен күледі, атам да қомданып, шабыт шақырады.

Беу, дәурен-ай!..

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Дүниені саясат билеп тұр. Сабырлы, ұстамды саясат әлемге тыныштық нұрын себеді. Ел де, жер де бейқам, мамыражай. Ал, алақұйын саясат, мықтының әлсізге өктемдігі ше... Әріге бармайын, беріні шолмайын, қылтиып қыз болған шағымдағы Ұлы Отан соғысын көзім көрген жоқ па? Иығымызға пагон іліп, қай күні қай майданға салып жіберер екен деп, елең қағып жүрдік. Қашанда бүлдіретін де, бітімші де биіктегілер, ал зобалаңы төмендегілердікі. Қан кешетін қарапайым халық.

Мұны тәптіштеп отырғаным теледидардан көрген бір хабар жанымды толқытты. Апырай, дедім еріксіз, арада алпыс жылдай дәурен өтсе де кеуделерде кектің сызы әлі жатыр екен. Кешіріспепті ғой бір-бірін.

Орта Азияның өзімізге етене бір елі шетелде жүрген Азамат Алтай есімді қариясын шақырып, ұлықтап қарсы алған. Келу құрметіне той өткізіп, астына арқыраған ақбоз арғымақ мінгізіп, арқасына зерлі шапан жапқан. Мұны көріп отырған кешегі қанды қырғынның куәгерлері-майдангерлер ал кеп көтерілсін.

— Шырақтарым-ау, деседі, — еліміз егемендік алғанға дейін сіздер үшін де, біздер үшін де Азамат Алтайдан асқан жау жоқ еді. «Тұтқынға түсті. Фашистермен ауыз жаласып,

«Түркістан легионында» қарсы соғысты. Шетелде қалып туған елін жамандап мақалалар жазды, кітаптар шығарды. Жетістігімізді көре алмайтын нағыз көзі шыққыр, тумай туа шөкір. Ұлтымызға бетшіркеу, ойбай, бұл есепсіз сатқын», — деп баспасөздің бетін бермей жаздыңдар. Енді кеп мұны әспеттеп ұлттық батыр, егемендіктің бір жоқшысы деп жариялап жатырсыңдар. Мұны қалай түсіндік?! Заманында бізге қарсы қару кезенген бұл ендігі жерде халқымыздың ар-намысы болса, онда біз-ақ, сатқын бола салайық...

Дау асқынады, басшылар дағдарады.

Терең күрсіндім, көзіме сақиналанып жас келді. Бұл текетірестің кесімін айтуға төбе би емес-ау, Төле би керек.

Қара ақылға салып отырсам, бұл мәңгі бітіспеске кеткен екі топтың да жазығы жоқ.

Біздің қариялар «Отан үшін!» деп, «Сталин үшін!» деп отқа түскен. Еліміздің азаттығын алып берген.

Уралап барады әлі алға,

Соғыстан қайтпаған солдаттар, — деп жазыпты талантты ақын Нармахан Бегалиев. Ыпас. Ұлы Отан соғысында жиырма миллион адам қаза тапты деп жүрміз. Сол қанды қасаптың кесірінен шаһит кеткендердің неге есебі жоқ? Олар қанша миллион?! Әлде сұраусыз пенделер ме еді?! Тек қаза тапты, дейтіндердің

елдегі ата-анасының, жесір қалған жарының, соңындағы жетімегінің мұң-зары ше? Олар қанша миллион?! Олар қаз-қатар тұра қалып хор болып үн қосса, дүниенің құлағын жарып жіберер!

Тірі қалып, ұлы кеудесін сүйреп елге жеткендер маңдай терлерін маржаңдай төгіп жүріп, халық шаруашылығын қалпына келтірген. Сөйтіп, ашыққан елдің аузына ақ тоқаш тосқан.

Сол ма бар жазығы?..

Ал, күні кешеге дейін сатқын атанып келгендер ше? Олардың бәрі бірдей екі қолын төбесіне қойып берілемін деп, басқыншы жаудың алдынан шапқан жоқ, әрине. Жараланып майдан даласында қалды, қоршауға түсті... Адалына келсек, сонау Брест қамалынан бастап барлық майданда шегініп, Кеңес әскері мына тұрған Мәскеуге дейін қашқан жоқ па? Ендеше, жан алысып, жан берісіп жатқанда нендей тағдырға кезікпейсің?.. Ол да соның бірі. Тұтқынға түсіп жарты жүрек боп келгендердің барлығына сатқын деген қарғыс таңбасы басылды. Алды өлімге, соңы он жылға кесілді. Алдарында әлпештеп отырған елі жоғын сезгендер Отанына оралмай қалды. Шетелде жүрсе де, туған топырағымыз тоталитарлық тар құрсаудан шығып, егемендік алса екен деп шырқырағандар аз емес. Қарсы

үгітті күшейтіп бақты. Азамат Алтайлар үшін сол ақ күн енді туды. Аңсаған еліне келіп еді...

Әне, мәселе қайда жатыр.

Шыңдығына көшсек, күні кешеге дейін Мұстафа Шоқайды азғын атандырып, ағаш атқа міндірдік. Ол арыс — қазағымыздың біртуары еді ғой.

Аққа құдай жақ, адал атын ақтап алдық. Халқым деп жапан кезіп жүріп жазған том-том еңбектері жарық көріп жатыр. Тәубе, тәубе деймін.

Өмір біреу болғанмен кезек екеу деген осы.

«Не суди да не судим будешь» дейді христиан даналығы.

Саясаттың есіл құрбандары-ай!

Иманғали мен Клараның тұңғышы Әселім бауырымда «әжелеп» өскен құлыным ғой. Кішкентайынан ақылды, аңғарымпаз да бауырмал еді. Алтыншы сыныпта оқып жүргенде апайлары «Қазақтың дәстүрлері» деген тақырыпта шығарма жаз деп тапсырма беріпті.

— Халқымыздың қандай жақсы дәстүрлері бар еді, айтып бересіз бе? — деп әжесімен ақылдасады ғой.

— Санап тауыса аласың ба, зекетің кетейін-ау, — деймін аз-кем ойланып. — Мәселен, қонақжайлылығы...

Немерем өз-өзінен ойланып қалды. Иманға-

ли да әкесі сынды жолдас тапқыш, дос болғыш қой. Иссапардан оралса, жұмыстан қайтса ерте-кеш демей бір топ адам ертіп әкеліп, барымен сыйлап, әңгіме-дүкен құрып ризалап шығарып салып жататын. Кейде Әселімнің сабақ оқи алмай, еркін ойынға шықпай, мазасы болмай қалатын. Сондайда: — Әже-ау, папама айтсаңызшы, қонақ көп келеді ғой бізге, — деп ұртын бұлтитатын.

Сол балалық қылығын ескеріп, әдейі қонақжайлық жайлы сөз қозғадым.

— Әсел, тыңдап ал. Әр ұлттың өзіндік ерекшелігі, салт-дәстүрі бар. Мысалы, немістер — шыншыл, тазалықты сүйеді, жапондар — өнертапқыш, жаңалыққа құмар, испандар — шебер, қытайлар — еңбекқор, ал, қазақтардың ең басты қасиеті — қонақжайлылығы, — дедім.

Сонда немерем үкікөзденіп: — Әже, папама айтып қоймаңызшы. Үйге қонақты әкеле берсін, — деп шыр-пыр болғаны.

Бәрінен де түсінігін айтсаңызшы. Пәк көңілінен, кішкентай жүрегінің дүрсілінен айналып жатырмын...

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Қоғамның, қоршаған ортаның барша көрінісі теледидардың бетіне көшті. Әлемнің алуан жаңалығы сол сәтінде іргеңде ертелі-кеш сайрайды да тұрады. Өркениеттің мойны озық көрінісі. Құба-құп.

— Не естігенің бар, замандас-ау, — деп бір құлағыңды кимешегіңнің сыртына шығарып алып көрші қуалап, кемпір жағалау атымен жоқ.

Десе де, көңілде бір түйткіл бар. Ол атып-асуға, ұрда-жыққа, зорлық-зомбылыққа, анайы сүйіспеншілікке толы шетел киносының «телеарналардан жиі берілетіндігі. Қаталдықтың, кайырымсыздықтың жемісі — қылмыс! Оны өршіткеннен басқа тәрбиелік еш мәні жоқ. Жастардың психологиясын, өз ортасына деген көзқарасын таным, түсінігін бұзып, мейірімін жоғалтады, жанын жүдетеді, рухын төмендетеді.

Ал, біз осындай адам табиғатына жат, жиіркенішті киносымақтарды қоймай насихаттаймыз. Ұтарымыз не? Көркем фильмді көріп отырып, балаларыңның, немере-шөберелеріңнің алдында, «енді не боп кетер екен, тек оқ атыш қан төгуден, бір-бірін төсекке сүйреуден аулақ», — деп қипақтап-ақ бітесің.

Ал, шетел бұл туындыларды өз экрандарына жолатпай, аулаққа қуатын көрінеді. Аулағы біз болғанымыз ба?

Ұлттық тәрбие, тыйым, салт-дәстүрге, үлгі-өнегеге тамырын терең байламаған ұрпақтың жел бағытына ыңғай шапқан қаңбақтан айырмасы аз ғой.

Жұмыс жасап қоян-қолтық араласып, емін-еркін сырласқан соң ілкідегі үркек көңіл басылды. «Шықпа, жаным, шықпа» деп отырған жадау шаңырақ, жесір әйел, шал-шауқан, кемпір-сампырдың бәрі туыстай көрініп, жылы ұшырап, сол ортаға тастай батып, судай сіңдік.

Атеке, қасиеттім, қамқорым, жалғыз ұлдың әскер киімін үстінен енді шешкен әйелі ана тілінде бірауыз тұшымды тіл қатуға икемі келмеген алғашқы кездері қабағыңызды шытпай, айналып-толғанып бауырыңызға тарттыңыз. Жоғымды – бардай, барымды – нардай ғып әспеттедіңіз. Қазірде жаулығым қарқарадай боп етегімнен өрбіген ұл-қызымның, немере-шөберемнің қызығын көріп, қолымды жылы суға малып отырсам алдымен Сіздің арқаңыз.

Енем, мейірбаным, аяулым. Сізге ойымдағымды еркін жеткізе алмай ымдап, сақаудың кейпін киіп, тіпті өзбекше, орысша тіл қатып тұрған алғашқы сәтім әлі күнге көз алдымда. Сонда ауыл аралап «тікбақай, түк

білмес» — деп өз келінін өзі жамандайтын әл-декімге ұқсамай, ұлы төзім мен шапағатыңызды төге білдіңіз. Үй ұстауды, қонақ күтуді, бала тәрбиесін санама сіңірдіңіз. Небір қиналған, тарыққан шақтарымда жаныма сүйеу, көңіліме демеу болдыңыз. Сіздің сол байсалды өнегеңізді ғұмыр бойы ұстанып келе жатырмын. Ел-жұртым бұ күнде Ділдә апа деп қадірлесе, алдымен Сіздің еңбегіңіз.

Әлі күнге есімде, аурухананың шаруасы қапелімде бітіп бола ма, ауыр операциядан кештетіп шаршап келіп, ата-енеме дастархан жайып, шәй құя бастағанмын. Иманғали емшекте, қызылшақа боп жылап жатыр. Оған мойын бұратын уақыт жоқ. Төрдің төбесінде отырған атам:

— Кемпір, шәйді өзің құй. Ділдәжан, кел қасыма отыр, баланы еміз. Айтатын әңгімем бар, — десін. Енем де — Отыра ғой, жанына бір мігір жоқ, — деп жатыр.

— Ойбай, ата сізбен қатар түзеп отыру қайда, — деп ірге жаққа тізе бүктім.

— Шырағым, Ділдә, — деді атам дастархан үстінде — өзің келгелі иінім бүтінделді, ернімді тұшытып немере сүйдім. Төрден қонағым үзілмеді. Күндіз келген бес адамды, түнде келген он адамды қабағыңды шытпай аттандырдың, құлдай боп жүрсің, түбі бидей боп отырарсың.

— Солай ғой, — деп енем де қостап жа-

тыр. Іштей ойлаймын, атам да қызық-ау осы, маған билік қайда, — деп.

— Келін боп түскеніңе жеті жылдың жүзі болды. Апырмай, артыңнан іздеп ешкім келмеді-ау, балам, — деп енді жүзін төмен салды.

— Қатты ренжігендері ғой...

Екі арада Нұрғали да қызметтен келіп, дастархан шетіне жайғасты.

— Келелі әңгімеден ылғи шет қаласың да жүресің, атаңа нәлет, — деп атам енді баласын нықыртты. Бір жағы маған көз ғып ұрысып жатса керек.

— Алатын айлығым бар-жоғы 27 сом. Өзіміз барып келуге болар еді. Жетпейді ғой, — деп Нұрағаң күмілжіді.

— Ендеше сөз қысқа. 200 сом ақша тап. Келінді алып құда-құдағиыма өзім жүремін. Бармасаң қал, солай.

Біреуден бір тиын қарыз сұрауға жоқ адам ондай мол ақшаны аяқ астынан қайдан суырып әкеле қойсын.

— Мен табамын, ата — дедім. Даусым жарқын-жарқын шығып кетсе керек. Қуанғаннан жүрегім тура жарыла жаздады.

Азамат қой, Нұрағаң ертеңіне 200 сомды әкеліп алақаныма салды.

Дереу еңбек демалысымды алып, әке-шешеме киім, сәлем-сауқатымызды қамдап, атам екеуміз поезға міндік. Қолымда емшектегі Иманғали бар.

**А**ЙНАЛАЙЫН, қарыз алып, оны мерзімінде қайтара білесің бе?

Жо-жоқ, қарыз жалғыз ғана ақша емес.

Ең үлкен қарыз – уәде мен сенім деп білемін. Біреуге уәде – қарыз. Уақытында орындамасаң сенімнен айырыласың. Қадірің қашады, қадірің қашса азаматтық бейнеңе нұқсан түседі. Көп ортасында бетіңе шіркеу жамылады.

Сен әке-шешеңнен өзіңе деген ғұмырды, тәлім-тәрбиені, бойына дарыған қуат пен парасатты, пайымды, мінезді, жақсылықты, дархандықты қарызға алдың. Ендеше осы ізгі қасиеттерді шашау шығармай бауырыңнан өрбіген ұрпағыңа беруге тиістісің. Бұл қарыздың – парызы. Егер оған әлің жетпесе, азаматтығың тартпаса обал-сауабы мойныңда қалады.

Біреуге айтқан жылы сөзің де – қарыз. Кейде өтеуін тосасың.

Ал, ақша – күнделікті тұрмыста жиі кезігетін қарыздың түрі. Оның да салмағы ауыр. «Қарыздың азы борышты қылады, көбі жек көргізеді» – дейді Сенека. Қайыра алмайтын адамға берген қарызың көмек емес, жасаған жамандығың. Түптің түбінде өз басыңа төнер қатер.

Алған тез ұмытады, берген еш уақытта ұмытпайды.

Қазірде миллиондап қарыз алып қайтармай, шетел аса қашып, қарыз иесін атып, асып кетіп жатқандар аз ба?

Әркім қарызды (қай түрін де) бойына шақтап алса екен. Сонда тірлігі уайымсыз болар-дүр.

«Иә, Алла, маған қолымнан келетін істі атқаратын қуат бер, қолымнан келмейтін іске ұмтылмайтын ерлік бер, осы екеуін бір бірінен ажырата алатын ақыл бер» — деген даналық сөз бар. Сіз кімге қарыз едіңіз?

Алып-ұшып асыққаныммен поезд шіркін ырғалтып жүріп бола ма? Қандағаштан асып, талай жерді басып, Тескентауға да таядық. Тескентау деген поезд жол айналма болмасын деп тауды төтелей тесіп, туннель жасап қойған жол ғой. Және бір емес, екі мәрте кесіп өтеміз. Туннельге кіргенде түпсіз тұңғиыққа түсіп кеткендей, айналанды қою қараңғылық тұмшалайды. Немересін алдына алып алданышып отырған атама қапелімде шошып кетпесін деп ескерттім.

— Тескентау... Апырмай, келін шырағым не дедің? — деп атам өз-өзінен абдырады да қалды.

— Іргедегі Үйшік пен Текеге сапар шегіп ем... Тескентау асам деп кім ойлаған. Аман қайтсам жарар еді. Сүйегімді жіліктеп теріп жүрмесе...

Желіп келе жатқан поезд доңғалағын сарт-сұрт ұрып, қара үңгірге де кірді. Гудогын беріп, азынаған күйі жарық дүниенің екінші бетіне өте шықты.

Атамның қорқып кеткені сондай, боп-боз боп сақалын саумалап біраз отырды.

— Келін шырағым, бері қарашы. Неткен тәуекелшіл жан едің. Жастықпен бекер-ақ жасаған екенсің. Соншама ел асып, жер асып... Бұл Тескентаудың арғы жағына, қазағыма қоныс болмайды деп Асанқайғының өзі аттап баспаған ғой. Желмаясын желдіртіп кері қайтышты. Әй, шырағым-ай, ауыл-аймағыммен аман-есен қауышсам болар еді...

Иманғалиды бауырына қысып алған, айырылып қалатындай қапелімде босатар емес.

— Ата-ау, қазіргі заманда, зырлап тұрған көлік барда жердің алыс-жақыны жоқ қой. Жеті күнде-ақ жетіп барамыз, — деп жүрегін бассын деп қайта-қайта шәй демдеймін.

Ташкентке де келіп түстік.

Ала шапанды, тақиялы әрлі-берлі иық тіресіп сапырылысқан көп халықты көріп, айналайын атаке-ай, «Қалай жөн табамыз, адасып өлерміз», — деп мұнда да үрей шақырғансыз.

Поезд ауыстырып мініп, таңда Термезге аттанып кеттік. Ауылыма жақындаған сайын бойым бір ысып, бір суыды. Алдарынан өтіп, ақ баталарын алмай рұқсатсыз кетіп ем, Мәтекең мен әжем қандай көңіл күймен қарсы алар. Іштей бекіп қатайып, сырторай кейіп танытса, жердің үстімен келіп, астымен кет-

кенiм. Сақалын сүйретiп, жол азабын шегiп келгенде атам қандай ой түйер?

Перронға келiп поезд баяу тоқтағанда жалма-жан жан-жағыма қарап ем, тума-туыстың бiрi қалмай қаумалап тұр екен. Сағыныштан да шығар, көз жасыма ие бола алсамшы. Қайран өскен орта, ағайынның ыстық құшағы. Үйге жетiп, алма-кезек көрiсiп, мауқымызды бiр бастық-ау!

**АЙНАЛАЙЫН**, қазақтың ең сыйлы мейманы құда мен құдағи.

Ұлыңды үйлендiрсең де, қызыңды тұрмысқа берсең де, құда-құдағилы боласың. Әдетте қыз берген жақ әсемдеу, қыз алып, келiн түсiрген жақ бәсеңдеу келедi. Өйткенi сен оның әлпештеп өсiрген, он екi де бiр гүлi ашылмаған перiште баласын босағаңнан аттатып отырсың. Құда-құдағиыңның арнайы шақыртусыз анайы себептермен келе салуы сирек.

Келген екен, төрiңе таза көрпеңдi жайып, жылы-жұмсағыңды тосып, ағайын-туысыңды шақырып, құрметтеуiң ләзiм. Бiр балаң қосағын тауып, екi бала болып жатыр. Одан асқан қуаныш бар ма?

Бай мен бай құда болса,  
Арасында жорға жүредi.

*Кедей мен кедей құда болса,  
Арасында дорба жүреді.*

*Бай мен кедей құда болса,  
Айырылса алмай зорға жүреді.*

*Мәселе, алып-бергенде емес, тең тұрғыда араласып барып, келгенде.*

*Құда болған жерде, «кәдесіз қыз болмайды» деп бір-біріне қымбат сыйлық, жағалы киім кигізу дәстүрі бар. Оны біреудің дәулеті көтереді, біреудің жағдайы келмейді. Асып-тасып жатыр дегеннің өзінде, киім ауыстырғанда тұрған не бар? Босқа шашылғанша, сол қаржыны екі жақ болып жиып, жас отаудың қажетіне жаратса ше? Өйткені, үлкен үйге не керек болса, кіші үйге де сол зат қажет.*

Өз қолыма түсірген екі келінім Клара мен Майраның ата-анасы, яғни, құда-құдағиым өте түсінікті, ақыл-парасатты адамдар болып жолықты. Құдайға тәубе дедім.

Екі жақсы тауға шықса құдаласып түседі.

Екі жаман тауға шықса қуаласып түседі...

Әкемнің атамнан жасы кіші-тін. Бір-бірін құда десіп, кереметтей сыйласты. Екі ортада өкпе-наз да айтылған жоқ. Теңін тауып жарасқан қос құданың қай-қайсысы да шежіре мен ескілікті хикаяның кеніші. Әріден толғап әңгіменің әрін кіргізіп, көрші-қолаңды ауыздарына қаратты.

Ертеңіне таң намазын оқып біте бере атам әкеме:

— Құда, жайнамазыңызды жинамаңызшы. Сізден сұрайтын ғафуым бар, — деді

— Хауа.

— Дiлдәжан келiн боп түскен шақта қазақша бiлмейдi деп, өз-өзiмнен налып, «көргенсiздiң өсiрген баласы» — деп қалып ем. Кешiрiңiз, қолыңызды берiңiзшi, құда.

Жайнамаздың үстiнде екi қария бiр-бiрiн кешiрiстi.

**А**ЙНАЛАЙЫН, бұрынғы өткен ата-бабамыз ұл баланың тәрбиесiне аса мән берген. Ұл бала шаңырағыңды шайқалтпайтын, ошақ отыңды өшiрмейтiн, iзiңдi жалғастыратын болашағың. Балаңды жақсы көру деген сүт бетiне қаймақ гып әлпештей беру емес. Реттi жерiнде ақыл айту, бiлмегенiн ұғындыру, аз-кем оғаш қылықтарын көрсең қабағыңмен жасқау қажет, тiптi шектен шықса шапалақтың да зиянды жерi жоқ. Мұның бәрi түптeп келгенде болашағыңның қамы.

Баяғы қасиеттi шалдар ер балаға бес жастан бастап құман ұстатып, қонақтың қолына су құйғызған. Онға толса пышақ ұстап ет турайды, он бес жастан табақ тартады, жиырма жастан бастап сыбанып табақ жасайды.

Төріңде отырғасын қонаққа тартылатын табақтың да табағы бар. Табаққа салынатын сүйектің де сүйегі бар.

Ең сыйлы сүйек жамбас, одан соң жауырын, одан соң кәрі жілік, ортан жілік, тоқпан жілік, асық жілік боп жіктеледі.

Басты жоғарғы табаққа саласың. Жанына етін көп сылмай жамбасты ертесің. Қой жаңадан сойылса бұл екі кәделі сүйек жеке-дара берілмейді. Бұл – қонаққа деген құрметің. Он сүбе қабырғаны жоғары төрт табаққа, алтауын екі жауырынга, төртеуін екі асық жілікке үстейсің. Қалған сегіз жілікке екі-екіден бұғана қабырғаны ениілейсің. Төсті – күйеуге, құйымшақты – қызға, мойын мен көтенді – қойшыға, ішек-қарын, талақ, сирақты қатын-қалаш, бала-шағаға ұстатасың.

Кәделі сүйек орнын тапқанда ғана қонақтарыңның көңілі жайланады. Әйтпесе «сыбағамды ата да итке сал» дейтін қазақтың көңілі қапелімде көңиш қоймайды. Сүйек шатастырсаң ата-анаңа сын. Босағаңнан кекірігі азып шыққан қонақтың өзі бірер қыр асқан соң әлгі қылығыңды сан-саққа жүгіртіп, әңгіме бастайды.

Қазірде кәде сүйек тергеп жатқандар аз ғой. Десе де, ата-баба дәстүрін ұмытпаған абзал...

**А**ЙНАЛАЙЫН, ерте дәуірден бері мал халқымыздың негізгі тіршілік көзі болған. Еті, майы, сүті – тағам; терісі, жүні – киім, мінсе–көлік. Мал баққан, өрісін тапқан қазақ ірілі-ұсақты жандығын төрт түлік деп есептеп, әрқайсысының иесі, піріне ат берген. Мысалы, түйенің иесі – Ойсылқара, жылқының иесі – Қамбар ата, сиырдың иесі – Зеңгі баба, қойдікі – Шопан ата, ешкінікі – Шекшек ата. Оларды бағу мен өсіру оңай шар-уа емес. Жаз–жайлауы, қыс – азығын қамдау қажет. Әр малдың мінезіне қарап бағалаған. «Түйе бақтым – түйме тақтым», «Жылқы бақтым – жылап бақтым», «Сиыр бақтым – сйдаң қақтым», «Қой бақтым – қоңырау тақтым», «Ешкі бақтым – еңіреп бақтым», – деген мәтел де қалыптасқан.

Төрт түліктің жасына, бойдақтығына, төлдегеніне байланысты жеке-жеке атаулары бар.

Түйені нар, айыр түйе, бота, тайлақ, сүттайлақ, құнаниша, дөненише, буыршын, атан, інген, бура, қоспақ, нарқоспақ, мырза-қоспақ, жарбай, жампоз, бір тума, көрт, желмая деп атаған;

Жылқыны – құлын, тай, жабағы, құнан, байтал, сәуірік, дөнен, бесті, саяқ, қысырақ, құлық, бие, бедеу бие, мама бие, ат, арғымақ, тұлпар, дүлдүл, сәйгүлік, қазанат, мәстек, айғыр деп бөлген;

Сиырды – бұзау, тана, баспақ, торпақ, қашар, құнажын, дөнежін, тайөгіз, құнан өгіз, бұқа, қашақ, атан өгіз, өгізіше, тайыншиа деп жіктеген;

Қойды – қозы, көбеген, арамза, марқа, баглан, тоқты, тұсақ, бойдақ, ісек, азбан, саулық, қошқар, қортық деп айырған;

Ешкіні – лақ, шыбыш, туша, серке, серкешік, теке, текешік, – деп бөлген.

Ауыз әдебиетінде төрт түлікке қатысты ертегі, аңыз-әңгімелер мен ән, күй-жырлар көптеп саналады. Олардың қай-қайсысында да төрт түлік мал адамның досы, жағымды бейне ретінде алынады.

Халқымыз малдың қадір-қасиетін жете білген, тіпті оның психологиясын да үздік меңгерген.

Иә, мал да баққанға бітеді.

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Халқымызға қатысты тарихи жады, үлгі-өнеге атаулының үлкен-кішісі жоқ. Бәрі қымбат. Көздің қарашығындай сақтағанға не жетсін. Әттең, сол жәдігерлердің талайы бұ күнде қозыжон төмпешіктердің астында, сүйегі сары тап боп жатқан қазыналы шалдардың көкірек түкпірінде кетті ме деп қорқамын. Алкеуде, ұмытшақтау халықпыз ғой.

Сол қариялардан естіген, ғасырлардан бермен келе жатқан ең оңай қазақы жыл қайыру әдісін айта кетейін.

Түйе сеніп бойына,  
Қалған ұмыт жылдардан.  
Жатпа қарап, мойыма,  
Тайма именіп ділмәрдан.

Бар-жоғы осы. Жаттап алсаңыз бітті, сіз алты адал, алты арамнан тұратын және бір адал, бір арам боп кезектесіп келетін жануар мен мақұлықтың рет санын жаңылыстырмайсыз. Тек әр сөздің бастапқы әрпіне назар аударыңыз.

Мәселен, түйе-тышқан, сеніп-сиыр, бойына-барыс, қалған-қоян, ұмыт-ұлу, жылдардан-жылқы, жатпа-жылан, қарап-қой, мойыма-мешін, тайма-тауық, именіп-ит, ділмәрдан-доңыз.

Осы он екі жыл адамның бір мүшел жасы боп есептелген. Бір шумақ өлеңнің бойына ғұмырыңды сыйғызған халық даналығы деген осы!

Таңертеңгі шәйді алдымызға алып, кесе шетін енді тістей бергенде, әкеммен нағашылы-жиен деп қалжыңдаса беретін Омар кіріп келсін. Қолыңда дойыр қамшысы, қоншына сарт-сұрт соғады. Жүзі әлемтапырақ.

— Қиян шеттен өлсе қой терісі, өлмесе бит терісі деп томаршадай шалды жібергені несі? Қайда күйеубала, шақырындар бермен, бір ұрмай қолымның қышуы басылмайды. Тап та тап, — деп тепсінеді.

— Әй, атаңа нәлет, ақ суыңды тағы ұрттап алыпсың ғой. Құдамда не шаруаң бар? Отыр одан да, енгіңді бас, — деп Мәтекең бетін жасқап тастады.

Көңілінің кірі жоқ өпірімдеу Омекеңнің ұзақ жыл хабарсыз жатқан күйеубаласына өзінше жасаған абай-қоқайының түрі. Сонда да: — «Оңайлықпен отыра қояр ма екем», — деп сырт үрей танытқанымен әкемнің сөзінен аса алмай, көрпеге құйрық басты.

— Омеке, ашуыңыз орынды. Қай нәрсенің де басы қатты болса, аяғы тәтті болады ғой. Үйірі басқаны ноқта қосар, үйі басқаны тағдыр қосар деген, екі бала өзара жарасқан екен. Біз қой демелік. Ендігі жерде бала сіздердікі, қыз біздікі. Күйеубалаларыңыз да алдарыңызға әлі талай келер. Екеуін қол ұстастырып жібе-

руді де білдік. Бірақ артында елі-жұрты тұрған жоқ па, жансыз-жақсыз ба еді деген пікір қалар. Не де болса, құда-құдағымның алдына ақ басымды иіп өзім барайын деп келдім, ағайын.

Жабағы тайды қорлама,  
Жазға шықса ат болар,  
Жас жұбайды қорлама,  
Жұртына ертең бас болар.

Көрген сайын сіз десіп,  
Сыйласқанға не жетсін.  
Шашылғанда бірлесіп,  
Жинасқанға не жетсін.  
Желі тұрған оңынан,  
Жеті өзеннен өтеді.

Адаспаған жолынан,  
Жеті таудан өтеді,

Арманына жетеді, — деген осы қос құлыным үшін, немеремнің жөргек иісін бұрқыратып бауырыма қысып, Тескентау өтіп келіп отырған жайым бар, — деп жарықтық атам төкпелетіп кетті дейсіз. Сасып қалған Омар: «Мына шал не дейді-ай?» — деп оқшырайып еді:

— Сыбағанды алдың, шық үйден, атаңа нәлет! — деп Мөтекең жекіріп тастады.

Омар алды-артына қарамады, тұра қайқайды.

Ертеңіне машина гүр ете түсіп еді, Омекең қайтадан жетіп келіп тұр. Есіктен кіре анадай жерге бөркін атып ұрды.

— Ал, құда, иілген басты кеспес деген. Кеше менен бір ғапылдық өтіпті. Жүрегіңіз кең адам көрінеді, кешіре көріңіз, — деп атама қос қолын ұсынды. Үйдің іші шырайланып сала берді.

— Қойым союлы, қазаным асулы, көлік алып келдім, құда біздің үйден дәм татып аттаныңыз.

Омекеңнің отбасы құрдай жорғалап жүріп қонақ етті. Дастархан басында елдік пен ерлікті жырлайтын небір хикая шертілді. Жанымыз жайлау бола түсті.

Қайран, мәрт көңілдер-ай!

*АЙНАЛАЙЫН, қара өлең деген қазақтың бір құдіреті бар. Жазба ақындардың қолыма түскен кітаптарын көп оқимын. Бірақ қара өлеңдей шынайы, қара өлеңдей сезімге шабар, қара өлеңдей тәлімді-тәрбиелі, қара өлеңдей гажайып бейнелі жырды сирек кездестіремін. Сондықтан да әр кез сағынып, аңсап ретті ортада айтып отырамын. Мына шумақтарға құлақ қойып, өзің де қосылышы, күнім.*

*Ауылым көшіп барады лай көлге,  
Жарасар жібек белбеу қынай белге.  
Көшкен ел көріспей ме, қайта айналып,  
Көзіңнен айналайын жылай көрме.*

\* \* \*

Қаракөз қарай бердiң дүркін-дүркін,  
Бұл өмiр өтедi зой ақыр бiр күн.  
Шашыңды жалғыз талдап сүйер едiм,  
Қайтейiн жетпедi зой зұмыр шiркiн!

\* \* \*

Бойың түзу мылтықтың темiрiндей,  
Көзiң қара ағаштың көмiрiндей.  
Жақсыменен өткiзген жалғыз сәтiң,  
Өтiп кеткен жаманның әмiрiндей.

\* \* \*

Әкең жақсы кiсi едi жамбас жеген,  
Жақсыдан жаман тұса оңбас деген,  
Шешеңнен бiр күпiрлiк кеткен шығар,  
Иттiң боғы қылышықсыз болмас деген.  
Мұны Гете мен Байрон немесе Пушкин мен  
Лермонтов жазған жоқ. Бар-жоғы сайын дала-  
сында ат мiнiп, арманымен алысып жүрген бiр  
қазақ. Шiркiн, қара өлеңдi әлем тiлдерiнде өңi мен  
өрнегiн бұзбай сөйлетсе зой...

Он екi күн төркiндеп Новобогатыма нар  
жетектегендей боп қайтқанмын.

Нұрғали — қызмет жасай жүрiп алдымен  
Семей несие-финанстық техникумын, сосын  
Саратовтағы ауылшаруашылық институтының  
экономика факультетiн бiтiрiп алған. Кiсiге

қылдай қиянаты жоқ, қайырымды, өте қонақ-жай еді. Біраз жылдар бойы жиырма жеті сом алып еңбек етті. Ол да қолымызға тұтас тимейді.

— Он сомды қайтыс болған бәленшеге жинадық, — дейді. Келесі айда: — Бес сомды түгеншенің тойына қостым, — дейді.

Өзіміздің төрт жағымыз түгел боп тұрса сөз басқа, шиеттей бала-шаға, бірді тартсақ бірге жетпей жатады. Затымыз әйел ғой, ара-тұра сөйлейтін болсам керек.

— Қолымдағыны жұртқа бергім келіп тұрады, Ділдә, — дейді сонда жай ғана жымыып. — Сен барсың ғой...

Ашу да жібек орамал кепкенше ғой. Әлгі лебізден кейін жайылып сала беретінмін.

Кешкен дәуреннің бәрі бірдей мүлтіксіз, таң алдында көрген түстей керемет өтті десем ақиқатқа қиянат болар.

— Қайдан ғана келіп едім. Жесір әйел де өліп жатқан жоқ қой, — деп балаларымды құндақтаған сәттерімді несіне жасырайын.

**А**ЙНАЛАЙЫН, Сіз бақыттысыз ба? — деген сауал маған көп қойылады. Бақыттың түрі көп шығар. Менің ең басты бақытым — балаларым. Көз қуанышым — немерелерім мен шөберелерім. Со-



Олжас, Ильяс, Асқар, Данияр, Әлішерлерім те-  
рең дариядан бастау алып, шапқылаған күміс  
күлкілі бір-бір бұлақ.

Құдайым дендеріңе саулық бергей.

Жөргек иісін бұрқыратып екі шөбере сүй-  
дім. Есімдері Әйгерім мен Дінмұхамед.

Аталарының ары мен адамгершілігін, абы-  
ройын, әжелерінің жасын берсін деп жат-  
сам-тұрсам тілек етем.

Атасы дегеннен шығады пейіште нұры  
шалқығыр Нұрғали:

— Ділдә-ау, Иманғали мен Клара келіннен  
екі немере көрдік. Екеуі де бойжетіп келеді.  
Қыз деп асылық айтпайық, бір ұл баланы Ал-  
лекем қашан қияр екен. Тұяқсыз емеспіз ғой,  
десе де көңілімдегі бір алаңым осы, — деп  
оңашада маған уайым айтатын.

Иманғалидың Нұрсұлтаны дүниеге келген-  
де әкесі операция жасалып, пышақтың орны  
бітпей ауруханада жатқан. Әнуар деген жігіт  
шапқылап келіп сүйінші сұрады.

Сонда Нұрғалидың «Құдай тілекті берген  
екен ғой... апырау не дейд... не дейд...» деп  
абдырап, шаттанғанын көрсеңіз.

Сол қуаныш қос қолтығынан көтерді ғой,  
жазылмай жанын қинаған жараның орны алты  
күнде бітті. Құлан-таза айығып шықты.

— Байлық деген — еріп кететін мұз,

Бақ дегенің — ұзатылатын қыз.

Ұл дегенің — артыңда қалатын із,

Күнделiктi керегi – сыйластық, сiз бенен бiз...

Десе де, – Иә, Алла, осы бергенiңе шүкiр, – деп барды қанағат тұтқан шақтарым өмiрiмнiң басым бөлiгiн құрады...

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Артық-кемі жоқ қырық бес жыл үстіме ақ халат іліп, ауру-сырқауға арашашы болыппын. Осы жарты ғасырға жуық мезгілде небір тағдырмен бетпе-бет келмеді дейсің. Соларды аяп, үйіме жылап қайтқан шақтарым да жоқ емес. Солар үшін құшағымды қуанышқа толтырып оралған сәттерім де аз емес. Қайсыбірін айтарсың. Тізе берсең ұшы-қиыры жеткізбес.

Әйел ақыры барып акушердің қолына түседі деген, мың сан сәбиді етегіме орап алып, кіндік шешесі атандым. Егемен еліміздің бір-бір кірпішіне айналып жүрген шығар. Соның өзі мерей. Мені есіне алып қойса болды да...

Иә, екі шекесі торсықтай ұлды да, тұмар тағып қойса жарасар қызды да өмірге іңгәлатып әкелдік. Сәбиінің жүзін көрмей бақи кеткен ананы да, шалажансар туған баланы да, баға алмасын деп күңге, ұялсын деп қызға берген нәрестені де кезіктірдік.

Туа сала жетім қалған бір сәбиді он күн бойы еміздім. Сарқып емеді де, пысылдап ұйықтап кетеді. Көзің қияр емес. Алдан қандай тағдыр күтіп тұрғанын қайдан білсін. Етегі қанамаған бір келіншекті он күн үгіттеп, ақыры бауырына салып бердім. Азамат боп өсті. Мынау деген ғылым докторы. Алматының зия-

лысы атанып отыр. Анасын әлпештеп, төбесінен құс ұшырмайды. Өгей деп кім айтар.

Толғақ үстінде тағы бір жас келін жантәсілім еткен. Иманы салауат болғай, баласын аман алып қалдық. Қарақұлақтанған соң жетімдер үйіне жіберуге дәтім бармай, бедеу бір келіншекке қолқа салдым.

— Әй, тұстас, осы нәрестені асырап ал. Періште ғой. Артынан қара ерер. Құдайдың берем десе кеңдігі аз ба? — деп құлағын тоздырдым. Ойланып барып келісті. Өзі дүкенші еді. Айтқандай үйелмелі-сүйелмелі қос қыз сүйді. Әттең, бір қызы тұлымшағы желбіреп, сегіз жасқа толғанда қапияда суға кетті. Екіншісі отау құрған, балалы-шағалы. Ал, әлгі тұстасым өзім мұрындық болатын баласының қолында, келін жұмсап, немере иіскеп, екі қолын жылы суға малып отыр.

Тегі бөлек, жатыры басқа деп асырап алмаса ше?

Қартайғанда қыздың қолына барып, өзге шаңырақтың астында кіріштар болар ма еді?

Атақты жазушымыздың туған інісіне де бір сәбиді еншілеткем. Көзінің ағы мен қарасындай ғып мәпелеген, еңбегі ақталды.

Ертеректе Қоспан деген құмарпаз жан өтіпті. Ғұмыр бойы бір ұтыш, екі ұтылып, қолы шықса толып, карта түспесе солып жүретін жаны сірі еді, деседі көзін көргендер. Өзі мәрт те ақкөңіл байғұс екен. Бірде көрші ауылдың

құмарпаздарымен карта ойнап, сыпырылып ұтылыпты. Алдымен ақшадан, кейіннен малдан түгелдей қол көтеріп шыққан. Қызды-қыздымен нар тәуекел деп келіншегін де бәске тігітті. Бағың бір қайтпасын де... Жұбайы көрші ауылдан келгендердің жетегінде кеткен. Бір жыл бойы Қоспан қаржы жинап келіншегінің артынан қуып барып ойнап, қайтадан ұтып алған. Әйелінің айы-күні жетіп, Бибі-Бәтима пірім деп отырса керек, келе қошқардай ұл тауыпты. Ұрпақсыз жүрген Қосекең жүрегі жарылып қуанып, ат шаптырып, той жасаған. Азан шақыртып баланың атын Олжабай қойған. Ел іші болған соң қаңқу сөз жерде жата ма?

— Жұрт балшықтан бала жасай алмай жүргенде, ұрпақ емес пе? Аталардан қалған асыл сөзді қайда қоясың:

— Бұ дүниеде үш олжа бар деген. Ойнастан туған ұл олжа, тоқтыдан туған қозы олжа, жақсылардың сөзі олжа. Соны үлгі етпей... Оттап! — дейтін көрінеді жарықтық. Кеңдігіне не берерсің.

Айтқандай, сол Олжабай әкесінің шаңырағын жықпай ұстап қалды.

«Қоспановпын», — деп ауыз толтырып айтқанда, өрбіген өсек-аяңның бәрін бір деммен жұтып жібергендей болады...

...Ұрпақ емес пе?

\* \* \*

Дүниежүзі бойынша жайлап кеткен бір індет — бұл қолдан бала түсіру. Атың өшкірді аборт деп атайды. Бұл қанша жерден заңдастырылса да кісі өлтіру. Ал, адам ғұмырына қиянат жасау қылмыс. Небір ұрпақ тіпті миллиондаған Адам Ата, Хауа Ана нәсілі соның кесірінен өмірге келмей, көктей солды десеңізші!

Әйел жатырындағы екі-үш айлық шарананың өзіне тән қимыл-әрекеті, сезім-түйсігі бар. Дәрі егіп, қолдан толғақ жасап, жатырды ашып қандауырды апарған кезде әлгі бір жапырақ еттің қорқыныш меңдеп, қалтырап-дірілдеп, жатқан жерінен кеткісі келмей, тырмысатынын айтсаңшы! Демек, өлім сағатының төнгенін ол да сезіп тұр. Обал-ай!..

Күнәні (кінә емес) шарананы өлтірткенде, қандауырын жатырға сумаңдатқан да қоса арқалайды. Жыл аралатпай гинекологқа шауып, бойдағы «пәлесінен» құтылып, тайраң қағып жүрген небір келінді білемін.

— Ойда-жоқта бітіп қалды, — дейді бірі.  
«Ендеше, ойсызсың», десе ер-тұрманын бауырына алып тулар еді.

Шұбырта беріп қайтемін, — дейді екіншісі.  
Бұл адам мен малдың айырмасын білмейтіндердің сөзі.

— Жағдайымыз көтермейді, — деседі үшіншілері.

Мойынға қан жүктейтінін ерте бастан ойлау қажет еді.

Сылтау көп, дәлел мол. Бірақ менің айтпағыма да құлақ асыңдаршы.

Мен Аллекемнің құдіретті күшін және о дүниенің барлығын мойындап, бас иген адаммын. Сендердің қатыгездіктеріңнен шейіт кеткен сол шарана бақи болғаннан кейін де жетіліп, өмір сүретін көрінеді. Әрине, о дүниеде. О дүниеде біз бұрын көзі өткен ата-анамызбен, бабаларымызбен кездесеміз. Олар бізді қаумалап, жаңа тірлікке көндіктіріп бағады. Ал, әлгі шарана не әкесін, не шешесін танымай, аты жоқ, заты жоқ, әркімнің жүзіне бір үңіліп, жаутаң қағумен қанатты періште кейпінде жүреді екен. Бәлкім, о дүние бетінде сендерді күтіп, зар қағып, әрқайсыңның он-он бес шарана-періштелерің тұрған болар. Осы көрініс те жүректеріңді селт еткізбей ме?!

Заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романында оқ кезеген мәңгүртке анасы: «Жоламан! Қайдасың? Мен анаңмын ғой! Қайдасың?.. Ойланшы, кімнің баласысың? Атың кім? Атың кім? Сенің әкең Дөненбай! Дөненбай! Дөненбай!» — деп шырылдайтын.

Менің де жан дүнием шырылдайды.

«Сен қазағымның анасысың. Тоқта! Есiндi жи! Күнәға батпа, күнiм! Сенiң атың Ана! Елiмiздiң ертеңi бүлкiлдеп, сенiң жатырыңда жатыр. Сенiң атың Ана!.. Ана!..»

Шытынағалы тұрған көңiлдiң алтын құрсауы қашан да атам мен енем едi. Бақи кешкендерiнше алдарын кесiп өтпедiм.

Атамның ұлын шақырып алып:

– Жiгiт ердiң жасы елуге келгенше мырза атансам, ел көзiне түссем, лауазымды болсам деп шарқ ұрып, атақ iздейдi. Сол тапқан атағы өзiн өле-өлгенше қуады. Мен саған ризамын, балам. Бiреудiң ала жiбiн аттамадың, көз-көре қиянатқа бармадың. Қара тастың өзiн бiр аунатып түсiретiн бауырмалдығың бар. Ел ортасында жүретiн ортан қолдай ұрпақ өсiрген екем, – деп пейiлденiп отыратын.

Бiрде Нұрғалиға қатты ашуланғаны бар.

Енемнiң төркiн жұртынан бiр туысы қайтыс болып, атам барып бата оқып қайтуға қамданды. Жер шалғай. Нұрағаң «қазiр машина тауып келе қояйын» – деп кеткен. Түс ауғанша көлiк жоқ, аяқ тентек боп өзi оралды.

– Отыр алдыма, – деп атам сонда Нұрғалиға зекiдi. – Бiрақ саған сөзiм шығын. Бұл Дiлдә келiнiме айтқаным.

Бiрiншiден, бiрлiгi жоқ ел жаман, Екiншiден, екiленiп шапқан жау жаман. Үшiншiден, шiдерлi тұрып үрiккен ат жаман.

Төртіншіден, некелі ақ төсегінен безген ер жаман.

Бесіншіден, белсене кірген дау жаман.

Алтыншыдан, арсыз болсаң, сол жаман.

Жетіншіден, желегі түспей жесір қалған жар жаман.

Сегізіншіден, серпілмеген ауру жаман.

Тоғызыншыдан, торқалы тойға, топырақты өлімге төбе көрсетпеген сол жаман. Бүгін мен жаманның жаманы болып, бетіммен жер басып отырмын. Кәрілік те жаман ғой, алайда балаң жақсы болса түк те етпейді.

Нұрғали ләм деп тіл қатқан жоқ, күреңітіп, сұқ саусағымен текеметтің бедерін сипай берді.

Соғыстан кейінгі жылдары ұлы қырғыннан аман-есен оралған ер-азаматтарды ел алақанына салып ұстады. Желдің өтінен, жардың шетінен келген жәдігерлер де қирап қалған шаруашылықты қалпына келтіруде жон арқалары жауыр болғанша тосты ғой. Өздері де қолдары қалт еткенде еркелеп бақты. Бастары аңда-саңда қосыла қалғанда алдарына аздап ақ судан жүгіртіп, кеу-кеулесіп, алақағаз жайып карта ойнап, мәре-сәре боп жататын.

Ақ сөйлеу парыз, Нұрағаң ақ суға бой алдырмағанмен осы карта дегенде түн ұйқысын төрт бөлуге бар-ды. Ұлының осы осалдығын һәм бейқамдығын байқап жүретін атам жарықтық:

– Жігітті ақ жолынан адастыратын үш аждаһа бар. Бірі – арақ, екінші – карта, үшіншісі – көрінгенге көз сатып, ақ төсегінен безіну. Бұл үшеуі бір-бірімен қозыкөш жерге қонған, ұялас жатыр. Оның сынына азаматтың азаматы шыдайды. Аулақ жүр, жарқын, – деп үнемі зердесіне құйып отыратын.

**А**ЙНАЛАЙЫН, жалқаулық деген қас дұшпаның бар. Әсіресе, біздің халыққа үйірлеу..

Өңіең қазақ жайлаған ауылда Иисус пайғамбардың Матвей атты жалғыз үмбеті тұратын. Шатырлы үйі, шандыр бет кемпірі, бала-бақырасы, екі-үш ірі шошқасы, шұқыған жемін жұмыртқасымен ақтайтын қыруар тауығы, қаз-үйрегі бар-ды. Жұма сайын түтінін шұбатып, ақ буын аспанға атып моншасын жағады. Мұны көріп көрші біткеннің су сағынған арқасы, тағы біраз жері дуылдап қоя береді. Бас-басына монша салам десе кірпіш бар, лай дайын, әттең, қол тимейді. Қыры жоқ десең шабына түрткеннен бетер шамданады. Сондықтан қолы түскірі тимейді деп құтыласың. Бар уақытын қыр басындағы қысыр кеңес, мал болмайтын өсек-аяң, құда шақырыс, шілдеhana, пішпек той алып кетіп жатыр. Бармасаң ағайындықтан шығасың, барсаң Матвейдің моншасына көзің түскен сайын...

Обалы не, Матвей де, Марусясы да кеңпейіл,

тегін су мен буды аяп жатпайды. Бірақ алдымен қолтығыңа қысқан түйіншегіңе көз тастайды. Шындап қараса қазекеңнің түйіншегінен нелер ғана шықпайды дейсің? Жарты бөтелке арақ не тұтас шарап, бірер қадақ үнді шәй, қос жұдырықтай ет, қыт-қыттаған пәлелерге жем, нанның қалдығы... Санауға саусағың аздық етер.

Көктем жылт етіп, жер бусанса, Матвей шал үрім-бұтағымен бірге өзен жағасында қармақ-ауын, кетпен-күрегін жастанып жатады. Балықтың бел кеспесі, бал татыған сорпасы, майы тамған тұздаулысы, әйтеуір, шатырлы үйге бас сұға қалсаң таппайтының жоқ. Жазға салым бау-бақшасынан жеміс пен көкөністің жүз түрі өріп шыға келіп, сілекейіңді шұбыртады. Той-томалақ бола қалса дастарханыңды жұтатпай құтқаратын тағы да сол құнтты шал. Әрине, тегін татырмайды.

– Ой, Аллаһ-ай, орысты жер шұқуға қой, – деп астамси қалатындар сол шұқыған жерге шыққан өнімге, уыс-уыс ақшасын санап беріп жатады.

Ештеңесі жоқ, өздері өсірер еді, тек қол тимейді.

Сонымен ала жаздай қызылсыраған көршілер сап-сары құйрығын тегенедей етіп, бағлан союмен болады.

Ал, атасы бөлек жалғыз үй қауымдасып қызыл қарбыз, сары қауынды езулеп емеді де отырады.

– Ет деген – калория. Көкөніс пен балық жай витамин. Бойымда күшім тасып тұрса, айдың-күн-

нiң аманында шөп-шалам жеп, басыма ат теуiп пе? – деп май сорғысы кеп жiлiк шағады көп үй.

Бiр қызығы, қорадағы бағлан мен тоқтысы құрғыр тез таусылып қалады да, бақшадағы желi сайын түйнек, түйнек сайын теңкиген қауын-қарбыз игертпей кетедi.

Екiншi қызығы, қыстың көзi қырауда калорияға сенген қазақ тымауратқыш, шанишұлатқыш, ал витамин жеген Матвей болса: «Ой, мороз, мороз» – деп орыстың ескi романсын айтады да жүредi.

Мәселе Матвей мен Мейрамбайда емес.

Жалқаулықта жатыр зой.

**А**ЙНАЛАЙЫН, мiнездiң адамына қарай алуан түрi бар.

Бесiк пен көрдiң, есiк пен төрдiң арасында пенде шiркiн кiммен кездеспейдi, дәмдес, сапарлас болмайды, қаншама мiнезбен жолықпайды десеңiзшi!

Жақсының жүзi жақсы жарқылдаған,

Жақсыда еш сыр қалмас айтылмаған.

Сұңқарға жұмыртқасын шайқатсаң да,

Қарғадан қарға туар қарқылдаған.

Осы бiр шумақ өлеңнiң өзiнде талай-талай сыр жатыр. Көгентүп көнелер адамның келбетiне, бас қондырысына, көзiне, сөзiне, дене бiтiмiне қарап мiнезiн таныған, баға берген.

Жiбектей есiлген мiнез – үй-iшiне, айналасына жұғымды, қайырымды, мейiрiмдi, үлкендi-құрмет-

теп, кішіні-ізеттеп, кісі бетіне жел болып тимей тұратын кішіпейіл адамға тән.

Тентек – ұрыншақ, періншек, көп нәрсенің байыбына бармай, барса да ақырын тоспай айтып тастайтын, қағу көрмей өскен, тыюсыз, әлі жеткенді ұрып жіберуден тайынбайтын адам. Халық кейде біреулерді «ақылды тентек қой» деп те жатады.

Дөкір – сезімі аз, өзіне сенімі мол, көп сөзге жоқ дүңк етпе, обал-сауаппен санаса бермейтін, тоңмойын, томырық адамға тән.

Кесір – жөн істі теріске балап, өз пікірімен ғана есептесіп, әр сөзге кесірленіп, қитығып, алдағанға көнбейтін, айдағанға жүрмейтін адамға тән.

Кербез – бойын түзеп, баптанып, кез келген ортада әсем көрінгенсіп, жақсыны-киіп, жылтырақты-жиып, сөйлеген сөзі, істеген ісі ішіңді ныстыратын адамға тән.

Паң – тал бойына кісі баласын шақ тұтпай, тең санамай астамсып қарайтын күпірлігі көп адамға тән. Әкесі Сағынайға әйгілі ас беретін паң Нұрмағамбет сәлем берген кісіге аяғын ұсынатын болған.

Мақтанишақ – жел сөзге әуес, жоғын бардай, түйірін-нардай ғып көрсетіп, болмасты-болдырып, оңбасты-оңдырып, ауызбен қырман толтырып, жақсы атансам деген адамға тән.

Ерке – сөзінен де, ісінен де еркіндіктің, ойнақылықтың, уайымсыздықтың лебі есіп тұратын адамға тән.

Тура мінез – қара қылды қақ жарып бұлтақсыз сөйлейтін, шыншыл, тәуекелшіл, қиянат, өсек-аяңға жаны қас адамға тән.

Шапшаңшыл – ыстылай қауып айтып қалатын, асығыстау іс тындыратын, төзімі аздау, тыпырлап қалған тынымсыз адамға тән.

«Адамның мінезін түзеуге болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деп таусылыпты Абай.

«Қорғасындай балқыған қайран жақсы» – деген халқымыз.

Иә, жақсы мінез – түгесілмес байлығың,  
Жаман мінез – гұмырлық азабың...

**АЙНАЛАЙЫН**, Әйтеке атаңның мінез жайында мына бір нақылын жадыңа ұсташы. «...Ақыл мен мінез – бірге туған егіз. Ақыл – тамыр, мінез – жапырақ. Жаман мінез – ақылсызға берген Жаратқанның жазасы. Дән піскенде сабағы төмен иілер, жаман адамға жал бітсе, мұрнын көкке шүйірер. Жақсы адамның серігі, әмәндә, ақыл, қанағат, әдеп, төзім, сабыр, үміт, бірлік, татулық. Ер жігітке төзім – тірек, сабыр – қамал, ақыл – әл-ауқат, бата – мұра, әдеп – сән, ақиқат – ем, үміт – көңіл азығы. Осыны білмегенді үлкендер жүгенсіз дейді. Жүгенсіз кісіден, жетекке ерген хайуан артық...».

1963 жылы төрт аудан бірігіп орталығы

Махамбет селосы болды. Нұрағанды аудандық қаржы бөліміне бастық етіп тағайындады да, туысқаннан бетер араласқан көрші-қолаңмен қимай қош айтысып, жаңа қонысқа көшіп келдік. Дайын тұрған үй жоқ. Қолымызда кемпір-шал, бес бала, қайным бар, қыруар жанбыз. Бір жылдай аядай жерді пана етіп шықтық. Өзім аудандық ауруханаға акушерка боп орналастым. Педиатрдың да міндетін қосымша атқардым. Балалардың алды мектеп табалдырығын аттады.

**А**ЙНАЛАЙЫН, Қыз – қонақ деп мәпелеген елміз. Қыз-ғұмырдың қысқалығын ойлаған ата-бабамыз қатты сөз айтпай, ақ төрінен орын сайлап, тәуірді кигізіп, еркіндетіп жүргізіп баққан. Бүгінгі аққудың көгілдіріндей әлпештеген құсың, ертең-ақ өзге шаңыраққа келін боп түсіп, жат-жұрттық атанып кете барады. «Келінім саған айтам – қызым сен тыңда», – деп айтып отырып бұрынғы бәйбішелер ата-енені сыйлау, үй ұстау, қонақ күту, ас қамдау, бала өсіру, ағайын-туманың көңілін табу сынды қыруар міндетті қызының құлағына ерте бастан құйып отырған. Істейтін қыз істеп кетеді, істемейтін қыз тістеп кетеді. Болашақ құда-жекжаттың сыйластығы қыз баланың өз үйінде алған тәлім-тәрбиесіне, көрегендігіне тәуелді. Түскен келін жақсы болса, екі ауыл-

дың арасы тақтайдай жол болады. Алған келінің әдепсіз болса, екі үйдің арасы сор болады.

Ұл тапқан әйелді ханым десе болмай ма,  
Қыз тапқан әйелді жаным десе болмай ма?

Адамға хан жақын ба, жан жақын ба? Әрине, жан ыстық. Осы бір екі тармақ аталы пікірде атан түйеге жүк болар ой жатыр. Жатты жақын қылатын, алысты ағайын ететін қыз баланың орны тым ерекше-ау. Ұл бала көбіне даланың қамын күйттеп, ат үсті жүрсе, ата-анаға көбіне шырқырап қыз қайырылып жатады. Сырқаттана қалсаң аузыңа сусын, басыңа жастық болады. Өзі өзге үйдің босағасында жүріп тілеуіңді тілейді.

Үш қызым — Нұрсұлуым, Ғалия мен Рыс-тымның өз теңдерін тауып, оңаша отау көтеріп, құда-құдағиларымның сүйкімді келіні, жиендерімнің анасы атанып, еңбекке араласып, қатар-құрбыларымен тең сыйласып жүргеніне мың да бір шүкірлік айтамын. Бәрі де қадірі қашпаған қазақы тәрбиенің арқасы. Жақсы болса күйеубалаң өз балаңмен пара-пар. Қашанда қыздың еншісі — күйеу. Оңаша отау құрған соң жылататын да, жұбататын да сол. Тым шектен шығып кетпесе, олардың татулығы мен қатулығына қайын жұртының әсіресе енесінің араласуы — өрескел қылық. Бұл екі жасты біріктірмейді, қайта араларын аша түседі. Көңілдің сызаты қалыңдай береді. Көңіл де — шыны терезе ғой. Абайсызда сынып түсуі ықтимал.

Қыз періште ғой. Осы Нұрсұлу жарық дүние есігін ашқанда, өз шаңырағына іңгәлап келген алғашқы немере болған соң шығар, атам мен енем ерекше мейірленіп: «Тілекші ғой. Ертең өзіңе қолғанат, кейінгі көрінген жамандарға жетекші, бас-көз болады. Бетінен көп қақпай, еркін өсіріңдер», – деп жарыса айтып отыратын. Айтқандары айдай келді. Бірін-бірі жетектеп ұядағы балапандай тату, үлкенінің ескісін кейінгісі киіп өсті. Бір үйдің іші емес-ау, бір көрпенің астында өскен соң қалайша ауызбірлікте болмасын?! Қазір ғой, бала сайын бас-басына бөлме бермесек көңіліміздің көншімейтіні. Кейбіреулердің жат бауыр боп кететіні де содан шығар...

Қазағы қалың, ұлттық дәстүрді қатаңдау ұстайтын ортаға келін боп түскенде де сол жанды ерітер биязылығы, тиянақтылығының арқасында судай сіңді ғой. Әйтпесе, күнделікті жұмыспен, жас сәбімен арпалысып жүріп, ененің бабын табу оңай соқпаған шығар. Қазірде өзі де әже атанды. Медицина саласындағы бір жауапты мекеменің басшысы. Ізінен ерген іні-сіңділеріне:

– Жарығым, апаларыңның бетіне жел боп тимеңдер. Сендердің бірінді жетектеп, екіншіңді сүйреп жүріп ержеткізуге сіңірген еңбегі өлшеусіз, – деп үнемі құлақтарына құйып отырамын.

Орган қолдай үш күйеубалам бар. Бәрі де аналарынан ақ сүт емген, адал, адамгершілікті.

Нұрсұлуымның жұбайы Рысқұлбек Шымкентте туып-өскен, мамандығы дәрігер, қолы ашық, мінезі мәрт мың болғыр.

Ғалиямның жолдасы Амангелді өз аулымыздың баласы. Инженер болып қызмет істейді. Құда-құдағиымыздың маңдайына басқан жалғызы.

Сүт кенжем Рыстының сүйген жары Рашид. Астрахань облысында дүниеге келген. Сәулетші. Қазақшаға шорқақ еді, тілі сынды.

Қарап отырсам, әрқайсысының мінез, болмыстарында ерекшеліктер бар. Бірі – ақ көңіл, екіншісі – ерке, үшіншісі жұмсақ жүректі...

Үшеуінің де көңіл түкпірлерінде тазалық жатқанын танып, алаламай-құлаламай аналық мейірімді төгемін.

Қыздарыма «бізден кеттің, иелеріңе жеттің, күйеулеріңнің, ата-енелеріңнің бабын табыңдар, күтіндер» деймін. Анда-санда ұртын бұлтитып өкпелеп келсе: «Муж и жена, с одного сатана» – бар, үйің бөлек, күйің бөлек, іштегі сөзді сыртқа шығармаңдар, – деп ұрсып жіберемін.

– Ойбай, не дейді, бұл не қылғаны, келсін алдыма, екі аяғын бір етікке тығайын, – деп ысқырынып отырсам, кімге татулық ойлағаным? Осы сөзді арқа тұтқан қыз қит етсе жетіп келіп, үйіңнен шыға ма?

Жарығым, күйеубалаларым, менің сол туралығым — мәз...

Мінсіз пенде баласы жоқ. Міннің көбі — мінезден.

Осы жасқа жеткенше жібектей есілген жайсаңды да, жөн сөзге тоқтамас қайқанды да, бәтуалы пікірі жоқ майпаңды да көрдік. Соның бірнешеуін өмірлік мысалмен дәлелдесем, жеткіншек ұрпақ, шешеміз көре-көре кезбе, сөйлей-сөйлей езбе болып кеткен екен дей қоймас.

Махамбет селосында тұрғанда есікпесік көршіміздің ұлы көрші ауданнан келіншек түсірген. Бала мен келін тату-тәтті. Енесі түскір ғана адуындау, шайпау мінезді-тін. Жас келін деген балауыз сынды. Ісмер қолға түссе көркіне көрік қосады. Ал, олақтау біреуге тап болса олпы-солпысы көбейеді. Көрер көзге сиқынан айырылады. Келін мен ененің арасындағы келіспеушілік, кермалдық ауылдан асып, төркін жұртына да жетсе керек.

Төбеден қорғасын бұлттар қаңтардағы бурадай желіп көшіп, ауық-ауық жаңбыр сеуіп өтіп тұрған мазасыздау күн-тін. Көше басынан кірген жүк машинасы екпінін көрші үйдің алдына келіп барып, суыт тоқтады. Ішінен бірер ақжаулықты түсті. Е, күннің жайсыздығына қарамай жолаушылап жүрген құдайы қонақ шығар деп, қапелімде мән бергеніміз жоқ. Сүт пісірім өткен жоқ, әлгі машинаға жүк тие-

ле бастады. Аяқ-табағымыз араласып кеткен көршінің үйіне беймезгіл бір жайсыздықтың келгенін сезіп мен де барайын. Алыстан келген жолаушылар дегенім қыздың үлкен апасы да, жанындағысы туған жеңгесі екен. Сөзбен шарпысып болса керек, бір-бірін көзбен атып жыға алмай тұр. Келін бір бұрышта бүрісіп екі иығы селкідеп, үнсіз жылайды. Көрпе-көпшігі жауынмен арпалысып машинаға тиеліп жатыр. Жайлап басып келінге таяп сыбырладым.

— Қарағым, ақ сөйлеші, шынымен-ақ кеткің келе ме?

— Жоқ, апа, күйеуімді сүйем. Тек енем ғана...

— Онда тырп етпе! Қазір ана төркініңнен келгендерге «осы босағада өлем» де. Енді қозғалсаң бітті, бағыңнан айырылғаның. Менің саған жамандық тілемейтінімді білесің ғой.

Жүргізуші жігіт қызылтанау боп келіп:

— Ал, жүк тиеліп болды, — деуі мұң екен, тістеніп тұрған апасы мен жеңгесі орындарынан сілкіне қозғалды.

— Әй, қыз, ендігі жерде сенің зарыңды естімей-ақ қояйық. Мін, машинаға! Қалсын омалып өздері. Өңшең көргенсіз, көксоққан...

Араздықпен ат құйрығын кесіскелі жатқандар сөзден тартынатын ба еді?!

— Жоқ, мен ешқайда кетпеймін! Өлсем осы босағадан шығамын, — десін келін тайсалмай.

Бұлтсыз күнгі найзағай осындай-ақ болар!  
— Мына жүзіқара не дейді-ай! — деп ат арытып келгендер сілейді де қалды. — Шашынан сүйреп мінгізейін машинаға! Жердің үстімен келіп, астымен қайтамыз ба, енді?! Бұл қай мазағың!

— Ал, құдағилар, екі жас өзара тату, алтын арқау үзілген жоқ. Отбасы, ошақ қасы болған соң шыны-аяғы құрғыр шылдырламай тұра ма? Артық-ауыз сөзді, өкпенің бәрін жіпке тізіп моншақ ғып сылдырлатып отырсақ, сау шаңырақ қалмас. Келінжан кесімді сөзін, айналайын, айтты ғой. Енді қинай бермеңдер. Алыс жолдан шаршап келіпсіздер, дем басып, біздің үйден бір шәй ішейік, — деп буынсыз тілді мен де қинайын. Қатты-қатты сөйлесең мұсылман діннен шығады. Жылы-жылы сөзім шабынып тұрған екі келіншектің буынына түсіп, үйіме бастап келдім. Шәйімді демдеп құйып, маңдайларын жіпсітіп, құрыс-тырысын жазып, есік алдына қайта шықсақ, тиелген зат кері түсіріліп, орнын тапқан екен. Бұлт іргесі де сөгіліп, жаңбыр басылыпты. Жұпардай самал есіп тұр. Қыр асып, машинаның дауысы құлақтан өшкенде мен де — «уһ!» — деп тең бір дем алдым.

Қазірде сол келінім алты-жеті баланың анасы. Күйеуі елге қадірлі басшының бірі. Құдай көпсінбесін, қос-қостан немере сүйіп

отыр. Бір ашудың кесірі бүгінгі осы ражайып көріністің бәрін тас-талқан ететін еді. Пенде демейін, зәуімен періште қақты ғой...

Тағы бір құдағидың хикаясы көптік етпес. Кейінгіге тәлім болсын деген ой. Ол да көп көршінің біреуі-тін. Күйеуі бақи кешкен соң ұлын үйлендірген. Құда шақырыс болып, салт-дәстүріміз ғой, ата-анасы ағайын-тумасымен бірге келіп қыздың затын әкелген. Қонақпен қонақ болып қайтем деп, қазан-ошақ жағын көп жағаладым. Шәй ішіліп болып, ас түсіріліп, сары ала табақ жасалып, бас пен жамбастың буын бұрқыратып көтеріп, төргі үйге кірмеймін бе? Шырайлы отырыс, әзіл-қалжың сап тыйылған. Құдалардың алды «ендеше кетеміз» – деп қопаңдай бастапты. Шошып кеттім. Оқиға былайша өрбіпті. Әдетте шәй ішіліп болған соң, қыз жағынан келгендер сандықтарын ашып, алып келген дәмдерін дастарханға қоятын. Сый-сияпатын әр шаңырақты атап тұрып, үлестіретін. Қаумаласып отырғандар алыстан келген дәм десіп ішпей масайып, жемей тоятын. Сосын жеңгелері қыздың затын шығарысып, үйді жайнатып төсейтін. Түрлі ағаш, өзге де темір-терсекті табыс ететін. Осы жоралғыны орындайық десе, әлгі көрші жесіріміз:

– Әдіре қалсын, ондай шірік өзімізде де жеткілікті, – деп ернін қайқайтыпты. Байсыз әйел – баусыз оймақ деген. Жазған шіркін-

нің жөн білместігі ме, долылығы ма, әйтеуір сыйластық күрт үзілді. Нәтижесінде екі жас ажырасып тынды. Қос сәби жетім қалды. Кінәлі — орнын таппай айтқан бірауыз сөз! Сөз — кие дейтінім содан.

Атасының жағасына жармасып, иығымен түйіп жыққан келінді де мына шыққыр көз көрген. Кімнің қызы дейсіз ғой. Әкесі — ұстаз. Зәбір шеккен атасы — бірдей бір мекеменің директоры. Ақыр аяғында атасы мен келін, құда мен құда қоймай соттасты. «Шалқайғанға шалқай» десті бір-біріне. «Еңкейейікші» дескен бірі көрінбеді. Әрі-беріден соң ғалым мен бастық болып, дәреже соттасты. Жеңісе алмады. Бақандай үш ұл тірі жетімге айналды. Келінге тағы бір таяқ жейтін ата табылар-ау, ал үш ұлға әке ше?..

Жастық шіркіннің алып-ұшпа етқызуы талай тағдырды табыстырып та, шабыстырып та жүр. Соның бірінің куәсі болғаным бар. Емханамызға жоғары оқу орнын бітірген жас жігіт келіп, қызметке орналасты. Бәкене бойлы, жұқалтаң, ал іске келгенде жем жеген аттай жұлқынып тұрған елгезек. Көп сөзі, қақ-соқпен ісі жоқ. Сыптығыр, сүйріктей бір мейірбикеміз бар-ды. Екеуі табысты. Жастың тілегі бір демей ме? Бақтарың ашылсын дестік. Жасырып-жабары не, әлгі мейірбикеміз орынды, орынсыз сөйлеп қалатын тілді еді.

Бiрақ артында кегi жоқ, ақ көңiл. Көп өтпедi, аралары нiлдей бұзылды. Сезiп, бiлiп жүрсек те, орынсыз килiгудiң ретi жоқ. Алдыңа ақыл дәметiп келсе, жөн басқа.

Жоғары бiлiмдi дәрiгерлердi әскерге шақырып жатқан тұс-ты. Мақтап жүрген жас жiгiтiмiз суыт жиналды да қызметiн өткiзiп, жер шетiндегi Владивосток қайдасың?» – деп тартып отырды. Айран-асыр боп бiз, Айға шапшып қызымыз қалды. Бiрде алдыма отырып алып солқылдап кеп жыласын.

– Бұрын-соңды қатын боп қапқа тары салды дейсiң бе? Апа, бәрi өзiмнен... ол кетiп құтылды. Байқамайды екем, шындап сүйедi екем. Ендi күнiм қараң. Туған апамдай сiзге бауыр басып кеттiм. Сөз көмегiңiздi де, қол көмегiңiздi де аяй көрмеңiз. Не iстеймiн?!

Қой, болмас деп, қызметтестерден үш сом, бес сомнан жинап, әжептәуiр қаржы топтадым да, алақанына салдым.

– Көз жасыңды көдетпей бар, артынан. Керзi етiгi салаңдап ол да қайбiр жетiсiп жүр дейсiң. Басқа пәле – тiлден. Сақ бол. Ығына жығыла бер, – деп қыруар ақыл айтайын.

Қызымыз Владивостокқа барып поездан түскенде, «ендi сен кәшiрдi көрмеспiн», – деп безiнiп кеткен жiгiтiмiз бүлкiлдеп жүгiрiп, алдынан шығыпты. Сырт өлкеде екеуi әжептәуiр тұрып, жарасып елге оралды. Қазiр немере

сүйген ата мен әже. Қызымыз той-топырда менен көрген аз жақсылығын айтып, әлі күнге құлаштап сөйлейді-ай дейсің... Іштей күлемін де қоямын. Өй, жастық-ай!

**А**ЙНАЛАЙЫН, халқымызбен бірге ежелден жасасып келе жатқан, санасына жазылып қалған тыйым заңдары бар. Ол жасқа да, жаса-мысқа да ортақ. Адамаралық қарым-қатынастан, табиғат пен оның тылсым құпияларының сырына үңілуден туған бұл шектеу – далалықтардың ұлы мәдениетінің бір көрінісі. Әрі-беріден соң бұл әдеп, иба, тәртіп. Мұны қазіргі көзқараспен айтсақ, ТАБУ деп қабылдаған жөн.

Кейінгі жастарға үлгі-өнеге болсын, сол тыйым заңдарының бірсыпырасын себеп-салдарымен қоса айтып өтейін.

Үйге атпен шаппа – бұл жау таяп қалғанда не өлімді хабарлағанда ғана болатын жағдай.

Жасы үлкеннің алдын кеспе, сөзін бөлме бұл – құрмет.

Бас киіммен ойнама, біреуге сыйлама қонған бақтан айрыласың, басың бірікпейді.

Ошаққа су құйма – өз отыңды өзің өшірме.

Бос бесікті тербетпе – ұрпақсыз қаласың.

Жылқының құйрық, жалын күземе – тұл қалғанның белгісі.

Малды басқа ұрма, теппе – ырысыңнан айрыласың.

Кешқұрым ұйықтама – жын-перi көшетiн кез.

Айға қолыңды шошайтпа – қасиеттi.

Жерге түкiрме – Жер-Ана, анасының бетiне ешкiм түкiрмейдi.

Нанды баспа – киесi ұрады.

Түнде суға барма – суперiсi қағуы ықтимал.

Екi бүйiрiңдi таянба – қайғы, қасiрет белгiсi.

Бөгде адамнан қайда барасың? – деп сұрама – көргенсiздiк.

Сорпа, шайды үрлеп iше – дегбiрсiздiк.

Жай отырып уңiлеме – уайым, қайғы шақыру.

Қолыңды төбеңе қойма – дүниеден безiну.

Табаныңды тартпа – бейнет шақыру.

Таңдайыңды тақылдатпа – жаман ырым.

Өтiрiк жылама – құдай шын жылатайын десе қиын емес.

Жердi таянба – торығу.

Босағаны керме – жазаланудың белгiсi.

Табалдырықта тұрма – суыт хабар жеткiзгеннiң белгiсi, төр киелi, табалдырық ұнамсыздау орын.

Кiсiге қарап есiнеме – әдепсiздiк.

Кiсiнiң басынан кертұқыл алма – басынан тоқпақ кетпейдi.

Күйеубала қайын жұртына барғанда бас ұстамаған, дастарханға бата бермеген, сүйекке түспеген.

Келін атасымен, қайнағаларымен қол алысып амандаспаған – әдепсіздік саналған.

Әр тыйым заңының астарында халқымыздың өмірлік пәлсәпасы жатқан жоқ па?..

**А**ЙНАЛАЙЫН, айталық, сіздің әулет өсіп-өнген үлкен жанұя делік. Демек, өзіңнің ата-тегің, үрім-бұтағың, ағайын-туысың көптеп саналады. Олардың әрбірінің еншілі өз атауы бар. Осыны ұмытпаған абзал.

Қазақ «жеті атасын білмеген жетесіз» деп, ол адамға үлкен мін таққан. Жеті атаға дейін қыз алып, қыз беріспейді. Мұндай шартты ілеуде бір бұзған әдепсіз табылса, бұрындары қатаң жазалап отырған. Бір қаннан тарағандардың некелесуінен әлжуаз, аурушаң, ақыл-есі кеміс ұрпақ өмірге жиі келетінін заманауи медицина ғылымы да дәлелдеп шықты. Көреген бабаларымыз адам түгілі малдың да биологиялық ерекшелігін жіті танып-біліп, үйірге айғырды, отарға қошқарды, табынға бұқаны басқа жерден әкеп салған.

Жеті атаның тізімі – әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат. Сегізінші – жүрежат, тоғызыншы – жекжат, оныншы ата – жұрағат болып өрбиді.

Туыстық атаулары былайша жіктеледі:

Баба – арғы ата, ата – әкеңнің әкесі, әже –

әкеңнiң шешесi, өгей әке – шешеннiң екiншi немесе үшiншi күйеуi, шеше – туған анаң, өгей шеше – туған шеше, ұл – ер бала, қыз – әйел бала, өкiл бала – бауыр басқан бала, өгей бала асырап алған, әйелге ерiп келген бала, бөле, қарын бөле – бiр туған апалы-сiңлiлi екi қыздан өрбiген ұрпақ, нағашы – шешеннiң бауырлары, жиен – қыздан туған бала, жиеншар – жиеннен туған бала, жезде – апаның күйеуi, күйеубала – қарындастың ерi, байы, күшiк күйеу – әйелiнiң қолына кiрген еркек, бажа – апалы-сiңлiлi немесе туысқан екi қызға үйленген ер адамдар, балдыз – әйелiннiң жасы кiшi бауырлары, жеңге – ағаның әйелi, абысын – екi ағайынды жiгiттiң әйелi, келiн балаңның, жасы кiшi туысыңның жұбайы, қайын ата – ерлi-зайыптылардың әкелерi, қайын ене – ерлi-зайыптылардың шешелерi, қайынаға ерлi-зайыптылардың ағалары, қайын апа – күйеудiң апасы, қайын бике – әйелдiң жасы үлкен апасы, құда – ерлi-зайыптылардың атасы, құда бала – құдандалы адамдардың ер баласы, құдаша – құдандалы адамдардың қызы.

Ағайынның атауын бiлмеген, көпшiлiк iшiнде шатастырған ұят саналады. Туыс, жекжаттың молдығынан шығар, «қарға тамырлы қазақ» атанғанымыз. Бұл қазекеңнiң бауырмалдығының бiр дәлелi...

**А**ЙНАЛАЙЫН, тіршіліктің алуан сырын оймен өлшеп, көңілмен таразылап отыратын ата-бабамыздың енді үш аша пәлсәпасына зейін қойшы.

Үш қадірлі – ырыс, бақ, дәулет; үш қадірсіз – жастық шақ, денсаулық, жақсы әйел; үш үміт – сауығамын деген аурудың үміті, байимын деген кедейдің үміті, кетемін деген қыздың үміті; үш қазына: ер қазынасы – жүрген із, ел қазынасы – көнекөз, тіл қазынасы – ескі сөз; үш мұрат: сауда мұраты – ұту, жол мұраты – жету, дау мұраты – біту; үш байлық – денсаулық, ақ жаулық, он саулық; үш ана: бұлақ – су анасы, тұяқ – жол анасы, құлақ – сөз анасы; үш дауасыз: тұмақ дауасыз, кәрілік дауасыз, өлмек дауасыз; үш тұл: қайратсыз – ашу тұл, тұрлаусыз – гашық тұл, шәкіртсіз – галым тұл; үш арсыз – күлкі, ұйқы, тамақ; үш алыс – көк пен жер арасы, жас пен кәрі арасы, жақсы мен жаман арасы; үш гайып – дидар гайып, нәпсі гайып, несіп гайып; үш қасиет: өліде – аруақ, тіріде – кие, аста – кепиет; үш тоқтам – ой, ақыл, шешім; үш кемшілік – атың жаман болса – жалғанның азабы, алғаның жаман болса – дүниенің тозағы, балаң жаман болса – көрінгеннің мазағы.

Басқан ізіңнен садаға кетейін қара шалдардың осы ақылының өзі-ақ кеудеңе нұр құйып, көкірек көзіңді ашпай ма? Айтылар өсиеттің бәрі айтылған зой, тек ұғар ұрпақ болса...

Баяғыда Махамбет ауданында аурухана-

да істеп жүргенімде міне, бұзылғалы тұрған талай отбасын татуластырғаным бар. Оқуды енді бітіріп келген солқылдаған қыздар мен жігіттердің ортасында жүрдім ғой. Біреуінің қабағынан татау көрсем, көзінен мұң байқасам, дереу асханаға шәй қойғызамын.

— Кел, отыр қарғам, көңіл күйің бұзылып, жағдайың болмай жүр ғой, жасырма, шыныңды айт, — деймін. Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады, қатты-қатты сөйлесең қайтадан кіріп кетеді. Шәйға қанып, маңдайы жіпсіген соң бар шерін ақтарады.

— Апа, атың жаман болса, сатып құтыл, қатының жаман болса, қашып құтыл деген, әйеліммен айырылыспасам болмас, — деп талайы ашу-ызасын қоса құсады.

— Әй, қарғам, жаман қатын болмайды, жаман еркек болады. Жібекті түте алмаған жүн етеді, әйелді күте алмаған күң етеді, кінәнің бастысы өзінде. Азамат емессің бе, — деп әлгіні жарға тақап алып, үйінен әйелін шақыртамын.

— Үйленерде берген уәдесін орындамады. Шатырлап үй салам, аяғыңмен жер бастырмаймын, машина алам, үлде мен бүлдеге ораймын деген. Бірін орындаған жоқ, — деп бір жас дәрігердің келіншегі сайрап отыр.

— Бетің айдай болсын, — дедім. Сен күйеуге шығарда кімге тиіп жатқаныңды көріп-біл-

дің бе, өзі? Бұл кеңшар директоры емес, бар болғаны ақ халатты дәрігер ғой. Тыққан қазынасы болмаса, бұған ондай байлық қайдан келсін. Бастарың жас, бөпелерің бар, еңбек ақыларыңның ауысқанын құраңдар. Сонда ғана қолдарың жетеді, әрі дүниенің қадірін білесіңдер.

— Үйленер кезде төбеңнен құс ұшырмаймын деп мені алдады, — дейді әлгі жас келін алабұртып.

— Қарғам, алатын адам не айтпайды. Махаббаттың шоғына пісіп жүргенде айтса айтқан шығар. Соның бәріне сене берген өзіңнен көр. Сонау Термезден Новобогатқа алып келерде ана жүрген ағаң да маған талай нәрсеге уәде берген. Келсем он екі де бір нұсқасы жоқ. Сонда торсаң қағып кері кетіп қалсам, не болғаным? Қазірде көріп отырсыңдар, Құдайға шүкірміз.

Екеуі асханадан қол ұстасып шыққан.

*АЙНАЛАЙЫН, біз кейде өзімізге үлгі тұтарлық идеалдарды алыстан іздеп, жер-жаһандағы мысалдар мен қитаталарға жармасып жатамыз. Өзіңді қоршаған ортаның парасаттысы мен пасығына, жүйрігі мен жасығына, ойы озығы мен ортақ қолына жете мән бермей, көкжиектің ар жағына көз тігіп, құлақ тосамыз. «Өз то-*

пырағында пайғамбар жоқтың» кері-дағы. Буынды шөптің үстінде, бұлтты көктің астында екі аяқты, жұмыр басты, жанын-аманат, демін-кәсіп ғып небір арыстар мен арулар жүр ғой. Менің айтпағым да соның бірі. Адамгершілік жайлы жыр. Ана жүрегі туралы толғау.

Оның азан шақырып қойған есімі Нұрпаиш-тын. Әлдекімдей жылтыраған жүзі ғана емес, жан дүниесі де сондай нұрлы. Махамбеттегі ауруханада қатар қызмет жасадық. Қарапайым ғана медбике. Күйеуі өкпе ауруынан біраз жыл арпалысып, ақыры жеңіліп тынды. Қолында қалған жалғыз қарғасымен бірге жадау тірлікпен жағаласа-жағаласа қажыған шығар, әйелі бақи кеткен ауылдас, сыр-білгі азаматтың етегінен ұстады. Оның да ұядағы сары ауыз балапандай шүпірлеп отырған бес баласы бар. Атам қазақ «екі жарты бір бүтін» деп жататын. Бұл жанұядағы құрау-құрау жүректер одан да асып кеткен жоқ па? Алдының арқасынан қағып, маңдайынан сипап, соңының мұрнын сығып өсіріп, ерін тәрбиелеп, өзі жұмыспен жағаласып жүріп-ақ, ел қатарынан оза шаппаса да кейінге қалмады. Етегі құтты екен, жаңа шаңырақты іңгәга бөлеп, жеті бала және тапты. Сөйтіп, үйірі басқаны нөқта қосты, үйі басқаны өмір қосты. Айналасын думанға бөлеп жататын өз етегінен өргені бар, өрмегені бар он үш баланың ешқайсысын бөліп-жарып жатқан Нұрпаиш жоқ. Тәртіп ортақ, талап бірдей, тәттісі – аузына, қаттысы –

арқасында. Бірі – мал жайғап, екіншісі – су тасып, үшіншісі – үй жинап әйтеуір әке-шешесінің жеңілін – жерден, ауырын – қолдан алып бәйек болып жүргендері. Мұның бәрі ананың ізгі жүрегінің арқасы. Әлдекім сынды өзі тапқанының төбесінен құс ұшырмай, өгейін өзекке теуіп, күндей күркіреп, найзағайдай жарқылдап албастының апасы құсап отырсаң қасыңнан адам түгелі айуан қашып кетер.

Адамгершілігі әуезе ғып айтар Түсекеновтердің отбасы осындай-тын. Жапырақтары жайылып ұлы – ұяға, қызы – қияға қанат қағып жатты. Өмірдің қай сапарында жүрсе де бір-біріне деген мейірімдері үстем. Жалғыз бала жар басында ойнаса, көп бала көлдеуде ойнайды деген сол.

Көп қуаныш көңілдерін қос қолтықтан көтеріп, шалы аталық жасқа жетіп иекке сақал байлап, Нұрпашымыз ақ жаулықты кейуана атанған шақтарында бір қайғы қапияда соғып, есеңгіртіп кеткені. Әлгі бес баланың бірі кешқұрым жұмыстан келіп монша жағып, келінмен бірге жуынып-шайынады. Пештен түтін қайтқан ба, әлде мұржа бітеулі тұрған ба, ыстық бумен араласқан газ бойларына меңдеп, улай берген. Мезгілсіз кешіккендерінен сезік алып, есікті бұзып ашса, тағдырдың ісіне не шара, ерлі-зайыпты екеуі де жантәсілім етіп кетіпті. Соңдарында ұлардай шулап төрт жетімек және қалды. Қыршынынан қиылған екі жастың кәделерін атқарып, топырағы суыған соң

ағайын-туманың арасында әлгi жетiмектердiң болашақ тәрбиесi сөз болмай ма? Оған қолында бөлiп берерi болмаса да, ауыз өзiмдiкi дейтiн ауылдас, абысын-ажын және қосылып пiкiр шаптырысады.

– Нұрпаиш сорлының осы шаңырақтың майлық-сулығында жүргенi аз ба? Жетiм бағуды Құдай маңдайына жазып қойған десейшi!

– Сәбилердiң нағашы жұрты бар, бөлмей-жармай солар қолына алар. Бақсын-қақсын, кiмге қарап телмiртiп қояды?..

– Жеке үй болып кеткен аға-апалары бiр-бiрден бауырларына бассын, ержетiп, естерiн жиган соң өздерi-ақ табысар. «Жетiм қозы маңырап жүрiп отығар» демей ме.

Ортаға ақыл тастап отырғандар аузын жиганда қайғы жеп, ащы көлдiң шабағындай бозарып отырған Нұрпаиш: – Ишiме сыйған бала сыртыма да сыйған. Немерелерiмдi ендi ешкiмге жау-таңкөз ете алмаспын. Ел тыныш, жер қарада шырылдап қалған құлындарымды бiр-бiрiнен бөлейiк дегендерiңiз не сұмдық?! Жатбауыр боп кетпей ме? Жер таянып қалғаниша ендiгi жерде шыбын жаным осылардың үстiнде болар, – дептi сонда.

Ай, Нұрпаиш-ай, ерсiң зой. Жер бетiнде өзiңдей жақсы адамдардың барлығы үшiн де өкiнбей, өмiр сүруге болар. Он жетi жетiмдi бағып, елуден аса немере сүйген саған Аллекем жұмақтан бiр орынның қияр-дағы.

Сол Нұрпаиш қазiрде үш бөлмелi шағын үйде

қысылып-қымтырылып отыр. Көңілінің дарқан-дығын қайтейін, қиналып қалатын кездері аз емес. Осыны көріп отырып кейде жергілікті жердегі әкімқараға өкпелеймін. Өз аяқтарымен бармай-ақ қойсын, шақырып алып:

– Ал, ана, үйіңізді кеңейтіп берейік немесе жаңадан салып алыңыздар, қаржымен көмектесейік. Мынау жасаған жеңілдігіміз, анау атаған бәсіреміз. Тағы не қалайсыз? – деп тұрса, сол садағаң кетейіндер отырған құйттай креслоларынан сусып түсіп қала ма? Қайта кішірейген сайын қарапайым ел алдында мәртебелері биіктеп, өркештенен түспей ме? Жоқ, ләм-мим үнсіз. Ал, әлгі жетімектерді мұрнынан тізіп «Балалар үйіне» өткізсе, оң-солын танып кеткенше үкімет қаншама қаржы шығарар еді?

Қақалып қалса да Құдайдан бірдеңе дәмететін сұрамсақ біреулер болса сөз басқа.

Жақсы әйел – жарты иманың.

Осы дәрежеге жету үшін қаншама тәлім, үлгі-өнегені көру керек. Іштен біліп ешкім тумайды. Тәрбие ұлға да, қызға да бесік пен босағадан басталады. Өсе келе «ұлым – дарақы, қызым – сорақы, келін мен бала екі айыр, немереден не қайыр?» – деп бармақ тістеп қалмау үшін әкеңнің қабағы, анаңның сылап-сипауы айрықша мәнге ие.

Ұлыңды – жарығым, қызыңды – жалғы-

зым деп, iшер – тамақ, киер – киiмге тарықтырмай, қалтасына ақша тығып, сүт бетiне қаймақғып құр мәпелеу бұл тәрбие емес. Ұлтымыздың ар-иманын, ынсап-қанағатын бойына сiңiрмей өскен ұрпақ алдымен ата-анасының, сосын өз бетiн шиедей етедi.

Сауна қуалап, жалаңаштықты жаңалық көрiп, оң босағада отырып жүктi боп, кiмге жабысарын бiлмей, кейде той үстiнде: «Ойбай, белiм. Толғақ қысты», – деп жұрттың бәрiн шошытып жататын ерге де, елге де пайдасы кем шөпжелкелер әлгiндей әлжуаз тәрбиенiң нәтижесi емес деп кiм айтар.

Той үстiнде топты жарып ортаға шауып, жартылай жалаңаш омырауын сүт тайлақтың өркешiндей бұлғаңдатып тасыраңдап билеп, жөндi-жөнсiз сықылық атып, арақты – ұрттап, шарапты – сiмiрiп, құшақтан-құшаққа құлап жүрген қазақ қыздарын көргенде, зығырданым мұндай қайнамас. – «Уф!» – десе ұшып кетейiн деп тұрған мұндай қыздың етегiнен жөнi түзу ұрпақ өрби ме?

Той-топырда келiншектер үстiне ұзын етек көйлек киiп, шашын әдемі ғып түйiп келсе қандай салиқалы. Жиынның көркi емес пе. Мұның өзi бiле бiлсе кейiнгiге үлгi, тәрбие.

Кейде әжептәуiр жөнбiлгi келiндер сән қуып, өзiне жараспайтын, iшкөйлектен айырмасы аз ашық-шашық лыпаны иiнiне iлiп,

тыртып тұрғаны. Ауылдық жерде өткен бір құда шақырысқа қатысып отырып, жақсы көретін келініме өкпе айтқаным бар. — «Бері кел, алдыма жақында, — дедім — Сен ғой қылтып тұрған қыз емессің, төрт-бес баланың анасысың. Әрі құда күтіп отырсың. Бұл — үлкен міндет. Қонақ аз отырып көп сынайды деген бар, үстіңе киген көйлегіңе зер салып қарашы. Етегінің ұзындығына не берейін, екі жанын қара санға дейін жырып қойыпсың. Қазір құда тосқанда саның жарқырап, алдарынан қай бетіңмен шығайын деп отырсың? Сен осылай істегенде қалғандары қайтпек? Әлде Франциядан келіп пе едің? Немесе, дискотекаға барғалы жиналдың ба?»

— Ойбай, апа, кешіріңіз, асығыс абыр-сабырда қолыма түскені осы болыпты, — деп қысылып, көйлек ауыстырды. Енесі де сасып қалып жатыр.

Мезгілінде қаперіне салып, ескерту жасап отырмасаң жаман әдет жұққыш келеді. Көре тұра көрмеген болсам, біле тұра білмеген болсам, менің үлкендігім қайсы.

Туысқан өзбек жұртының тәнті ететін бір үлгілі ісі — жасы үлкенді ерекше сыйлайтындығы. Тіл қайтармау, алдын кеспеу, иіліп сәлем ету — парызды міндет саналады. Қарияны құрметтегеннен ешкім кішірейіп қалмас, қайта өз бедел-абыройың артып, тең-тұстардың

ішінде шоқтығың биік жүрер. «Сыйласаңдар кәріңді – жарылқармын бәріңді», – деген ең ұлағатты сөз деп білемін.

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Біз мінген пойыз доңғалағын тарс-тарс соғып жер тарпып, бел асып бара жатты. Купеге келіп қарсы алдыма жайғасқан кейуана уақыт шіркін шимайлап тастаған әжімді жүзін терезеге бұрып, үнсіз мұңаяды. Әлден уақытта өз-өзінен торығып – «yh!» – деп еді, онысы тереңнен ысқырық боп шықты.

– Шаршаңқырап келе жатырсыз ғой, – деймін көңілін аулағым кеп. Тынығып алсаңызшы.

– Өзекті өртеген бұ қайғы мені жатқыза қоя ма, замандас-ау, – дейді кейуана әжімі бетіне батыңқырап. Осыдан соң сыр-сұхбатымыз қоюлана түсті.

– Шал екеуміз үкінің баласындай үлпілдетіп қыз да өсірдік, алақанға салып аялап ұл да бақтық. Құдай зердесіне бермесе қанша айтқанмен болмайды екен. Бар тәтті аузында, жылтырақ біткен үстінде ел қатарлы ер жетті. Ешкімнен кенде қылған жоқпыз. Қызым тұрмысқа шығамын деді, шабылып той жасадық. Жасауын тиеген жүк машинасы орнынан ыңыранып әрең қозғалды. Қайтейін, алғашқы күйеуімен дәм-тұздары жараспады, ішкіш көрінеді. Екіншісі, тамырын инемен тескен нашақор боп шықты. Сорлы бала үшінші біреудің етегінен ұстаған, ол күйеуі алаяқ екен, үй-күйін көтере сатып қаңғыртып жіберді, қаңғыртып.

— Түу, мама, қойшы, ендi, — деп жоғары төсекте жатқан бiр келiншек басын қалқитты. Жаңа байқадым, бақсам, қызы осы екен.

— Құдайдан жасырмағанды адамнан жасырайын деп пе ең, жүзiқара, — деп күйiкқақты кейуана бiр тулап басылды.

— Содан өзге облысқа оқу iздеп кетiп, қара жұмысқа iлiккен ұлымыз бiр шүйкебасты сүйдiм, ойбай, күйдiм деп ертiп келдi. Тыраштанып жатып тағы шабылды. Сонда да ұлым: «Келiндерiңнiң мойнына алтын алқа, құлағына асыл сырға салмадыңдар, жаңа үй болып жатырмыз, жиһазға, жұмсақ кiлем мен тоңазытқышқа ақша бермедiңдер. Қайын жұртыма не бетiмдi айтамын» — деп торсаң қағып өкпелеп кеттi. Зейнетақыға қарап, бiр жiптi бiр жiпке әрең жалғап отырған бiзге ондай дәулет қайдан бiтсiн. Әкесi дүниеден озды, үстi-үстiне жеделхат салдық, iзiм-қайым хабарсыз. Кәделерi өттi, ат iзiн салмады. Бiр жапырақ қағазына зар еттi. Ел-жұрттан ұялып, ағайын-туманың бетiн көруден қалдық. Араға бес жыл салып iздеп барып келе жатқан бетiм.

— Ұлыңызбен жолықтыңыз ба?

— Тапқаным бар болсын. Iздей-iздей қызмет iстейтiн жерiне барсақ, монтер екен, ағаштың басына қонған торғай құсап төбеде бүрiсiп отыр. Сым жалғай ма, немене. Бiзбен алғашқыда биiк бағананың басында тұрып сөйлестi. «Жетпей желкең қиылғыр-ау, түс жер-

ге. Аспандап болған шығарсың» дедім... Күйіп кеттім ғой, күйіп... Мен өлген әкесін айтсам, ол баяғы ит жылғы алтын алқа мен сырғаны айтады... Қалған — көңіл, шыққан жан, кері қайттым.

Осы сорлы кейуананың қайғы-мұңын әзер тартқандай пойыз ышқынады.

— Жалғыз тұяқ қой, қайтейін... Көңілі далада жүр. Мен болсам бір көргенімді бір дүние деп келе жатырмын, — деп көпшікке бас қойды. Ұйқым шайдай ашылып кетті.

Атам жарықтық айтып отыратын «Бір атадан алты болымсыз туғанша, алты атадан бір азамат тусайшы», — деп...

Адамның басшысы — ақыл, шолғыншысы — ой, жетекшісі — талап, жолдасы — кәсіп, қорғаны — сабыр, қорғаушысы — мінез ғой, біле білгенге. Осының бәрін тең ұстасаң адамгершілік қасиетіңді сақтағаның. Ағайын-жекжат, жолдас-жораның ортасында сыйластықты ғұмыр кешудің өзі бір ганибет. Атақ-абырой мысқалдап жиналады. Оны жинау үшін де, ұстап тұру үшін де үлкен төзім қажет.

Ал, әр нәрседен көңіл қалып, кектеніп, қатыгез боп шығу оп-оңай іс.

Өзгені сыйлай білсең, өзің де сол құрмет биігінен көрінесің. Қонаққа жайған көрпең, өзің де төсегенің деп біл. Көңіл көңілден су ішеді деген сол.

Жастық па қайдам, мезгілсіз уақытта етігі

солақпандай, балшығы қолақпандай боп кіріп келген біреулерге қабағымызды шытып, үнде-мегенмен тыжырынып қалған кезіміз де жоқ емес. Атам ондайда байқап отыратын болса керек, ертеңіне жайбарақат қана: Шырағым, қонаққа тамағыңды берме, қабағыңды бер деген бар. Ырысыңды ішіп кетпейді. Босағада тұрмаңыз, төрлетіңіз, — деп, асығыс шаруамен жүрсе нан ауыз тигіз, көжеңді ұсын. Сонда келімді-кетімді кісі, көргенді келін екен, — деп риза боп аттанады. Көңіл шіркін бір атым насыбайдан да қалады. Бір сындырым нан, бірер жұтым көжеге бола көлдей абыройыңнан айырыласың, — деп санаңа сіңіргенде «әттеген-ай» дегеннен басқа шара қалдырмайтын.

## *АЙНАЛАЙЫН, сөз деген ұлы құдірет.*

*Дүниенің алғашқы бастауы сөз. Біреудің жұлдызы жанса, біреудің жұлдызы сөнетіні сияқты, сөз сөзге жарығын да, көлеңкесін де түсіріп тұрады.*

*Демек, сөзден қорқыңдар, оны абайлап, аялап, орнымен пайдаланыңдар.*

*«Бұл сөз менің жаным дегейсің» — деп X ғасырда Грегор Нарекации өзінің «Қасірет кітабын» тегін бастамаса керек.*

*Сөз — адамның ақыл-ойының, көзқарас көкжиегінің, парасат-пайымының дыбысталу түрі. Бір-*

ауыз сөзден дүние бүтінделеді де, бүлінеді де. Жалпы дұрыс қолдана білсе, сөзде магиялық қасиет басым. Жақсы сөз – бұлттан шыққан күндей боп көңілді жадыратады. Жаман сөз – жаныңа мұң құйып, қабырғаңды бір-бірлеп сөгеді.

Мәскеудің бір баспасөзі мынадай оқиғаны таңқалып жазды. Шағын деревняда алдымен көршінің екі иті төбелеседі. Соны себеп зып екі әйел ұрысады. Артыниша күйеулері жағаласады. Айғай-шуға келгендер білек түріседі. Ақыры деревняның барлық тұрғындары екі жақ боп қырғын төбелеске кіріседі. Нәтижесінде қырық адам ауруханаға жатқызылады.

Жағаңды ұстайсың. Ит иттігін жасасын, адамдікі не? Мәселе екі әйелдің алғашқы сөзінде жатыр. Намысқа тиер сөз айтпай иттерін айырып жібергенде немесе мән бермегенде дүние мамыражай қалпын бұзбас та еді. Амал не?

Сөз – оқтан да тез, қылыштан да өткір.

Сөз – мамықтан да жұмсақ, майдан да тәтті.

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Адам бауыр етi баласына да сын көзбен қарайды. Бұл – жек көру немесе кiнәмшiл-дiктен туған сезiм емес, қайта кемiсiн, көлеңкелi жағын нұрмен толтыру, жақсысын жани түсу. Ғұмыр кешкен орта, қоғам хақында да алуан ойға ат шаптыру, тездiң қалыбына салу, қай кезеңде де көрiнiс тапқан. Тек қана жақсысын көру – өсiрудiң жолы емес. Тек қана жаманын тiзбелеу – өшiрудiң де жолы емес. Мәселе, ақиқаттан әрi аттамай, иман-таразыға жүгiнуде, әдiлетiне құлауда.

Жалпы, қазақ мақтанға үйiр, қарақтарым. Мақтау мен мақтан жүрген жерде жел сөз бен күшiрлiк қоса қабат ередi. Шылауына жар-масады, шашасына оратылады. «Атасы сөзден өлген қазақ» деп жауырды жаба тоқығанмен, сөздiң де сөзi бар. Рас, дүниенiң бастауы – сөз. Бiрақ сөз iске, игiлiкке асса ғана халықтың кәдесiне жарайды, жыртығын жамайды. Алдамшы сағымға ерiп сөз қуып жүре берсең табарың, кәне?

Шет жұртты қарап отырсаң, «Мынау ана ғасырда салынған қаламыз, анау мынау дәуiрдiң көзiне айналған қорғанымыз, мұнда мынандай ұлылар ғұмыр кешкен, бұл солардың мұрағаттары мен мұражайлары» деп тiзбектей жөнелгенде, өзiң де бейне бiр солармен қоса қанаттас өмiр сүргендей күй кешесiң. Көңiлiңе

көп жайларды түйіп, көз құмарыңды аяусыз суарасың. Тіпті басқасын айтпағанда, ұлы Пушкинмен қатар келе жатқанда Анна Керн сүрінетін тас та бұ күнде қымбат жәдігерге айналған.

Бізде ше?

Малдың тісіне ердік, қыдыра көштік, домбыра құшақтап айтыстық, сөз-сойылын сайыстық деп арқа қыздырғаннан басқа жарытымды неміз бар? Қала салып едік, моңғол талқандады, егін салып едік Қоқан таптады деп құтыламыз. Исатай мен Махамбет киді деген торғайкөз сауытты көргенім бар. Батыр тұрмақ бала жігітке сыймайтын алақандай нәрсе. Қайдан тауып жүр? Махамбеттің мүрдесін зерттеймін деп Ноэль Шаяхметов қазып алған жалаугер ақынның бас сүйегін жоғалтып алып, бетімізбен жер басып жүріп әреңдеп тауып, Қаройға қайта тапсырғанымыз тағы бар. Бұл — Керн сүрінетін тастан гөрі қымбат дүние шығар. Әрине, біле білсек...

Ұлттық Ғылым академиясының қолжазба қорында нар беліне жүк болар жүздеген том ауыз әдебиетінің мұрасы жатыр дегенді естиміз. Бұл — ұлы байлық!

Түгендейік, жан-жағымызды қарманайық, сөзден басқа тағы неміз бар еді?..

Кешегі «Жібек жолының» кіндік шаһарына айналған Отырар мен Сарайшық жарты-

лай қазылған, омырылған қалпында күн жеп, көктің қос төлі — қар мен жаңбыр кеміріп, сәт сайын сыны қашып барады. Қазақ даласының әр түкпірінде кездесетін тоналған қорғандар мен жоғалған бәс жетпес қазынаның өтеуі кімнің мойнында? Әлкей Марғұлан сынды бір марқасқаның құлаңдай ащы дауысы неге құлақты жара естілмейді?!

Халықтық ақыл-ойдың ордасы — Парламентіміз де сөзге үйір. Бейне бір «Горе от ума» деген спектакль қойып жатқандай...

Малды екінің бірі баққан, сөзді қызыл тіл мен екі құлақты жекешелендіріп алған кез келген қазақ айтқан. Жүгенсіз жүйріктің үстіне отырғандай екі шалғайымыз делеңдеп шаба бергенше, айналамызға да бір қарайық та...

\* \* \*

Алматыда өткен алақайлаған бір мейрамда қызылды-жасылды киінген елдің қолынан «Казахстан — наш общий дом» деген ұранды көріп қалдым. Тұсынан ойланбай өтсең, несі бар, сүп-сүйкімді атау. Қазақтың елі мен жері біздің ортақ мекеніміз, мейірімді әкетайымыз, осында өсіп, жапырақ жайдық деген ишараны білдіретін сынды.

Ал, тайызын қалқымай, тереңінен сүзсең әлгі әшекей ұғымның бәрі әдірем калғандай...

Бір мысал. Кеңес дәуірінің аяқталар тұсын-

да халықтар достығы деген ерекше екпінмен көтерілдік емес пе? Өңкей пісміллә тұратын ауылда оны жоғары пафоспен жырлай қоятындай пәрмен қайда. Бөтен ұлттан бар-жоғы қыдырып жүріп там мен пеш салатын жалғыз орыс. Ауыл тұрғындары әлгінің берекетсіз тірлігіне бола ма немесе ішкіштігіне орай ма, тіпті еркелете ме, әйтеуір Едірей деп кеткен. Қырсық, қылғанда аудан басшылары сельсоветтен халықтар достығына факті сұрап, ол кісі шкафын ашып-жауып, факті таба алмай қиналсын. Қазақ пен қазақтың, еркегі мен әйелінің достығы халықтар достығы емес. Міндетті түрде екі-үш ұлттың өкілі құшақтасып жүріп, қойындасып жатуы керек екен. Гәп қайда! Ауданнан тапта-тап деп тызақтаған қоңырау күнде түседі. Не істеу керек? Ақыры Құдайдың өзі айдап әкелген Едірейдің есімі қағаз бетіне ілініп, озат еңбеккерге, ел-жұрттың қалаулы азаматына, достықтың шынарына айналды да кетті. Фактісі құрғыр да торғай сынды ғой, бір ұшып кетпесін деңіз, сонымен пешшінің аяқ асты қыдыр дарыған есімі ауданда, одан әрі өрлеп облыстық жиында құрметпен аталды. Бірақ оқыс келген мақтауды көтере алмады ма, қайдам, көп кешікпей әлгі байғұс өліп тынды. Бәрінен қызығы қыс өтіп, келесі көктемде басталсын. Күйеуінің шаппай бер даңқын естіген, қаза тапқанынан да ха-

бардар келiншегi көршiлес Астрахань облысынан бермен iздеп келсiн.

– Марқұм күйеуiм көзi тiрiсiнде осы елге еңбегi сiңген абыройлы азамат болыпты, маған жесiрi ретiнде дербес зейнетақы төленсiн, кезектен тыс үй берiлсiн, тағы да қыруар жеңiлдiктер көрсетiлсiн, – деп «Кейқуат салды кесiрдi, екi аяқты көсiлдiнiң» керiн келтiрсiн. – Әйтпесе ауданға, облысқа барып iзденемiн. Айналсоқтай бiр келдi, тепсiнiп екi келдi.

– Төрт жыл фашистен қайтпаған жүрегiм осыдан қайтса көрейiн, – деп кез келген iске ерсiнiп кiрiсетiн сельсовет, әлгiнiң төбесi қылт еткенде кеңсесiнiң iшiнде жорғалап бұғып, жортақтап қашқанын көрсеңiз. Өз өтiрiгiне өзi шырмалып, ақыры «халықтар достығының» жесiрiне үш-төрт iрi қарасының құнын берiп, зорға құтылыпты десетiн.

Әне, «Общий домның» «жемiсi».

Жарайды, өткенге салауат, ал егемендiк алған шақта ендiгiмiз не? Қазiрде Қазақстанға дүниенiң төрт тарабынан келгiншiлер құйылып жатыр. Бәрi де «общий домға» келдiк дей ме? Бұл сонда иесi жоқ үй ме? Кiм көрiнген кiрiп шығатын, уақытша тұрып кететiн жатақхана ма? Жоқ! Ендеше, қазақ деген бас иесi, ай мүйiздi Ата Заңы, айшықты тiлi, иманы, дiнi, тәрбиесi мен тәртiбi тайға таңба басқандай боп көзге ұрып тұрсын.

Қаламыз бен даламызда соғыстың зардабын көрген босқын едік, қашқын едік деп ауған, шешен мен тәжіктен келгендер алақанын кең жайып, ел кезіп жүреді. «Сауда – доспыз, асхана саламыз, базар жағалаймыз, арзан тауарға қарық қыламыз» десіп қытайлар қауқылдасады. Ормандай сыңсыған орысым біресе ішкі Ресейге ауа көшеді, аз тұрып тиянақ таппай артынша дүние-мүлкін теңдеп, кері келіп жайғасып, қоныстанып жатады.

Қағбамыз сынды қасиетті мекеннің дарбазасын қымтаңқырап ұстасақ қайтеді?.. Қара қазаннан қақпақ кетсе, иттен кейде ұят кететіні бар.

Мұрат ақын: – «Мен қауіп еткеннен айтамын», – демейтін бе еді.

**А**ЙНАЛАЙЫН, Төле биге сәлем бере келген әрі батыр, әрі шешен Шақшақ Жәнібек:

– Түзу мылтық, ұшқыр құс, жүйрік ит, мақтаншақ жігіт, ұрыншақ ат жидым. Бозбала болып ерлік қылайын ба, үлгі алып билік құрайын ба? – деп сұрайды емес пе. Сонда Төле би:

– Өгізді өрге салма, қанатың талар. Наданға көзіңді салма, сағың сынар. Досыңа өтірік айтпа, сенімің кетер, дұшпанға сырыңды айтпа, түбіңе жетер. Қару жисаң мылтық жи, жаяу жүрсең –

таяқ, қарның ашса – тамақ. Ит жүгіртіп, құс салсаң әуейі боларсың. Әйел алсаң, көркіне қызықпа, тектіні ал. Мақтанишақ жігіт жисаң – ұятқа қалдырар. Ұрынишақ ат жаз жарға жығар, қыс қарға жығар. Тымау түбі құрт болар, тұман түбі жұт болар. Елге бай құт емес, би құт. Қабырғадан қар жауса, атан менен нарға күш, ел шетіне жау келсе, батыр менен биге күш. Қарап отырғаниша бір нәрсеге жарап отыр, кәсіп болмай нәсіп болмас, ұлым, – деген.

Міне, қазақы сөздің құдіреті! Зердеңде болса, болашағыңа даңғыл жол салып беріп тұрған жоқпа?

Сөз тек қарым-қатынас құралы емес.

Сөз – адамзаттың ең гажайып ашылысы. Оның қасында Христофор Колумбтың құрлық ашқаны жай ғана көрініс. Ендеше, сөзге абай болайықшы...

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Халқымыздың сүйексінді ежелгі өнерінің бірі — айтыс. Қазақ даласында берілген айтулы астар мен дүбірлі жәрмеңкелерде өткен әр айтыс бір-бір тарихи оқиғаға тең. Өйткені, әр топтан кеп түскен баптаулы жүйріктей ақындар тым кеуделі, айбарлы һәм аса ділмар. Жамбыл, Құлмамбет, Нұрпейіс, Иса, Шашубай... әрқайсысы бір-бір тұлға емес пе?

Ел мен жер тарихы, жетістігі мен кемшілігі, баяны мен болымсызы өрелі айтыстың өзек-дініне айналған.

Халық осы бір ғажайып сөз майданын сусап, сағына күтiскен. Шын жүйрігін қапысыз танып, бағалаған. Бұл өткен күндердің көңілге қымбат елесі.

Көзтаса бола бастаған қымбат өнер қайтадан жалғасын тапты. Дән де құнарлы топырақта өседі. Ауыз әдебиетінің осы бір алтын желісінің үзілмегені зор қуаныш. Десе де, көңілде түйткіл де жоқ емес.

Қазірде қаулап өсіп келе жатқан жас ақындар көп. Талабы оң да, таланты ше? Салтанатты Сарайларда қошқар мүйіз оюлы әсем сахнаға шыға келісіп, өзара айтыса кеткенде көбінің жаттаңды жыры, тақырып ұсақтығы, ой, ұйқас әлсіздігі, жайдақ әзіл-қалжың бірден көзге ұрып, көңіліңді суытады. Бас шай-

қайсың да қоясың. Ал, iшiнде ылдидан салсаң төске озғандар жоқ емес, бар, әрине. Бірақ аз. Мықтаса бесеу-алтау... Ал, солардың жанындағы қолына домбыра ұстап, үстiне шапан киген калың топты қасиеттi сахнаға итермелеген ненiң күшi? Жасыратыны не, айтыс-бизнес көзiне айналған. Өйткенi, сахнада тұмсығы жылтырап, қос-қостан машина тұрады. Он ауыз өлең айтта ала бер. Осыдан кейiн қалай қолыңа домбыра ұстап, үстiңе шапан кимесiң? Меценаттық – ұлы қайырымдылық. Бірақ ат шығарып, атақ қуудың жолы емес.

Шынайы айтыс елдiң танымын көтерiп, рухани жағынан байытса, ал «әйтеуiр айтыс» онсыз да кiтап оқымай кеткен жұрттың жан дүниесiн жұтатады. Өнерге деген көзқарасын шегередi. Ең қауiптiсi осы!

Айтысып, бабамыздың көзiңдей, заманың сөзiңдей боп жүрген ұл-қыздарым! Қаттырақ айтсам, ғафу етiңдер. Сөз – кие. Оның қасиетiн ту етiп биiк ұстаңдар. Миллиондаған отандастарыңның алдындағы жауапкершiлiктi ұмытпаңдар.

Дүние деген қызыл түлкi болғанмен, айтыс – қызыл сөз емес қой.

Бiр келiншектiң жұмысқа көзi көгерiп келiптi.

Құрсын, бағым ашылмады, сотқар. Iше болды, ата жауы мен, көзiн ойнатып, жұды-

рығын білемдеп шыға келеді. Қашанғы шыдайын, төркініме кеткелі отырмын, — деп бұрқсарқ қайнап әрең басылды. Күйеуі де сазарып алған екен.

Мән-жайға қаныққан соң: — «Қарғам, келін, — дедім — азамат қой, жора-жолдасымен аңда-саңда ақ суды ұрттаса ұрттайтын шығар. Есіктен енді ене бергенде:

— Керенді ішкір, тағы массың ба, — деп шаптығуың жөн емес. Одан да, үнсіз шайын қой да, тамағын бер, төсегін салып жатқыз. Бүгіннің ертеңі бар, ретгі жерінде сары майдан қыл суырғандай етіп бипаздап түсіндір. Түсінігі жоқ азамат емес қой», — дедім.

— Менің де күтетінім осы ғой, — деп күйеуі жылап жібере жаздады. — Екеуінің жарасқанын көріп мен де үйіме қуанып қайттым.

Махамбетке бара қалсам қазірде егде азаматтар, сары қарын бәйбішелер: «Апа, сізді жоқтап отырамыз. Баяғы жөнсіздігімізді айтып күліп аламыз. Сіздің арқаңыз ғой...» — десіп қаумаласа кетеді.

Айналаңа тікен төгіп, біз тастама, шапағатыңа бөлеп із таста...

**А**ЙНАЛАЙЫН, арақ пен нашақорлықтан аулақ жүр. Адамзаттың буын-буынын жайлаған бұл дауасыз дерт жыл санап асқынып келеді. Жылағанның алдынан өкірген шығады деген, ішімдікпен арпалысып жүрсек, енді одан өткен сорақысына тап келгеніміз бе? Кейбір зерттеушілер адамның осы екі індетке деген әлсіздігін қоғамнан көріп жатады. Көп келісе бермеймін. Жұмыр басты пенде өз еркіне өзі ие болса, қоғам олардың аузына стақан тосып, тамырына ине салып жатқан жоқ қой. Қиындық атаулыны жеңер жалғыз жол ішіп – маскүнем, егіліп – нашақор болып кету ме еді?

Өз бойындағы кінәні өзгеден іздемес болар.

Осы адамзаттың үйелмелі-сүйелмелі екі жауы да о баста аз мөлшерде дәрі-дәрмек есебінде пайдаланылған. Жай дәрінің өз аз ішсең ем де, көп пайдалансаң у емес пе?

Мұсылман елінде осы ішімдік пен есірткіге ерте бастан қатаң тыйым салынған. Адамды ақ жолынан адастыратын, күнәнің қараңғы түнегіне қамайтын әзәзілдің тамырына балта шапқысы келген ислам діні, неткен көреген де қасиетті десеңізіші! Аз сағаттық ләззатқа бола жаны мен тәнін қоса-қабат ластан, есірік меңдеп, жанұясы мен өмір сүрген ортасына жеккөрінішті боп жүргендердің талайы көз алдымыздан өтіп жатыр. Таланттының маңдайын тасқа соқтырғанын, жалғызды жар басынан ұшырғанын қайтерсің?!

Өз еркіңмен абыройдан айырылғаннан бетер өкініш бар ма, жалғанда. Абыройда асау ат секілді, дер шағында ауыздықтап ұстамасаң жығып кетеді. Ерден бір түскен соң, қайтадан аяғыңды үзеңгіге іліктіру оңай емес.

Әзәілдің жетегіне ілінген небір жас жігіттердің азып-тозып, қу құлқын үшін сұрап – қайырышы, ұрлап – қарақшы боп кеткені әрі-беріден соң жеке жанұялық емес, қоғамның қасіреті деп білемін. Өйткені әр адам жас мемлекетіміздің баға жетпес байлығы, тұлғасы, тіреуші, болашағы. Заң жүзінде ішімдік пен нашақорлыққа қатал тәртіп енгізбесе егемендігімізге бірден-бір қатер. Осы келеңсіз жайтқа жаны төзбеген бір жазушының кезінде: «Менің Испаниям ауырып жатыр», – деп айқай салуы тегіннен-тегін болмаса керек. Бізден де:

– Менің Отаныма қауіп төніп тұр! – деп шырылдаған бір жәдігердің даусы неге құлақты жарып естілмейді? Неге бейжаймыз? Заманында ішімдіксіз той өткізейік деп басталған керемет бастаманың өзі ұмыт болуға айналды. Қымыз бен шұбат ұстап тұрып, ақ дәмнен ауыз тиіп айтқан тілек, берген бата қандай жарасымды! Атамыздың асы сайтанның суынан кем соғып па?

Дәрігер ретінде айтарым, ішімдікке бой алдырған әйел заты қайтадан үйірге қосылып жарымайды. Нәзік организм емге көнбейді. Ал, ер-азаматты сауықтырып алуға болар. Ғұмырдың бір-ақ рет

берiлетiнiн ескерсек, өз-өзiңмен жынданып босқа кеткен уақытың, төгiлген көз жас, тепкiленген абыройыңның өтеуiн қалай толықтырмақсың?!

Шырақтарым, шарап жайлы егiлiп-төгiлiп жазса да Омар Хаям аталарың сол әзәзiлдi татып та алмаған. Әлде арақ iшкеннiң бәрi атақты болып кетедi деп ойлайсыңдар ма?

Оқу, тоқуы мол ортан қолдай бiр жiгiт бар-тын.

Қызметте өсем деп ұмтылғанмен жолы болмады ма, сүрiнiп кеттi ме, қайдам, ақыры арақ пен есiрткiге бауыр басты. Кейiн көрсем, бетi көкпарланып, маңдайы шоқпарланып, иығына iлгенi арық сиырдың әукесi құсап солбырайып, берекетi әбден қашқан екен. Заман – ақыр, жер – тақыр.

– Қатын – айғыр, ер – пақыр. Оңбадым, апа. Сүрiндiм ғой, – деп мұң шақты.

«Кез келген сүрiнген сәтiңдi бақытсыздыққа балама, мүмкiн сенiң шын бақытың сол жерден басталар», – деген Лев Толстой. Азамат сүрiнген сайын шөлмек пен жыңды шөптен сүйенiш iздесе, қоғам азады, ұрпақ тозады.

Қиын сәтте бiр-бiрiңдi демендер, айналайын. Қиналған жаннан iргеңдi бөлек салма. Тас та таудың туысқаны. Адам түгiлi бiр-бiрiнен тас та қашып құтыла алмайды.

Жас ұрпағым, алдыңа арақ, қолыңа есiрткi

ілінгенде алдымен өз басыңды, сосын жанұяңды, өмір сүрген ортаңды, еліңді ойла, арманың мен мақсатыңды, болашағыңды ая. Анаң сені араммен емес, ақ сүтімен ауыздандырған...

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

«Артына ала шаң еріткен ұлы бәйгелерде бас жүлдені бермейтін бір тұлпар батпаққа батып жатыр екен», – дейді халық даналығы.

Жанына дүйім халық жиналыпты. Шу-шулейді, сауырға ұрады, бастан сүйрейді. Дәрмен жоқ. Керісінше, қайран тұлпар суырма батпаққа одан әрмен бата түседі. Сәске болды, қызыл бояуын ертіп іңір жақындады. Ел дағдарып, ақылман бір қарияға осылай да осылай деп ат шаптырады. Сонда жеделдетіп жеткен ақылман айтты дейді:

– Ей, халқым, тұлпарды қамшылап сендерге не болған? Ол оған намыс емес пе? Қайта одан сайын батпаққа бата түседі. Мұны құтқарудың жалғыз-ақ жолы қалды. Қазір үйір-үйір жылқыны қиқу сап жанынан қуып өтіңдер. Бұл деген аруақты ат қой. Сонда ғана өзін-өзі шығарар, – депті. Өңшең қыл құйрықты қасынан даланы дүбірге бөлеп шапқаңда әлгі тұлпар шыңғырып кісінеп қап, басын ғана қылтитып қойған батпақтан атып шықты, – дейді.

Кейде замананың батпағына батып қалатын даламның арыс ұлдары-ай, бір-біріңді қиқу сап осылай демеп жүрсеңдерші...

\* \* \*

Бұл — әпсана.

Бағзы заманда бір топ зағип жолға жиналыпты. Барар жері ну орманды сүзіп өтіп, тау-шатқалды кесіп өтіп жететін азапты сапар екен. Демек, жол бастаушы керек. Ақыры ол да табылады. Соның жетегіне ерген өңкей соқыр бір ізбен қаздай тізіліп жүріп береді. Айдау жолдан шығып, одан тар соқпақты жағалап, батпаққа кезігіп, орман ішін шыр-көбелек айналады. Сауысқан сұңқылдайды, қарға қарқылдайды. Бара-бара бағыттан шатысып, тұйыққа қамалып, бірі сүрініп, бірі құлап, татулық қашады. Төзім жұқарып, шатақ басталады.

— Түс өтті, кеш кірді. Қарын ашты. Барар жерге қашан жетеміз? — демей ме бәрі ошарылып. — Айт, шыныңды! Бізді қайда алып келдің?

Соқырдың қолына түспе, бәрі күпінің битіндей жабылып әлгінің шыбын жанын алқымына тірейді.

Сонда жол бастаушы:

— Мен де өздеріңдей соқыр едім. Сендерді алдап жүрмін, — деп кінәсін мойнына алыпты.

Үйірінен қашқан саяқтай боп аяқ астынан ұйым құрғыш, партия болғыш «жемсаулы» жастарды көргенде, «Шырағым, кімнің жетегінде жүрсіңдер?! Егемен елің барда, көреген

Елбасың барда, әділеттің ақ жолынан ада-  
сып, әлдекімнің айтағында кетпендер», – дегім  
келіп тұрады.

**А**ЙНАЛАЙЫН, Құдай қосқан көрші жай-  
лы не білесің?

Қазақ айтқан: «Көршінің жақсысы ағайын-  
нан артық» – деп. Рас сөз. Махамбет селосының  
Спартак көшесінде бар-жоғы сегіз үй тұрдық.  
Көршілерім бірінен бірі өткен керемет жандар.  
Келіншектері қандай ибалы, ақылды, ұсынақты еді.  
Бақыш, Қалжан, Ақсұлу... Көбі мұғалімдер, орта-  
ларындағы жалғыз дәрігер өзім. Тату-тәттілігіміз  
әуезе ғып айтуға татитын. Қыста соғым басы  
ортақ, жазда шәй-суымыз ортақ, көрсек – қызығы-  
мыз ортақ, күлсек күлкіміз – ортақ, мәпелесек,  
ұрыссақ баламыз – ортақ...

Алыстан ат арытып бірімізге қонақ келсе,  
қалған шаңырақтан дәм татпай кетпейтін.

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Тоқығанын қайдам, оқығаны мол, иман-жүзді бір жігіт налып отыр екен.

— Шырағым, қазан ұрмай, қар жаумай не көрінді? — деп қалдым.

— Ой, апа, кеуделі азамат қой, қарамағында бос орын бар деп есітіп, бір басшыға қызмет сұрай барып ем, барсам, менің ол орынға мамандығым келгенмен руым, туған жерім сәйкес емес екен. Соған қапалымын, — дегені.

Аузыма сөз түспеді. Күлерсің бе, жыларсың ба?

«Жүзге бөлінгеннің жүзі жансын» деген Ғабит Мүсірепов. Енді шілдің тезегіндей пышырап ұсақ-ұсақ руға бөлінуіміз қалып еді.

— Ол атаңа ғана нәлеттің, әкесінен қалған орын ба екен? — деппін отырып-отырып. Әрине, жоқ. Кім бүгін бар, ертең жоқ қызметі түскірді қанжығысына жанторсық ғып байлап жүріпті.

Жасырары не, аз қазақты алтыға бөлетін бұл дерт бел алып келеді. Мен білсем, осының қозғаушы күші жергілікті жердегі кішкентай төрелер. Рулас жинап, жерлес топтап өз мүддесін соғып, өзгені өзекке тебетіндерді көркеуде демеске шараң бар ма?

Оларға айтарым, ей, ұсақ пенделіктен айығыңдар. Тарихшылардың зерттеуіне құлақ ас-

сақ, бағзы заманда иiсi түрiк тайпасы сонау Алтай тауының қойнауынан бiр уыс боп өрiп шығып, күллi дүниеге тараған. Келе-келе тарихи жағдаяттарға байланысты ұлтқа, ұлысқа бөлiнген. Еншi алысқан. Бiрақ та түпкi тiлi, түбегейлi тiлегi бiр.

Мәселен, жоңғар шапқыншылығы тұсында, кешегi ел қорғаған Абылай, Әбiлқайыр, Қарасайлардың заманында иiсi қазақтың батырлары Алтай мен Арқадан, Атырау мен Алатаудан бiр тұсқа жанұшыра құйылып, бiр тудың астында қол бастап, күллi қазақ елiн ұлы апаттан сақтап қалған. Шаһит кеткенiнiң сүйегi сол иманы бұйырған жерде қалған.

Ал, «Жау шапты! Аттан!» деген дабыл көтерiлгенде, «ол менiң жүзiм не жерiм емес» немесе «руым басқа, өз күнiн өзi көрсiн», – деп әрқайсысы шалқайма төрiнде жатып алса, не болар едiк? Жанталасқан жау жалғыздан құртар едi. Әр жүздiң, әр рудың басына бiр-бiр «Елiм-ай» мен «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» дайын деп бiл. Әлде олар екi-үш мың шақырым жерге алқынып атпен шауып, тақымын қажап ерiгiп жүрiп пе?..

Бұл Ұлы бiрлiк, ғажайып бауырластық, әуезе ғып айтар ауызбiрлiк-тiн. Сол жәдiгерлердiң аруағынан садаға кетсе болмас па?

Ал, сен, әлгi кiшкентай рушыл, бiр таудың қойнауынан шыққан ұлтты бiр кемшiрдiң етегiне әкелiп телiсiң. Айналаңа дерт жаясың.

Өңкей қиқым!

Атам жарықтық көрші келіндеріне әр кез  
разы боп: «Мата жинамаңдар, бата жинаңдар,  
шырақтарым» деп отыратын.

Сағынышқа айналған сәттер-ай.

Көп шаңды құлан көтерер,

Боранды тұман көтерер.

Көкті бу көтерер,

Жұртты ду көтерер.

Өлімді бар көтерер,

Ауырды нар көтерер,

Сұраусызды еншің көтерер,

Осының бәрін жиып-теріп,

Жақсы болса көршің көтерер.

Жұмыс десе бір мігір таппай жанымыз-  
ды салатынбыз. Осы жолда адал, тіпті тура  
жүреміз деп басшылармен де ретті жерінде  
кереғар келе қоятынбыз. Қазір ойлап отыр-  
сам, жастықтың қуаты ма, тасып тұрған жі-  
гер ме, әлде тұрмыс жағдайына байланысты  
ма, қандай қиындықтан да тайсалмаушы ек.  
Бастан кешкен бір оқиганы әлі күнге риза-  
шылықпен еске аламын. Емханада істеп жүр-  
генмін. Ұжымға төрт бірдей жас маман қо-  
сылуы мұң екен, мені бас дәрігеріміз Құрақ  
Иманғазиев шақырып алды да: — «Ертеңнен  
бастап «Әйелдер босанатын үйді» қабылдап  
ал, меңгерушісі боласың», — десін.

— Қабылдай алмаймын.

– Не себеп?

– Тұратын үйім мен сіз жұмсап отырған мекеменің арасы 3 шақырым да 300 метр жер. Қолымда кәрі ата-енем, бес балам бар. Жауапкершілігі өте ауыр жұмыс. Тартынып отырғаным жоқ. Бірақ күн сайын жаяу барып-келіп, үлгере алмаймын.

– Барасың да, үлгересің де!

– Жарайды қызметке кірісейін. Тек бір өтінішімді орындаңыз.

Сіздің үйіңіз «Әйелдер босанатын үйден» көп қашық емес. Босатып беріңіз. Көшіп келейін.

Мұндай, сүйкімсіз әңгіме бастықтың құлағына жаға ма?

Құрекеңнің жүзі күрең тартып, көзінің қарасы азайып, аласы молайып кетті.

Онымен де қоймай:

– «Бытье определяет сознание человека» деген сөзді кім айтқан? – демеймін бе?

– Карл Маркс!

Ақыры, не керек жаңа орын тұрмақ, өзім бауыр басқан емханадағы қызметімнен бұйрықпен босап шықтым.

Ертеңіне Құрекең жұмысқа ақша керек болып аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі Нұрғалиға барыпты.

Әңгімеден әңгіме шығып:

– Қой, құрсын, өмір деген қиын боп кетті.

Қарауымда акушер боп істейтін бір іскер қара келіншек бар еді, әлгіге «Әйелдер босанатын үйге» меңгерушілікке бар десем, ой, Алла-ай, «үйіңді босатып бер, барайын», — дейді. Өзі аса сауатты әрі сөйлеп тұрған адам екен, тіпті Карл Марксті айтып, басымның әңкі-тәңкісін шығарды, — деп мұңын шағады.

— Фамилиясы кім? — дейді Нұрағаң сезік алып.

— Қоқанова.

— Біздің үйдегі жеңгең болар...

Бас дәрігер: «Тасмағамбетовтың әйелімін деп неге айтпаған?» — деп шошып кетіпті.

Ертеңіне салып-ұрып облыстық денсаулық сақтау бөлімінің бастығы Қайролла Қалжігітовке телефон шалайын.

— Ал, мен қызметсіз қалдым, — деп. Кешікпей қайтадан бұйрық алып, өз орныма бардым. Кейін Құрақпен судай сапырылысып араласып кеттік қой. Қашан кездесе де, төмен қарап жаймен жымыып күлетін, жарықтық.

Өзбек елінен ауа көшіп ата қонысқа орныққан соң көңілін демдеген әкем: «Жақсылық, айналайын, бар екенсің», — деп отырушы еді. Қашты-қудымен көп өмірін өткізді, өмірден көрген қай жақсылығын меңзеп отыр екен, — деп түсінбей қалушы ек. Теңдесіңнен көрген бір жақсылығыңның өзі ғұмыр бойы жаныңды жылытуға жетіп жатады екен.

Осы Иманғалидың алты-жеті жасында қолқасы ауырып, қатты састырғаны бар. Көрсетпеген дәрігеріміз, алмаған емі жоқ. Беті бері қарамады. Алысқа апарып қаратуға қаржы қайда әрі жұмыстан, үйдің күнделікті күйбеңінен шыға аласың ба? Нұрағаң екеуміз дағдарып отырған бір сәтте облыс орталығы Гурьевтен телефон шалынсын.

– Нұраға, Дiлдә жеңгемiз бiр баламыз ауырып жүр деп едi. Алматыға iссапармен барып қайтсын. Баланы да апарсын, бiз жiбергелi жатқан сырқатқа да жолбасшы болсын. Екi шаруаны бiр тындырып қайтпай ма? – дептi облыстық денсаулық сақтау басқармасының сол кездегi бастығы Қайролла Қалжiгiтов. Тығырыққа тiрелiп тұрғанда аспаннан шұға жауғандай...

Қуанышымызда шек жоқ, баламды жанымға алып, облыстық ауруханада жатқан сырқатты демеп, поезға мiнейiн.

Алматыға барысымен Иманғалиды педиатрия институтына орналастырдым. Жастайынан ортасымен тiл тапқыш, жұғымды едi, етегiме жармасып жыламай қалды. Соңыма қарай-қарай мен кеттiм. Институттың iшiнде он сыныптық орыс мектебi бар екен, балам сөмкесiн сүйретiп бiлiм есiгiн сонда ашты. Әрпiн қиқа-жиқа ғып ауылға хат жазады. Сағынады ғой... Төрт-бес ай сайын Қайрекең бiр

телефон шалып: — Ділдә, сапарға жинал, балаңды көріп мауқыңды басып қайт. Алматыға апаратын ауру бар, — дейді. Құстай ұшып мен де жетемін. Сөйтп екі жыл дегенде балам құлан-таза айығып, екінші сыныпты бітіріп, жанұясымен қауышқан.

Әне, жақсылық деген ақ тауды айырып, қара тауды қайыру емес, Қайрекеңнің осы ілтипатының өзінде асқан адамгершілік жатқан жоқ па? Сол адамгершілігінен жақсылығы бастау алып жатқан жоқ па?

Үстіндегі шыт көйлегіне сыймай, көңілі аспанды теуіп тұрған біреу болса ше? Мен кімін, ол кім? Мен бір аудандағы қарапайым емхананың қарапайым ғана акушеркасымын. Ол ше?.. Алматыға жіберейін десе таяқ тастам жердегі облыстық, қалалық аурухананың қыз-келіншегі құрып қалып па? Тегін қыдырып қайтудан кім қашатын еді.

Мұндай жақсылықты малмен не пұлмен қайтара алмайсың. Тек қана көңілмен. Сол жанға деген құрметпен, ізгілікпен. Жаулығым қарқарадай боп отырып, бұ күнде мен де әкем сөзін жиі қайталаймын:

— Жақсылық, айналайын, бар екенсің!

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Арманымен алысып өткен бір жігіт айта-тын: «Апа, кіндіктен жалғыз өсіп, ноқтасыз асау басым тірліктің тақсиретін көп тарттым», — деп. Сыздықтатып айтатын сыры да қызық. Соның бірі құлақта қалған әндей еді.

Ылғи да көрші ауылдың өзі құралпы балаларымен мектептен бірге қайтады екен. Қыр басында тұрған жалғыз үйдің еркесі жолда бөлініп қалады да, топ бала көзі көрінім жердегі өз ауылына беттейді. Бір сапарда асықтың сақасына таласып, топ бала жалғызды жәукемдемей ме. Жәукемдегені өз алдына, «ертең түсте сабаққа барар жолда тағы да таяқ жейсің», — деп сес көрсетіп аттанысады.

«Ызадан жарылардай болдым. Үйге бара сала жаңа жауған қардан адам кейпіне келтіріп аққала соқтым, — дейтін күлімсіреп. Әлгілердің біріне Қобыланды, екіншісіне Ертарғын, келесісіне Чапаев деп ат беріп, «ертең мені жақтап төбелеске бірге араласасындар, тентектерді төпелеп сабаймыз», — деп қатаң ескерттім. Өңшең әйгілі батырға арқа сүйеп, көңілім тасыды. Түнімен аяусыз майдан салып жүрген тәтті түс көріп шықтым. Сәске түсте оянып сабаққа шықсам, кешегі жаугер топ та үйімізге таяп қалған екен. Көктемнің алғашқы кемпіршуағы шекені қыздырады. Батырларыма қарасам, еріп құлап түгелдей жантайып

жатыр. Әлгі топ маған тағы тұра ұмтылысты. Мен сендерге сеніп едім ғой, — деп «батырларыма» өкпелеп, сондағы жылағаным-ай!..»

Қазақстан — жалғыз! Қардан соққан жалған батырлар да жоқ емес. Абай болайықшы...

Жаңа қоныста етек-жеңімізді енді жинай бастағанда төрт жыл сал болып жатып, 1968 жылы атам дүние салды. Үсті-басына қылау жұқтырмайтын тыраш кісіге төсегінен ұзамай, сартап болу қандай азап. Ауырған кезінде ертеңді-кеш енем екеуміз атамның жанынан үйіріліп шықпаймыз. Шашын, тырнағын алып, сақал-мұртын басып, иіс су шашып, шыттай ғып киіндіріп қоямын. Тамағына дейін қасықпен аузына тосып, мәпелеймін. Әлсін-әлсін төсегін ауыстырып, қағып-сілкіп отырған соң ба төрт жылда жамбасы бір тесілмеді.

Көңіліндегі ризашылығы-дағы: Бір баласы бардың шығар-шықпас жаны бар, Екі баласы бардың болар-болмас халі бар, Үш баласы бардың үш рулы елде малы бар, Төрт баласы бардың төрт құбыласы тең болар, Бес баласы бардың ешкімге дес бермейтін жөні бар, — деген. Келін айналайын, бауырың құтты болды, жалғызымның соңынан бес тұяқ өрді. Бәрі сенің арқаң. Екі дүниенің қызығын көр, — деп айналасыңда «аталап» отырған немерелерін еміреніп иіскейтін.

Салқын қармады ма қайдам, қызуы күрт

көтеріліп, сырқаты меңдеп жатып мені жанына шақырды. Бұрынғының адамы әулие ғой, шамасы бұ дүниелік еместігін сезсе керек.

— Дилдәжан, қолыңды жайшы, бата берейін деп едім, — деді. Алақанымды кең жайып, аяқ жағына жүрелей кеттім.

— Халқыңның санасы бол,

Ортаңның дарасы бол.

Ағайынның данасы бол.

Жағың түспей жамандық көрме.

Бар елдің анасы бол,

Әумин! — деді де, жастығына басын қойды. Ақ мылтық ажалдан тез не бар бұ жалғанда? Дүниеден өтерінде шыр айналды демей ме? Көзді ашып-жұмғанша шыр айналып жүре берді ғой. Ақ жауып арулап, мәңгілік мекеніне аттандырдық.

Жанымның жалауы, өмірімнің ұстазы болған қайран атам-ай, орның бір күнде үңірейіп қалмады ма?

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

«Қарттар үйі» қазақ даласына да келіп жетті. Асыраушысы жоқ, жалғызілікті жан болса, оны үкіметіміз арнайы қамқорлығына алып жатса, алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Жаныңды – жарға, арқанды – тауға сүйегендей боларсың. Сол үйдің денін бүгінде ұл да көрген, қыз да сүйген ақсақалдарымыз бен кейуаналарымыз мекендей бастады. Кәрісін сүйреп апарып етке өткізген малдай ғып, өздері үй-жайға, жеңіл көлікке, жинақ кассасындағы тиын-тебенге таласып жүрген пәтшағарлар аз емес. Артында – көргені, алдында – түйгені жоқ шөре-шөре, шөпжелке біреулер болса әңгімеге татымас.

Жекешелендіру деген желеумен бір кеңшарды жеп тауысқан, туған құдағиымен байланысып, өз жұбайынан сырғақтап қашқан бір қайырсыздың әрекетін ел біледі. Сексеннің сеңгіріне шыққан әкесін Алматыға алдап апарып, «Қарттар үйіне» тапсырған.

Бұл Отан соғысы ардагерлерінің санаторийі. Сізге арнайы шақырту келді. Жайланып жата беріңіз. Өздері хабар салады... Сол кезде келіп алып кетемін, – демей ме, кеңшарды бүтіндей көмейіне жіберген директор. Ай өтті, алты ай кетті. Алданғанын білген ақсақал жалғызының соңынан арызды боратты дейсің. Елде қалған көгенкөз көнелерге дұғай-дұғай

сәлем жолдады дейсің. Опасыз дәулетке біткен тұрақсыз баққа малданып жүрген әлгі имансызды ауыл ақсақалдары қыспаққа алып, тергеуге салсын. Ақыры екі иінінен су кетіп, әкесін қалтаң қақтырып қайтадан жетелеп келді. Ұят тауар емес, бірақ дефицит деген сол!

Екінші қадірменді қария өз шаңырағынан байлықтың ұятына шыдай алмай безді.

Қалайша дейсіз? Оның да ұлы өзі билеп тұрған кеңшарын «жәукемдеп» тастаған. Арам жеген төбеттей түр-сипатының өзі келіссіз-тін. Ауылда жер жетпегендей, екі қабатты қызыл шатырлы коттедж салып, заңсыз жекешелендіріп алған машина, тракторын шарбаққа тоғытып, отар-отар қойды, табын-табын сиырды, келе-келе түйені аулаққа бақтырып, мейманасы тасыған. Алды қырық жыл маңдай терін маржандай төгіп еңбек еткендер трактордың тіркемесіне, кейі бес-оннан уақ жандыққа әзер қол жеткізген. Ауылдастар арасында күңкіл күшейді, күндеу бел алды. Қазан ұрмай, қар жаумай аузындағы нәпақасынан айырылып қалу оңай ма?

Әлгінің әкесі өз ортасында аузы дуалы, елге сыйлы жан еді. Баласының ұрлығы бет шіркеу боп, ақыры далаға шығудан қалды. Ауылдық жердегі той-топырда, садақада аузы бос жұрттың айтатыны коттедж үйдің хикаясы. Сондай бір басқосудан күйіп келсе керек:

– Атаңа нәлет! Ел қараған бетімді жерге

қараттың. Тумай туа шөк! Ұрлап-жырлап алмасың да аштан-өліп, көштен-қалмас ек. Екі кісі бас қосқан жерден зыр-зыр қашамын. Абыройым айрандай төгілді, — деп жемқор ұлын ақ таяқпен қақ маңдайдан маңқ еткізіп, бір-ақ ұрыпты. Жер таянып отырған жандар емес, ертеңіне кемпірін алып, көрші ауылға көшіп тынды. Әлі күнге араласпайды. Көңілі әбден суыса керек. Еменге біткен иір бұтақтың майысқанынан сынғаны оңай.

Әне, тірі жетім боп ол отыр.

Қатар жүрген шағымызда қадірменді ұстаз Дүйсенғали Төленұлы деген азамат: «Е, қартайғанда бақты даладан іздеме, баладан ізде» деп әңгімесін бастар еді. Рас сөз ғой. Шаңырағыңды құлатпай ұстар, ошақ отыңды өшірмес, төрдегі басыңды есікке сүйремес көргенді балаң болса, тірліктегі рахатың. Онда жаның жайлы, пеш түбінде төсегің сайлы десеңші.

Иә, кім-кімде қартаймайтын қарға емес. Бәріміздің барар жеріміз кәріліктің ауылы. Ақырғы аялдамада бізді не күтіп тұр екен?

Есік алдында қырат болса,

Ертгеулі тұрған атпен тең.

Ауылыңда қартың болса,

Жазулы тұрған хатпен тең.

Қарттық деген қазына. Тек пайдалана біл.

Үлгі ала көр.

Аллекем ата-ананың балаға, баланың қазынаға деген мейір-шапағатын өшірмегей!

**А**ЙНАЛАЙЫН, өмiрдiң алуан соқпағында жеке адамның, ұжымның, халықтың, күллi елiңнiң алғысына ие боларсың. Бұл сенiң айрықша сiңiрген еңбегiңе деген құрмет, ризашылық, ықылас. «Алғыспен ер көгерер, жаңбырмен жер көгерер» деген мақал бар. Алғыс адамның көңiлiне қанат бiтiредi, жанына мейiрiм шуағын құяды, жолы ашылады. Қашан да жақсылықтың, iзгi ниеттiң бастаушысы болады, ұрпағына шапағаты тиедi.

Алғысқа қарама-қарсы ұғым қарғыс деген бар.

Бәзбiреу кiсiге әшкере қиянат, зорлық-зомбылық жасаса, адам өлтiрсе, ұрлық қылса, жазықсыз гайбаттаса, опасыздық iстесе қарғыс алатын болған. Кейде қарғысты халық арасында терiс бата деп те атайды. Терiс батаны батар күнге қарап, қолын терiс жайып берген. Сонда қабыл болады деп ойлаған.

Алғыстың кейбiр түрi – маңдайыңа шаң тимесiн, қосағыңмен қоса ағар, үбiрлi-шүбiрлi бол, тәңiрi жарылқасын, жолыңа гүл бiтсiн, өркенiң өссiн, қатарыңның алды бол, мұратыңа жет, жұлдызың жансын, iшкенiң шай, жегенiң май болсын, жасың түспей жамандық көрме, жапырағың жайылсын, екi дүниенiң қызығын көр...

Қарғыстың кейбiр түрлерi – жолыңа жуа бiтсiн, жерге кiр, иманың күйсiн, шаңырағың ортаға түссiн, ошағың өшiп, қазаның қирасын, тумай туа шөк, қағынды тисiн, бетiң тiлiнсiн, дәм-тұзым

атсын, қатының жесір, балаң жетім қалсын, құ бас боп өт, атау-кереңді іш, көріңде өкір, албасты бассын, шешек шықсын...

Алған алғыс та, естіген қарғыс та тегін кетпейді деп есептелген. Рас сөз. Өміріңде алғысты көп алған жанның нұры тасып, қарғыс тиген пенденің құты қашиқанына талай мәрте куә болғанбыз.

Алғыс та, қарғыс та берушіге байланысты төрт, жеті атаға дейін тұқым қуалайды екен.

Әулиеден немесе ел ақтаған бақсы, дуанадан қарғыс алып, ұрпақсыз кеткендер де жоқ емес. Жолы кесіліп, бағы байланғандар да аз емес...

Озық ғылым иелері алғыс пен қарғыстың адамға әсер ету мүмкіндігін зерттегенде мынадай қорытындыға келіпті.

Алғыс – адамның сыртқы аурасын қалыңдастып, қауіп-қатерден қорғайды.

Қарғыс – аураны әр жерден жарақаттап, тесіп кетеді де, ол адамға ауру-сырқау, тіл, көз, жамандық үйір келеді. Яғни, сыртқы қорғаныш қабатынан айырылып қалады. Кейде өлімге де әкеліп соқтыруы гажап емес.

Бұрындары қарғыстың күшін тәуіпке оқытып та қайтаратын болған.

Мұның бірі халықтық марапаттау да (нағрада), екіншісі – жазалау. Алғысты төсіңе жылтыратып тақпағанмен, кеудеңе құйған нұры одан еш кем емес...

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Өз-өзімнен отырып таңданатыным бар. Ел кейде сәби сынды. Сәби жоққа алданбаушы ма еді? Тап сондай! Өйткені, төменгі-жоғарғы орындарға депутат сайлау науқаны қалай басталды, солай дүрлігіседі. Алдымен дүрлігетін ел емес, орталарынан шыққан үміткерлер. Күнде жиын, сәт сайын кездесу жасап, елдің табанын қыздыратын солар. Содан басталды дейсің...

— Бәленшені сайласақ зейнетақымыз көбейеді екен...

— Жо-жоқ, түгеншеге дауыс берсе, жол салып берем деді...

— Анау үй алып берем деді...

— Мынау экологияны қаз-қалпына келтірем деді...

Деді-дедіден құлақ тұнады. Өңшең ердің қайсысына сенеріңді білмей, дал боласың. Ау, халықтың мұңын мұңдаса, бұлар бұрын қайда жүріпті? Кім қой депті? Қолынан, аузынан кім қағыпты? Әлде міндетті түрде депутат болу қажет пе екен? Әр депутатқа дегеніңді жаса деп үкімет тарапынан ақша бөлінбейтін еді ғой.

Одан әрмен ауылдас, руластар топтасады. Әр үміткер бір-бірін жұлып жеуге бар. Өзара мін қазысады, қоя ақтарысады. Елден ауыз-

бірлік қашады. Әр көше, әр үйдің қабырғасына баяғы кепкі киіп күлімсіреп тұрған Күн көсемнің портретіндей, әр үміткердің сурет, өмірбаяндары ілінеді. Олар да саған мейірлене қарайды. Өлесің тура!

— Қоғамның емес құлқынның, халықтың емес қарынның қамын ойлап тұрған айналайындар-ай, дейсің біразына.

Тіпті мынадай да қызық оқиға өткен. Бір үміткер бизнесмен дауыс беретіндердің үй басына бәтеңке үлестіріпті. Бір сыңарын. Оң аяқтікін. Егер мені қолдасаңдар сол аяқтікін аласыңдар деген. Нәтижесінде омақаса құлаған. Дау басталады. Ел ерегесіп қолындағы бір сыңарын бермейді, бұл екіншісін...

Дабыл өшіп, дауыл басылып, ел де есін жияр. Уәдемен жемдеп бағы жанғандардың кейбірі қарасын көрсетпей жоғалар. Сыңар бәтеңкені ұстап сен қаларсың.

Ел-ай, Шерағандай (Шерхан Мұртаза) батыр дауысты ұлдар бізде көп емес қой.

Фаризадай (Оңғарсынова) өр қыздар бізде мол емес қой.

Соны неге аңдамайсың?

*А*ЙНАЛАЙЫН, дін деген – бұл ұлы сенім.  
Ал, сенім дегеніміз – адамзаттың тірегі.



— Әй, күні кеше шөп басынан секіріп жүрген Ділдә едің, қашаннан бері дінге беріліп, молда бола қалдың? — деп қағытқаны бар.

— Әкем он екі жасымда намазға жықты. Құранның аяттарын үйретті. Молдалық құру шарт емес. Неге бес уақыт намазымды қаза жіберуге тиіспін, — деп өзіне тарпа бас салдым.

— Кешір... Сөзімді қайтып алдым, — деп қызарақтап қалды.

Дінсіздіктен көрген зауалымыз аз ба еді?

Енді міне, жетпіс жыл бойы айтылған тәтті өтіріктің ащы шындығымен бетпе-бет келіп жатырмыз.

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Есте жоқ ерте кезде бір саудагер мен оқымысты сапарлас болыпты. Бұлар мінген кеме алыс-алыс шетелге бет түзейді. Саудагердің мақсаты — қоржын-қоржын алтыны не күмісін, тай-тай жібегі мен пүлішін бұлдап сатып, баю. Ал, оқымыстының ойы — сирек қолжазбаларды тапсам, жаңалықтарды ашсам, сөйтіп, можантопайлау халқымның саңылауына сәуле түсірсем, мәдениетін көтерсем ғой...

Құдай пендесінің қай тілегін бере береді. Аяқ астынан алағай да бұлағай дауыл тұрып, кеме теңізге батады да, әлгі екі мүсәпір бөренеге жармасып бас бағады. Желдің ыңғайымен толқын қуалап ағып, елсіз жағалауға тап келеді. Екеуден екеу отырып өкініштен көкіректері қарс айырылады. Сонда саудагер айтты дейді: — «Ей, оқымыстым, сен несіне қайғырасың? Ғұмыр бойы жиып-тергенімнен қасқағымда көз жазып қалған мен уайым шексем бір жөн. Ал, сенің бар байлығың басыңда тұр ғой», — деп.

Әрине, бұл мысал. Бірақ астары жоқ емес.

Кемелді социализм жағалауын көздеп келе жатқан кемеміз беймезгіл қирап, енді бәріміз де капитализм атты бөгде құрлыққа бет алдық. Кімнің қайда, неге жармасқаны белгісіз, әйтеуір малтып жүзіп келеміз. Бұ жолы биз-

несмендердің желі оңынан тұрып, байлығын үстемелеп аман алып шығатын түрі бар. Елде болса ерніңе тиеді. Шын жүректен сәт сапар тілейміз.

Ал, әлгі «уа, пірім» деп келе жатқан баяғы оқымыстының ғылым қуған, ақын, жазушы, суретші, композитор, әртіс атанған бір шоғыр ұрпағы ше? Көбінің Кеңес дәуірінде реализм әдісімен жинаған көркемдік қазынасы су түбіне кетті. Біразын замана желі ұйытқи соғып өңін тоздырды, құнын кемітті. Өздері болса қарындарының ашқанына емес, қадірлерінің қашқанына жылайды.

Шыдайық. Аллекем сабырлыны қолдаған. Алыс жағалауға да аз қалған шығар...

Құдайға шүкір, қазірде жастар мұсылмандыққа шындап бет бұрды.

Иманғали Атыраудан зәулім мешіт салынуына ерекше мән берді. Балам деп мақтағалы отырған жоқпын. Бұрынғы ескі мешіттің есігінен екі адам қатар сыймайтын, құрылысы тым қораш-тын. Жаңа мешітте күн сайын азан шақырылып, жұма намазы әйдік те аса көркем безендірілген залдарда өтеді. Қай жерде болмасын жаңа мешіттің ашылуы мұсылман баласы үшін мерей.

Атыраулықтар Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасына арнайы өтінішпен шығып, облыстағы осы имандылық ордасын «Иманғали» мешіті деп атады...

Мен өзім 1998 жылы Меккеге бардым.

Талшыбықтай бұралып тұрған жас күннен санаңа сіңіп, қасиетімен еркінді алған Алла тағаланың мейір-шапағаты түскен Қағба деп аталатын қызырлы мекенге табаным тиісімен, өзімді мүлдем жеңіл сезініп, көңілім ерекше жайланып, іштей бір тазарғандай жайма-шуақ күй кештім. Қағбаның қара тасын жеті мәрте айналып, құлшылық етіп шыққанда, тіпті шаршау дегенді білсемші! Артынан Арафат тауына көтеріліп, дұға бағыштап, Мұздалифадағы Адам Ата мен Хауа Ана табысқан жерге өкше тигізіп, Сафа мен Мәруэ тауы арасында жүгіріп, шайтанға тас аттық.

Қажылық сапары — бұл мұсылман пендесінің тірісінде орындар ең ұлы парызы. Бұл сапарға аттанар алдында адам өзін-өзі рухани тазартып, қарау пиғылдан арылып, фәни дүниенің көз алдаған қызығына тоқтам айтып, маңдай терімен тапқан адал ақысына барғаны абзал. Аллекем ол адамның тілегін сонда қабыл алмақ.

Әйел адамның қажылыққа жол шегуі үлкен сын. Жол бейнеті, ағын судай қаптаған көпшілік, ми қайнатар ыссылық, ол да бір төзімді таразылап қалмақ. Жолбасшы боп азаматың не ержеткен балаң еріп барса құба-құп.

Жауқазындай өсіп келе жатқан ұлдарым, қыздарым!

Намазға құлаңдар, бір Алладан сұраңдар, пиғылдарыңды тазартыңдар, күнәдан арылыңдар. Мұның бәрі «иә Алла» деп мешіттің табалдырығын аттағаннан басталады. Аптасына үш мәрте медресеге барып тіл сындырыңдар. Жұма намазды қаза жібермеңдер. Иманға ұйып, сәждеге бас қойыңдар.

Алла бәрін көріп тұр. Алла тірлігінде біліп жасаған, білмей істеген қылығыңның, обал мен сауаптың, адалдық пен арамдықтың, мейірім мен қатыгездіктің таразысы. Әр адымыңды періште бағады. Тозақ оты мен Жұмақ төрі — бақи дүниенің еншісі.

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Атам жарықтық кейде немерелерінің қоршауында отырып әртүрлі сауал беріп, одан өзінше ой түйіп, пікір жарыстырушы еді. Мектептен алған білімдеріне құлақ қойып, тілін қызықтайтын. Қылықтарына сүйсінетін.

Сондай бір сәтте:

— Адам неден жаралды? — деп сұрағаны есімде.

— Адам тектес маймылдан.

— Оны Дарвин айтқан.

— Айтқан деме, зерттеген де, — десіп немерелері бір-бірінен басым түсіп жататын.

— Ендеше, Дәрбінің де отпаған екен! — Атамның сақалы селкідеп кетеді. Немерелері үнсіз қалады. — Ал, қазір сол маймылдан тағы неге адам шықпайды?

— Жо-жоқ, ата, олар ертеде таудан құлап өліп қалған.

— Таудан емес, бұтақтан-бұтаққа секіріп жүргенде майып болған.

Адамды Аллекем топырақтан жаратып, жан салған.

Бәріміз де Адам Ата-Хауа Ананың нәсіліміз. Топырақтан жаралдық, бақи кешкен соң топыраққа қайтып барамыз. Атам «Құран-Кәрім» мен ескілікті аңыз-әңгімелерді сабақтастыра толғайды.

Мектептегі ұстаздарының айтқанына ма,

әлде әулиедей көретін аталарына ма, қайсысына сенерін білмей, сары үрпек балапандай боп отырған немерелері аң-таң қалысатын.

Миллиондаған жылғы даму эволюциясы десе де, тіршіліктің бастауы деп жүрген бір клеткалы балдырдан кит пен динозавр өсіп шықты, ал адам маймылдың ұрпағы деген кесім мына менің де көкейіме қона бермейді. Жер шарын мекен еткен ешбір жан-жануарда кездеспейтін ДНК элементі адам ағзасы құрамында қайдан жүр? Мойны озық ғылымның да, энциклопедиялық білімі бар ғалымдарымыздың да тұйықталар сәті осы тұс. Қазірде адамның шығу тегі хақында алуан түрлі болжам айтылуда. Қисын көп. Бірақ, аттың қасқасындай боп айқын көрініп тұрған бірі жоқ.

Әсілі, біз өз нәжісін өзі жеп қисаңдаған маймылдың емес, Көктің перзенті, Алланың құлы, табиғаттың ұлымыз.

Е, Жаратқан Ием, осы сенімнен жазған пенденді ажырата көрме.

Дінсіздік алдымен адамзаттың, сосын қоғамның жауы. О дүниеде Алла алдында есеп бермеймін деген имансыздан кесепат та, кесел де тарайды. «Құдайдан қорықпағаннан қорық», — деп бекерден-бекер айтылмаған...

Араға үш жыл салып енем де дүниеден озды.

Енем мен үшін адалдық пен сабыр-

лылықтың үлгiсiндей едi. Ешкiмнiң бетiне жел боп тимейтiн, өз орнын бiлетiн, жiбектей есiлген аяулы жан-ды. Бес немересiнiң үстiнен құс ұшырмай, арқалап жүрiп өсiрдi. Ерiммен бiрге қыдырып ел мен жер көрсем, алаңсыз еңбекке аралассам, бәрi сол енемнiң еңбегi.

– Үндемеген үйдей пәледен құтылады, келiн шырағым, – деп кейде сөйлеп тастасам, баяу ғана ескерту жасайтын.

– Еркекке сенбе, екi босағаға сен. Босаға қасиеттi ғой, – деп өткен-кеткендi оймен өлшеп, көңiлмен безбендейтiн.

Қара жерге қимайтын қадiрлiм едi, қайтейiн...

*АЙНАЛАЙЫН, темiр өзек пенде жоқ, бәрiмiз де фәни дүниенiң қонағымыз. Торқалы той бар жерде, топырақты өлiм де хақ. Алланың құлы, пайғамбардың үмбетi, шәдиярдың сәруары осыны ерте бастан ойлағаны абзал. «Өлiм бардың малын шашады, жоқтың артын ашады» – деп атам қазақ тегiн айтпаған.*

*Өлiктi ұзатудың да өз жолы, жоралғысы бар. Қайтыс болған адамның үй-iшi, тума-туысы, марқұмның жер қойнына берiлетiн күнiн өзара ақылдасып келiсiп, сосын ауыл-аймаққа, жекжат-жұрағатқа, дос-жаранға түгелдей хабар*

салады. Ет жақын біреуге уақтылы хабар тимей, жерлеуге не кәделі күніне үлгеріп келе алмаса, кейін үлкен өкпеге айналуы мүмкін. Жыр алыбы Жамбылдың аты көзі тірісінде Алатаудың күңгейіндегі – қырғызға, теріскейіндегі – қазаққа тегіс мәлім болған зой. Жарықтық тоқсан тоғыз жасты қаусырып тұрғанда бақи кешкен. Сол бір қаралы күндері айт пен тойда ылғи бірге жүретін қырғыздарға хабар салынбай қалыпты.

Ұзынқұлақтан естіп, хабар салынбағанға налыған қырғыздың үш жыршысы қарасына сояр қара тайды жетектеп, суыт жетсе, өлікті жерлеп қойған екен деседі. Зират басына жиналған мың сан халық енді тарар кезде, ат тізгінін тартқан үшеуі қобызды қолдарына алып, алма-кезек сайрапты.

– Ей, қазақ туғандар! Жамбыл жәкем екі елдің телқоңыр ұлы емес пе еді? Біріне сауын айтып, екіншісіне ат шаптырмай асығыс жерлегендерің не? Бір уыс топырақ бізден де бұйырса артықтық ете ме? Өкпеміз қара қазандай. Сол наламыз тарасын десеңдер, шығарыңдар, Жәкемді көрден! Қайтадан жерлейміз, – дескен. Қайта жерлеу мұсылман дәстүріне жат. Бұл пышақ ашуы үстінде айтылған сөз. Бұл оқиға жыр алыбының үлкен бедел иесі екенін танытса керек. Қазақстан үкіметі басшылары қатты ұялыс танытып, қырғыз бауырлардан кешірім сұраған.

Шаригатта тез істеліп, күтуге болмайтын

бес нәрсе баса айтылады. 1) тез нысапқа келу, 2) тез қарызыңнан құтыл, 3) мейман келсе тез жағдай жасау, 4) балаң ер жетсе тез үйлендіру, 5) өлікті мерзімі келгенде жерлеу. Мұның бәрі сауаптың ісі болып саналады.

Көп жерде өлім мен тойдың айырмасы қалмай барады. «Сәрсенбайдан кембіз бе, Бейсенбайдың бізден несі артық» – десіп, дәулет жарыстырып қырғын мал сойып, қымбат кезден жыртыс таратып, мақтангершілікке бой алдырып жүр. Бір бөлмеде өлік жатып, келесі бөлмеде әңгіме айтып, қарқылдап күліп, карта ойнау өте бір жиіркенішті қылық. Қайыстырып дастархан жасау, жерлеп келген соң арақ ұсыну – күнә. Өзім жастай ішінде өскен өзбек арасында мұндай қылық қылмыспен тең жазаланады. Масқара болып есептеледі.

Өзім ертеректе куә болған екі-үш өрескелдіктен мысал айтайын.

Бір қабіріші ішкен арағы буынына түсіп, қызып қалып «Марқұмның жақсы көретін әні еді, соны орындап берейін» – деп, бір әнді қайтармалағанға көнбей, шырқағаны бар. Қаралы шаңырақ әлгі есерден безердей боп әрең құтылсын.

Жастай қайтыс болған бір келіншектің абысын-ажындары сақинасы мен сырғасын бөлісе алмай, жылтырақ жетпей қалған имансыздау бірі пальтосының өзін алмай, құндыз жағасын дарылдатып сөгіп әкеткен.

«Дүмше молда ел бұзар» деген бар. Рас сөз.

Кей дүмиелер зират басында, үйде оқылар дұғаға таласып, шетіне ақша түйілген орамалға жармасып жатады.

Дүние – көздің құрты. Сол құрт әлгілердің көзіне ғана емес, көкейіне де түскен. Мұндай өрескелдікті арамыздан аластамасақ, елдігімізге сын.

Болашақта өлікті жөнелтудің бір ізге түскен тәртібі, ережесі бекітілсе нұр үстіне нұр.

Әкесі, шешесі, бауыры өлген адам – жетім. Ең алдымен сол қаралы шаңырақ иелерінің көңілін аулау қажет. Өлік шыққан үйден үш күнге дейін қазан көтерілмейтін болғандықтан, ауыл адамдары тамақты өз үйінен ішіп келуге міндетті. Келген адам дұға түсіріп, қайта береді. Қаражат, жыртыс атаулы ырым есебінде өлікті жуған, көлікпен қабірге апарған, көр қазған, жаназа шығарған, басына зират көтергендерге ғана тиесілі. Соларды риза ет.

Өлген кісі кімге қарыз болса, жаназа үстінде жариялап, балалары, баласы болмаса тума-туысы мойнына алып құтылуға міндетті. Қарызымды кештім деушілер болса ол – сауап.

Тіпті дәулетің тасып бара жатса мешітке бер, дін жолында жүрген тақуаға көмектес, жетім-жесір, қайыршыға жәрдемдес, ауыл-аймағыңа «Құран-Кәрімді» тарат – міне, сауаптың үлкені осы!

Зираттың маңын таза ұста, тал ек, тәу етіп, дұға қайыр. Жүз мал сойсаң да, миллиондап шашсаң да мырза, сахи атанбайсың.

Одан бақидағы аруаққа келіп-кетері шамалы.

Соңың бәрі бір дұғаға татымайды.

Зират басына жазылған мына бір пәлсапаны ұмытпайық:

– Ей, жолаушы, тоқтай кет, мен де сендей болғанмын, сен де мендей боласың...

Мәтекең Термезден ауа көшіп, ағайын-тумамен бірге ата құддікке оралған соң, Шалқардағы мешітке имам болған. Ауыл арасы жақындаған соң барыс-келісіміз, алыс-берісіміз жиілеген. Кішкентай кезінде Иманғали сырқаттанып, Алматыға апарып емдеткенім бар. Қайтар жолда Шалқарға аялдадым. Әке-шешеммен сәлемдесіп, ағайын-тумамен көрістім. Сонда Мәтекең Иманғалиды тізесіне мінгізіп отырып:

– Қарағым, көптің азы, аздың көбі деген. Осы бір қара балаңнан үмітім зор. Көзқарасы бөлек екен. Қатты болма. Қолыңды көп жүгірте берме. Тіфә, тіфә, тек тіл-көзден аулақ.

– Жақсы аттан жақсы туса,

Мінетін пырағың емес пе?

Жақсыдан жақсы туса,

Елдің шырағы емес пе?

Халқыңның шамшырағы бол, ботам! – деп өз-өзінен иіп, тебіренген.

Әр лебізі қаныңды ертіп, сүйегіңді балқытатын есіл Мәтекең.

Иманғалиыма тегіннен-тегін көңілі құламаған екен...

**А**ЙНАЛАЙЫН, өмірдің өзі көрген түстей  
гой. Ойдан ой қуып, өткен-кеткенді салмақтап  
отырсам Абай данышпанның «Адамның бір қы-  
зығы бала дегені» тіліме орала береді. Бауыр  
етің гой. Өзім көрмеген қызықты, өзім жетпе-  
ген жақсылықты солар иемденсе екен, – деп іштей  
емінесің. Уақыт деген ұлы құдіреттің алдында  
күш-қайратың қайтып, қаншама жеңілсең де ба-  
ланы ойлағанда көңіліңе бір тоқтық бітеді. Шаңы-  
рағыңды ұстар, ошақ отыңды лаулатар жалғасың  
да, жеңісің де, барың да, нарың да сол соңыңнан  
қаз басқан ұрпағың гой. Қатарынан қалмай оқыға-  
ны, қызметке тұрғаны ата-ана үшін бір дәурен.  
Баланың да талаптысы, талайсызы бар. Әкесінің  
атағымен қырық жыл күн көріп, жең ұшымен  
жалғасып, ауырдың үстімен жеңілдің астымен  
қалқып жүретін біреулерді көргенде, осыларға қор  
болған қайран, жастық-ай деймін.

*Кемелдінің баласы он бесінде баспын дер,  
Кері кеткеннің баласы отызында жаспын дер.*

Зерделеп қарасам, осы Иманғалиды елде  
жүргенде жанторсық ғып жетектеген жан  
жоқ екен. Бала күнінен бүгінгінің ісін ертеңге  
еншілемейтін тиянақты еді. Мақтағандай боп  
қайтейін, әр нәрсенің әділіне жығылатын, кей-  
де жүзің бар демей, тіліп айтып тастайтыны да  
жоқ емес. Албырт, жан мазасыздығы нағашы

атасы Мәтекеңе тартқан ба деп қалам. Жаратқан Ием, атасына бергенді ботасына қияды да...

Оқу бітіріп келіп аз уақыт мектепте сабақ берген соң аудандық, одан облыстық комсомол комитетіне жұмысқа шақырылды. Иманғали барғысы келгенмен әкесінің қас-қабағына қарайды. Тұңғыш ұл, алғашқы келін, жөргектегі немерені кім қиып алысқа жібере қойғысы келсін.

— Келініме шәй құйғызып ішіп, маңдайымыз енді жіпсіді ме, дегенде... — деп Нұрғали ыңғай бергісі келмейді.

— Баланың бағын байлап қайтесің. Артынан өсіп келе жатқан қолғанаты бар. Келін жұмсаймын дейтіндей, әзірге шүкір, жер таянып отырғанымыз жоқ. Ел-жұртпен аралассын, ысылсын. Оң талабын қайтарып қашанғы бауырыңа басып отырасың, — деп мен қапталдасып қоймадым.

— Әйел билік айтып бел алғаны күйеуінің қартаяйын дегені, — деп Нұрғали бір жағы әзілге шағып, бір жағы қимастықпен ұлына ақ батасын берді. Ал, Алматыға комсомолдың Орталық Комитетіне қызметке шақырылғанын естігенде әкесі:

— Жақсы мен жайсаңның жиналған жері ғой. Зиялы ортаға бір кіріп көрші. Нартәуекел де, балам. Ата-бабаңның аруағы қолдап бағың жанар, — деген риза көңілмен.

Әлі күнге шапағатқа бөлеп келе жатырған ізгілікті сапары осылай басталған, құлынымның.

— Нұрсұлтан ағадан өмірлік тәлім-тәрбие алдым. Көреген саясаткерлігін, дана басшылығын, терең парасат-пайымы мен қарапайым адамгершілігін ғұмырлық нысана ғып ұстандым, — деп қай кезде де аузынан тастамайды. Алдыңда ағаң болған қандай жақсы деген сол!

Алғашқы кезде тамыр-таныс, жақын-жұраттар:

— Ділдә-ау, әлгі біздің баланың өскісі келеді. Бұ күнде сүйеушің болмаса көрер күнің қараң ғой. Иманғалиға бірауыз сөз айтсаңшы, қолдап, жіберсін. Сосын қай қиырға салса да дайын тұрған іні ғой, — деп айналып-үйіріліп шықпайтын. Мен айттым:

— Ағайындар-ау, әрі кеткенде аудан танытын қаржы қызметкері Нұрғали мен дәрігер Ділдәнің баласын кезінде кім сүйепті, кім демепті? Одан да Құдай талабына берсін десеңіздерші. Бет қаратпайтын білімі, аяқ жолын табатын ақылы болса, өзі-ақ жетіліп кетпей ме? — деп. Осы күнгі жұрт та қызық, баяғыдағыдай көшетін түйесі, кіретін киіз үйі, сауатын сиыры, бір жағар отыны болмай тарықса бір жөн. Айдың-күннің аманында жетектей гөр дегені не сұмдық? Жетектеп қосқан тазыны қашанғы айтақтап отыруға болады?..

Ертеректе Нұрғалиды бір ағайыны жағалап, «бастық балаңа айтып немеремді оқуға түсірт», – деп оңашада уәдесін алып алса керек. Мұны естіген Иманғали:

– Әкемсіз ғой, бір жолға өтінішіңізді орындайын. Келесіде мұндай шаруаның реті болмас, – деп кішкене шытыныңқырап қалды.

Айтуын айтса да, соңынан:

– Осы баланың өзі қаталдау емес пе? – деп Нұрғали ыңғайсызданған.

– Одан гөрі шыншылдау де, – деп мен де пікір жарыстыра жөнелдім.

Шындықтың, адалдықтың қашан да жүзі жарық қой. У.Черчилльдің: «Правда такая драгоценная вещь, что ее сопровождает целый отряд лжи» деген ұлағатты қағидасы бар. Өмір болған соң не кездеспейді...

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

— Орыстар Павлик Морозовты талқандап жатыр. Қазақтан шыққан соның досы Болатбекті де қазып жазып, кінәсін мойнына қойған абзал, — дегенді естіп, селк ете түстім.

— Не үшін?

— Шындық үшін қажет.

Иә, рас, сол періште көңіл бүлдіршіндер идеологияның құрбанына айналды. Сегіз-он жас аралығындағы оң-солын танымай жүрген солар ерлік жасап, қайбір қарық қыла қойды дейсің. Бәрінің де тірлігі бір-біріне қоянның көжегіндей ұқсас. Бірі құлақ әкесінің қылығын әшкерелесе, екіншісі колхоз шөбін, малын ұрлағандарды ұстап береді. Мұны ұлы мұраттар жолындағы адалдық деп бағаладық. Сөйтіп, қызыл галстугі желбіреген пионерлердің «жанқиярлық» ерлігі жайында роман, повестер жазылып, әндер шырқалды. Түрлі ұйымдарға аттарын бердік.

Ақиқатына жүгінсек, оларды өзіміз қолдан жасадық. Сол есепсіз өтірігімізге өзіміз де сендік, өзгені де мәжбүр еттік. Өйткені, Кеңес халқына үлгі етер пионерден бастап, коммунистердің аралығындағы әр буыннан шыққан батырлар керек еді. Бақытсыз ел батырларының көп болғанын қалайды.

Енді сол өзіміз қалаған санадағы әдемі мұнараны құлатқанша мігір табар емеспіз.

Түрлі тап жауларының қолынан қыршынынан қиылған, кейіннен өтіріктің көзге көрінбейтін жібегімен кебінделіп көмілген, жарықтықтардың ендігі жерде аруағын мазалап, топырағын бұрқылатпай-ақ қойсақ қайтеді? Қисайғанды түзеткіш болсақ, олардан басқасы да жетіп артылады ғой.

Сөз жоқ, шындық жақсы. Бірақ бәрінің бірдей жүзі жарқын емес.

\* \* \*

Кешегі кезде ұранмен де өмір сүрдік-ау!

Үлкен бір мекеменің қоймасына зәуімен бас сұққаным бар. Күні өткен ұрандарды жинап қойыпты. Кәдімгі Кеңес дәуірінің көзі. Тек көзі емес-ау, ел бастаған серке мүйіз көсемдермен шешендердің «ақылман» сөзі. Шаң басып, бір-біріне бас сүйеп, иық, артып тұр. Қозғауға қорықтым. Аяқ астынан жан бітіп, жабыла кететіндей көрінді.

«Күйек алу науқанын үлгілі өткізейік» дейді оқшау тұрған бірі. Қазақ Кеңес қошқарының беліне күш түсірген осы ұранды, партиялық баспасөздің алғашқы бетінен көрген сайын жүзім ыситын. Жарықтық Брежневтің кімге сенгенін кайдам, әйтеуір Димаш ағамызға бір Пленумда: «Қой санын елу миллионға жеткіземіз» дегенді басына ғып отырып айтқызыпты десетін. Сол заманда Бас хатшының

өтінішін, жылдық міндеттемені түсінбей қысыр қалған тұсақтан өткен сұмырай жандық жоқ еді.

Кей өңірде саулықты қолдан ұрықтандырып, онысы екі-үштен шажағай қозы туып, әлгі шөженің шамасындағы пәлекеттің саны бар да, сапасы жоқ, не жая алмайсың, не соя алмайсың. Жыл сайын ғылымның күшімен зорланып қалған қой байғұстың денсаулығы кеміп, мәңгіріп, әкесіз туған көрдемшесін танымай, шырамытса да сүтке жарытпай қора айналып қашып, азан-қазан қылатын. Жатқан ит әуре!

Бірақ жер-көкті дүңкілдеткен жоспар қандай! Жүз саулықтан жүз елу, жүз сексен, кейде екі жүз қозы. Ақпанның өгіз өкірген аязында, шілденің қара қарғаның миын қайнатқан аптабында, қойдың амандығын тілеп жүрген шопан байғұстың бейнетін ойлаған кім бар-ау?

Әне, ұранның қуаты!

«Техника тілін біл!» деп және бірі жамбастап жатыр. Майлы бояумен салынған суретіне қараймын. Қаңтарылып тұрған трактордың жанында екі келіншек сықылық атып сырласады кеп. Бұл — жансыз сурет, ал шын өмір қандай еді? Дамыған шетел «әйелдер-ай, әйәйлар-ай» — деп нәзік үнді (жынысты емес) аяулыларын компьютерден өзгеге қимай, жү-

мыс күнін төрт сағатқа дейін шегеріп әлпештеп отырғанда, біз өткен ғасырдың жетпісінші жылдары ұранмен алдап, еркектен нең кем сенің, – деп қара темірді ерттеп мінгізіп, жапан түзге айдап салдық.

...Кәсіптік-техникалық училищені бітіріп келген Сәлимашты К-700 атты дала алыбына алғаш отырғызған салтанат әлі күнге жадымда. Қасы-көзі қиылып, белі үзіліп-үзіліп кетейін деп тұрған жас қызға, кеңшар басшылары қалың елдің көзінше сәт сапар тілеген. Құрметпен кілт тапсырған, шампан атқан. Ендігі қалғаны Сәлимаштың трактор руліне отырып, «еңбек даласы қайдасың», – деп тартып кетуі еді. Тек өңкиіп тұрған неменің басқышы құрғырға жас қыздың бұты жетіп міне алмай, көптің қолтықтауымен тырмысып мінсе де, кабинаның есігін аша алмай, ашса да от алдырудың өзі күшке түсіп, діңкесі құрыған. Жарты сағат әуреден кейін гүр ете түскен алыптың даусын естіп, партком хатшысының жүрегі жарыла қуанған.

Араға жиырма жыл салып оны отбасында кезіктірдім. Баяғы нәзік қыздың Сәлимаш деген аты ғана қалған, заты басқа. Еркек қимыл, қатал жүз, бұлшық еттері ойнап, дүрс-дүрс етеді. Кір шайып жатқан күйеуі:

– Бұған жуғызсаң көйлектің жағасы мен қолтығын сөгіп жібереді. Кілт бұрағандай күшпен сығады, – деп ақталғансыды.

Әйелден — еркек, еркектен — әйел жа-  
саған заманның обалы кімге?

Сөйтіп жүріп ұшпаққа шықсақ, кәне?

Ұран деген орындалмайтын арман екен ғой.  
Сондықтан оны қағазға, матаға, қаңылтырға  
жазып, бой жетпес биікке іліп қойды.

Жеке адам тұрмақ, бұрынғы Кеңес одағы-  
ның құрама мемлекеттерін шашыратпай осы  
ұранның күшімен ұстап тұрды емес пе?

Әлгі қойма кенеттен үлкен Сарайға айна-  
лып бара жатқандай сезілді. Ұрандар болса  
бас қосып, «енді не істейміз?» — деп жиналыс  
ашып, пленум шақырып, съезд өткізуге қам-  
данып жатқандай... Шошып кеттім. Қойманың  
аузындағы қара құлып, сен мықты бол!

Тіршілікте табиғи сұрыптау деген бар.  
Нақтыласақ, әлсіз құрып кетіп, күштілер ғана  
ғұмыр кешу дегенге саяды. Бір ғана мысал  
айтайын. Жолбарыс үштен тапса, күшігі ба-  
уырын көтерген соң сонадай жерге жемтік  
тастап, секіртіп сынайтын көрінеді. Жемтікке  
жетпей түссе, өлтіреді. Жемтіктің дәл үстіне  
түссе, тағы өлтіреді. Тек жемтіктен асып кет-  
кенін ғана тірі қалдырады. Неге? Жас кезін-  
де көздеген нысанаға жетпесе не жетіп түссе,  
қуаты қайтып шау тартқан соң аштан өлмей  
ме? Қазір аршындап секіріп аса жығылғаны,  
ертеңгі күні жемтігін құрығанда бауырына  
баса құлайды. Қатал, бірақ тіршілік заңы одан  
да қатал емес пе?..

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Алақандай аз ауыл ма, көпшілік жер ме, қай-қайсына да ие болсын, солардың қамын соқсын, қас-қабағына қарасын деп әкім қояды. Әкім болған жақсы, әміршіл болған жаман. Бірлі-жарым болса да төменде жүргенде мүттәйім, төбеге шыққан соң төбенді оятындар кезікпей қалмайды. Олардың бойынан төрешілдік белең алады. Төрешілдіктен өзім-білемдік, тоңмойындық, жаны ашымастық, ашкөздік өрістейді. Бұл бірінен-бірі өткен қатерлі дерт. Әлгі әкім үшін емес, әрине, қарамағындағы жаутаңкөз халық үшін. Зардабын солар көреді, жапасын солар шегеді.

Ел дегенде еміреніп тұрындар, шырақтарым!

Бүгін – атқа, ертең – таққа мінем деп ойламаңдар. Жазатайым орындарыңнан түсіп қалсаңдар, сол ел-ананың ортасына бармай қайда кетесіңдер?! Сонда кездескен жаннан үй айналып қашып, көше айналып тығылып жүрмеңдер болды да...

Төрешілдік жайлы бір мысал айтайын.

Кеңес дәуірінде түйелі ауылға Мәскеуден бір үлкен басшы келіпті. Шаруа жайын қарап жүрсе керек. Жанында шыбындап тұрған айғыр үйір топ бар дейді. Келелі түйені әлгі басшыға көрсетеміз деп өрістен айдап келеді. Өңшең інгеннің ортасында екі өркеші баладай

күркіреген қара бура. Үлкен басшы өзге түйелерді аралап өтіп, қара бураның алдына таяп келіп таңырқап тұрғанда, ақтарып құсып кеп жіберген. Бураға Мәскеуден келдің бе, әскерден келдің бе, бәрібір ғой.

Содан оқиға тез өрістейді. Өйткені, үлкен басшы жанына облыстан ерген жігітке алара қараған, бірақ ләм-мим демеген.

Артынша-ақ аудан басшысы ескерту, кеңшар директоры сөгіс алып, ферма меңгерушісі орнынан түскен. Ұмытып бара жатыр екем, қара бура да атандыққа түскен...

Кейін мұны естіген үлкен басшы:

— Әй, қазақтар-ай, бүлінсе менің жалғыз қалпағым бүлінді. Дүние бүлінген жоқ еді ғой. Бір-біріңді нұқыртуға келгенде, неге соншама әуессіздер? — деп қайта-қайта бас шайқады дейді.

«Халық жауы» деп бір-бірінің үстінен арыз айдап, ұстап берген қандастарымыздың тағдыры еске түседі. Сырттан келген жау аз еді ғой.

Осының бәрі төрешілдіктен өрістейді.

АЙНАЛАЙЫН, әркімнің туған топырағы киелі. Оның күміс қоңыраулы керуендей қыр асып кеткен тарихын, туып-өнген ұлы тұлғаларын танып біл, өмір бақи жадыға тұт. Бұл сенің ең бастысы — төлқұжатың.

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырзалиев:

— ...Біздің тарих, бұ да бір қалың тарих. Оқулығы жұп-жұқа бір-ақ-дағы, — деп кешегі тоқырау кезеңінде-ақ ішкі өкінішін жасырмай жария еткен. Америка, Англия, Франция тіпті Африка мемлекеттерінің тарихы мен көсемдерін жатқа айтып, күмбірлеп тұрған мектеп шәкірті туған халқының бастан кешкен қадау-қадау оқиғаларына келгенде, сақау бала секілді міңгірлеп қалатын. Бірінші Петрды әулиедей ғып әспеттегенін қайтейін, өзінің Абылай ханын дұшпан көріп өссе. Иә, жалғыз қазақты ғана емес, отаршылдық пиғыл барша аз ұлттар мен ұлыстардың соңына шам алып түспеді ме? Кеңес дәуірінде Сібір мен Солтүстік Мұзды мұхиттың арасын жайлап ит жегіп, ирек камшылап жүрген тоқсан төрт аз ұлт ұлт ретінде жойылып кеткен! Аждаһаның аузына барып өзі түскен жоқ еді ғой. Бәрі де отаршылдық пиғылдың, астам көзқарастың құрбаны. Ал қаншасы тарихи жадынан, зердесінен ажырап, тілін ұмытып, дінінен безіп бар мен жоқтың ортасында можантопай күй кешуде. Алла-ау, десеңші...

Қадыр ақын айтқандай, жұп-жұқа тарихымызды қолтығымызға қысып жүріп, Құдай

жар болып, егемендіктің есігінен аттадық-ау. Кенжелеп келген ел мен жер тарихы жаңа көзқарас, соны ізденіс, батыл байламдармен қайтадан жазылып жатыр.

Е, небір ғасырдың көзін көріп, уақыт пен оқиғалардың куәсіне айналған қазағымның жапан даласына, үйінді болған қаласына, төбе боп жатқан қорымына, ерні кезерген шөліне, жағалауды толқын-тілімен жалаған өзен, көліне тіл бітсе, сұңғыла шежіреге қарық болар едік. Әрқайсысы жас ұрпаққа бір-бір қоржын тарихты арқалатар-ды.

Соның бірін Шерқала мен Жалғантау айтар еді.

Заманында иісі Кіші жүз Сырдария бойынан батысқа ығысып, өзіне қоныс, малына өріс қарап Маңғыстауға келіп тірелген. Түбек бос емес. Түріктің отыз тайпасынан тарайтын өзімізге ағайын ызғындай ел жайлап отыр. Сеңсең бөрікті, шолақ найзалы, қайқы қылышты жаугер жұрт бауыр басып қалған өңірді оңайлықпен ұстата қоя ма? Екі арада бітіспес майдан ашылады. Десе де, іргесі сетінемей келген он екі ата Байұлының шәугім бас шоқпарлы батырлары үстем түсіп, теңдік бермейді. Теңіз куалап шегінген оғыз нәсідес бауырлардың беріспеспін деген намысқой бір ауылы Шерқалаға бекініс орнатқан. Шерқала — тау. Тау болғанда да айнала жазықтың

нақ ортасына шаншылып қалған, жан-жағы қылышпен шапқандай тік, төбесі тегіс біткен табиғаттың ерекше жаратылысы. Шерқаланың төбесіне шатыр тігіп жайғасқан аз ауыл төмендегі анталаған қолды садақпен атып, маңайлатпайды. Босқа шығын көргенше, таудың жан-жағын қоршап жатып алайық, тамақпен судан тарыққан соң өздері беріледі, дескен қазақ қолы асығар болмайды.

Бекіністе жатқандар астарындағы атын сойып жеп, дәмнен таршылық көрмегенмен, шілденің қара қарғаның миын қайнатқан ыстығы шөлден қысады. Алайда, бір ай, ізінше екі ай өтті, берілер жау жоқ. Жақындасаң бітті, самсаған оқ қарша борап қоя береді. Не істеу керек? Суды қайдан алып отыр, бәрі жұмбақ.

Тығырыққа тірелген бір күні таңсәріде күзетші тау қуысына бас бағып отырып, шелектің сыңғырын естіген. Е, бекіністегілердің сыры белгілі болды. Таудың төбесінен құдық қазып алған, демек қауға тартып жатыр. Төмендегілер жерден жиырма метр биіктікті меже ғып алып, таудың нақ ортан белінен үңгір қазуға кіріседі. Су тартқан қауғаның сыңғырын іздеп үңги-үңги оған да жетеді. Сөйтіп құдықтан нәр татырмай шелектің бауын кескен де отырған.

Араға аз күн салып елде жоқ ерлігімен

жауын да тамсандырған аз ауыл қолға түсті деседі. Мен, шырақтарым, ақ жаулықты Ана басыммен қаталдықты қағида ғып отырғаннан аулақпын. Тек бұрынғы өткен бабалардың (қай-қайсысының да) кесек қимылына, еренғайып батырлығына тәнті көңілдің ризашылығын білдірмекпін.

Жерден жүз метрдей биік тұрған тау басын ойып құдық қазу және оның астынан шыңырауға жету, одан су алып жан сақтау, не деген құдірет еді!

Сенбейін десең таудан қазылған құдық та, бүйірден ойылған үңгір де бөз-баяғы қалпында сақталған. Қатал заманның шежіресін шертіп, куәсін алдыңызға тосады. Шерқала, шерлі қала осылайша сыр шертеді. Аз ауыл шарасыз қолға түскенде «Дүние жалған», «Дүние жалған» деп дауыс салып жыласқан екен дейді. Шерқаланың дәл жанында егіздің сыңарындай боп тағы бір жатаған тау тұр. Оның аты – Жалғантау... Жалған болса жалған шығар, әрине, тау емес, ғашыл дүние...

Әр сынық сүйем жерде сүбелі тарихымыз жатыр. Егемен еліміздің ғасырлар бойғы шежіресін жасағанда көбігіне малданып, толқынына алданып, астында жатқан алуан ағыстарды аңдамай қалмайықшы.

Иманғали Атырау облысына әкім боп тағайындалған соң араға бір жұма салып:

– Апа, Сарайшыққа барып, аруақтарға

бағыштап дұға оқып, тәу етіп қайтайықшы, — деді. Жайықтың жағасында оба боп жатқан Сарайшықтың орнына келіп дұға қайырып, бет сипадық.

Иманғали төбе боп үйіліп жатқан төмешіктен көзін алмай тұрып:

— Апа, Жібек жолының керуен Сарайына айналған, дәуірінде салтанаты асқан бұл шаһарды атақты хандар билеген. Олар: Мөңке, Темір, Гийас-ад-дин Тоқта, Жәнібек, Әмір Охас, Ших-Мамай, Қасым хан, Жүсіп хан. Зираттары да осында деседі. Обаның бір шетін Жайық кеміріп жеп жатыр. Тарихымыз көз алдымызда өшіп барады, — деп мұңайды,

— Өлі риза болмай, тірі байымайды деген, шырағым. Еліне қорған, жеріне пана болған жәдігерлерді тірілтем десең қолыңнан ешкім қақпас, — дедім.

Артынша Сарайшықтың басына жеті ханға арнап айшықты кесене тұрғыздырды. Мешіт салдырды. Аса шебер кескінделген бұл құрылыстың сәулетшісі Сайын Назарбеков деген мың болғыр. Бұл киелі мекен қазірде алыс-жақыннан келген ел-жұрттың қызығып, тамашалайтын көзайым орнына айналып отыр.

Атырауда өткен мұнайдың 100 жылдық тойында тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі «Хан ордалы — Сарайшықты» барып көріп, аса ризашылығын білдіріп қайтты.

Таңның атысы, күннің батысы жұмыстан бір мігір тапшайтын балам тағы бірде:

— Апа, Мысырды он жеті жыл билеген Бейбарыс сұлтан Жайық бойының перзенті ғой. Каирда сұлтан өз қолымен салдырған мешітті Нұрсұлтан ағам барып көріпті. Ұлы тұлғаны туған топырағы әлі жөңді танымайды. Бұйырса атақ-даңқымен қосып алып келем, — деп қалды.

— Ниетіңе құлдық, шырағым, — деп сүйсіндім. Көп кешікпей Атыраудың қақ төрінде Қадірбек Хакимов мүсіндеген Бейбарыс сұлтанның алып ескерткіші орнады. Бабасымен табысқан ұрпағының ризашылығында шек жоқ.

Махамбет атындағы облыстық драма театры жазушы Рахымжан Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан» спектаклін Бейбарыстың 775 жылдық мерейтойына тарту есебінде ұсынды.

Ерлігің сенің таусылмас жыр-ән,  
Арабқа сіңген азатшыл ұран.  
Ескерткіш болып оралдың елге,  
Атыраудан ұшқан қанатты қыран!

Осы жаныңды жадыратқан жақсылықтармен құйрық тістесе Жылой өңірінен, «сүйіншілеген» қуанышты хабар кеп жетті. Белгілі ғалым, археолог Зайнолла Самашев Аралтөбе аймағындағы көне қорымнан «Алтын адам» тапты.

Жебеп-желеп жүретiн арыстардың болғаны қандай жақсы!

**АЙНАЛАЙЫН**, егемендiк деген не?

Бұл өзiңнiң және туған елiңнiң бас еркiндiгi. Өйткенi, жеке тұлға бұл сол мемлекеттiң бiр-бiр бөлшегi. Бөле-жара қарауға келмейтiн ортақ құбылыс. Бодан елге ешкiм де еркiндiгiн оңайлықпен ұстатпаған. Төзiмдi күрес жолы ғана жеңiске, бостандыққа жеткiзетiнiн әлем тарихы дәлелдеп отыр.

Егемен Қазақстан Республикасының тәуелсiздiк алғанына биыл 10 жыл толады. Қария тарихы бар жас мемлекетпiз. Шекарамыз, тiлiмiз, дiнiмiздiң тағдыры ендi өз қолымызда. Жасыл байрағымыз қыранымен қоса көкте самғап, әнұранымыз ана тiлiмiзде шырқалып тұрса бұдан асқан бақыт бар ма?

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Тура қолға ұстатқандай аян беретін түстер болады-ау! 1994 жылдың қара күзінде таң алды тәтті ұйқыда жатып көрген түсімді күнделігіме түсіріппін. Сол қолжазбамды қайтадан бір оқып шығайықшы:

«Бар заманның төбе биі, төре соты Абай данышпан аң қағып жүргендей Жайық жағалап кеп, кер бестісінен түсті. Төрт өрме қамшысын қолына қысып ұстап, шапанының мол пішілген етегін сілкіп тастап, алға адымдай басты. Иә, кәдімгі «Иса Машайықтың халыққа оралуындағы» полотнодан аумайтын көрініс. Көп күттірмей қарсы алдынан биі бар, текті жерден шыққан құлы бар, аралас-құралас қарақұрым халықты қапелімде тап басып тани алмай, дала данышпаны біраз бөгелді. Өз қаны – қазағы екенін әрең айырған соң:

– Әй, Дүтбай болыс, – деп топ ішінен өңмеңдеген, бұғағы жиналған жүктей қатпар-қатпар, қозы қарын біреуді дауыстап өзіне шақырды. Онысы Дүтбай емес, кішігірім әкім-ді. Алабажақ галустугімен аузын сүртіп тұрған әкімде бір жарым ғасырдан соң қайта оралған данышпанды айтпай таныр сауат бар ма, қамшысын бұлаған шапанды шалды зейнетақысын даулап жүрген бұрынғы малшысының бірі деп ойлап қалды-ау деймін, мұрнын

қисайта тартып, тебеген аттай бір қырындап, көзінің құйрығымен қарады.

Ауылдың аңқау шалы екен, алдымен барып қалтасын тазалап жіберейін деп ойлады ма, бір саудагер қатын емпеңдеп алға түсті.

— Айна менен тарақ бар,

Алмасаң да қарап қал, — деп қақылдап, боқшасын данышпанның алдына жайсын.

— Менің қалағаным табыла қояр ма екен? — деп іркілген Абай сәлден соң: — Келінжан, бір қадақ ар бер, екі пұт ұят бер, таудай талап бер, таусылмас намыс пен жігер бер, бармақтай бақ бер, — деп тізбелесін.

— Ойы-бай, оны қайдан таптым? Бәрі түгелсілген, келмеске кеткен. Қазір шығармайды, — деп әлгі қатын самай шашы дудырап алақ-жұлақ етті.

— Ендеше, көсіп-көсіп арсыздықтан, ұятсыздықтан сал. Намыссыз нәйістіктен, өтіріктен, жаладан өлшеп-өлшеп бере қой, — деп атамыз сынай қарасын.

— Бұл деген көзі көп тауар ғой. Бізге вагон-вагонымен, партия-партиясымен келеді, дейді саудагер. — Мә, здашыңыз...

Абай жиырма теңгеліктегі өзінің күпі киген бейнесіне қарап мұңға батып тұрды да:

— Бір-бірін алдаған, арбаған, тонаған бір халық. Сонда мұның аты қазақ болғаны ма? — деп сөз бастап кетті.

Көп ішінен мойны қылқиған бір бала шырылдап еді, тобыр естірте ме? Мен де тіл қатсам деймін, алайда көмейім бүкілдегенмен, көзіме жас толып кетіп, үнсіз қалдым...»

Теңге құнсызданып, жекешелендіру оң аяғымен тұрмай, халық тарыққан шақ-ты. Соның бәрін аруағыңнан садаға кетейін әулие ақын сезбей-білмей жатты дейсіз бе? Қазір ше... Шүкірміз ғой, шүкір де, жарығым!

Бостандықты аңсап қаншама ғасыр ақ найзаның ұшы, ақ білектің күшімен күрессе де, осы күнге жете алмай кеткен бабалар рухына бас иейік!

Желтоқсанның мұзға жанған алауы – қыршын кеткен қыз-жігіттеріміздің жігер күшіне табынайық!

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сұңғыла саясатының арқасында көрші мемлекеттерді жайлап келе жатқан соғыстан, апаттан, аштықтан, қауіп-қатерден аман есен отырғанымызды бір сәт те жадымыздан шығармайық.

Көптің көңілін табу қиын шаруа. Батысшыл біреулердің «біз неге бірден Америка бола қалмаймыз?» – деп сыңаржақтанатынын естіп қалып жүрмін. Американың жерінде ғұмыры соғыс болып көрмеген. Ешкімге жау таңқөз бодан да емес. Ал, біз кешегі Кеңес дәуірінде қанды қырғыннан, аштықтан, апаттан аман қалған кезіміз жоқ-ты...

Осы еңсе көтергенiмiзге тәубе демей, салғаннан өзiмiздi апай төс мемлекеттердiң қатарына қойғымыз келедi.

Америка құрлығы алғаш Ата заңын қабылдағанда қазақ даласы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада» «Елiм-айын» айтып, босып жүрген жоқ па едi?

«Құран-Кәрiмде»: «Ел басшысы — Құдайдың жердегi өкiлi. Айтқанын екi етпей бағыныңдар», — деген хадис бар. Осы ұлағатты уәжеге құлақ түрейiк.

Нұрсұлтан iнiм, сенiң ұстанған сара жолыңды аналық ақ пейiлiммен қолдап, бiрауыз тiлегiмдi де жеткiзейiн.

Елiңнiң екi тiзгiн, бiр шылбыры қолыңда. Нұрлы болашаққа қазақтың көп тарыққан қара көшiн бастай бер.

Егемен елдiң досы — сенiң досың, жауы да және солай.

Кейде сыртқы жаудан iшкi жаудың жымысқы әрекетi көп, байбаламы басым. Жау күшпен жеңе алмаса, жалған сөз, мақтаумен ұтқысы келедi.

Сталиндi культке жеткiзген, Хрущевқа жүгерi ектiрген, Брежневтiң төсiне металлом үйдiрген осы атың өшкiр қошаметшiлiк едi ғой...

Аман жүр, айналайын!

Сен аман болсаң халқың алтын аяқтан су iшер...

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

«Өткенге мылтық атсаң, болашақ сені зеңбірекпен көздейді» деген қанатты сөз бар.

Иә, өткен дәуір мен кешкен дәуреннің бәрі сұрғылт, бірыңғай жаман емес, ал келешектің де сын көзбен қарайтын тұстары жоқ емес шығар. Ол үшін әлгі дәріханашының таразысындай сезімтал көңіл безбені қажет.

Өткен ғасырдың елуінші жылдарының орта шенінде КОКП Орталық Комитетінің «Тың және тыңайған жерлерді игеру жайлы» қаулысы шықты. Тусырап жатқан далаға түрен түсті. Балтық бойы, Ресей, Украина, Белоруссияның жастары иен жатқан өлкеге қада қағып, шатыр тігіп жатыр. Бұл бағалай білгенге ұлы қозғалыс еді. Жасырары не, соғыс зардабын әлі ұмыта алмай, түлкіқұрсақтау жүрген елдің ақ бөлкі алдынан қайтып, бүйірі шыққаны осы тыңның арқасы-тын.

Хрущевтың күңгірт тұстарын қаншама тәптіштесек те, осы бір жалпыхалықтық қозғалысқа бас ие болғанын жадымыздан шығармайық. Тың даласын аралап жүріп, бір сапасыз құрылысқа және сұйық өскен егінге тап болып жергілікті басшыларды жерден алып, жерге салып алқымы ісіп, мойын өңірі кестелік жаға ақ көйлегіне сыймай, қызылшиқандай боп ұрысып жатқанын теледидардан көр-

генiм бар... Жанашырлық деген сол! Әйтпесе ұлы империяның Бас хатшысында басқа шаруа құрып қалып па?

«Нан болса — ән де болады» деген Брежнев жарықтықтың кеңпейiл де кеңқолтық заманын бастан кештiк.

Негiзгi айтайын дегенiм, жер-ананың тағдыры. Қасиетiңнен садаға кетейiн қара жерге тең келер он сегiз мың ғаламда не бар дейсiң? Баяғыда бiр елдiң билеушiсi екiншi бiр елдiң әмiрiне, бәйге басын бермеген сәйгүлiгiңдi бер дейдi, бередi, тотыдайын таранған жалғыз қызыңды бер дейдi, қолынан қақпайды, алтын-күмiс, жақұтын да сол өтiнiшпен алдырады. Ең соңында жайлаған жерiңдi бер дегенде, қарсы соғыс жариялаған екен. Туған топырақтан айырылу, бәрiнен айырылумен тең, шырақтарым!

Сондай бәс жетпес қымбатымызды, құлақ түрiп отырсам, аздырып, тоздырыңқырап алыпмыз. Қара жердiң бәрiне бiрдей көк шықпайды. Оның тек беткi, мықтаса 20-25 см қалыңдықтағы «аналық құнарына» түскен дән гана көктейдi. Ал, бiз парға ұстап бiр бөлiгiн тыңайтпай жыл сайын жоспар қуалап жыр-та-жыр-та, әлгi «аналық құнарды» жел эрозиясына ұшыратыпмыз. Яғни, шаң қылып көкке ұшырып алыпмыз. Құнары кемiген жерге тыңайтқышты мөлшерден тыс үстемелеп се-

уіп, оны наркоманға айналдырыппыз. Мұндай жерді бастапқы қалпына келтіру үшін кемі бір ғасыр қажет екен.

Міне, тың трагедиясы қайда жатыр!

Канада сынды мемлекеттер әр гектардан 45-52 центнерден астық айырып отырғанда, біз кей жылдары 4-5 центнердің өзін қомақты табысқа балап қаламыз. Неге? Кінәлі кім? Жерді бүлндіру арқылы жасалған қылмыс – қылмыс атаулының ішіндегі ең сорақысы!

Қайран, қазағым-ай, науқаншылдық пен ұраннан, ақкөз жоспар мен үстеме міндеттемеден тартқан залалың аз емес-ау. Есіңді жиып, оң-солыңа қарап, басыңды көтер-дағы. Жалғыз асыраушымыздан айырылып қалмай-ық.

Ал, көгентүп көнелер жерге түкірген біреуді көре қалса маңдайына әжім қаптатып: «Көргенсіздің өсірген баласы», – деп налып отыратын...

**А**ЙНАЛАЙЫН, Әйтеке би атаңның даңқ жайлы өсиетін құлағыңа құйшы. «Жоғарыға ұшқан даңққа бөленеді. Ауру батпандап кіріп, мысқылдап шығады, даңқ мысқылдап кіріп, батпандап шығады. Даңқ жүрген жерде азәзіл боп нәпсі жүреді. Адам түгіл шайтанды да адастыратын – нәпсі.

Даңқ өзі келмесе, артынан шам алып өзің түспе!  
Шырақ алып іздегенің – нәпсіге бой алдырғаның.  
Шикі тері илесең, ұлтан болады, нәпсісін тежей  
білген сұлтан болады. Нәпсі – тойымсыз. Аспан-  
дағы құсты да жердегі жем ұятқа қалдырады.  
Даңққа тұлпар дүлдүлдігімен жетеді, ер-азамат  
білгірлігімен жетеді. Көп жағдайда сен жетпеген  
биікке өзге бұрын жетеді. Ондай жағдайда биік-  
тегіні күндей көрме, өзің жеткен күнде төмендегіні  
жүндей көрме! Жарлылық пен байлықтың қандайы да,  
жазылмаған ешкімнің мәңгілік маңдайына! Сұрғылт  
тұман торламаған аспан жоқ, сор мен шерге шыр-  
малмаған данаң жоқ. Даңқтың жолы – даңғыл емес,  
абыройдың жолы – әрдайым арналы емес. Дана  
мен кемеңгерді күндеуші көп. Өйткені, құнарсыз  
жеміске құрт та жуымайды...»

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Өзім ортасында өскен өзбек халқы атақты Ақсақ Темірді көреген деп пір тұтады.

Оның ұлы қолбасшы болғаны, Қожа Ахмет Яссауи мазарын тұрғызғаны, Самарқан пен Бұхараны ерекше сәулеттендіргені, ғылым мен өнерге айрықша қамқорлық жасағаны, сөйте тұра, Алтын Орданы талқандап, батыстағы қақпамызды жатқа ашып бергені, талай халықты ат тұяғымен таптағаны мәлім.

Ол жайлы бір әдемі әпсана бар.

Бір ұзақ жорықтан оралып тыныққан соң, Сарай шабармандарын жанына жинап, өзі жоқтағы ел жаңалығын сұрайды.

— Жалпы халқыңыз тыныш, мамыражай. Бірақ көңіліміз күпті. Бір ыңғайсыз шаруа боп тұр, — деседі көп жағымпаз жарысып.

— Ол неткен іс?

— Бәленше деген шайыр ел аралап, су жағалай бәйіт айтып, сізді жамандайтын көрінеді, — деп қазіргіше айтқанда, түп-тура оппозиция қылып қояды.

— Жеткізіңдер алдыма! — Ақсақ Темір шын қаһарына мінеді.

Әлден уақытта шабармандар шапаны өрім-өрім, жүзі мейіздей қатқан соқыр шалды соятын тоқтыдай сүйреп әкеледі. Сонда Ақсақ Темір:

— Әй, бәйітші, өзің соқыр екенсің ғой, —

деп бастапқы райынан қайтып жымыды дейді.

— Соқыр болмасам ақсақтың қолына түсетін бе едім, — деп шайыр да сақпанның оғындай сарт еткізген.

— Жарайсың, ерім! — деп жауапқа әбден разы болған Әмір қазынасынан шайырдың қалған ғұмырына еркін жететін, алтын ақша бергізген.

...Бәлкім, көреген болса көреген шығар.

1971 жылы ішкен тамағы кері түсіп, қылтамақтан қиналып жатқанда Нұрғали аузына сусын тосып, Мәтекеңнің жанында отырды.

— Дiлдәм күнім еді, Нұрғалиым ұлым екен. Аллаға мың сан шүкір, арманым жоқ, — деп жатып, бақи кешті.

Е, бұл бес күндік бұлағай дәурен кімнің басынан озбаған?! Заманында тепсінген жауға, телмірген, дауға еңсесін бастырмаған Мәтекең де жазмыштың жетегіне ерді. Баласы Раманқұл, қызы Тасбике, күйеубаласы Нұрғали бар кәдесін, жөн-жоралғысымен атқарысып, басына өз қолымен зират көтерді.

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Өмір — адамға берілген ұлы сыйлық.

Өлім — Хақтың ісі, шыр етіп жарық дүние есігін ашқан әр пенденің маңдайындағы жазмыштың жазуы.

Фәни дүниеден кейін бақилық (рух мәңгілігі) бар ма, жоқ па деген сауал төңірегінде діни сенім мен атеистік тәрбиедегі көзқарас ұзақ мерзім арпалысты. Аллекемнің алдын көрген, бақиға барып нұр-шапағатына бөленген пенде жоқ. Бірақ бір құдіреттің бары анық.

Мауди есімді ғалымның «Өлгеннен кейінгі өмір» атты зерттеу кітабы, ондағы өліп, кері тірілгендердің ғажайып та бір текті әңгімелері адамды алуан ойларға жетелейді. Сырқаттың бәрінің де жаны денесін тастап шыққан соң ұзын да қара тунельге тап болады. Алдан көрінген бір нәзік сәулеге қарай асқан жылдамдықпен қозғалады. Жарыққа шығысымен бұрын дүниеден озған әке-шеше, ата-бабасымен, достарымен жүздеседі. Бірақ жер бетіндегі өмірінің әлі бітпегендігінен хабар алып, кері оралуына мәжбүр болады.

— О дүниенің сипатын, жанға жайлылығын айтып суреттеуге адамның тілі жетпес, деп таңданысқан олар. Тіпті кейбір сырқат өздерінің фәни тірлікке кері оралғанына өкініште білдірген.

Немiстiң «Штерн» журналы әлемдi дүр сiл-кiндiрген фотосурет жариялады. Мазмұны мынадай: «Операция үстелiнде, әл үстiнде жатқан әйелiн күйеуi фотоға түсiре бастаған.

Өкiнiшке орай, хирургтер оны құтқарып қала алмайды. Әйел қайтыс боп кетедi. Кейiннен фотосуреттi шығарған күйеуi таң-тамаша қалған. Әйелiнiң денесi операция үстелiнде жатыр. Жан-жағын ақ халатты дәрiгерлер қоршап тұр. Ал, өлген жанның ақ нұрға бөленген ап-анық сұлбасы көкке баяу қалқып, көтерiлiп барады. Суреттi зерттегендер еш қоспасыз, жасандысыз, бастапқы нұсқа деп тапқан. Мұны көрген Рим папасы Павел екiншi: «О дүниенiң барлығы ендi, мiне, қолға ұстатқандай болды», — деп өз қуанышын жасырмаған».

О дүниенiң барлығы рас болса, тiрлiгiнде жасаған жақсылығың да, жамандығың да алдыңнан өрiп шығатыны анық. Демек, Жұмақ сарайы нұрын шашып, Тозақ оттары жымыңдайды...

**А**ЙНАЛАЙЫН, жас ұрпағым, адам өз ортасының, қоғамның жемiсi ғой. Заманның ыңғайына қарай iс-әрекет жасап, барды базарлап жүрсiңдер. Тiршiлiктiң соқпақты сапарында кейде жаның кiрлеп, көңiлiң пәсейiп, бiреуге қиянат, екiншiге үстемдiк көрсетiп қа-

луларың кәдік. Кейбір сәтте өздерің де сондай тұтқиылға тап келерсіңдер.

Қам сүт іштік анадан піскен емес,  
Таудан үлкен күнәміз, кішкене емес.  
Тағы сондай күнәміз болса-дағы  
Кешем десе Аллекем ештеңе емес, — деген.

Біліп, білмей істеген жаңсақтықтарыңды, жолсыздықтарыңды ауық-ауық ойша түгендеп, «Иә, Аллеке, кешір, күнәкар пенденді», — деп ойша болса да тәу етіп, иманға келгейсіңдер. Жақсылыққа, нұрлы өмірге, болашаққа деген ізгі тілекті үзбегейсіңдер.

Аллекемнің алдына жүзіміз нұрлы боп барғай-дағы.

**А**ЙНАЛАЙЫН, пенделік гұмырда қуанышпен бірге қайғы да қатар жүреді. Қайғының үлкені — әке-шешеден, бір туған бауырынан, жақынынан, сыйлас адамынан айырылу. Адам еңсесін көтере алмай, бойын күдік, күмән, өкініш кернейді. Сенімсіздік, үркектік бел алады. Қаралы үйдің шаңырағын қайтыс болған адамның жетісі, қырқы өткенше оңаша тастап кетпей, ет-жақындары алма-кезек келіп, әңгіме-дүкен құрып, көңілдерін аулап, қона-жатып қайтысады.

Қайғы — бойды кеулеген дерт. Адам уақыты

келгенде белiн бекем буып, көңiлiн бекiтiп, барға – шүкiр, жоққа – салауат айтпаса ауруға шалдығуы гажап емес. Ол сырқаттың аты – депрессия.

Шоқанның атасы Уәлихан опат болып, жесiрi Айғаным қара жамылып отырып қалыпты. Ханның қазасына жиналған иiсi қазақтың игi-жақсылары бәйбiшенi жұбатып, көңiлiн демеп, алуан аңыз, хикаяларды шертiп, ханның тiрлiктегi қадiр-қасиетiн тiзiп айтып, фәни жалғанның алдамшы екенiн орағытып қызыл тiлдi қаншама безесе де, Айғаным бiр серпiлмептi.

Мұны естiген Байдалы шешен келiп ханның тұл байланған ордасына түседi. Елге сыйлы қарияны қарсы алып, төрге оздырған Айғаным жоқтау айтып, жылауға ыңғайланады.

Сонда Байдалы шешен:

– Айғаным, сен жоқтау айтқалы отырсың, мен тоқтау айтқалы отырмын. Жоқтауды қоя тұрып тоқтауды тыңдасаң қайтедi, – дептi.

– Қайрат деген қыран бар,

Қайғыға тiзгiн бермейтiн.

Қайғы деген жылан бар,

Өзектi шағып өртейтiн.

Үмiт, сенiм, тiлек бар,

Қуантып, қуат алдырар,

Жылау деген азап бар,

Қуартып отқа жандырар.

Мен қайғыңды қозғалы келген жоқпын,

Қайратыңды қолдағалы келдiм, Айғаным! – деген екен шешен.

*Ақыл-есті бәйбіше мына сөзден кейін орнынан көтеріліп, Байдалыға әзірлеген ас-суды өзі басқарыпты. Қайғы басқан көңілді аз сөзбен шәйіп, тазартқан қайран, көмекейі бүлкілдеген шешендер-ай!..*

Мәтекең жарықтық бақи кешкендердің жаназасын шығарып, марқұмның мәңгілік мекеніне діни жол-жоралғымен дұрыс аттануын қадағалап, Құран көтеріп, елдің алғысы мен сауабын көп алған жан еді. Айналасындағы қаумалаған елге тақпақтап айтып отыратын:

— Қайғы алқалы көптің тобында қалады.

Түзу мылтықтың оғында қалады,

Қыран құстың қияғында қалады,

Жүйрік аттың тұяғында қалады,

Көкорай шалғын қоныста қалады,

Аққан судың бойында қалады.

Сұлу жардың қойнында қалады,

Осының бірін істемесең,

Өмір бойы мойнында қалады, — деп.

Иә, қайғыға қайрат қана қарсы тұрған...

Нұрағаң зейнеткерлікке шығып, пайғамбар жасынан асқан соң ауру-сырқау айналдыра бастады. Бауыры сыздап, ісіп басылды. 1994 жылы Алматыда өтінен бір уыс тас алдырды. Емнің де жақсылығы ғой, тез сауығып аяғына мініп кетті. Көңіл-күйі де көтеріңкі еді.

— Кемпірім, мұның бәрі алдымен Алла-

ның, сосын Иманғалидың арқасы. Сенің де еңбегің жоқ емес, — деп қояды.

Әншейінде мені мойындап жарытпайды ғой.

**А**ЙНАЛАЙЫН, баланың қуанышынан ұлы нәрсе жоқ.

Шымшық балапанына жем тасып, өзі жеуді ұмытып, балапаны ұядан қанаттанып ұшқанда өзі аштан өлетін көрінеді.

Қуаныш — баланы өсіреді, қанаттандырады, келешегіне деген сенім орнатады. Қуаныштың үлкені, кішісі болмайды. Бірақ уақытында қуана, қуандыра білгенге не жетсін! Футбол ойнап жүрген бала қақпаға әдемі доп соқса қуаныш, ал, сол әдемі допты ұзақ күттіріп бозбала күнінде соқса, еш әсері жоқ.

Ата-ана да әлгі шымшық сын-ды. Қолындағы бар жақсысы ұрпағына бұйырса деп тілейді. Өзім жетпегенге солар жетсе екен, өзім көрмеген қызықты солар көрсе екен деп армандайды. Балаға қуаныш сыйлау — үлкен байлық енішілету емес. Қайта сол байлықты қалай жасаудың жолын үйрет. Әкенің абыройы баланы өмір бойы асыраса да, қалдырған байлығы зұмырлық емес. Таусылады, сарқылады.

Шөлдеген адам суды іздейді, су адамды іздейді.

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Ой сауып, он толғанып отырсам осы кейде қаталдықтың өзінде әділет, әділеттің өзінде қаталдық бар. Тек нұрлы дүниенің бәріне бірдей сызды сыртын берген қатыгездікпен шатастырып алмайық. Көне құлақ қариялардан естіген сондай бір хикаяның жадымда жаңғырып, санам да сәулеленіп отырғаны. Айтпай аттап өтуге де болар еді, бірақ қазақ даласында өткен күндер елесінің не тарихшылардың немесе өлкетанушы, жазушылардың қаламына ілінбей жүргені сеп болды. Сонымен...

Сонымен, бағзы дәуірде қазақ даласында аң аулау үшін арнайы қаланып салынған, қақпан яки тас табыт болған. Доғадай иіліп бүйірленіп келген аумағы ат шаптырым қақпанның екі аузы, жиырма-отыз ат қатар тұра қалатындай көлемде екен.

Мырза күздің салқын сазы білініп, жапырақ сарғайып, аң атаулы төлін еркін аяқтандырып, жоны күмістене жұмырланған шақта хан сансыз қолын, сан-сапат кернейшілері мен сырнайшыларын, дауылпаздарын ертіп аңшылық маусымға аттанған. Әр бұтаның түбіне бұққан, әр таудың биігіне шыққан аңның алуан түрін керней қақтырып, дауылпаз соқтырып, үзеңгі жарыстырып қиқу салып, әлгі қақпан яки тас табытқа қарай қалың қол кереге қанатын жайып, баяу айдаған. Алашұ-

бар жолбарыс пен керіскідей бұғы, көкжал қасқыр мен қырық айлалы түлкі, киік пен момын қоянға дейін ізіне шаң көтеріп жосыған. Қалың қол аясын қаусыра-қаусыра келе айдауындағы аңды тас табыттың аузынан ішке енгізе берген. Әбден дендеп енді-ау деген кезде қақпа жабылған. Тас табыт... Уәзірлері мен ханзада, бекзадаларды еріткен хан... Әлеңкедей жаланған жасақ... Ысқырып ауаны тіліп ұшатын садақтың үш қырлы оғы...

Міне, өткен күндердің қалың шаңының астында қалған қатал елесі осы!

Айтпақшы, алдымен хан қырғын аңның ішінен жолбарыс, бұғы сынды көрер көзге, айтар ауызға толымдысын таңдап атып, мейірі қанған соң, өзінен кейінгілерге кезек ұсынған.

Қан-қисап жалғаса берген.

Ал, аң сиреген сәтте елдің аузы дуалы ақсақалы келіп, аңдар үшін сауға сұрайтын болған. Өйткені араға үш жыл салып бұл маусым қайтадан ашылады. Оған дейін тірі қалғаны ұрпақ өргізіп, жетіліп үлгеруі қажет қой. Ақсақалдың тілегі бірауыздан қабылданып, қалған аң еркіндікке босатылған. Қаталдық, бірақ Аллекемнің өзі «Құран-Кәрімде» жер бетіне өріп шыққан жемісті де, жыбырлаған аңды да сендердің нәсіптерің үшін жараттым, демейтін бе еді?!

Тас табыт...

Таңда машқар күні болғанда жанымызға сауға сұрайтын бір дуалы ауыз табылса ғой...

Иманғалидың бір қатты қуанғаны көз алдымда.

1974 жылы Оралдың Пушкин атындағы педагогикалық институтына оқуға түсуге кеткен. Сабағын жақсы тапсырып, сынақтан сүрінбей өтіпті. Мектеп бітірген бала үшін бұл жүрек-жарды қуаныш. Үйге қайтуға ақшалары таусылып, өзімен бірге оқуға қабылданған атыраулық болашақ төрт студент бірігіп, такси ұстапты. Иманғали айтыпты: «Аға, бізді Махамбет селосына жеткізіңіз. Папам жұмыста шығар. Бірден қызметіне барамыз, ақшаңызды қолма-қол алып берейін», — деп.

Жүргізуші де Құдай деген адам болса керек, төртеуін отырғызып алып жолға түскен. Алты сағат тоқтамай жүріп, аудандық қаржы бөліміне бас тірейді.

— Папа, оқуға түстім. Үш досыммен бірге такси жалдап келдім. Әрқайсымызға 25 сомнан 100 сом ақша керек, — деп айналайыным әкесінің кабинетіне танаурап кірмей ме.

— Ой, азаматым, жарадың! Мә, төлей ғой, — деп Нұрағаң тұтас 100 сомды суырып берген.

Баланың алғашқы қадамының сәтті басталғаны ата-анаға мерей. Бәріміз қуанып қой сойып, жанындағы үш досын таксиспен қоса қонақ етіп аттандырдық.

Оқу басталғанда әлгi үш бала Иманғалиға 75 сомды жинап әкелiптi. Бұл алмаған.

— Ақша папамдiкi. Маған қарыз емессiңдер. Ал, папам ақшаны төртеумiздiң оқуға түскен қуанышымыз үшiн берген. Менiң алуға құқым жоқ, — деп.

Оны естiп әкесi екеумiз тағы қуандық. Жаратқан Ием, қай-қайсымызды да қуаныштан жазбағай...

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Білім мен байлықтың қайсысын таңдарын білмей жол айрығында тұрған жасөспірім бір ғұламаға келіп, ақыл сұраған екен. Сонда ғұлама білімнің артықтығын он түрлі дәлелмен бейнелепті. Құлақ түрші, балаларым.

Біріншіден, білім бұл пайғамбардан қалған мұра, ал байлық бақылдардан қалған мұра.

Екіншіден, білім сені бағады, ал байлықты сен бағасың.

Үшіншіден, білім досыңды көбейтеді, ал байлық дұшпаныңды арттырады.

Төртіншіден, білім іздеген сайын көбейе, молая береді, жұмсағанмен азаймайды, ал байлық жұмсасаң азаяды, кемиді, жойылады.

Бесіншіден, білімді ұрыдан қорғаудың қажеті жоқ, ал мал-мүлікті, дүниені, жиған-терген байлықты ұрылардан күнде қорғайсың.

Алтыншыдан, білімің көп болса, ел сені құрмет тұтады, ал байлығың мол болса қызғанады.

Жетіншіден, білімге есеп-қисап жүргізбейсің, ал байлығыңды күнде есептеп отыруың қажет.

Сегізіншіден, білім қаншама көп болғанымен іріп-шіріп бүлінбейді, ал байлық бір жұттық — өледі, жоғалады.

Тоғызыншыдан, білім жан дүниенді байытады, ал байлық қиялыңды, көзқарасыңды шектейді, тура жолдан тайдырады.

Оныншыдан, бiлiмдi адам мәдениеттi, әдептi, адамгершiлiктi болады, ал байлығы мол адам мақтанады, әркiмге астамшылық көрсетедi.

Таразының қай басы ауыр тартқанын өздерiң бағамдай жатарсыңдар...

**А**ЙНАЛАЙЫН,  
Өз жарыңды жаттай күт,  
Жат көрсiн де түңiлсiн.  
Бiр-бiрiңдi қадiр тұт,  
Жұрт үлгi алсын, үңiлсiн.

Қазақ бiлмесе айта ма? Шаңырақтың тұтқасы қашан да үйдiң отағасы. Сыртқы шаруа, алуан мiндет, ауыр жүк әрдайым соған түседi. Азаматтың арлы, өз ортасында сыйлы, арзанды көрiп азбайтын, қызылды көрiп тозбайтын дәтiне берiк, мiнезi ұстамды, жiгерi мұқалмас төзiмдi болып келсе, жанып тұрған бағың.

Жұбайың – сол отаудың бүтiншiсi, барыңды баптайтын, жоғыңды сатпайтын, пейiлi кең, жаны жайсаң, ағайын-тумаға мейiрiмдi келсе, шамшырағың.

Мұндай тату да келiстi жанұялы жұп қартая келе бiрi – әкесi, екiншiсi – шешесi iспеттi болып кететiн көрiнедi.

Ал, ерiңнiң жапырып iс iстер қайраты жоқ, өзiндiк тұрақты пiкiрi кем, босмойын, мiнезi шырт

етпе, көңілі түссе азанышыл, қарны аиса қазанышыл біреу болса – ғұмырлық азабың.

Әйелің – ерні жыбырлап аузы толған сөз, салдыр-салақ, ұстағаны күлді-көмеш, тұтқаны жыртық-жырым, оңбайтын олақ, етегінің бір ұшыын ышқырына қыстырып алып, ертеңді-кеш айнала-сын өсекпен өртеп жүрсе – өмірлік тозағың.

Иә, үлгілі ата-ана атану әркімнің басты міндеті. Бұл аса маңызды жауапкершілік, әрі үлкен құрмет. Бала алдымен әке-шешесіне, сосын ұстазына, жора-жолдастарына қарап бой түзейді. Өмір болған соң соқпақты-соқтықпалы небір сын сәттерді бастан кешесің. Үй болған соң шыны-аяқта сылдырлап қалады. Бірақ ешқашан да балаңның көзіңше бір-біріңе қатты сөз айтушы болмаңдар. Қайта бірің қызыңа анасын үлгі етіп, жұбайыңның беделін көтеріп, екіншің ұлына әкесін тәлім ғып, жарының абыройын жоғарылатып отыру ғанибет. Сонда олар болашаққа сыйластық сезімін жоғалтпай апарарды.

Ал, ашу-дұшпанға тежеу бермей өзара кінәласып, ауыздарыңнан ақ ит шығып, көк ит кіріп, тепсініп, тіпті қолы жылдамы ұрып жіберіп жатса, сәби жүрегінде өшпес дақ қалады. Әдепсіздік, ертең ер жеткенде маған да осылай істеуге болады екен деген зиянды ой, дөрекілік, бейбастақтық бастау алады. Не ексең соны орасың.

Демек, күрішке балағаның күрмек боп шықса – кінәнің бір ұшы әке-шешеде, көрген тәлім-тәрбиеде жатады...

## БІР ШЫМШЫМ ОЙ

Ленин жарықтықтың кепкісін баса киіп, «товарищи» деп сөз бастайтын көне кадры көпшіліктің әлі көз алдында. О баста бұл сөздің түбірі «товар» болғаны белгілі. Ежелгі көпестер, ұсақ саудагер, қолөнершілер зат айырбасын жасағанда осы атауды қолданысқа енгізіп, кейіннен бір-бірін «товарищ» десіп кетіскен.

Біз оны жолдас сөзінің баламасы деп білдік. Жолдас жолда кездеседі, жолда айырылысады деген ұғымды берсе керек. Сонау отызыншы жылдары «жолдастықтың» көбейіп кеткені сондай, тіпті «жолдас әйелім» деп те айтатын базбіреулер табылыпты.

Әр ел еншісін алған соң қашанғы товар, қашанғы жолдас боламыз десек керек, жаңа (шын мәнінде көне) атауларды жаппай енгіздік. Мәселен, мырза, ханым...

Өте орынды.

Мырза атауы ертеде бай мен бағланға, дәулеті мен сәулеті жарасқан жомарт жанға арналған.

Ал, ханым деген бесенеден белгілі ханның зайыбы.

Ал, енді осы ізгілікті де құрметті атаққа көбіміз лайықтымыз ба?

Мәселен, кісілігіміз, өз-өзімізді ұстау мәдениетіміз, көзқарас кеңдігі, көңіл дарқандығы, иба, әдеп...

Нұрғали келесі жылы қаңтар айында полиппен сырқаттанып, дәрігерге қаралуға барса, инфаркт соққан депті. Ертеректе жүргенде миокард ишемия деген диагноз қойылған. Екінің бірінде кезігетін сырқат қой деп, аса мән бермей жүре берген.

— Инфарктың қатты шаншымай, білінбей өтетін түрі болады. Тек қана күтім керек, — деп өз қолыммен ауруханаға жатқыздым. Қырық күн толық емін алып жазылып шықты. Жиырма күн санаторийде демалды.

1997 жылы тамыз айында Шымкентте тұратын тұлабойы тұңғышым Нұрсұлу мен күйеу балам Рысқұлбектің қызы ұзатылатын болып, елден Нұрағаң екеуміз Алматыға келдік. Жиен де болса алғашқы сағынып көрген немереміз ғой, қызығына араласпай қалай тыныш жатарсың. Иманғалидың үйінде бас қосып, ағайын-тума болып жолға жиналды. Поезға билетіміз алулы, шашу, таралғымыз қаптаулы тұр.

— Жүрегімнің әлсіреп тұрғаны, — деп әлден уақытта Нұрағаң өңі бозарып, креслоға отыра кетті. Жалма-жан кардиограммаға түсіріп алайық деп қарасақ, инфарк жүріп жатыр екен.

Қыздар тойға деп аяғыма орнықты, әдемі төпли алып берген. Әлгіні киіп жүрсем керек, Нұрағаңның соған көзі түсіпті.

— Аяқ киімің жақсы екен. Қыспай ма? — деді, жатқан қалшы.

— Жоқ қыспайды.

— Е, құтты болсын онда, — дедi, сап-сау қалпындағыдай күлiп. Жарық дүниеде маған арнап айтқан ең соңғы сөзi осы екен!

— Апырмай, жүрегім күйiп барады, — деп онсыз да үрейi ұшып тұрған балаларға назар тiктi. Дәрiден қайран болмауға айналды. Есiктен опыр-топыр боп реанимациялық жабдығын алып, дәрiгерлер де жеттi. Олардың өкшесiн басып жұмыстан Иманғали да келдi. Кардиограммада ортан белден кесiлген жалғыз сызық тұрды. Жүрек соғуын тоқтатқан екен. Тiл жоқ, тек Иманғалиға қарап үш мәрте — «Уh!» — дедi.

— Электрошок жасайық! — дедiм жанталасып, есiм шығып кетсе керек. Экраннан анық көрiнiп тұр ғой, ғазиз жүрек үш рет бүлк-бүлк еттi де, мәңгiлiкке байыз тапты.

Дәрiгерлердi итерiңкiреп жiберiп, фәни жалғанда арқа сүйеген арысымның иманын үйiрдiм. Әкесiнен айырылғанына көзi жеткен Иманғалиым қатты ышқынып, жылап жiбердi.

— Ұста өзiндi! — дедiм ұлыма зекiгендей боп. — Қарауында қызмет жасайтын қаптаған адам тұр. Көрсетпе көз жасыңды! Жыласақ, ауылға барып жылаймыз...

Менiкi қай бiр қаттылық дейсiң, жарығым бордай езiлiп күйремесiн, сын сәтте белiн бекем бусын дегендiк қой.

Ертеңіне жарты Алматы жөңкіліп, басымызды сүйеп, қолтығымыздан демеп, ұшаққа мінгізіп салды.

Шалқайып кетіп еді, Махамбеттің қасиетті топырағына шалқалап оралды ғой, бас ием.

Зират басына алыс-жақыннан жиналған қарақұрым елдің есебіне жетпессің. Нұрағаңды азалап, дауыс салып келіп жатқан жұртымнан, айналайын. Қаралы жиында аузымен құс тістеген небір ардақты азаматтар суырылып сөйлеп, қайғымызды бөлісті. Маңдайыңнан сипап, арқаңнан аялағандай болған қазағымның лебізінің құдіреті-ай десеңізші!

— Сөз бер, мен де сөйлеймін, — деп ем, Иманғали: «Жоқ, апа, ауырып қаласың», — деп ыңғай танытпады. Шамасы, қайғы еңсесін езіп өзі әрең тұр, қазір жылап, талып қалар, деп қорыққан шығар. Әбіш Кекілбаев сезімтал, ізгі жүректі азамат қой: «Апам, бірауыз бақұлдассын. Рұқсат етейік», — депті. Ақырысы қаралы жиынды жабар алдында сөз алдым.

— Нұрғали, жалған дүниенің сапарын менен бұрын тәмамдап, мәңгілік мекеніңе аттанып бара жатырсың, — дедім. — Жатқан жерің жарық, иманың жолдас болғай. Екеуміз екі жыл қыз бен жігіт боп жолықтық. Елу жыл етегіңнен ұстадым. Артыңда үш қыз — көзің қалды, екі ұл — өзің қалды. Арлы-ожданды болдың, азаматтық парызыңды ұмытпадың, ха-

лықты алаламадың, жақыныңды жараламадың, қалысыңды қараламадың, сүрінгенді сүйедің, жылағанды жұбаттың, қисайғанды түзедің. Саған кезіктірген тағдырыма ризамын. Тірлікте аңдамай басқан қадамың болса кешті деп ойла. Мен де әйелдікпен азын-аулақ өкпе-назға жол берсем, ғафу өтінем. Аллекемнің алдына жүзің жарық боп барғай...

Көз салсам көп адам жасына булығып, жылап тұр екен.

Кейіннен базбіреулер: «Апыр-ай, кірпігіне тамшы ілмеді, мына Ділдәнің қаттысы-ай», — депті.

«Құдай таңдайына берген ділмәр екен», — депті.

Иә, айналайындар, жаныңның жартысын жалмаған топырақты өлім үстінде кім қатты, кім шешен атанғысы келсін.

Мұқағали айтпап па еді:

«Өмірді қандай сыйласаң

Өлімді сондай жат көрме», — деп.

## **А**ЙНАЛАЙЫҢДАРЫМ, менің!

Ұзақ жылдардан бері кеудемде жатталған, көкіректе хатталған толағай сырды ақтардым-ау, деймін. Өмірдің алуан соқпағы мен тірліктің небір тоқпағын көрген менің замандастарымның әрқай-

сысы өздеріңізбен осылайша еркін сырласуға құқылы деп білемін. Өйткені, күміс – көкжиекке қарай көсіліп жатқан бақытты болашақтың жібек бұйдасын сіздерге аманаттап барамыз. Біздің ғұмырдан бір мысқал болса да ой түйіп, тәлім алып, ұлттық мәдениетті, туған тарихты, салт-сананы, дәстүр, ибаны келешекке кемел қалпында апара білсеңдер, арман не? Бұл кітабым осы іргелі мақсат жолындағы жас ұрпаққа құс қанатындай болса да демеулікке жараса, мен үшін бақыт!..

Сөз соңын аталардан қалған ақ батамен аяқтайын.

Қысыр бақсаң қазылы болғай,  
Қара қойың қозылы болғай!  
Ойсылқараң жоталы болғай,  
Жыл құрғатпай боталы болғай!  
Өрелі биең құлынды болғай,  
Қызың мен ұлың тұлымды болғай!  
Інінің бәрі ықыты болғай,  
Шетінен алып сиықты болғай!  
Тау менен тасың қорықты болғай,  
Көл-дарияң борықты болғай,  
Ақ жүгерің шашақты болғай,  
Арпа-бидай масақты болғай!  
Мәуелі бағың жемісті болғай,  
Жоталы жоның егісті болғай!  
Қараңның бәрі қарынды болғай,  
Құлаңның бәрі шалымды болғай!  
Сексеуілің сіңірлі болғай,  
Шикі өкпең дүбірлі болғай!

Құрбының бәрі кеуделі болғай,  
Шетінен жібек жейделі болғай,  
Оң жақта қалған есікті болғай,  
Шүмегі алтын бесікті болғай!  
Қамысың қауылдырықты болғай,  
Балығың уылдырықты болғай!  
«Құрулап» құлын қайырғайсың  
Табындап жылқы айырғайсың!  
«Шөрелеп» қозы айдағайсың,  
Шеше көріп, тон пішкейсің,  
Еңбек еміп, сорпа ішкейсің!  
Зеңгі бабаң сүтті болсын,  
Шопан атаң құтты болсын!  
Ай – Тәңірің іркілмесін,  
Күн – Тәңірің күрсінбесін!  
От – Тәңірің көз ілмесін.  
Су – Тәңірің безінбесін!  
Аталар рухы араша болсын,  
Азалы жерде тамаша болсын!  
Қатерде Қызыр серігің болсын,  
Сапарда дүлдүл көлігің болсын!  
Өткеннің бәрі иманды болсын,  
Фәни жүзі дидарлы болсын!  
Өзің тоқтар Тәңірің болсын,  
Тәңірің тоқтар әмірің болсын!  
Бүгінгі тұяқ аталы болсын,  
Аталар ақ баталы болсын!  
Ертеңгі тұяқ бабалы болсын,  
Бабалар алтын жағалы болсын!

Ұлыс ұлы тойлы болсын!  
Ұл менен қыз бақты болсын,  
Кешер зұмыр жақсы болсын.  
Бірдің басы екеу болсын,  
Жұптың басы жетеу болсын.  
Жетеу болған жетпіс болсын,  
Жетпіс болған көп күш болсын!  
Ханталапай, барымта болмасын,  
Барымта бітсе қарымта болмасын!  
Ағайын арасын бәлекет бөлмесін,  
Елге нәубет, әлемет келмесін!  
Осы ақ батамды,  
Көктегі Хақ Тәңір, әулие-әмбиелер мен  
Гайып ерен қырық шілтен қолдасын!  
Алла тағаланың құлағына шалынсын!  
Әумин!

МАЗМҰНЫ

АЙНАЛАЙЫҢДАРЫМ МЕНІҢ.....3

*Әдеби-көркем басылым*

Дiлдә Матайқызы  
Тасмағамбеткелiнi

АЙНАЛАЙЫҢДАРЫМ МЕНIҢ...

Редакторы: Гүлсiм Мұқышева  
Корректор: Күнжан Кежекқызы  
Көркемдеген: Дидар Құлкенов  
Компьютерде беттеген: Айбек Алланазаров

Басуға қол қойған күнi 13.08.14. Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>.  
Әрiп түрi «Baltica». Офсеттік қағаз. Офсеттi басылыс.  
Шартты баспа табағы 15,12. Таралымы: мемлекеттік тапсы-  
рыспен 2000 дана + баспа есебiнен 1000 дана.  
Тапсырыс № 49



«Mereke baspasy» тауарлық белгiсiнiң иесi —  
"Мерекенiң баспалар үйi" ЖШС.  
050062, Алматы қаласы, Жұбанов көшесi, 66 Б.  
Тел.: +7 /727/ 226 95 56.  
e-mail: mereke.baspasy@mail.com



«Өлке» баспаханасы  
050062, Алматы қ-сы,  
1-ықш. ауд. 66 Б үй.

ISBN 978-601-7370-52-7



9 786017 370527